Қазіргі кезде ұсынылатын қағида бойынша, мәдениетте, сондай-ақ әр халықтың тілінде универсалды және ұлттық-ерекше сипаты болады. Сонымен қатар кез келген мәдениетте тек өзіне ғана тән тілде, әдет-ғұрыптық нормаларда, мінез-құлық өзгешеліктерінде, наным-сенімдерінде көрінетін мәдени мәндер бар. Осыдан-ақ түрлі халықтың мәдениетінде тілдік бірліктердің арқасында менталдылық қалай берілетінін зерттеу өте өзекті проблемалардың бірі болып табылады. Мәселен, біздің халықта «табысқа жету» концептісінің түсінігі: «табысты болу – өзінің жұмыс-орнында, таңдаған саласында басқалардан жоғары болу, жетістікке жету. Табысты тұлға – өзгелер қызығып тамсанатын, биік шыңды бағындырған әрі «уақытын тиімді пайданатын адам»; «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей», «Ісім өнсін десең, ретін тап» (Абай), «Тартыспен түскен, бейнетпен келген жақсылық қана, шын мәнінде,

қымбат табыс» (М. Әуезов). Көріп тұрғанымыздай, біздің халықтың лингвомәдениетінде «табысқа жету» концептісі ең бірінші еңбекпен бағаланып көрсетіледі.

Ал «еңбек» концептісі денсаулығына күш түсіріп, физикалық ауыр жұмысты жасап жатқан адам бейнесі бар фрейм арқылы көрініс табады. Бұл әрекет тым қиын әрі ұзақ уақытты алуы мүмкін. Оны біз көптеген фильмдерден көре аламыз. Кез келген жан белгілі бір мәжбүрлікпен сабырлылық, тиянақтылық, төзімділік танытып еңбектенеді. Мысалы: «Бұл кемпірдің перзент дегенде жалғыз баласы болыпты, мал дегенде он шақты ешкісі болыпты. Бала ешкілерін *бағып жүреді*» (Күн астындағы Күнікей қыз), «Ол ау салып, балық аулап, тамақ асырапты» (Қаңбақ шал). Жоғарыда берілген үзінділерде еңбек әрқашан сапалы, табысты, тиянақты атқарылады.

Лингвомәдениеттанудың аспектілерін зерттеу «әлем бейнесі» ұғымымен тікелей байланысты. Бұл тіркес тіл біліміне гносеологиядан келген. «Ғаламның тілдік бейнесі» тым күрделі құрылым және ол үйреншікті тілтанымдық зерттеулер шеңберінен шығып кетеді. Себебі ол теология, идеологиядан, өнер, философия, мифология секілді бағыттармен тығыз байланысты. Г.В.Колшанский: «тіл – ойлаудың айқындау қызметін тіркеу тәсілі тіл ойлаудың екінші формасы іспетті болып саналады, абстрактілі ойлау формаларының субстанциясы болып саналады» – деп көрсетеді [1, 43 б.].

Әлемнің тілдік бейнесін зерттеу әртүрлі тілдік ұжым мәдениеттерін түсінуге алып келеді. Белгілі ғалым С. Тер-Минасованың еңбегінде осы туралы былай делінген: «әрбір сөз астарында ақиқат шындықтың бір бөлігі болады, ал бұл бөліктер әрбір тілде өзгеше сурет қосындысын жасайды» – деп келтіреді [2, 25 б.].

Көптеген ғалымдар ертегіні мифтің жалғасы деп түсінеді. Өйткені миф пен ертегінің сипаттары бір-біріне ұқсас келеді. Расымен, ертегі мәтіндерінде мифтердегідей шынайылық пен жалғандықтың шекаралары жойылады. Алайда ертегі дискурсы өзіндік қырларымен ерекшеленеді.

Ертегілерде қиял-ғажайып бейнелер көптеп кездеседі. Бұлар қиял-ғажайып концептілердің тууына себепші болады. С.А. Питина: « бұл біздің басқа әлем және оның тұрғындары жайындағы болжамымыз кей жағдайда біз оларды қорқынышты түрде сипаттап, оларға әрдайым өзіміздің қолымыздан келмейтін мақсатты міндеттейміз» – деп тұжырымдайды [3, 78 б.]. Қиял-ғажайып концептілердің көрініс табуы ертегі мәтініндегі тілдік бірліктер мен сөз тіркестері арқылы, сонымен қатар мифологемаларарқасында жүзеге асады.

Қиял-ғажайып ертегілер адам сенгісіз оқиға мен құбылыстар жайында айтылады. Қиял-ғажайып ертегілер – шын өмірде жүзеге асырылмайтын фантастикалық амал-тәсілдер жиынтығы. Объективтік пен субъективтік арасындағы шекалар жойылған бұндай ертегілерде кеңістік пен уақытты сипаттаудың ерекше формалары көрініс табады. Бұндай ертегілерді зерттеу арқылы біз ертегілердің концептуалдану жүйесін және ғаламды тануды өзгеше формаларын анықтаймыз.

Кейбір ғалымдар ертегілер әлемін екі кеңістікке бөледі: «қиял-ғажайып кеңістік» және «тұрмыстық кеңістік» [4, 54 б.]. Қазақ қиял-ғажайып ертегілерінде бұл кеңістіктердің екі түрі де кездеседі. Ертегілердегі бұл кеңістік түрлері адамның «өзімдікі/өзгенікі» деп бөлуімен өлшенеді. «Өзімдікі» дегеніміз – бұрын көрген, естіген, таныс дүние болса, «өзгенікі» – бұған дейін көрмеген, естімеген, таныс емес, жат дүние деп анықталады.

Ертегілердегі «кеңістік» концептісінің ең жиі қолданылатыны «жер асты кеңістігі». Әрине, жерасты патшалығы туралы сюжеттер барлық қазақ ертегілерінде кездеседі. Бірақ оның мән-мағынасы мен маңызы өзгеше. Жерасты өркениеті туралы әңгімелер әсіресе қиял-ғажайып ертегілерінде өте жиі кездеседі. Ол жер асты елі, жер үсті елі секілді тіркестерден байқалады. Сонымен қатар, «адам құлағы естімес, көзі көрмес жақ», «жер түбі», «жеті қабат жер астына түсіп кеткендей», «жер астынан шыққандай», «жерден тажал шыққандай», «адам аяғы жетпес жер» және т.б. фразеологизмдер мен тұрақты теңеулерден де көрінеді.

Қазақтың қиял-ғажайып ертегілерінің ішінде ерекше орын алатыны – «Ер Төстік» ертегісі. Ертегінің басты қаһарманы – Ер Төстік. Оның образы ертегіде әртүрлі жолмен көрсетіледі. Бұл ертектің айырмашылықтары – оқиғалар ойға сиымсыз ғажайып түрде, әртүрлі фантазия бөлшектерінен құрылылып баяндалады. Оқиға кейіпкерлері жер үстінде де, астында да бірдей жүре береді.

Ертегі желісіне сүйенсек жоғалып кеткенн сегіз ағасын іздеуге шыққан Төстік өз басынан небір түрлі оқиғаларға тап болады. Бір уақытта Мыстан кемпірден құтылып, қашып бара жатқан кезінде ол астындағы тұлпарымен бірге жер астынан бір шығады. Сөйтсе сол жақтағы жылан Бапы хан йеліктеріне кезігеді. Басқа жағдайларда бұл эпизодты төменгі әлемге түсу деп түсініледі. Бірақ бұл патшалық үштағанды құрылымның астыңғы әлемі емес. Бұл ғаламның нағыз бейнесі. Егерде Бапы патшаның хандығының орналасуын қарапайым адамзаттың тұрмыс-тіршілігімен салыстырып қарайтын болсақ, онда бұл дүние аспан әлеміне адам дүниесінен жақынырақ болып келеді.

Жердің төменгі бөліне түсіп кеткен қаһарманымыз ғалам ортасына, яғни, жердің жәннатына барады. Бұл ертегінің барлық элементтерін символ ретінде түсіну керек. Бапы ханнық хандығы жер дүниесінен айрықша өзгешеленеді, бұл жерде көптеген қызықты оқиғалар кездеседі.

Бапы хан Төстікке өз айтқанын орындағыны үшін қызын беріп, жер үстіне оралуын тілеп, батамен шығарып салады: «Еліңе қайтаратын есікке дейін әлі алты айлық жолың бар екен. Жолдың ауыртпашылығына төзе алмай, Бапы ханның қызыда, барша жолдастары да өліп қалады». Бұл жерде адамзат әлемі мен жер асты әлемінде басынан бастап шекаралардың бар екенін байқаймыз. Жоғарада аңғарғанымыздай, бір әлемнен (кеңістіктен) екінші әлемге өтетін есіктер бар. Ертегіде жердің төменгі қабаты мына бірліктер көмегімен айтылады: жартас, тас, үңгір, дала, тау, ел, құдық, мекен, ауыл, оба, зындан және тағыда басқалары. Ал «бір күндік жер, алты айлық жер, бір айлық жер, бір

апталық жер, адам аяғы баспаған жер» аталымдары «жер» концептісіне қатысты айтылады.

Ұлтымыздың ертегілерінде, әсіресе, қиял-ғажайып ертегілерінде мифтік белгілер мен сипаттар тән. Сол себепті біздің әрмен қарай зерттеуімізге қолайлы болуы үшін миф пен ертегі ұғымдары бір нәрсе ме, немесе бөлек нәрсе ме? Ертегі мен миф арасындағы айырмашылық қандай? деген сияқты сауалдар маңызды орынға ие. Осы сұрақтарға байланысты «Структурная антропология» еңбегінде К. Леви-Сросс былай деген: «Ескірген, яғни, көнерген миф – ертегіге айналады. Өз уақытында адамзат үшін биік деңгейдегі шындық және сол шындыққа иланып сенген миф біраз уақыттан соң айтылған әлеуметтік миссиясын жоғалтады. Ал адамзат мифка деген сенімінен айырылған уақытта ол ертегіге айналып отырған», – деп баяндайды [5, 44 б.]. Бұл дегеніміз миф пен ертегінің арасында генетикалық сабақтастық бар деген сөз.

Басқа ғалымдардың көзқарасын ескеретін болсақ керісінше оқиғаны көреміз. Мысалы, В. Пропп миф пен ертегі арасында генетикалық сабақтастықтың жоқтығын айтады. Д. Бринтон, Ф. Баос, О. Рэнд, В. Вундт, секілді батыстың ғалымдарының зерттеулерін зерттей келе В. Пропп аталған ғалымдардың ертегі, миф, әфсана-хиқаят, аңыз сияқты ұғымдарды бір-бірінен айыра білмейтіндігін атайды. В. Пропп келесі тұжырымдарды дұрыс деп таниды: 1) Миф ертегіге дейін біраз уақыт бұрын пайда болған ұғым. 2) Миф маңызды мән алатын, ал ертегі адамдардың көңілін көтеретін дүние; 3) Миф бұл байырғы халықтардың әңгімелері, сондай ақ олар киелі болып саналады [6, 93 б.].

В. Пропп өзінің басқа бір жұмысында ертегі мен миф арасындағы тікелей сабақтастық туралы сөз етеді де, инициацияны ертегі жанрының түбірі болып табылатынын жазады [7, 55 б.]. Шындығында, инициацция мен өлім туралы көзқарастар арасында байланыс бар. Осыған дейін айтылғандай, оқиғаның бас қаһармандардың жердің төменгі қабатына түсіп, үлкен сынақатардан өтетіні көрінеді. Кейіпкерлер жердің астыңғы деңгейінде біраз уақыт өткізіп, жер бетіне қайта ораларда ерекше қиын жағдайларға душар болады. Н. Төреқұловтың айтуы бойынша қазақ халқының қиял-ғажайып ертегілері үш негізгі сюжеттік желіден тұрады: 1) жер астындағы рухтар туралы шамандық сюжеттер 2) инициациялар 3) айырбастау не алу құбылысы [8, 34 б.]. Алайда, біздің көзқарасымызда айырбастау немесе сыйлық алуды жеке бір сюжет ретінде алып қарастыруға болмайды. Себебі, айырбастау немесе сыйлық алу сияқты элементтер қиял-ғажайып ертегілерінің ең маңызды қызметі болып табылады.

Е. Тұрсынов өз еңбектерінде ертегі мен миф арасындағы байланыс жайында өз ойларын білдіреді. Мысал келтіру үшін қазақ қиял-ғажайып ертегілерінде жиі кездесетін жалмауыз кемпірді алып, оның кейде ертегінің басты қаһармандарына көмекте көрсетіп, қол ұшын бере алатыны, сондай-ақ бұл кейіпкердің негізінен жағымсыз қаһарман екені сөз етіледі. Ғалымдардың айтуынша, ертегілерде кездесетін Жалмауыз кемпір образы мифтен алынғаны

және оның түп образы бойынша жерді тудырғаны туралы, сонымен қатар, адам баласына қомқор болғаны туралы айтылады [9, 74 б.].

Негізінде, ертегіде кеңістік пен уақыттың нақтылығы мифтегідей айқын емес. Өзге ұлттардың да ертегілері қазақ халқының ертегілері сияқты мынадай тілдік құрылымдардан бастау алады: «Баяғы өткен заманда, дін мұсылман аманда; Бағыда; Бір күні; Ерте заманда; Ерте, ерте, ерте екен; Баяғы бір заманда; Бұрыңғы заманда» және т.б.

Қорытындылай келе, қазақ халқының ертегілерінде, әсіресе, қиялғажайып ертегілерінде «жерасты кеңістігі» үлкен орынды аласы. Бұл құбылыстың себебі ертегілердің мифтермен тікелей генетикалық байланысымен түсіндіріледі. Ұлтымыздың мифологиясында өзіне ғана тән ерекшеліктер кездеседі және сол ерекшеліктер бірінші кезекте халқымыздың көшпелі тұрмысымен түсіндіріледі. Өзге халықтарды мифтері адам мен ғаламның пайда болуына байланыстырылып құрылады. Ал көшпенді халықтардың мифтері рулардың пайда болуыы туралы аңыздарымен бейнеленеді. Негізінде, кеңістік пен уақыт қазақ ертегілерінде нақтылық ұғымында беріледі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Колшанский Г.В. Объективная картина мира в познании и языке. – М.: Наука, 1990. – 103 с.

2 Тер-Минасова С.Г. Язык и межкультурная коммуникация. – М.: Слово. 2000.

3 Питина С.А. Концепты мифологического мышления как составляющая концептосферы национальной картины мира. –Челябинск: Челябинский гос. ун-т. 2002. – 192 с.

4 Лотман Ю.М. Проблема художественного пространства в прозе Гоголя // Избр. ст. Таллин: Александра, 1992, Т. 1. – С. 413-447.

5 Леви-Стросс К. Структурная антропология / пер. с фр. В.В. Иванова. – М.: Изд-во ЭКСМО-Пресс, 2001. – 512 с.

6 Пропп В.Я. Русская сказка. – М.: Лабиринт, 2000. – 416 с.

7 Пропп В.Я. Фольклор и действительность: Избранные статьи. – М.: Наука, 1976. – 277 с.

8 Төреқұлов Н. Заманауи қазақ фольклоры. Жанрлық структуралық анализ / жалпы. ред. Қаратаева М.К. – Алматы: Мектеп. 1982. – 192 б.

9 Тұрсынов Е.Д. Қазақ тұрмыстық ертегілерінің генезисі. – Алматы: Ғылым, 1973. – 211 б.

ҒТАМР 17.01.45

ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУДА ШЕШЕНДІК ӨНЕРДІҢ АЛАТЫН ОРНЫ

Н.Б. Агалиева
Ф.ғ.к., доцент, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.
А.К. Мухтарова
Студент, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

Шешендік өнер – халқымыздың даналығының көрінісі болған құнды мұра. Бұл мақалада әдебиет төріндегі шешендік өнердің білім беру саласындағы жаңаша қыры қарастырылады. Ұлттық санада қалыптасқан «шешендік өнер» ұғымының қазіргі таңда қандай мәнде қолданылатыны талданады. Сондай-ақ мақалада көпшілік алдында сөйлеудің коммуникациялық аспектісі кіріктіріледі. Яғни «шешендік өнердің» қарым-қатынас жасаудағы қоғамдық маңызы мен дағдылары сипатталады.

Түйін сөздер: шешендік өнер, әдебиет, білім беру, коммуникация, тіл мәдениеті.

Бүгінгі таңда білім берудің негізгі міндеттерінің бірі – тек техникалық-жаратылыстану ғылымдар саласында ғана білімі бар мамандарды дайындау емес, сонымен қатар әдеби тілдің бар байлығын пайдалана алатын,,немі тұлғалық және кәсіби тұрғыдан үнемі дамуға ұмтылатын мамандар дайындау. 20-ғасырдың тәжірибесі риторикалық білім берумен және коммуникациялық технологияларды дамытумен айналысқан елдердің қарқынды дәрежеде дамығанын көрсетеді. Оқушылардың кең гуманитарлық дайындығы мектептердің оқу бағдарламасына «Шешендік өнер» пәнін енгізу арқылы мүмкін болады. Шешендік өнер пәнінің жалпы білім берудегі мәні жоғары бағаланады: біріншіден, қазіргі кезде шешендік өнерді меңгерген мамандарға сұраныс артты, екіншіден, шешендік өнерді оқыту әр түрлі қызмет салаларында қолданылатын дағдылар мен біліктіліктерді дамытады. Заманауи қоғам сөйлеу коммуникацияларының қарқынды дауымен сипаттады. Бұл ретте, мектептегі тәрбиелеуді жүзеге асыру барысында шешендік-философиялық негіздерге сүйену маңызды. Елімізде коммуникацияның тиімділігі мен көпшілік алдында сөйлеу шеберлігі уақыт өткен сайын маңызды мәселеге айналуда.

Шешендік өнер деген не екен? Бұл көпшілік алдында сөйлеу тәжірибесі. Жарқын мәтін жасай алатын және оны сапалы жеткізе алатын сөйлеуші көпшіліктің назарын аударып, оны өз жағына тарта алады. Шешендік өнер – сөздерді тиімді қолдану өнері. Бірақ егер риторика поэзиядан көркем әдебиетке

дейінгі кез келген бағыттағы мәтіндерді құру үшін көркем сөйлеуді құру ережелерінен тұрса, онда шешендік практикалық сипатқа ие болады. Бұл өз ұстанымын қол жетімді және сенімді түрде көрсетуге көмектеседі және жұмыста да, күнделікті өмірде де пайдалы. Бұл әртүрлі өмірлік міндеттерді шешуге көмектесетін жұмсақ кәсіби дағдылардың бірі [1].

Қолданыстағы дәстүрлі анықтамаларды үш топқа жинақтауға болады: сендіре білу өнері, көркем сөйлеу өнері, қысқа-нұсқа сөйлеу өнері. Риторика сөзі гректің *rhetorike* «айтылған», «рұқсат етілген» деген сөзінен шыққан. Бұл антикалық және ортағасыр әдебиетінің теорисы. Риторика тек поэтика және стилистикамен ғана емес, оған қоса семиотикамен, логикамен, мәтін лингвистикасымен, әлеуметтанумен, психологиямен де тығыз байланысты. Риторика сөйлеу мәдениетімен де байланысты, алайда олардың арасында бірқатар аймашылықтар да бар: риториканы оқып үйренуге болады, ал сөйлеу мәдениеті тәрбиеленеді [2, 53 б.]. Шешендік өнерді жетік меңгеру адамды коммуникациялық процестерді басқара алуға икемдейді.

Қоғамдық және іскерлік қарым-қатынас қазіргі адамның күнделікті өміріне белсенді түрде енді. Біз конференцияларда сөз сөйлейміз, жиналыстарға қатысамыз, яғни табысты адам үшін сөйлеу дағдыларын меңгеру және дамыту маңызды.

Бүгінгі күні барлық қызмет салаларының ақпараттандырылуы мектеп оқушыларына деген жоғары талаптарын қоюда, сол себепті білім мен дағдылардан бөлек шешендік өнер мен тіл мәдениетін үйрену, яғни болашақта іскерлік қарым-қатынастар жасай алу үшін коммуникациялық технологияларды жетік білу де өте маңызды. Шешендік өнер оқушылардың бойында сенімділікті, жинақылықты, жауапкершілікті, т.б. дамытуға мүмкіндік беріп, оқушылардың жеке тұлға болып қалыптасуында оң нәтижелер көрсетері сөзсіз.

Заманауи зерттеушілер шешендік өнер мен сөз мәдениетіне оқытуды болашақ мамандықты ескере отырып құрауды ұсынады. Бүгінгі таңда ғалымдар оқулықтарды, оқу құралдарын, практикумдарды стандартқа сүйене отырып құруға тырысуда, дегенмен қазіргі білім беру стандарттары мұғалімдерден кәсіби құзыретті бағдарланған оқытуды талап етуде.

Педагогикалық шешендік өнер – оқыту процесінде мұғадім мен оқушылардың арасында орнайтын қарым-қатынас туралы ғылым.

Мұғалімнің шешендік өнері-шешендік өнердің бір түрі. Педагогиканың мақсаты мұғалімнің ауызша сөйлеуі арқылы қол жеткізіледі. Сөйлеу білім беру, оқушыларға өз ойларын білдіруге, дұрыс сөйлеуге үйрету арқылы танылады. Сондай-ақ, ол мұғалім оқытатын пәнге,сабақта және үй тапсырмаларын беру кезінде не туралы айтатынына қызығушылық тудыруы керек.

Мұғалімнің шешендігіне қойылатын негізгі талаптар мынадай:

Бірінші талап – негізгі материалды терең білу. Бірақ әр түрлі сұрақтармен айналысу керек болғандықтан, мұғалім қосымша материалды білуі керек: ғылым мен техниканың жетістіктері, заманауи оқиғалар, жаңа көркем әдебиеттер және т.б. білімнің тереңдігінен басқа, материалдың кеңауқымдылығы мен сенімділігі болуы керек. Қазіргі балалармен мұғалім

сабырлы болуы керек. Бір материалды бірнеше рет түсіндіру қажет болған кезде түсіністікпен қарай алуы қажетті шарт.

Ал, ең бастысы – оқушылар назарын өзіне аудара білу, уақытында әзілдесу, күлімдеу. Сіз мұғалімнің қасиеттерін ұзақ уақыт тізімдей аласыз, бірақ егер оқушылар мұғалімнің сабағына қызығушылық танытпаса, ол ештеңе түсіндіре алмайды.

Мұғалім сыныпқа жаман көңіл-күймен кірмеуі керек. Ол шешен және шешендік өнердің барлық ережелерін ұстанады. Табиғатта жігерлі адамдар бар және олар өз энергиясымен басқаларды қуаттайды. Дене шынықтыру, шығыс пәндерімен айналысу, тыныс алу гимнастикасы және т.б. жігерлі болуға көмектеседі. Сондықтан мақсат қою өте маңызды. Сөйлесуді бастамас бұрын, өзіңізге «Мен бұл сөзіммен не айтқым келеді?» және «Қандай нәтижеге қол жеткізгім келеді? деген сұрақ қойыңыз.

Табысты педагогикалық іс-әрекет үшін сөздің санқырлылығын меңгеру өте маңызды. Сөздер суреттер жасауы керек. Сөйлеудің эмоционалдылығын сын есімдер мен етістіктер береді. Дауыс интонациясы үлкен маңызға ие. Ол әртүрлі болуы мүмкін-сенімді, бұйрықты, серпімді, жұмсақ. Оны жаттығу арқылы жасауға болады. Көбінесе эмоциялар көпшілік алдында сөйлеудің маңызды элементтерінің бірі болып табылады.

Сабақ өткізу тәсілдерінің әртүрлілігі оқушыларды жалықтырып алмау үшін іске асырылады. Оқу процесіне күнделікті жаңа әдістер енгізу оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, сабақтағы белсенділігін күшейтеді [3].

Аудиториямен байланыс.

Шешендік өнердің негізгі ұғымы – сөйлеуші. Оның сөзі айтылатын адамдар аудиторияны құрайды. Көпшілік алдында сөйлеу кезінде сөйлеуші мен аудитория өзара әрекеттеседі.

Сөйлеуші аудитория алдында сөз сөйлегенде, оны дәстүр бойынша екі тілегі жетелейді: өз ойын бөлісу және басынан өткерген сезімдерін жеткізу. Сөйлеудің ой мен сезімнің, ұтымды және эмоционалдық элементтерінің үйлесуі шешендік өнердің мәнін құрайды. Бұл жерде ешқандай қайшылық жоқ. Көпшілік алдында сөйлеудегі бұл элементтердің екеуі де заңды. Өйткені, адамның ойлауы екі түрде жүзеге асады: логикалық және бейнелі, оларда танымның екі түрі бар – ғылым мен өнер және олар бұл жерде бірін-бірі толықтырады.

Аудиториямен байланыс педагогикалық риториканың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Егер мұғалім тыңдаушылардың ойлары мен сезімдерін өз жағына бағыттап, олардың сеніміне ие болып, олардың үндеулерін, идеялары мен ойларын ұстануға дайын болса, аудиториямен жақсы байланыс орнатылады. Бұған сөздер мен эмоциялар арқылы қол жеткізіледі. Сөздердің көмегімен мұғалім шындықты дәлелдейді және сол арқылы аудиторияны сендіреді, ал эмоциялар көмегімен қызығушылық танытуды көрсетеді.

Адамның сөйлеуі оның қабылдау қабілетінен, әлемді интуитивті білуінен басталады. Содан кейін алынған тәжірибені өңдеу, нақты ойлау және ойларды толығымен және сенімділікпен білдіру мүмкіндігі бар.

Шешендік – бұл адамның өзіне қатысты терең, тұтас жұмысы. Мұндай жұмыс адамды байытады, көп қырлы етеді. Ол өмірдің барлық салаларына терең әсер етеді.

Көпшілік алдында сөз сөйлеу барлық жерде қажет. Біздің бүкіл өміріміз қарым-қатынаспен байланысты – адамзат қоғамы осылай дып қалыптасады. Сондықтан күнделікті өмірде де, оқуда да, жұмыста да, бизнесте де, саясатта да ең үлкен жетістікке жақсы сөйлей білген адам жетеді.

Сөзді шебер меңгеру, материалды сауатты жеткізу, аудитория алдында тұра білу – шешеннің бойында болуы керек нәрсенің бір бөлігі ғана. Көпшіліктің назарында бола отырып, шешен өзінің табиғи ерекшеліктерімен, сөйлеу мәнерімен өзіне көпшілік назарын аудара білуі керек. Әдетте, кәсіби шешен деп әдебиет пен өнерді, ғылым мен техниканы, сондай-ақ қоғамның қазіргі құрылымын жетік меңгерген эрудитті, жоғары парасатты адам танылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 https://trends.rbc.ru/trends/education/60478b679a79476253fbed87.

2 Аннушкин В.И. Культура речи и риторика в составе речеведческих дисциплин и современной речевой практике. Экология языка и коммуникативная практика. 2014, № 1 (1). – С. 14-24.

3 https://biecom. ru/blog/oratorskoe-iskusstvo-prepodavatelya.

ҒТАМР 14.25.09

МЕКТЕПТЕ ӘҢГІМЕ ЖАНРЫН ТАЛДАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

С. Тулепбергенова
Студент, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.
Б.Ш. Құралқанова
Доцент, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

Мақалада мектепте әңгіме жанрын талдау ерекшеліктері қарастырылған. Әңгіме шағын көлемді эпикалық түр болып табылады. Ол көлемінің шағындығымен, жинақылығымен ерекшеленеді. Мақалада сондай-ақ әңгіме жанрын талдау барысында назарға алынатын аспектілер де айқындалған, атап айтқанда, әңгіменің жанрлық түрін анықтау; архитектоникасына сипаттама беру және ішкі композициясын талдау; көркемдік әлеміне (кейіпкер, пейзаж, заттық әлем психологизм) талдау жасау. А. Кемелбаеваның «Шашты» әңгімесі талдау нысанына алынған.

Түйін сөздер: әңгіме, жанр, композиция, әдіс-тәсілдер, тұжырымдамалық кесте.

Әңгіме жанрының өзіне тән ерекшеліктеріне келетін болсақ, «әңгіме шағын көлемді эпикалық түрдің айырықша асыл үлгісі; әңгіме, негізінен қысқаша жазылады; әңгіменің ең елеулі ерекшелігі – жинақылығы» [1, 303 б.]. Мектепте әңгіме жанрын талдау барысында, ең алдымен, әдебиет теориясынан білім беріледі. Мысалы, «Әңгіме жанры деген не? Оның повестен немесе романнан айырмашылығы не?» дегендей. Әдеби-теориялық білім алғашқы қарапайым ұғымнан бастап, сынып жоғарылаған сайын, оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты күрделене түсуі керек. Әңгіме жанрын оқытуда, талдауда мына мәселелер басшылыққа алынады:

1. Әңгіменің жанрлық түрін анықтау (мысалы, сатиралық әңгіме, лирикалық әңгіме және т.б.);
2. Әңгіменің архитектоникасына сипаттама беру және ішкі композициясын талдау;
3. Әңгіменің көркемдік әлеміне (кейіпкер, пейзаж, заттық әлем психологизм) талдау жасау;
4. Көркем уақыт пен кеңістіктің берілу сипатын қарастыру;
5. Шығармадағы авторлық ұстанымды білдіру тәсілдерін және баяндау құрылымын қарастыру;
6. Интермәтінділік элементтерін және оның басқа шығармалармен

байланысын айқындау [2, 4-5 б.].

Әңгімені талдау әр буында өзіндік ерекшеліктерімен дараланады (сыныбы, жасына қарай). Мысалы, бастауыш буында (5-7) сюжеті, композициясы, кейіпкерлеріне назар аударылса, 8-9-сыныптарда ол тереңдей түседі, авторлық ұстанымға, оның негізінде жатқан проблематикаға көңіл бөлінеді, ал жоғары сыныптарда әдебиеттану ғылымының басты талаптарымен талдау, әдеби-теориялық негізде тереңірек талдау жүзеге асады.

Қазіргі әдістемеде талдау жасаудың 4 түрі: образ бойынша, тақырыптық, проблемалық, тұтас немесе автор ізімен ұсынылып жүр. Қандай талдау түрі болса да, не мақсат көзделеді? Бұл сұраққа әдіскер Қ. Бітібаеваның сөзін негізгі ала жауап берсек:

1. Оқушының туындыны қабылдауы, әсері, эмоциясын тану;
2. Эстетикалық талғамын қалыптастыруға сеп болу;
3. Таным қабілеті, ойлау белсенділігі мен дербестігін ұштау;
4. Ең бастысы – көркем туынды бойынша талдау жасау, пікір айту жолдарын меңгерту тақырыбы, авторлық идея, образдар жүйесі, сюжеттік-композициялық ерекшелігі, көркемдік-эстетикалық жағын т.б. кешенді түрде қарастыру [3, 80 б.].

Әңгімені зерттеп, сауатты талдауға қол жеткізу үшін автордың ой-өрісін, ойды білдіретін әрбір детальді, көркемдік тәсілді дәл танып, жазушы шеберлігін оқушыға дұрыс көрсете білу қажет.

10-сыныпта А. Кемелбаеваның «Шашты» әңгімесін оқыту алдында оқушылардың қызығуы, ынтасы, таным белсенділігін арттыру мақсатында әңгімедегі оқиғалардың тарихи шындықпен байланысын косымша материалдарды пайдалана отырып әңгімелеу қажет.

Топпен жұмыс ретінде сабақты өткізген кезде келесі әдіс-тәсілдерді қолдануға болады:

I топ. «Тұжырымдамалық кесте» стратегиясы.

Кейіпкер	**Іс– әрекеті мен мінезі**	**Автордың осы кейіпкерге көзқарасын шығармадағы тілдік қолданысы арқылы дәлелдеу**
Кенжебек		
Тасқұл		
Атажан		

II топ. «FILA толтыру» әдісі (Тасқұл).

F /Дерек/ – шығармадан кейіпкер бейнесін ашатын деректер жинау;

I /Пікір/ – кейіпкер туралы өзінің ой– пікірі;

L /Сұрақ/ – кейіпкер тұлғасын ашатын сұрақтар;

A /Іс-әрекет/ – автордың кейіпкерді суреттеудегі қолданған тәсілі.

Дерек (F)	**Пікір (I)**	**Сұрақ (L)**	**Іс-әрекет (A)**

III топ. «Үшжақты күнделік» әдісі.

Кейіпкерлер	Кенжебек	Тасқұл	Атажан
Ерекшеліктері			
Өмірлік мақсаттары			
Шығармада көтерілген мәселе			

Дескрипторлары:

I топ	– Кейіпкердің іс-әрекеті мінезін сипаттайды. – Автордың кейіпкерге көзқарасын дәлелдейді.
II топ	– Кейіпкер бейнесін ашады; – Кейіпкер туралы пікірін білдіреді; – Кейіпкер тұлғасын ашатын сұрақтар дайындайды. – Автордың кейіпкерді суреттеудегі тәсілін анықтайды.
III топ	– Кейіпкердің өзіне тән ерекшелігін сипаттайды; – Өмірлік мақсатын анықтайды; – Шығармада көтерілген мәселені талдайды.

Жұппен жұмыс. «Ойлан – жұптас – бөліс» әдісі.

1-жұп.

Үзіндінің шығармадағы орны мен маңызына талдау жаса және жылқышы шалдың неге өкініп, неге үміттенетініне өзіндік көзқарасыңмен 3-4 сөйлеммен баға бер.

Кетерінде бұл: «Жылқышы ата, туып-өскен жеріңді айт, туыстарыңды іздестірейік, қаңлы ішінде кім боласың? Кіші атаң кім?», – десе, шал басын шайқады. «Ежелден біздің қазақ нәсілін жалпақ тіл қаңлы, қыпшақ атайды. Руын мүсәпір құл жасырады. Тегімді білмей, теріс бағып тұрғамын жоқ, құлдықтан бетер бейдауа қорлықтың күйігі басқа түскенін білесің. Жеті атамды білемін, ел көзіне тура қарар бет болмаған соң тексізден нем артық?!» – деп ширыққан. Ол сүйекке масқара таңба түсті деп қорланған соң атасын жасыруға мәжбүр. «Бұрын періштелер мені ылғи өліге санап кететін. Расымен тірі өлік едім. Атаңа нәлет қу тірлік. Жыланды үш кессе кесірткедей әлі бар. Тірлігімнің ендігі мұраты бір сенің елге аман-есен жеткенің. Сонда мына мен өлінерде артымда басқан ізім, кіндігімнен жаралып, бел балам болмаса да азат рухым, мұрагерім, атұстарым қалды деп білемін.

2– жұп.

Үзіндіні оқи отырып, жылқы малына деген ата-баба көзқарасына баға бер.

Қас жүйрік қыпшақ ұлдың тақымында кеткенде түрікпендер жер сабалап қалды. Ер қанаты аты өлсе, адамнан кем көрмей, көр қазып жерлейтін; ең асыл тұқымының жалын тірі жанға сипатпай, ерен құпия сақтайтын; қисапсыз қазынаға айырбастамас, антқа берік текежәуміт, ата мал айғырын өлсе сатпайтын; астындағы атын жанынан, қойнындағы қатынынан артық көретін;

айтулы батырлары ұрыста өлген атының басын ардақтап биік тауға қоятын, тұлпардан айрылуды өлімнен кем көрмейтін қайсар қазақ, түбі ер түрік оғыз-қыпшақ нәсілі жылқы десе еліріп, шалық шалғаннан бетер есі кетеді.

Қазақ атқа мінбесін, қазақ атқа мінсе, бір дене, бір жанға айналып кетеді. Қашса құтылады, қуса жетеді.

3–жұп:

Үзіндідегі көтерілген мәселелерге тоқталып, өзіндік көзқарасыңды білдір. Кейіпкерлердің ішкі жан дүниесін сипаттап жаз.

Ең асыл тұқымының жалын тірі жанға сипатпайтын, қисапсыз қазынаға айырбастамайтын, антқа берік текежәуміт Атажан бай асыл тұқымды атынан айырылса да неліктен тұтқын шалға жаза қолданбайды? Үзінді бойынша өз пікірлеріңді білдіріңдер.

Атажан байдың үлкен ұлы үйіне келе, қазан төңкеріп тастады. Түбі шикі құл қазаққа сенген бейқам әкесіне дүлей наразылығын сөйтіп білдірді.

Біраз түрікпен суық қаруын асынып, жылқы қосына оралған қазақ шалдың соңынан жауар бұлттай түйіліп жетті. Атажан бай жирен атына жайдақ міне сап, ілес келген. Алпыс жыл табыннан шашау шығармай, жылқысын ерен адал баққан егде қазақтың шегір көзіне көзі түскенде Атажан бай ыза-ашуы күрт басылып, табан астында өзгеріп шыға келді. Ол жалшысына ләм-мим демей, кері шегінген.

Дескрипторлар:

– Мәтін үзінділеріне талдау жасай алады;

– Өзіндік көзқарасы арқылы баға бере алады.

Бағалау жұптар бір-біріне дескрипторларға сүйене отырып, «Мадақтау сэндвичі» арқылы ауызша түсініктеме береді.

«Мадақтау сэндвичі» әдісі бойынша бағалайды.

1-бөлік: Жағымды эмоциялы түсініктеме, не ұнады;

2-бөлік: Сындарлы сын, нені жақсарту керек;

3-бөлік: Болжамды түсініктеме: маған ұнады, бірақ келесі жолы

Сыныппен жұмыс. Керемет пікірталас.

Топ мүшелерімен қима қағазда жазылған: «адамзат бойындағы ізгілік пен зұлымдық», «жақсылық пен жамандық», «ақыл мен парасат», «рух пен рухани күйреу» ұғымдарының маңызын анықтап, шығарманың жаңашылдығына сыни тұрғыдан баға беріп айтады. «Шығарманың жаңашылдығы неде?» деген сұраққа сыныппен жауап береді.

Дескрипторы:

Сұраққа сыни көзқараспен жауап береді;

Ой– пікірін дәлелдей алады;

Шығарманың жаңашылдығына баға береді.

Сабақты қорытындылау. «Бағдаршам» арқылы кері байланыс жасайды.

Жасыл – бәрі түсінікті;

Сары – әлі де қосымша ізденуім керек;
Қызыл – сұрағым бар, түсінбедім.
Осылайша оқыту-талдаудың ұтымды жағы мынада:
1. Ақиқатқа жету, проблеманы шешу үшін ізденеді, зерттейді.
2. Оқыған ды ой жүгіртіп, зерделеп қабылдауына негіз болады.
3. Оқушы мәтінге жүгініп, өз ойы, болжамын, көзқарасын айтуға машықтанады.
4. Оқытудың жалғаспалық, жүйелілік принципі тоғыса келіп, оқушыға терең білім беру жүзеге асады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: «Санат», 2007. – 360 б.
2 Құралқанова Б.Ш. Филологиялық талдау. – Павлодар, 2020. – 141 б.
3 Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы, 1997. – 285 б.

ҒТАМР 14.35.05

ҚАЗІРГІ ТАҢДА ҰЛТТЫҚ ПАТРИОТИЗМДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІ

Алмабек Ашимбек
Абай атындағы №33 орта мектебі, Өскемен қ.

Мақала бүгінгі таңдағы қоғамдық сананы жағыртудың мақсаты азаматтық қоғам қалыптастыру мәселесі, адами құндылықтардың маңыздылығы туралы айтылады.

Түйін сөздер: азаматтық қоғам, қоғамдық сана, жаңғыру, адамгершілік.

Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрі, наным-сенімі барлы адамгершілік құндылықтарға соның ішінде береке-бірлік, қонақжайлылық, өзгеге деген құрмет сияқты моралдық нормаларға негізделген. Халық ауыз әдебиеті, орта ғасыр, ағартушылық кезең, жаңа заман өкілдерінің туындылары барлығында негізгі идея ол елдің амандығы, жұрттың тыныштығы. Осы тыныштықты сақтайтын басты құрал: ол – «Бірлік», – деп таныды. Ел бірлігін сақтауда Төле бидің мынадай шешендік сөзін мысал етудіге болады. Бірде Төле би әкесінен «Қалай еткенде бірлік болады, оның күші қандай болмақ» – деп сұрайды. Әкесі Төле бидің сұрағына жауап беру мақсатында бір бума шыбық алдырады да, шыбықты сындырып көргізеді, Төле би буылған шыбықты олай-бұлай ииіп сындыра алмайды. Содан соң әкесі Төлеге бір-бірлеп тұрып сындыр дейді. Шыбықты ұстаған Төле ортасынан буылған шыбықты шешіп, біртіндеп пырт-пырт етіп оп-оңай сындыра береді. Сонда әкесі Әлібек би Төлеге не түсінгендігін сұрайды. Төле би бұл мысалдың мәнісін былай шешеді: «Ынтымағы, бірлігі мықты елді жау да, дау да ала алмайды. Бірлігі, ынтымағы жоқты жау да, дау да оп-оңай алады дегеніңіз ғой» – дейді. Бұл жауаптың дұрыстығына көзі жеткен әкесі Төлеге риза болып: «Ел билеу үшін алдымен елді ауызбірлікке, ынтымаққа шақыра біл». «Бақ қайда барасың дегенде, ынтымаққа барамын» дегенінің мәнісі осы – депті. Осы идея барлық шығармаларға арқау болып отырды деуге болады. Сонымен қоса ел бастаған аға өкілдеріміз әлеуметтік-саяси мәселені шешу жолында осы принципті ұстанды десем артық айтпаспын.

Қазақ халқына о, бастан тән қасиеттің бірі, әрі бірегейі осы бірлікпен қатар жүрген ол – қонақжайлылық қасиет десем болады. Бұған дәлем қазақта мынандай сөз бар «үйіне келген қонаққа дауыңды айтпа» – деген. Яғни қонаққа деген ерекше құрметті осыдан көре аламыз. Қазақ жеріне әртүрлі тағдырдың айдаумен тап болған басқа ұлт өкілдеріне қонақжайлылық танытты. «Соңғы

нанымен бөлісті» – десем артық айтқаным емес, оған тарих – куә! Бүгінгі таңда қазақ жерінде, қазақ ұлтымен тағдырлас өмір кешкен ұлттар мен ұлыстардың ұрпақтары өмір сүруде. Статистикаға сүйенетін болсақ 130-дан астам ұлт пен ұлыстардың өкілі Қазақстан Республикасының азаматы болап табылады. Әр ұлт, өз ұлтының мүдесін ойлайтыны рас. Себебі ол, оның қанымен берілген ерекшеліктері, наным-сенімі, мәдени ерекшелігі, тілі, діні тағыда басқа ұлттық құндылықтары. Біз оған құрметпен қарауымыз керек. Осы орайда мемлекетіміз тарапынан да Қазақстанды мекен етіп жатқан басқа ұлт өкілдеріне қатысты Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы», «Білім туралы», «Тіл туралы», «Мәдениет туралы» заңдарында, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік бірегейлікті қалыптастыру тұжырымдамасында, Қазақстанның Ұлт бірлігі доктринасында, ҚХА-ның даму тұжырымдамасында құрмет және қамқорлық көрсетілген. Бұл қамқорлықпен қоса Қазақстандағы барлық этнос өкілдерін ортақ мақсатқа жұмылдыра отырып, республикадағы ынтымақты, ауызбіршілікті, тұрақтылықты сақтай отырып, еліміздің дамуына үлес қосуын арыттыру десем болады.

Қазақ тағылымының ұстанған негізгі бағыты – ата-бабалардың үлгі-өнегесі, дүниеге шынайы көзқарасы, бостандыққа, еркіндікке, тәуелсіздікке, дербестікке ұмтылысы. Бұл алдан күткен арманы, ойға алған негізгі мақсаты. Тәрбие – ұрпақ үшін күрес құралы. Қазақ өмірі – тәрбие оқулығы.

Біздің халқымыз ерте заманнан бері бала тәрбиесіне ерекше мән беріп, жас жеткіншектің нағыз адам болуына өз қамқорлығын жасаған. Сондықтан «Баланы жастан» деген нақыл сөз қалдырған. Жас баланы жастайынан өз ана тілінде сөйлетіп, таза сөйлеуге, еңбекке, кішіпейілділікке, үлкенді сыйлауға үйретуде халық педагогикасының алатын орны ерекше. Сондықтан да мектеп өзінің тәрбие жұмысын атқаруда, оқу үдерісі барысында өзге жол іздемей-ақ халық педагогикасына бой бұруы керек. Бұл тұрғыдан алып қарағанда, эстетикалық тәрбие жұмысы оқушының өмірінде маңызды рөл атқарады. Себебі эстетикалық тәрбие әр баланың бойында өмірлік белсенді позиция қалыптастыруда, ел алдындағы, ата-ана алдындағы борышына саналы қарауға зор ықпал жасайды. Эстетикалық тәрбие жоғарыда айтылған салт-дәстүр, тіл өнері негізінде жүргізілген уақытта ғана оқушыға үлкен әсер етеді.

Қазақстандық патриотизм қазақ халқына да, сол тәрізді, Қазақстан бірден-бір Отаны болып табылатын басқа халықтарға да тән екендігін атап өткен жөн. Әлбетте, қазақстандық патриотизм қазақ патриотизмінен бастау алады, алайда ол Қазақстанның құрамына жаңадан еніп отырған басқа халықтарды да шарпиды. Патриоттық сезімді қазақ ағартушылары Ш. Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, Абай шығармаларынан да байқауға болады.

Отаншылдық сезім адамға туа біткен қасиет емес. Ол адамның саналы өмірімен қабаттас қалыптасатын психологиялық, саяси-әлеуметтік құбылыс. Патриоттық сезім жалпы адам баласының еліне, жеріне, өз тілі мен мәдениетіне, ұлттық құндылықтарына жеке қатынасын, өзіндік бағасын түйсінуін, қуаттап қолдауын пайымдайтын сезім көрсеткіші болып табылады.

Осыған орай Н.Ә. Назарбаев патриотизмді «әр этностың ұлттық сезімін сыйлап, бірде-бір ұлтпен қарама-қайшылық туғызбау» – деп белгілеген.

Егемендік алған бастапқы күндерден-ақ «патриотизм» ұғымы, оның мазмұны төңірегінде пікірталас жүріп келді. Одан «патриотизм», «қазақстандық патриотизм» деген екі ұғымның туындағаны белгілі. Бірақ өсіп келе жатқан жас буындарды отаншылдыққа тәрбиелеуде бұл екі ұғымның қайсысын ұстанған жөн; олардың мазмұндық құрылымы қандай ой-тұжырымдар жүйесінен тұрады; бұдан былайғы кезде жастарды патриотизмге бұрыннан қалыптасқан әдіс-тәсілдері, формалары мен мазмұнын қолдануға бола ма? – деген көптеген мәселелер туындап отыр.

Бүгінгідей демократиялық бағыт ұстанып отырған қоғамда, балалар мен жастардың тағдыры өздеріне, отбасының материалдық ахуалына байланысты болып отырған жағдайда патриотизмнің маңызын айқындау басты мәселелердің бірі екені даусыз.

Өсіп келе жатқан жас буындардың бойында қазақстандық патриотизм сезімін қалыптастыру үшін әр ұлттар мен ұлыстар тек өз мәдениетін ғана танып-білуі жеткіліксіз, сонымен қатар олар бір-бірін танып біліп, құрметтеуі тиіс. Мектеп оқушылары қазақ халқының тарихы мен мәдениетін, өз болмысында еш бұрмалаусыз танып-білуі шарт.

Бастауыш сынып оқушыларының бойында патриоттық тәрбиені қалыптастыруда ана тілі пәндерінің алатын орны ерекше. Отанын сүйген, елін жаудан қорғау үшін қасық қаны қалғанша аянбай шайқасатын Қобыланды, Қамбар, Ер Тарғын, Алпамыс тұлғалары, ақын-жыраулардың, билердің татулыққа, адамгершілікке, елін сүюге шақырған өлең-жырлары, шешендік сөздері бастауыш сынып оқушыларының бойында патриоттық сезімді қалыптастыруда маңызы өте зор [6].

Қазақстандық патриотизм, қазақстандық интернационализммен, яғни қазақстандық отансүйгіштік, қазақстандық ұлтаралық татулықпен байланысты деген ұғымды білдіреді. Оның түбінде ұлттық және мемлекеттік идеология жатыр. Біз осының бәрін қатар алып жүруіміз керек. Ұлттық идеология дегеніміз – Қазақстанда тұрып жатқан әр ұлттың мәдениеті, салт-дәстүрі, тілі, діні, тарихынан туындайтын көзқарас. Бірақ қазақтың ұлттық идеологиясы осының көшбастаушы болуы тиіс. Оған негізінен қазақ азаматтары атсалысуы, көш бастауы керек. Ал мемлекеттік идеологиямыз – ол Қазақстанда тұрып жатқан халықтардың мүддесінен туындаған мемлекет саясаты. Дәлірек айтсақ, «идеология (идея және логия) – таптар мен әлеуметтік топтардың мүдделерін білдіретін қоғамдық сана, саяси, құқықтық, философиялық, моральдік, эстетикалық және діни көзқарастар мен теориялық идеялардың жиынтығы» – деп, негізінен түркі тектес халықтардың, оның ішінде түркі мәдениетінде, қазақ топырағында түрлі діндердің болғанын айтқан. Бұл еңбек қазақстандық ұлттық, ұлтаралық татулықтың, қазақстандық патриотизмнің темірқазығы іспеттес.

Патриоттық сезімнің объектісі мен қайнар көзі – Отан десек, оның мазмұны: туған жер, табиғат, оның байлықтары, тіл, дәстүр, тарихи ескерткіштер, туған өлкедегі тамаша киелі орындар. Олардың адам көкірегіне

жылылық, жақындық, туысқандық сезімдерді ұялатып, ізгі де ерлік істердің қайнар көзіне айналуы патриотизмге тәрбиелеудің арқауы. Қасиетті сезім ананың сүтімен бірге өзінен-өзі келмейтін баланың бойында біртіндеп қалыптасатын құдіретті сезім. Бұл сезім әркімде әр кезеңде оянып, кейін кәмелетке келгенде біржола буыны қатып, тәжірибемен, уақытпен, біліммен, қоршаған ортаның ықпалымен, балабақша, отбасы, мектеп, жоғары оқу орындары, бұқаралық ақпарат құралдары, қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар әсерімен қалыптасады.

Патриоттық сезім тұлғада тәрбие арқылы өсіп жетіліп, патриоттық сана түрінде қалыптасады. Сондай-ақ жеке адам өз ұлтының қасиеттерін бойына сіңіруі керек. Мектеп оқушыларын патриотизмге тәрбиелеу мәселелерін зерттеген ғалымдардың біразының ғылыми-педагогикалық, психологиялық, мектептегі іс-тәжірибелерін зерттеп бақылау нәтижесінде мектеп оқушыларын патриотизмге тәрбиелеудің бағыттары төмендегідей мәселелерді көздейді: педагогикалық практикадағы мүмкіндіктерді барынша толық қамтып біртұтас түрде оқушының жеке тұлғасына ықпал етудің жүйесін жасау; әр түрлі пәндерді оқытуда және тәрбиелік жұмыстарды ұйымдастыруда тірек болатындай сипатқа ие болу, бұл бағытта жас буынды патриотизмге тәрбиелеудің теориясы мен практикасына қатысты қазақстандық, ұлттық тәжірибелермен қоса шетелдік жаңа идеяларды үнемі ашып іс жүзінде қолдану жолдарына көмектесуі керек.

Демек, патриотизм – қоғамдық сананың бір формасы, ол қоғам дамуымен бірге дамып, жаңа мазмұнмен толыға түседі.

Профессор Р.Б. Әбсаттаровтың атап көрсеткеніндей, «қазақстандық патриотизм тәрбиесі – бұл адамға оның бойында белгілі бір патриоттық көзқарастарды, пікір-пайымдарды, нормалар мен принциптерді қалыптастыру, сондай-ақ оны сол көзқарастар мен принциптерге сәйкес іс-әрекетке бағыттау мақсатымен әсер ету жүйесі. Патриоттық ұстанымдардың беріктігі айқын мақсатқа жетелейді, қазақстандық азаматқа ұлттық өмірге тар өріс аясынан тыс ұстаным тұрғысынан қарауға және қарапайым адамды екіұдай күйге түсіретін қиындықтарды жеңуге мүмкіндік береді [7]. Сондықтан бүгінгі таңда біздің бүкіл патриоттық тәрбие жұмысымыздың міндеті – қазақстандық патриотизмді әрбір азаматтың өмірлік серігіне айналдыру.

Осылайша, Қазақстан патриоттарының сезімдері мен іс-әрекеттері Отанға (елге, Қазақстанға) және оның халқына бағытталған. Патриотизм – бұл саяси идеология, оның басты қағидасы Отанға, өзінің халқына, Атамекеніне деген сүйіспеншілік болып табылады. Бұл өз еңбегімен, жанкешті ерліктерімен елінің беделін арттырып, халқының абыройын асыратын қазақстандық азаматтардың күнделікті өмірінде пайда болады. Бірақ ол Отан мен Қазақстан халқына қауіп төнген сындарлы жағдайларда, әсіресе айшықты әрі қарқынды түрде туындайды. Күнделікті тіршілікте ол азаматтардың өндірістегі, ғылымдағы, өнердегі, спорттағы, сондай-ақ жауынгерлерді туған өлкені батыл қорғауға, өз халқының, елінің, Атамекенінің егемендігін, «құрмет көрсетіліп, қастерленуі»

тиіс шекарамыздың бұзылмауын, қоғамдық құрылыстың мызғымастығын қамтамасыз етуге даярлайтын әскери қызметтегі жасампаз еңбегінен көрінеді.

Терең рухани ой-зерде, биік өнегелі мінез-құлық нәтижесі ретіндегі патриотизм іс жүзіне асыру үдерісінде жаңа сапалы мәнге – Қазақстан мемлекетінің әрбір адал азаматының саяси қызмет-қайраткерлігінің нышанына айналуда. Ол Қазақстанның гүлденуі, қазақстандық азаматтардың әл-ауқаты артуы жолында елімізді инновациялық және шығармашылық тұрғыдан өзгертуге ұмтылатын бүкіл саяси институттардың өмірі мен іс-қызметінің өзекті мәселесі болып табылады.

Біздің патриотизмнің белсенді, қайраткер, қарымды қыры адамдардың өз Отанының игілігіне, мемлекеттік билікті нығайтуға бағытталған іс-әрекеттерінен көрінеді, сондықтан тәуелсіз дамыған ел ретіндегі Қазақстанның қайта жаңғыруының саяси-патриоттық нышаны болып табылады.

Осы себепті, күрделі рухани және саяси-әлеуметтік құбылыс ретіндегі қазақстандық патриотизм Отанды қорғау, нығайту және гүлдендіру жолында онымен ажырамас тұтастығын саналы түрде ұғынатын тұлғаның руханилығы, азаматтығы және саяси-әлеуметтік белсенділігінің бірлігі болып табылады. Ал бұл кез келген мемлекеттің түбірлі саяси міндеті екендігі мәлім жайт. Әрбір ұлт өкілінің міндеті бір-бірінің құқығын сыйлап, тіліне, дініне, салт-дәсүрі мен мәдениетіне құрметпен қарау болып табылады. Қазақстан халқы Ассамблеясы халқымыздың адамгершілігі мен елдегі ұлттар арасындағы бірлікті сақтаудың таңғажайып үлгісі екеніне көзіміз жетті. Біз: ұлт пен ұлттың, дін мен діннің арасындағы шешілмеген даулы мәселелерді шешуде өзге елдерге үлгі бола білдік. Бұл Қазақстандық әрбір ұлт өкілінің сана – сезімінің өркендеуінің белгісі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Государственная программа патриотического воспитания граждан Республики Казахстан на 2008-2010 годы. – Астана. – 10 с.

2 Назарбаев Н.А. Казахстан – 2030: Процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев. – Алматы, 1997. – 176 с.

3 Сәнік З., Садықан Б. Қаракерей Қабанбай батыр. – Алматы: Жазушы, 1991. – 174 б.

4 Иманбетов А.Н. Қазақ этнопедагогикасының негізінде студенттерге патриоттық тәрбие беру: П.ғ.к. автореф. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2007. – 30 б.

5 Қалмырзаев Ә. Қазақстандық патриотизм калай қалыптасады // Егемен Қазақстан. – 10 қаңт. № 6. – 2 б.

6 Жарықбаев Қ., Қалиев С.Қ. Қазақ тәлім-тәрбие тарихынан. – Алматы: Санат, 1995. – 350 б.

7 Ұзақбаева С.А. Тамыры терең тәрбие. – Алматы: Білім, 1995. – 232 б.

ҒТАМР 17.01.45

КӨПШІЛІК АЛДЫНДА СӨЙЛЕУДІҢ КӘСІБИ-ЭТИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Н.Б. Агалиева
Ф. ғ. к., доцент, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.
А.К. Мухтарова
Студент, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

Көпшілік алдында сөйлеу – қоғамдық қызмет саласында жұмыс жасайтын адамға қойылатын негізгі шарт. Бұл мақалада көпшілік алдында сөйлеудің кәсіби-этикалық ерекшеліктері қарастырылады. Қоғамдық өмірде орныққан «көпшілік алдында сөйлеу» ұғымының қазіргі таңда қандай мәнде қолданылатыны талданады. Сондай-ақ мақалада көпшілік алдында сөйлеудің кәсіби-этикалық аспектісі кіріктіріледі. Яғни «кәсіби этиканың» қарым-қатынас жасаудағы қоғамдық маңызы мен дағдылары сипатталады.

Түйін сөздер: көпшілік алдында сөйлеу, қоғам, этика, коммуникация, тіл мәдениеті.

Шешендік өнер – белгілі бір қызмет саласы. Бұл көпшілік алдында сөз сөйлеуді дайындау мен жеткізудің шығармашылық әрекеті. Көп еңбекке негізделген іс-әрекет, нәтижесінде адам аудитория алдында сөз сөйлей білуді: логикалық, түсінікті, тартымды және сенімді сөйлеуді меңгере алады. Көпшілік алдында сөйлеу теориясында шешендік өнер деп шешеннің көпшілік алдында сөз сөйлеуді дайындау мен жеткізудегі білімдері мен дағдыларының жиынтығы түсініледі.

Асыл маржан ару мойнына, алмас қылыш ер мойнына жарасатыны сияқты сөз асылы да өз ортасында құнды. Қазақ жұрты – жаратылысынан шешендік өнерге бейім халық. Оның қиыннан қиыстыра, төтеден төге сөйлейтін тапқыр да ақылды, бейнелі де бедерлі, аталы да баталы, нақыл, қомақты ойлары жөнінде өзіміз де, өзгелер де таңдай қағып айтудамыз. Төменде түсінікке тоқталып кеткім келеді.

«Шешен» сөзі қазақ тілінде ертеден қолданып келеді. Бұл сөздің мағынасы данышпан, ақылгөй, дана деген ұғымдармен өзектес.

«Шешен» сөзі қазақ тілінде «сөзшең», «айтқыш», «тапқыр», «суырыпсалма», «ділмар», «қызық тілге жүйрік» дейтін сөздермен қатар қолданыла береді. «Шешен» сөзін халықаралық терминмен атасақ, «оратор» деген сөз. Дальдің түсіндірме сөздігінде «оратор» – краснослов (қызыл сөз), речистый человек (сөзшең адам), мастер говорить (сөйлеудің шебері). Осының

бәрінде де шешен (оратор) әсерлі, әдемі, бейнелі, көркем, ойлы сөйлей алатын адам деген мағынаны білдіреді. Қазіргі тіл білімінде «шешен» деген сөз көп мағыналы:

1. Шешендік өнермен айналысатын адам;
2. Көпшілік алдында сөйлейтін адам;
3. Қызыл тілді меңгерген, шешен сөйлеуге қабілетті адам.

Сөз сөйлеуді меңгеру өнері – жақсылық пен жамандыққа, ақиқат пен жалғандыққа қызмет ете алатын қуатты құрал. Мұның бәрі осы құралды пайдаланатын мүдделерге байланысты. Кез келген шынайы көпшілік алдында сөйлеудің тәрбиелік мазмұны болады және этикалық алғышарттардың қалыптасуын талап етеді.

«Шешеннің адамгершілігі оның сөзінен гөрі көбірек сендіреді» (П. Сир), «Сөздерге адал болу қажет» (Н.В. Гоголь), «Шешен адал адам болуы қажет. Оның өз шешендігін сатып кетуге құқығы жоқ» (П. Рамус). Осы және басқа да мыңдаған нақыл сөздер сөздің адамгершілік мәнін көрсетеді.

Шешен мен аудитория тек вербалды, логикалық, психологиялық және т.б. қарым-қатынасқа ғана емес, адамгершілік қарым-қатынасқа түседі. Осы байланыста қарым-қатынастың сипаты оған қатысушы адамдардың, яғни шешен мен көпшіліктің адамгершілік және тұлғалық ерекшеліктеріне байланысты. Мораль шешен мен тыңдаушыларды әрбір адамды «ішкі моральдық заңның» тасымалдаушысы және көрсетушісі ретінде қабылдауға бағыттайды. Бұл шешеннің де, аудиторияның да құндылық бағдарларын, моральдық принциптердің маңыздығын анықтайды. Сөйлеушінің мінез-құлқы, оның сөйлеу мәнерінің моральдық формасы тыңдаушыларды бей-жай қалдырмайды, олардың көңіл-күйіне, ішкі күйі мен көзқарасына, сөйлеуді қабылдауына әсер етеді. Бұл ретте тыңдаушының рухани-адамгершілік жағдайының керісінше де әсерін атап өту қажет.

Көпшілік алдында сөз сөйлеу барысында туындайтын моральдық қатынастардың ерекшелігі шешен этикасының негізгі ұғымдары мен қағидалары арқылы ашылады. Шешеннің этикасы шешендік өнердің өзіндік ерекшеліктерімен, оның жалпы және кәсіби мәдениетімен анықталады. Шешендік этика – шешендік қызметтің мақсат-міндеттеріне, тыңдаушыларына қатысын анықтайтын моральдық нормалардың, құндылық бағдарлардың, мінез-құлық ережелерінің жиынтығы. Шешеннің этикасы оның адамгершілік қасиеттерімен, өзінің әлеуметтік рөлін сезінуімен, аудиториямен қарым-қатынас ерекшеліктерімен сипатталады. Сөйлеушінің жеке басының өзі этикалық ең алдымен шынайылық, инабаттылық, сыпайылық, әдептілік, қарапайымдылық, ұстамдылық, зейінділік, табиғи мінез-құлық, жайдарлылық, өзін-өзі сынай білу, басқа пікірлерге төзімділік және т.б. тұрғыдан маңызды. Бұл қасиеттер өзара байланысты және бірігіп тыңдаушылардың сөйлеушіге деген қатынасын – олардың оған деген құрметі мен сенімін, онымен тіл табысуға деген ұмтылысын қалыптастыруда ерекше рөл атқаратын моральдық бейнені жасайды. Шешеннің беделі мен сөзінің беделі де осы қасиеттерге байланысты.

Шешен сөзді әр алуан бейнелеу құралдарын пайдаланса, сөйлеудің мәнерлілігі, оның әсер ету күші артады. Шешеннің айтқан сөзі сенімдірек, тартымды бола түседі, бұл аудиториямен тығыз байланыс орнатуға ықпал етеді. Бұл көбінесе сөзді бейнелеу құралдарының аудиторияның сезімдері мен эмоциялары әлеміне жүгінуімен байланысты.

Шешендік этиканың бастапқы түсінігі – шешеннің әлеуметтік міндеттерін бекітетін шешендік парыз ұғымы. Шешендік парыз – шешеннің көпшілік алдында сөз сөйлеу барысында қоғам алдындағы белгілі бір моральдық міндеттерді белсенді тасымалдаушы қызметін атқаруы, оларды жүзеге асыруы.

Шешендік қадір-қасиет, шешендік ар-намыс сияқты ұғымдарды бөліп көрсету қажет. «Шешендік қадір-қасиет» ұғымы шешеннің өзіне деген көзқарасын және оған қоғам, нақты аудитория тарапынан қатынасын ашып, олардың шешендік қызметтің маңыздылығына деген бағасын береді.

Шешендік этиканың маңызды ұғымы шешендік әдеп болып табылады. Оның мазмұны – сөйлеушінің жалпы адамгершілік қағидаларын көпшілік алдында сөйлеудің нақты жағдайында жүзеге асыра білуі. Шешендік әдеп – шешеннің адамгершілік қасиеттерінің бірлігі: тыңдаушыларға құрметпен қарау, олардың өтініштеріне, қызығушылықтарына назар аудару, сезімталдық, мейірімділік, көпшілдік, талапшылдық, табандылық.

Шешеннің этикасы ішкі (сана) және сыртқы (сөйлеу – ишарат – мінез-құлық) арасындағы қатынасты қамтиды. Адамгершілік сана мәдениеті мен жеке тұлғаның практикалық әрекетінің бірлігінің тікелей көрінісі жоғарыда қарастырылған сөйлеу этикетінде өз көрінісін табады. Ол сөйлеушінің сөйлеу мәдениетінің көріну формасын реттеу болып табылады. Сөйлеу этикеті ережелерін сақтау моральдық білім мен дағдыларды адамгершілік мінез-құлықта жүзеге асыруға ықпал етеді, өйткені ол сана мен мінез-құлықтың бірігуінен пайда болатын өлшемін білдіретін күнделікті адамгершілік әрекеттің мәнерін көрсетеді.

Аудиторияға деген кәсіби көзқарас кез келген аудиториямен жұмыс істеу қабілетін меңзейді: мінезі жақсы адаммен де, агрессивтімен де, сөйлеушіге немқұрайлылық танытатынмен де. шешен аудиторияға ренжімеуі керек және онымен жанжалдаспауы керек. Бірақ бұл шешен аудиторияның жетегіне еріп, онымен сырласу керек дегенді білдірмейді. Сөйлеушінің сөзі оның кәсіби қызметі болып табылады және ол өзінің сезімін, эмоциясын, оған деген көзқарасын бағындыра отырып, істің мүддесін басшылыққа алуы керек.

Сөйлеу этикетінің адамгершілік мазмұны қазіргі қоғамда қабылданған сөйлеу мінез-құлқының, қарым-қатынас пен іс-әрекеттің адамгершілік нормалары мен қағидаларын білу мен сақтаудан тұрады, олар ойдың гуманистік және ізгілікті тілдік тұрақты формулаларын білдіреді. сезімдер, тілдік және сөйлеу формаларын қолдану этикеті аудиториямен байланыс орнату, қарым-қатынасты жүзеге асыру немесе қолдау үшін маңызды [3].

Сөйлеу этикетінің маңызды белгілерінің бірі – сәлемдесу. Оның көмегімен аудиториямен байланыс орнатылады, шешен мен аудитория арасындағы қарым-қатынас анықталады. Сондықтан сәлемдесу формулаларына

ие болмау – бұл бәріне бөтен болу, сөйлесе алмау. Әдепті адам сәлемдесуге жай ғана жауап беріп қоймай, әр жағдайға байланысты арнайы этикет формуласын қолдануы керек [4]. Сәлемдесу – ілтипат, сыйластық, достық сезімді білдіру. Сондықтан ол тыныш және түсінікті болуы керек, жергілікті әдет-ғұрыптарға, нақты жағдайлар мен мүмкіндіктерге сәйкес келуі керек, шулы, ұстамды болмауы керек.

Өз сөзінде, қандай тақырып болса да, шешен аудиторияға оптимистік позициядан, ізгі сөйлеуден тұратын адамгершілікке бағытдеп аталатын нәрсені жеткізуге шақырылады. Бұл аудиторияны мейірімділікке, басқаларды және бір-бірін құрметтеуге, қарым-қатынастың мейірімді эмоционалдық климатына бағыттайтын адамгершілік көзқарастың бір түрі.

Шешеннің меңгерген сөз өнері оның жалпы және кәсіби мәдениетінің деңгейі мен мазмұнын ғана ашып қоймайды. Ол қоғам мәдениетін меңгеру фактісін, сөйлеушінің ұлттық және әлемдік мәдениетке кірігу дәрежесін көрсетеді. Шешендік өнер адамның жоғары интеллектуалдық, әдістемелік және дүниетанымдық мәдениетінің көрсеткіші, оның өркениетінің маңызды өлшемі, қазіргі жеке тұлғалық қасиеттердің көрінісі ретінде қарастырылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Песнь о книге: Антология. – Минск, 1977. – С. 63.

2 Блюмкин В.Л., Гумницкий Г.В., Цырлина Т.В. Нравственное воспитание (философско-этические основы). – Воронеж, 1990. – С. 18.

3 Формановская Н.И. Употребление русского речевого этикета. – М., 1982.

4 Русский речевой этикет: лингвистический и методический аспекты. – М., 1982.

5 Гольдин В.Е. Речь и этикет. – М., 1983. – С. 40-41.

ГРНТИ 11.25.91

МЕЖДУНАРОДНЫЕ КУЛЬТУРНЫЕ СВЯЗИ НА ПРИМЕРЕ КАЗАХСТАНСКОГО ОПЫТА 2002-2012 гг.

Т.Б. Мұратбекова
Магистрант, Международный университет «Астана», г. Нур-Султан
А.М. Исалиева
PhD, доцент, Международный университет «Астана», г. Нур-Султан

В данной статье рассматривается культурная дипломатия, ее важность и актуальность в современном мире. Статья рассматривает такие понятие как мягкая сила, публичная дипломатия и национальный имидж страны как неотъемлемую часть культурной дипломатии. В статье анализируется период с 2002 по 2012 гг. для описания межкультурных связей Республики Казахстан.

Ключевые слова: международные отношения, неолиберализм, имидж страны, культурная дипломатия, мягкая сила, публичная дипломатия.

Такие понятия как культурная дипломатия и внешняя культурная политика, а вместе с ней мягкая сила и публичная дипломатия появились сравнительно недавно, но несмотря на это кажется, что само время, то есть влияние информатизации трактует такой расклад тем самым показывая, что такой вид дипломатии является неотъемлемой частью политики государства. Следует отметить, что именно культура издавна является инструментов налаживание сотрудничества. Актуальность присутствия культурного аспекта во внешнеполитической деятельности государства обуславливается её присутствием во всех развитых странах. В мире, где жесткая военная сила осуждается и несет за собой лишь разрушение, уходит на задний план и все больше людей смотрят в сторону взаимопонимания и взаимодействия.

На данном этапе международных отношений так называемая жесткая сила является более не привлекательной так как война – это всегда финансово невыгодно это долго, более того все могут лишь предполагать, но на деле никто не знает исход событий. В этом случае сотрудничество выглядит куда более привлекательным решением, направленным на абсолютную выгоду в долгосрочной перспективе.

В нынешнем положении мира, где всё еще присутствует международный терроризм, гражданские и региональные войны, и наркотрафик, культурный диалог является ключом для взаимного сотрудничества в достижение безопасного мира.

Культурная дипломатия оценивается как демонстрация культурных достижений страны. Есть немало примеров успешной культурной политики, например такие мировые державы как США и Китай, во Франции, Великобритании, а также в Японии и Кореи культурная политика курируется на государственном уровне, что говорит о важности культуры как инструмента продвижения собственной идеологии. Следует отметить, что правящий аппарат в этих странах вкладывает огромные суммы в популяризацию своей культуры за пределами страны, и осуществляют они это весьма успешно. Во всех вышеупомянутых странах есть стратегия продвижения своей культуры, осуществляется это при помощи образовательных программ, спортивных мероприятий, языка, всевозможных культурных ассоциаций, кружков и форумов, а также кинематографии и музыкальной индустрии.

У них действуют образовательные программы, которые дают возможность обучения в этих странах за счет государственных грантов. А как мы знаем образование является одной из основ государства, именно на этапе обучения молодое поколение страны формирует свое видение картины мира, тем самым среда и ценности, которые окружают их в этот период являются основой их дальнейшей жизни.

Но почему продвижение культурных ценностей является таким важным и эффективным для сотрудничества?! По простой причине того, что с людьми, которые разделяют твои идеи и у вас общие ценности договорится куда легче чем с человеком чья идеология вам в корне непонятна. Из этого следует что, условно говоря страна, «оккупированная» культурой другой сама идет на соглашение и сотрудничество без применения силы, шантажа или угроз. То есть при помощи культуры, в частности, образования, фильмов, телевидения, социальных сетей и так далее людей приучают к определенному видению мира.

Итак, культурная дипломатия – это национальное сокровище каждый страны, которая защищает национальную безопасность и национальные идеи любого государства [1]. Цель культурной дипломатии заключается в том, чтобы настолько развить понимания национальных идеалов для иностранных граждан дабы в дальнейшем обеспечить себе политическую и экономическую поддержку.

Инструментами культурной дипломатии являются образование, традиции, культурные и спортивные мероприятия, фестивали, телевидение, кинематограф, музыкальная индустрия, театры, при поддержке этих инструментов и транслируется национальные идеи и ценности страны.

Культурная дипломатия это симбиоз мягкой силы и публичной дипломатии. Суть мягкой силы заключается в том, что можно достичь желаемого результата при помощи взаимной симпатии и сотрудничества, не прибегая к жестким мерам в виде шантажа, угроз и военной мощи. Основоположником данного термина является американский политик Джозеф Най, использовавший его в 1990 году в своей книги «Призвание к лидерству: меняющаяся природа американской власти» [2]. Джозеф Най также приверженец неолиберализма, которое и является истоком мягкой силы.

Мягкая сила – это рычаг ненасильственного давления для достижения определённой цели. Существуют два пути достижения влияние при помощи мягкой силы. Первый способ краткосрочный (при поддержке СМИ, традиционные и социальные медиа) и второй долгосрочный (образование, развитие наук, неправительственные организации).

Следует отметить, что эффект мягкой силы будет в том случае если идея, транслируемая другим странам, является привлекательной, для этого нужно постоянно работать над имиджем государства и соответствовать тому, что пропагандируется. Из этого следует что при помощи определенных средств правительства и самого общества в целом можно менять установки иностранцев о стране.

В нынешнем мире, где все еще остро стоит вопрос о повышенной конфликтности актуальность доверительных отношений между странами и гражданами возрастает. Становиться понятным о необходимости ведения публичной дипломатии как площадки для создания благоприятных условий сотрудничества, которая способствует развитию политических и экономических отношений между государствами. Публичная дипломатия – это формирование отношений с акторами гражданских обществ в иностранных государствах, а также процесс содействия организации связей между неправительственными организациями внутри и за пределами страны [3, с. 191].

Построить доверительные отношения для дальнейшего взаимовыгодного сотрудничества и разрешения конфликтов на основание общих целей и идей является целью публичной дипломатии.

Разница между мягкой силой и культурной дипломатии, заключается в том, что мягкая сила подразумевает влияние по средствам культуры, а целью культурной дипломатии является диалог, то есть сотрудничество на основе культуры. Публичная дипломатия в своем очередь подготавливает почву для культурного диалога и сотрудничества.

Культурная дипломатия, мягкая сила и публичная дипломатия неразрывно связано с таким понятием как имидж страны. Национальный имидж страны важен для глобального мира, так как он создает целостность картины общества, живущего в стране. Но, главное транслировать настоящую аутентичную культуру, а не ту, что прошла через фильтр. Людям за границами вашей страны интересно настоящее, то есть чем живёт и дышит народ. Какие на самом деле отмечает праздники, какие на самом деле традиции важны для жителей государства. То, что создается специально для пропаганды не создает впечатления аутентичности не дает чувство настоящего, к счастью, люди всегда чувствуют фальшь. Концепция бренда должна основываться на аутентичности культуры и лишь тогда это принесет большей профит.

В чем смысл расходовать огромные деньги на имидж страны?! Дело в том, что позитивный имидж даст возможность привлечь иностранных инвесторов что хорошо отразится на развитие экономики государства, ее культурно-социальной жизни. Поэтому быть в клубе развитых стран это

обеспечение улучшения жизни Казахстанского общества. Развитие экономической и политической стороны государства сулит возможности развитию социальной, духовной и культурной сфере. Сейчас идет большая конкуренция абсолютно всего, прежде всего ставится акцент на продвижение национальных ценностей и идей.

Позитивному имиджу страны способствует ее участие в важных политических и экономических организациях, которые показывают миру что страна является демократическим государством, которое ценит права своих граждан. Следует заметить, что процесс формирование имиджа – это долгий путь, а также совокупность нескольких факторов. Например, таких как внутренняя и внешняя политика страны, ее экономическая составляющая, национальная идеология и т.д. Созданию позитивного имиджа Казахстана способствовали такие факторы как инициатива в создание ЕАЭС, СНГ, в том, что мы являемся частью таких организации как ООН, ОБСЕ, ШОС, G20, ВТО цель лишь создания сотрудничества, многообразие культур и их успешная интеграция.

За последние 10 лет, после обретения независимости Казахстан встал на ноги и обрел политический вес на Евразийском континенте. В период 2002 по 2012 год Казахстан укрепил свои позиции как государство, имеющее авторитет в политических и экономических вопросах на мировой арене. Правительство Казахстана понимала, насколько важно культурное сотрудничество как моста для сближения стран и континентов, республика способствует сотрудничеству по средствам культуры не только между странами Центральной Азии, но также в мире.

Особенностью или отличительной фишкой внешней политики Казахстана является миролюбивое партнерство. В Стратегии «Казахстан-2030» от 28 февраля 2007 года одной из задач внешней политики сказанная первым президентом Казахстана Н. Назарбаевым является Утверждение позиций Казахстана как центра межкультурного и межконфессионального согласия в развитии «диалога цивилизаций» [4].

2002 год начался для Казахстана более чем благоприятно, в апреле 2002 года в Алмате открылся первый Евразийский медиафорум. Это международная площадка объединяет более 500 делегатов из 60 стран. Открытие такого рода медиафорума способствует продвижению национальных интересов страны.

В Алматы 2 июня того же года состоялась первая встреча государств в рамках Совещание по взаимодействию и мерам доверия в Азии (СВМДА) международного форума целью которого является подержания порядка и обеспечения безопасности в Азии. В форуме приняли 16 государств-участниц и 4 страны наблюдателей. На данном форуме был принят «Алматинский Акт», который является уставом СВМДА. Проведения такого уровня форума является показателем доверия и общности идей Азиатских стран.

30 августа открылся монумент Байтерек символ нового Казахстана. Байтерек является культурной фишкой нынешней столицы Республики.

Первый неформальный саммит глав государств СНГ в формате спортивного мероприятия прошел в Алмате в этом же году. В ходе встречи были обсуждены актуальные темы такие как терроризм, перспективы сотрудничества в топливно-энергетической сфере, а также миграционный вопрос на территории СНГ [5]. Данная встреча наглядно доказывает эффективность культурных мероприятий, в ходе которых принимаются важные политические решения, а также создается почва для дальнейшего успешного сотрудничества.

Также в этом отрезке времени 2002-2012 гг. в Казахстане прошел ряд спортивных мероприятий, которые успешно повлияли на имидж страны, а именно оставили у иностранных граждан позитивное восприятие о государстве. В разные года проходили такие мероприятия как «Чемпионат Азии по дзюдо» 2004 года, «Чемпионат Азии» 2004 и 2006 гг. в городе Алматы, «Чемпионат мира среди студентов» 2006 года в Алмате, «Азиатский олимпийский квалификационный турнир» по боксу 2012 года проходил в столице Казахстана – Астане, 32-й чемпионат мира по хоккею с мячом прошли на высокогорном катке «Медеу» и запасном поле Центрального стадиона Алматы с 29 января по 5 февраля 2012 года.

В заключение следует сказать, что внешняя политика Казахстана подразумевает принцип многовекторности, прагматизма, взаимной выгоды, а также отличается твердом отстаивании национальных интересов страны. Правительственный аппарат понимает важность и эффективность культурного диалога с другими странами и развивает данную отрасль в угоду взаимовыгодного сотрудничества для развития государства.

Литература

1 Что такое культурная дипломатия. https_niejournal. ru. 19. 01. 2022 г.

2 Nye J., Soft Power. Foreign Policy, №80, 1990. – p. 167.

3 Melissen J. The new public diplomacy. Soft power in international relations. – Basingstoke: Palgrave Macmillan; Studies in diplomacy and international relations, 2005.

4 Назарбаева Н. Послание Президента Республики Казахстан народу Казахстана. Стратегия «Казахстан-2030» на Новом этапе развития Казахстана. 30 важнейших направлений нашей внутренней и внешней политики. – Астана, 2007.

5 https://tengrinews.kz/article/2002-god-kazmunaygaz-uefa-i-poyavlenie-baytereka-1674. Дата обращения 22. 01. 2022.

6 https://www.inform.kz/ru/kakie-krupnye-sorevnovaniya-provodilis-v-kazahstane-za-30-let-nezavisimosti_a3753081. Дата обращения 22. 01. 2022.

7 Nye J., Soft Power. The Means to Success in World Politics, Public Affairs, 2004. – p 11.

8 Кашлев Ю. Б. Современное общество и вызовы дипломату XXI века. – Дипкурьер. 2001, №10 (30). – С. 45-53.

ҒТАМР 03.20

ҚУҒЫН-СҮРГІНГЕ ҰШЫРАҒАН БАТЫС ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ДІНИ ҚАЙРАТКЕРЛЕР

Т.Н. Зулпкарова
Магистрант, М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ.

Мақалада діни қызметкерлерді қудалау 1920 жылдары басталғаны және 1937 жылы Батыс Қазақстанның Шыңғырлау ауданынан 19 адамнан құралған бай-молдалар тобын әшкерелеп, ату жазасына кесілген және олардың барлық мүліктері тәркіленген.

Кеңес үкіметінің қуғын-сүргінінен амалсыз басқа елге қоныс аударуға мәжбүр болған діни қызметкерлер – Ғұбайдолла халфе және Батыс Алашорданың мүшесі болған, кейін репрессияға ұшыраған Қуанай Қосдәулетовтің өмірі мен қызметі туралы баяндалады.

Түйін сөздер: саяси репрессия, конфессияаралық қатынастар, диверсиялық ұйым, бай-молдалар, медресе.

Бүгінгі тарихнамада сталиндік диктатура кезіндегі саяси репрессиялардың көптеген мәселелері әлі де өз деңгейінде зерделене қойған жоқ. Бірақ Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін 1920 жылдардағы Қазақстандағы діни ұйымдар мен дін қызметкерлеріне қарсы 1930 жылдардағы саяси репрессияға кең көлемде талдау соңғы кездері ғана қолға алына бастады.

КСРО-дағы саяси репрессия, соның ішінде дін қызметкерлерін қудалау 1920 жылдардың ортасынан басталған. «Совет үкіметіне жат элементтер» тізіміне кірген дін қызметкерлері 1928 жылғы кәнпеске кезінде қатты қудаланып, сайлау пұрсатынан айырылған. Біразы жер аударылған, біразы шетелге (негізінен Ресей) бас сауғалаған. 1930 жылдардың басында «босқындарды елге қайтару» бағдарламасымен елге оралған бұл тұлғалардың көбі 1937-1938 жылдары репрессияның екінші толқынына ұшырап, қатаң жазаға (көбіне ату жазасы) ұшыраған [1].

Батыс Қазақстан облысында кең тармақталған контрреволюциялық панисламистік бай-молда, бүлікшіл, шпиондық, диверсиялық ұйым әшкереленген. Ұйымның мақсаты – Кеңес өкіметін құлатып, Қазақстанды КСРО-дан бөліп алып, Жапония протекторатындағы буржуазиялық ұлтшыл мемлекет құру болған» – №2330 қылмыстық істің айыптау қорытындысы осы сөздермен басталған.

Бұл Кеңес Одағында 1930-жылдары мұсылман элитасын, көрнекті дін қайраткерлерін баудай түсірген әйгілі «Орталық Мұсылмандар Діни

Басқармасы ісінің» («Дело ЦДУМ») қазақ даласындағы бір жаңғырығы екен. Уфадағы діни басқарма төрағасының орынбасарлары Кашафутдин Тәржіманов пен Маһди Мақұлов басқарды делінетін астыртын топтың Батыс Қазақстан өңіріндегі қанатына жетекшілік етті деген желеумен белгілі дін қайраткерлері Қуанай Қосдәулетов пен Хасан Нұрмұхамедұлы бастаған бір топ адам 1937 жылы 5 желтоқсанда атылған.

Міне, осы күннен арада екі апта өтпей жатып Батыс Қазақстан облысының Шыңғырлау ауданында 19 адамнан құралған бай-молдалар тобын әшкерелеген. Тағылған айып та жоғарыдағы топтармен ұқсас.

Қылмыстық іске тартылғандардың барлығы да 1937 жылы 19 желтоқсан күні тұтқындалған. Сол жылы 28 желтоқсанда бәріне бірдей – РСФСР Қылмыстық Кодексінің 58-2, 58-11 баптары бойынша айып тағылып, НКВД басқармасы «үштігінің» қарауына ұсынылған. «Үштік» сол күні 19 адамға бірдей «атылсын, жеке өзіне тиесілі мүлкі тәркіленсін» деген үкім шығарған. 30 желтоқсан күні үкім орындалған. Жазықсыз жазаға ұшыраған молдалар: Нұриман Медетов, Ғабит Қарымсақов, Харис Ғазизов, Рахметолла Ешмұхамбетов, Исмағұл Мәмбетов, Сүлеймен Қосқұлов, Өтей Борамбаев, Ақлим Қаратаев, Аманғали, Сүйінішқали Жармұхамедұлы Айшуақов, Бермұхамед Файзуллин, Ханафия Нұрниязов, Темірболат Нияров, Аманқұл Ұқашев, Жұмағали Исатаев, Жалғасбай Қуаншалиев, Есқазы Жанғазиев, Бекенияз Жұмағазиев, Хайретдинов Камал.

19 адамның тағдырын шешкен қылмыстық істің айыптау қорытындысы мынадай қаулымен аяқталған:

№2330 тергеу ісі Батыс Қазақстан облыстық НКВД басқармасы «үштігінің» қарауына жіберілсін. 28. XII. 1937. Шілік ауылы.

«Үштік» шешімі де сол күні – 28 желтоқсанда шыққан: «19 адам түгелдей атылсын, жеке өзіне тиесілі мүлкі тәркіленсін».

Қылмыстық істің соңғы бетінде шағын конверт желімделіп, оның ішінде тілдей етіп қиылған 19 қағаз салыныпты. Онда айыптаушылардың әрқайсының үкімі орындалған уақыты жазылған. Ату жазасы 1937 жылы 30 желтоқсанда, сағат 20.50-ден бастап орындалған [2, 5 б.].

Кеңес үкіметінің қуғын-сүргінінен амалсыз басқа елге қоныс аударуға мәжбүр болған дін қайраткерлерінің бірі – Ғұбайдолла халфе. Ғұбайдоллаға «Совет үкіметіне сенімсіз», «халық жауы» ретінде сотталып, жер аударылған.

Ғұбайдолла Ахметұлы – 1873 жылы қарабура алаша Ахметтің шаңырағында сегізінші бала болып дүниеге келеді. Дүниеге келісімен Ғұбайдолланы нағашы атасы тоқбас Бөкенбай бауырына басады. Бірақ асырап алған әкесі Бөкенбай, жеті жасында шешесі Баян сары кезіктен қайтыс болады. Ғұбайдолла да қатты ауырып, әрең оңалады. Сөйтіп өз үйіне оралады.

Ғұбайдолланың 1948 жылы сәуір айында өз қолымен жазылған өмірбаяны сақталған. «Үйде қарап отыра алмай, бірдеңе оқып отыратын әдетім еді. Оқиын десем жаңа кітап жоқ. Ең болмаса өз өмірімді қысқаша жазып тастайын деген ойға қалып, жаза бастадым» деп бастаған ғұмырнама халфенің білім алу, қалыптасу кезеңін түгел қамтыған. Әсіресе, төңкерістен бұрынғы қазақ

даласындағы оқу жүйесі, медреселер бағдарламасы хақында керемет ақпарат береді.

Белгілі зерттеуші Қабиболла Сыдиықұлы «Қазақ энциклопедиясына» жазған мақаласында Ғұбайдолла Ахметовтың Жаңақаладағы Байғұл медресесінде, 1890 жылдары Ордадағы екі класты қазақ-орыс мектебінде, кейін Ресейдің Вятка губерниясында Мамонов діни оқуында білім алғанын жазған.

Ал Ғұбайдолла өз өмірбаянында әуелі өз әкесі Ахметтен ежік үйренгенін, 8 жасында Достан молдадан, 9 жасында башқұрт Іскендір Қатауолла Қадимұлынан оқығанын, 16 жасында 1889 жылы Байғұл ұстаған Есмақай молдаға барғанын жазған. 1891 жылы Жаңақалада Ғатауолла хазіретке шәкірт болады. Өзі оқи жүріп, қай жерде де ұстаздарының көмекшесіне айналады, жаңадан келген шәкірттерге мұғалімдік етеді. Осылайша Ғұбайдолланың өзінің де мықты оқытушылық шыға бастайды. Сөйтіп бай ауылдарға жалданып, бала оқытуға кіреседі. Өз жазуында 1898-1900 жылдары қысы-жазы бірдей дауымшарда (байбақты руының бөлімі) бала оқытқанын, 1902 жылы Жаңақалада болғанын, 1903 жылы Жұмағалида бала оқытқанын жазады.

Ғұбайдолла халфенің өміріндегі ең ерекше кезең – Ресейдің Вятка губерниясындағы Бүби медресесінде жаңаша оқуы болған сияқты. Өйткені татардың озық ойлы ағартушылары, ағайынды Ғабдулла, Ғубайдолла және Мухлиса Нығметуллиндер қалыптастырған медреседе дін сабақтарынан бөлек шет тілдері, тарих, жағырафия, әдебиет пәндері оқытылған. Бұл сабақтарды Стамбұлдан, т.б. алыс-жақын жерден арнайы алдырған үздік мұғалімдер оқытқан. Тағы бір айта кетерлігі, Бүби қыздар медресесі – мұсылман қыздардың жан-жақты білім алып, қоғамның алдыңғы қатарлы тұлғасы болуға тәрбиелейтін. «Үсұл-жәдид», яғни жаңаша оқу деп аталған бұл жүйеге дәстүрлі медресе жүйесі де, патша үкіметі де ерекше қарсы болған. Бүби секілді жәдидтік медреселердің оқу бағдарламасын сүзгіден өткізген патша инспекторлары «Мұндай оқу орындарын тез арада жабу керек. Өйткені мұнда оқыған татар балалары өте білімді, халқын алға сүйрейтін ағартушыға айналады» деген үкім шығарған.

Міне, осы медреседе Ғұбайдолла Ахметұлы 1910 жылы білім алады. Ал 1911 жылы қаңтардың 29-ынан 30-ына қараған түнде тұтқиылдан тінту болып, оқытушылар тұтқынға алынады, медресе жабылады. Оқу орнының жетекшілеріне панисламшы деген айып тағылады.

Сол сапарында Ғұбайдолла Ресейдің ислам мекемелерін біріктіретін Орынбор мұсылмандары діни басқармасына соғып, өзіне имам хатиб мударрис дәрежесі берілуін сұрайды. 1910 жылы 17 шілдеде толтырылған өтінішінде Ғұбайдолла Ахметұлы Астрахан губерниясы Ішкі Ордалық Қамыс-Самар қисымлық №14 бөлімнен екендігін, Жаңа Қазан ауылында имам ахун Ғатауолла Ғалікеевтің медресесі құзырында оқығанын тиісті емтихан тапсырып, арызымен бірге 1 сом 50 тиындық марка төлегенін, керекті төлқұжаты, куәлік анықтама қағаздарын өткізгенін жазған.

Осы істе Қамыс-Самар қисымы №13 бөлімінің қазағы Қайырғали Жақыпбайұлы Ғұбайдолла Ахметұлына Жаңа Қазанда бес жыл мұғалім болып

тұрғандығы хақында куәлік берген. Келесі күні 18 шілдеде Ғ. Ахметов комиссия алдында шариғат іліміне жүйріктігін көрсетіп, емтихан тапсырып, арнайы куәлік алады.

Ғұбайдолла Ахметұлының шағын өмірбаянын жазған Қабиболла Сыдиықұлы оны «Отыз жыл бойы мұғалім болып, халықтың әдеби мұрасын жинаумен айналысты. ХХ ғасырдың бас кезінде Батыс Қазақстан аймағындағы қазақ зиялылары С. Меңдешев, Ғ. Қараш, Х. Досмұхамедов, Н. Мамаев, А.Құдайбергенов, Ғ. Байғұловтармен бірге қызмет істеп, достық қарым-қатынаста болған. Қазақ мектептерін ашу жұмыстарына атсалысқан. 1937 жылы саяси қуғын-сүргінге ұшырап, жұмыстан қуылып, жоқшылыққа душар болған» деп жазады.

Бөкейлікке Кеңес үкіметі орнаған тұста Ғ. Ахметов мұғалімдік жұмыста болған. 1923 жылғы құжатта оның Бөкей губерниялық білім бөлімінің құрамында, Жаңақала уезі Тұрдығұл болысында қызмет ететіні көрсетілген. Большевиктер де сауатты, елге ықпалды мұғалімді іштарта қоймаған. 1923 жылы 3 қыркүйек пен 29 қазан аралығында саяси сенімсіз, сайлау науқанына кедергі келтіруі мүмкін 64 адамды халықтан ажыратып, Орда қаласына жинау туралы құпия қаулы шыққанда, соның арасында Ғұбайдолла Ахметұлының да аты-жөні бар.

Ғұбайдолла халфенің басына қара бұлт қайта-қайта үйірілгені де дәл осы кез. Өзі де баласы Хисмет те «молда», «жат элемент» ретінде сайлау құқығынан айырылады. Соның нәтижесінде отбасымен Ресейге қоныс аударады. Онда да бір жерге тұрақтамай, Саратов облысының ішінде жиі қоныс аударып отырған. Ал елде қалған әріптестері – мұхтасиб Нығметолла Ибрагимов, Ғатауолла Байғұлов, Қайырғали Жақыпбаев т.б. хазіреттер 1937-1938 жылдары жаппай сотталып, атылып кеткен. Ғұбайдолла да 1942 жылы 6 наурызда Саратов облысы Перелюбский ауданы, Анин-Верх селосында тұрған жерінен тұтқындалып, антисоветтік үгіт-насихат таратты деген айыппен 1942 жылы 14 қазанда Саратов облыстық сотының үкімімен 5 жылға сотталған.

1946 жылдың жаз айларында Ғұбайдолла Ахметов Гурьев қаласында тұратын жақын туықандарына келіп, Совет көшесіндегі 131 үйде тұрған. Ол күнде Гурьев қаласында Қазақ ССР Ғылымдар академиясының филиалы жұмыс істейді. Филиалдың сол күндегі директоры Қарымсақов Сапар болған. Академияның президенті Қаныш Сәтпаевтың тапсыруы бойынша жолдас Қарымсақов әдейі іздеп келіп Ғұбайдолла Ахметовпен сөйлесіп, оған келісім бойынша бірнеше кітапты араб, парсы тілдерінен қазақ тіліне аударуды тапсырған еді. Соның ішінде Фирдаусидің «Шаһнамасы», «Қалила және Дина» кітабы тағы басқа шығыс елдерінің шығармалары болған. Бұл жұмыстарды отбасының айтуынша ол кісі 1951 жылға дейін бітіріпті. Содан кейін науқастанып, төсек тартып жатуына байланысты Ғылымдар академиясына аяқтай барып еңбектерін тапсыра алмаған. Өзі 1961 жылы қайтыс болғанан кейін оның бұл еңбектері әркімнің қолына түсіп, тарап кеткен [3, 6 б.].

Дін қайраткерлерінің ішінде Батыс Алашорданың мүшелері болған, кейін репрессияға ұшыраған тұлғаларды кездестіруге болады. Солардың бірі – Қуанай хазырет.

Қуанай Қосдәулетов – руы байбақтының Түкіші, оның Қанатай бөлімі. Жымпиты бойында ағып жатқан Шідерті, Өлеңті өзендерінің қосылған жері – Қоспада мешіт ұстаған тоқсоба руынан шыққан Шүйінішқали деген молда болыпты. Шүйінішқали қартайғасын, өзі басқарған мешітті күйеу баласы Қуанайға тапсырған. Мұсылман зиялыларының басы қосылған Қаратөбеде өткен Алаштың бірінші съезінде салық жөнінде екі пікір туғанда, өзара келіспей қалғандарға «ұлт боламын десеңдер, бірігіңдер» – деп келіссөзге шақырушы. Ол 1863 жылы Жымпитының Қособа ауылдық кеңесінде туған. Жоғары діни оқу орнын бітірген. Елде ірі байларды тәркілеу басталғанда 1928 жылға дейін жеке меншігінде 20 сиыры, 100 қойы, 10 жылқысы, 6 түйесі бар Қуанай бай да, осы салаға жатқызылып, отбасымен үш жылға жер аударылған.

Қуанай Қосдәулетов 1937 жылы 74 жасында «халық жауы» болып тұтқындалады. Сауатты болғасын, тергеушіге түсініктемесін орыс тілінде жазған. Бағдат қаласындағы жоғары діни оқуын бітірген. Уфадағы бай – мұсылмандық ұйымның мүшесі ретінде, Батыс Қазақстан бойындағы жұртшылық арасында мұсылман дінін кеңінен насихаттау мақсатында жұмыс жасайды. Бұрын жабылып қалған мешіт, медреселерді ашу, сөйтіп, мұсылман дінін уағыздау бойынша осылай белсенді қызмет жасайды.

1926 жылы Уфада өткен Бүкіл мұсылмандардың 3-съезінде негізгі баяндамашының бірі болады. Съезден соң, Уфадағы діни ұйымның бастығы Кашаф Тәржіманов діни жұмыстарды жергілікті жерде насихаттау үшін мұхтасибтер Нұрмуханов Хасанды – Гурьев округіне, Ізтелеуов Самиғолланы – Ақтөбе округіне, Қуанышқалиев Құрманғали мен Тобсобин Жұмағалиды – Қаратөбе ауданына, Қуанай Қосдәулетов пен Ахмеджанов Қайыржанды – Жымпиты ауданына жіберуге шешеді. Бұлар тапсырылған бұл жұмысты 1928 жылға дейін белсенді атқарған [4, 25-26 б.].

Жымпитыдағы Батыс Алашорданың діни басшысы хазірет Қуанай Қосдәулетов РСФСР ҚК 58-2-6-7-11 баптарына сәйкес 1937 жылы 5 желтоқсан күні БҚО УНКВД Үштіктің қаулысымен ату жазасына кесілген.

Қуанай Қосдәулетов БҚО соттың 1965 жылғы қаулысымен қылмысты оқиғаның болмауына байланысты ақталды.

Қуанайдың рулық шежіресі – Байбақты – Батақ – Шолан – Түкіш, Есембай, Байторы мен Дат; Түкіштен – Бегетай, Қанатай, Борсық; Қанатайдан – Қосдәулет, Самархан, Махмет, Құрманғали, Жұмағали, Молданияз, Ердес, Шыңғыс, Қуаншәлі, Болатқали, Батыр-ғали, Меңдіқазы; Қосдәулеттен – Қуанай; Қуанайдан – Зәкірмұхамед, Мар-фуға, Мүкарама, Зібайда; Қуанышқали Аманов – хазірет Құрманғалидың әкесі. Құрманғалидың моласы Ақсай қаласындағы мұсылмандар зиратында. Басына қойылған құлпытасында «руы ысық, жәдікбай бөлімі, андабай тайпасы, Қуанышқалиұлы Құрбанғали 1890. IV. – 1971. 14. XII. Белгі қойған баласы Мүтиғолла, немерелері» деп жазылған [5, 14-15 б.].

Қуғындалған діни қызметкерлердің трагедиялық тағдырлары арқылы қазақ халқының еркін ойлы болмысының ұлттық тәуелсіздікке жетуде қандай «тар жол, тайғақ кешуден» өткенін көруге болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 batysmura.kz тарихи-танымдық, ғылыми-зерттеу порталы.

2 Құттымұратұлы Қ. Бір күнде атылған 19 молда // Егемен Қазақстан. 2021. 14 сәуір. – 5 б.

3 Құттымұратұлы Қ. Ғұбайдолла халфе // Орал өңірі. 2021. 13 тамыз. – 6 б.

4 Хасанов Қ. Қаратөбе – өнерлі өлке, тарихи танымдық эссе. – Орал «Шұғыла», 2011. – 120 б.

5 Хасанов Қ. Хазірет Құрбанғали Қуанышқалиев. – Орал «Шұғыла», 2014. – 136 б.

ҒТАМР 03.20

БӨКЕЙ ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ ЖӘНЕ ДАМУ ТАРИХЫ

Т.З. Рысбеков
М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ.
А.С. Сүлеймен
А. Тайманов атындағы №34 мектеп-гимназиясы, М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ.

Мақалада тарихи деректер мен әдебиеттер негізінде XIX ғасырдың ортасы мен XX ғасырдың басындағы Батыс Қазақстан территориясындағы Бөкей хандығының құрылуы және даму тарихы ерекшеліктері туралы жазған тарихшылар мен зерттеушілердің жазбаларына талдау жасай отыра, қазақ даласында Бөкей хандығының құрылуы, қазақ қоғамының экономикалық және мәдени өміріне өзгерістер енуі, қазақ ауылдарының әлеуметтік-экономикалық жағдайына әсері мен қазақ буржуазиясының қалыптасуына тигізген әсері қарастырылады. Сол кезде қалыптасып келе жатқан Бөкей хандығының әкімшілік басқару жүйесі, Жәңгір ханның тұлғасы жан жақты қарастырады

Түйін сөздер: Бөкей хандығы, Жәңгір хан, патша, губерния, басқару жүйесі, кеңсе, би, тархан.

Бөкей хандығының құрылуына Кіші жүз орналасқан территорияда қоғамдық-саяси жағдайлар, атап айтқанда, Сырым Датов бастаған халық көтерілісінің салдары (1783-1797) ықпал етті. Көтерілісшілер Кіші жүздегі хан-сұлтан элитасының іс-әрекеттеріне және өлкедегі патша үкіметінің саясатына наразы болды. XVIII ғасырдың аяғында халық көтерілісі құлдырай бастаған кезде үкімет оған белсенді қатысқан отбасыларға қарсы жаппай қуғын-сүргін бастады. Қарапайым бақташылардың экономикалық құлдырауы, экономикалық тұрақсыздануы, өмірінің төмен деңгейі көптеген жылдарғы күрестің нәтижесінде Кіші жүз тұрғындарының бір бөлігін Ресеймен шекаралас территорияларда пана табуға мәжбүр етті. Оларға басты мәселе – қиын кезеңнен аман өтіп, оны жеңу олар үшін ең маңызды болды [1, 221 б.]. Жаңа жағдайда үкімет қазақ халқының қалауын қанағаттандыру қажет деп санады. Бұл табысқа жету үшін маңызды болатын адамдарға деген сенімділікке ие болуға үмітті отарлық саясат жүргізу.

Сұлтан Бөкей Нұралиев Жайық мен Еділ арасындағы бос жерлерге қоныс аудару туралы өтінішпен Астрахан әскери губернаторының атына хат жазды. Әскери губернатор Кнорринг патшаға қарау үшін хат жіберді. 1801 жылы 11

наурызда император Павел I Бөкей хандығының құрылуы туралы жарлық шығарып, Бөкей сұлтанға жоғарыда аталған жерлерді өзінің қарамағындағы тұрғындармен басып алуға мүмкіндік берді [2, 20-21 б.]. Бөкей даласына әуелі он екі ата Байұлынан 3000-5000 шаңырақпен көшіп келіп, бірте бірте келушілер саны 10000 шаңыраққа жетті.

Бөкей даласы деп Еділ мен Жайықтың орта ағысынан төменгі салаларына дейінгі аралықтағы Қара өзеннен Каспий жағалауына дейін территорияны атайды. Бұл дала XIX ғасырда Орыс жазбаларында «Самар даласы» деп те аталып келді. Ортасында Нарын құмы, «Самар» деген көл бар. Орынбор, Орал казак әскерлерінің басшыларынан көп қысым көрген қазақ шаруалары Жайық бойын еркін жайлай алмай, әрі жиі талауға түсіп отырды. Патша әкімшілігі XYIII ғасыр бойы он екі ата Байұлы тайпасы ауылдарын сулы, жайылымы бар Нарын құмына жібермеді. Жіберген күннің өзінде Орал әскері көп зорлық, талау жасап, көп алым алып, белгілі жерге тұрақтауға рұқсат бермеді. Жайылым, суат малды ауылға өте мұқтаж болды [3, 12 б.].

Территорияны беру арқылы үкімет сонымен бірге Кіші жүздегі отаршылдыққа қарсы сипат алған әлеуметтік қайшылықтардың шиеленісін басуды көздеді. Патша үкіметі қоныс аударудың шекаралас органдардың ерік-жігерін сенімді орындаушы бастаған тәртіппен өтуіне уақытында көз жеткізді. Мұндай адам сол кезде хан кеңесінде төрағалық етіп отырған Бөкей сұлтан болып шықты. Орынбор облысы басшысының сипаттамасына сәйкес, ол «ең жоғарғы кіші тағына» арналды.

Астрахан әскери губернаторы Кнорринг 1801 жылдың басында патшаға ұсынған сөзінде Бөкей сұлтанды қырғыз-қайсақ ордасының ханы деп атады. 1808 жылғы 17 шілдедегі патша жарлығы бойынша Бөкей хандығына – Астрахан әскери губернаторына және Кіші жүз қазақтарын басқару жөніндегі арнайы орган – Орынбор шекара комиссиясына екі есе бағыныштылық орнатылды.

Бөкей хандығы немесе Ішкі Орда барлық жағынан Астрахан, Саратов, Орынбор губернияларының жерлерімен шектесіп, Жайық бойымен әскери шеппен және Каспийдің солтүстігін бойлай балық аулау аймағымен нығайтылды. Бұл аумағы шығыстан батысқа қарай 350 верст және солтүстіктен оңтүстікке қарай 200 верст алып жатқан шағын, шағын хандық болды. Жайылымдық жерлердің тапшылығы Орданың қалыптаса бастаған кезінен бастап оларды қарқынды дамыту мәселесін алға қойды.

Патша үкіметі Сұлтан Бөкейді бағынышты халықпен бірге қабылдай отырып, бұл шарадан бір жағынан, халықтық көтерілісті басуға қатысу нәтижесінде бұзылған позицияларды нығайтуға, сондай-ақ олардың бір бөлігінің ықтимал иеліктен кетуіне жол бермеуге үміттенді. «адал» дала әкімдерінен шыққан халық, қазақ қоғамын тікелей басқару саясаты, ол билікті бөлуге, жекелеген иеліктердің санын көбейтуге үміттенді, бұл мұнда Ресей мемлекетінің ықпалын күшейтуге мүмкіндік берді. 14 жылға созылған көтеріліс салдарынан шиеленіскен қазақ қоғамындағы саяси жағдайды бәсеңдетуді үкімет те көздеді

1812 жылы патша үкіметі Самар, Нарын даласындағы қазақ даласындағы қазақ елін бөлек хандық деп жариялады. Солайша Бөкей немесе Ішкі хандық құрылды. Бөкей Нұралиевті оның ханы деп таныды. Сол кездердегі құжаттарда бұл хандық «Меньшая киргизская орда» деп те жазылып жүрді. 1823 жылы Бөкейдің орнына баласы Жәңгір хан болды. Оған жарамсақтанған шенеуніктер «Сіздің әкеңіздің иелігі», «Букеевсакая Орда» десе, жергілікті халық «Ішкі тарап», яғни Кіші жүздің бір тарабы деп есептеді [3, 12 б.].

Жәңгір Бөкеев өлгеннен кейін, патша өкіметі оның орнына хан тағайындамады да, жаңадан «Ішкі орданы басқаратын ішкі Совет» дегенді шығарды.

Басқару формасы бойынша Бөкей хандығы монархия болды. Жоғары билік ханға тиесілі, тақ мұрагерлікте болды. Бірінші хан 1812 жылы Бөкей сұлтан болып жарияланды. Хан Бөкей 1815 жылы 21 мамырда қайтыс болды. Мұрагері Жәңгір кәмелетке толмағандықтан, билік қамқоршыға – марқұм ханның ағасы Шығай сұлтанға өтті. 1824 жылы 26 маусымда Орал қаласында Жәңгір ресми түрде хан болып жарияланды [4, 241 б.]. Жәңгір ханның билігі қоғамдағы қайта құруларды жүзеге асыру тұрғысынан ұзақ және сындарлы болды. Ол 1845 жылы 11 тамызда қайтыс болды. Хан Жәңгір Бөкей ордасының соңғы ханы болды. Ол қайтыс болғаннан кейін үкімет хан билігін Уақытша кеңеске ауыстырып, оны жою туралы шешім қабылдады.

Бөкей ордасының хандары сөзсіз патша үкіметіне назар аударды және барлық істерде Романовтардың билеуші үйіне еліктеді. Сондықтан олардың бүкіл билік еткен кезеңі хандықта абсолютті монархиялық режим орнатуға ниетті екенін көрсетті. Хан Жәңгір хан билігінің шекара билігінің күшімен қосылуына үлес қосты. Ол орыс самодержавиесінің жақтаушысы болды, дворян білім беру және мәдениетті өмір сүру, Ресей корольдігінің жоғары органдарымен тұрақты байланыс, сотқа бірнеше рет барды. 1827 жылдың жазында ол Мәскеу мен Петербургке барып, патша сарайымен таныстырылды және императордың таққа отыру рәсіміне қатысты. 1839 жылы Жәңгір хан «өз халқының үкіметіне қатысты кейбір мәліметтер беру туралы» патшаға жиналғандарға өтініш жасады [1, 233 б.].

Патша үкіметі Хан Жәңгірді Андреевская лентасындағы медальмен, бірінші дәрежелі Әулие Анна орденінің гауһар белгілерімен марапаттады, 1831 жылы оған генерал-майор әскери атағы берілді. Орыс императоры ханға күйме және аттар сыйлады, ал оның әйелі императордың өзінен сыйлықтармен марапатталды. Жәңгір хан патша бюрократиясының білімді, мәдени бөлігімен тығыз байланыста болды. Ол Қазан университетінде оқыды, оның ректорымен және кейбір профессорлармен хат жазысып, университетке фольклорлық материалдарды тапсырды, ол үшін құрметті мүше болып сайланды.

Патша үкіметіне Жәңгір ханға мәдениеті орыс қоғамының талаптарына сай келетін қазақ қоғамындағы мемлекеттік саясатты жүргізуді сеніп тапсыруға болатын, мемлекеттік аппаратта, оның ішінде мемлекеттік аппаратта ықпалы күн санап артып келе жатқан адам сияқты көрінді.

Жәңгір хан патша бюрократиясының білімді, мәдени бөлігімен тығыз байланыста болды. Ол Қазан университетінде оқыды, оның ректорымен және кейбір профессорлармен хат жазысып, университетке фольклорлық материалдарды тапсырды, ол үшін құрметті мүше болып сайланды.

Патша үкіметіне Жәңгір ханға мәдениеті орыс қоғамының талаптарына сай келетін қазақ қоғамындағы мемлекеттік саясатты жүргізуді сеніп тапсыруға болатын, мемлекеттік аппаратта, оның ішінде мемлекеттік аппаратта ықпалы күн санап артып келе жатқан адам сияқты көрінді. денелер.

Бөкей Ордасы хандарының жоспарлы қызметінің арқасында олар рулық ұжымдардың тәуелсіздігін жойды, қаржы, салық және сот жүйелерін өз қолдарына алды. Салықтар мен баждардың мөлшерін тек қана хан анықтай алатын еді. Сондай-ақ, хан сот және заң саласында үлкен күштерге ие болды. «Ішкі Орданың» қазақтары мемлекетке опасыздық, қатыгездікке қатысу, кісі өлтіру, тиын жасау, мемлекеттік және қоғамдық мүлікті ұрлау, өртеу, зорлық-зомбылық, тонау, тонау және ұрлық істері үшін жалпы қылмыстық заңдар бойынша сотталып жатқандығы анықталды. үш реттен кем күмісті 30 рубльге дейін ұрлауды есептемегенде, онша маңызды емес барлық басқа қылмыстар үшін 30 рубльге дейін күмістен екі реттен артық» [2, 101 б.].

Шындығында, ханның сот билігі әлдеқайда кең болды. Шекара органдарының құзыретіне жатқызылған көптеген істерді ханның өзі шешті. Ханның қызметі тікелей бақыланбағандықтан, ол кез келген қылмысты маңызды емес деп санай алады немесе шекара сот органдарына есеп бермейді. Сонымен қатар, тайпа көсемдері мен хан билері қарастырған істер бойынша хан екінші сатыдағы сот болып саналды. Хан төлемегені үшін айыппұлдар мен денелік жазалау жүйесін енгізді. Барлық шенеуніктер ханмен тағайындалды және бағынды.

Ішкі Орданың хандары сұлтандарға, билерге және старшиналарға өздерінің жеке меншігіндегі жерлерді бөлу арқылы орталық үкіметті қолдайтын әлеуметтік қолдау жасады. Олар сондай-ақ ерте орта ғасырларда Шығыс және Орталық Азия елдерінде қолданылған тарханизм институтын қайта жандандырды. Атақтар енгізілді: хан сұлтан, хан би, хан қызметшісі, бұл адамдардың жоғарғы билік алдындағы белгілі бір өкілеттіктерге ие болған еңбектерін атап өтіп. Атақтарды тарата отырып, Бөкей хан халықтың ішіндегі ең ықпалды старшындарды, сұлтандарды, шығанақтарды өз ықпалына бағындырып, сол арқылы өзіне сенімді тірек жасады [5]. Тархан атағына хан жергілікті дворяндардың өкілдеріне шағымданды. Ол өзінің тасымалдаушыларына жеңілдіктер мен қоғамдағы ерекше позицияны берді. Ханның қолында бұл патшалық үкіметтің саясатын қолдайтын дворяндардың ықпалды бөлігін өзіне жақындату құралы болды. аймақ. Қысқа уақыт ішінде тархандықтардың саны бірнеше жүзге жетті. Тек бір Талов болысында, ресми ақпарат бойынша 125 тархан болған [2].

1827 жылы Бөкей Ордасында Хан билігі құрылды, оның құрамына 12 билер кірді – әр рулық әкімшіліктен бір. Қазақ хандықтары тарихындағы билер маңызды рөл атқарды. Олардың сұлтандар мен қожалардан артықшылығы

болды, өйткені олар өз орталарында қалыптасқан рулық топтармен тығыз байланыста болды, оларды басқарды, өздерінің «табиғи» өкілдері ретінде әрекет етті. Билердің қазақ қоғамындағы маңыздылығын ескере отырып, Бөкей хандығының билеушілері өздеріне мейлінше ыңғайлы билеушілер мен билерді жақындата бастады. Хан кеңесінің мүшелері ізгі ниетпен, өз халқы мен олардың қажеттіліктерін білуі керек еді. Сонымен қатар, ханның әкімшілік аппаратында базар сұлтандарының тобы болды. Оның пайда болуы хандықтағы сауда мен тауар-ақша қатынастарының өсуімен тығыз байланысты. Базар сұлтандары, депутаттар-сұлтандардан айырмашылығы, тұрақты учаскелері болмады және Ханның штаб-пәтерінде өмір сүрді. Оларды хандар жәрмеңкелерге және басқаларға жіберді.

Хандықтың ішінде және сыртында онша маңызды емес сауда нүктелері, мұнда қазақтар мал сатуға әкелді. Базар сұлтандарының басты міндеті сауда алымдарын жинау және хандық тұрғындарының мүдделерін қорғау болды.

Жергілікті басқару жүйесінде де құрылымдық жетілдірулер жасалды. Ханның шешімімен 17 қазақ руының ішінде он екісі жасалды, олардың басында тұрған ата-баба, сұлтандардың бәрінің жағы. Орынбор губернаторы билеушілерді лауазымын растайтын арнайы құжат және жеке мөрмен қамтамасыз етті.

Ханның қарамағында кеңсе болды, ол негізгі, немесе орыс және татар болып бөлінді. Бас кеңсеге басқарушы, оның көмекшісі, арнайы тергеуші, іс жүргізуші (көбінесе оның міндеттерін көмекші атқаратын), қазақ істері бойынша аудармашы кірді. Татар канцеляриясында басқарушы, оның көмекшісі 2 және 1 хатшы болды. Кіріс және шығыс құжаттарының саны жылына алты мыңға жетті.

Ресей мемлекетінің саяси және әскери, мәдени салаларда қазақ қоғамына ықпал ету мүмкіндігі зор болды. Бұл ықпал жылдан-жылға артып, аймақтың дамуын одан сайын анықтап отырды. Отарлау саясатын жүргізуге байланысты және қазақ ұлттық мемлекеттілігін жоюға және аймақты одан кейінгі салдарлармен қарапайым отарлық территорияға айналдыруға бағытталған саяси ықпал, жағымсыз мағынаға ие болды. Бөкей хандығының құрылуы, қазақ қоғамының экономикалық және мәдени өміріне өзгерістер енгізді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Ахметова Н.С., Кожахметов Г.З. История государства и права Республики Казахстан. Ч. 1. С древнейших времен – до начала XX века. – Караганда: КарГУ, 2001. – 334 с.

2 Зиманов С.З. Россия и Букеевское ханство. – Алма-Ата: Наука КазССР, 1982. – 168 с.

3 Кенжалиев И.Н. Бөкей Ордасы (1801-1850). – Орал: БҚМУ баспаханасы, 2001. – 170 б.

4 История Казахстана (с древнейших времен до наших дней). В пяти томах. Т. 3. – Алма-Ата: «Атамұра», 2000. – 488 с.

5 Жанаев Б.Т., Иночкин В.А., Сагнаева С.Х. История Букеевского ханства. 1801-1852 гг. Сборник документов и материалов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2002. – 1120 с.

ҒТАМР 03.20

1897-1941 ЖЫЛДАРДАҒЫ ОРАЛ ҚАЛАСЫНЫҢ ДАМУЫ

Ш.К. Сабирова
Магистрант, М. Өтемісұлы атындағы БҚУ, Орал қ.

Қай кезде де зерттеушілерді, этнологтарды, тарихшыларды әр дәуірдің дамуы, тарихы әркез күн тәртібінен түспейтіні хақ. ХХ ғасырдың басындағы Орал қаласының дамуы, оның өркендеуі, экономикалық жағдайы қарастырылады. Жалпы Орал қаласының дамуы туралы деректер ғылыми зерттеулердің дамуына ықпал етті.

Түйін сөздер: Орал қаласы, қала тарихы, ХХ ғасыр.

ХХ ғасырдың басында ғылыми-зерттеу мекемелері болған жоқ. Дәл осы кезеңде Оралдың табиғи байлығын, тарихы мен мәдениетін зерттеудің кешенді тәсілінің негіздері қаланды. Геологтар алдыңғы жылдардағыдай үлкен нәтижелерге қол жеткізді. Олардың қатарында еліміздің ғылым академиясының болашақ президенті Л.Я. Карпинский, академиктер В.И. Вернадский және Ф.Н.Чернышев, болашақ академиктер А.П. Заварницкий және А.Е. Ферсман, профессор И.П. Рязанцев. Олармен қатар Орал өлкесіндегі пайдалы қазбаларды зерттеу және барлау геолог-практиктер А.Л. Замятин, Ф.И. Кондыкин, Н.П.Рязанцев және т.б. жүргізді. Оралды геологиялық зерттеудің нәтижелерін тау-кен инженері Е.Я. Барбот де Мария 1910 жылы Екатеринбургте жарияланған «Орал және оның байлығы» кітабында жариялады. Жалпы келтірілген деректердің көбі кеңес кезіндегі тарихшылардың негізімен жазылған.

Қазіргі Орал шаһарының орнында бұрын да қала болғаны туралы алғашқы мәліметтер ерте орта ғасырларға тиесілі. Алайда жазба және картографиялық дерек көздеріндегі бұл мәліметтер археологиялық қазбалар нәтижесінде 2001 жылы ғана расталды. Осы жылы Орал қаласынан 12 шақырым жерде XIII-XIV ғасырлардан қалған көне қалашықтың орны табылды. Ортағасырлық қаланы археологтар өзеннің қазақша атауы негізінде шартты түрде «Жайық» деп атады Оралдың қала ретінде қалыптасуы Орал губерниясы құрылған 1868 жылғы әкімшілік-аумақтық реформалардан басталады. Дәл осы уақытан бастап Орал қаласы Қазақстанның батыс өңіріндегі әкімшілік, экономикалық және мәдени орталыққа айналды. Ал Оралдың өзі тас төселген көшелері, әдемі кірпіш үйлері, мәдени, ағарту, медициналық мекемелері бар, сауда желісі дамыған, өнеркәсіптік-көліктік инфрақұрылымы жетілген қала боп

бой түзеді. Орыс-украин шаруаларының қоныс аударуы мен отырықшы қазақтардың көшіп келуі нәтижесінде Орал қаласында түрлі таптың, түрлі ұлттың өкілдері көбейді.

Қала өсуінің басты себебі экономикалық байланыстардың белсенді дамуы болды. Бір жағынан Орал шаhары жалпыресейлік нарыққа шықса, екінші жағынан мұнда дала мен қаланың қарым-қатынасының бірыңғай әлеуметтік-экономикалық жүйесі қалыптасты. Оралда мұндай жағдай алдымен Ақпан, ал кейін Қазан төңкерісі нәтижесінде Ресейде патша билігі тақтан түскен 1917 жылға дейін сақталды. Державалық биліктен кейін уақытша үкімет құлаған соң Кеңес билігінің орнығуымен Оралда жаңа кезең басталды. Азамат соғысының қасіреті, 1921-1922 жылдардағы аштық, 1930 жылдардағы ұжымдастыру орасан құрбандықтарға душар етті.

Өлкетанушылар мен тарихшылардың гуманитарлық зерттеулері әкімшілік нұсқаулар мен тыйымдармен шектелді, мұрағаттар мен кітапханаларда оқуға жабық қорлар құрылды. Өлкенің тарих ғылымы үшін қайғылы оқиға ғибадатханаларды жою және ғибадатханаларды қирату кезінде, кітапханаларды тазарту туралы директиваларды орындау кезінде көздердің жойылуы болды. Осы іс-шараларға қатысқан адамдар жойылған кітаптардың рухани және тарихи құндылығы туралы білмеді.

Батыс Қазақстан облысының әрбір тұрғыны өз өлкесінің тарихын жете білу керек деп ойлаймын. Орал қаласының дамуы, қалыптасуы жайында білуі шарт.

Сондықтан Орал қаласының XX ғасырдың 1897-1941 жылдарындағы саяси-экономикалық және әлеуметтік мәдени дамуының тарихына талдау, тарихи тәжірибеге негізделген салиқалы қорытындылары бүгінгі күні отандық тарихта,жаңаша зерделеу қажеттігін дәлелдей түседі.

XX ғасырдың басында зайырлы мектептер саны айтарлықтай өсті. Бұл жалпы білім беру аймағында енгізу міндетін қойған земстволардың жемісті қызметіне байланысты болды. Бұл мәселені 1895 жылы талқылай отырып, 1,5 мыңнан астам мектеп ашуды жоспарлады, бірақ соғыс пен революциялық оқиғалар, содан кейін земство мекемелерінің жойылуы бұл процесті тоқтатты. 1914 жылға қарай аймақта 2 141 бастауыш мектеп, 7 нақты мектеп, 9 гимназия, 30 қолөнер және ауылшаруашылық мектептері, 19 түрлі типтегі төменгі мектептер пайдаланды. 1907-1915 ж. Оралдағы бастауыш мектептер саны 74 %-ға өсті. Олардың саны бойынша 1914-1915 жж. Пермь провинциясы 1-ші, ал Вятка Ресейдің еуропалық бөлігінің 43 провинциясының арасында 2-ші орында болды. Оқушылар саны бойынша Пермь губерниясы 8-орынды, Вятка – 11-орынды, Уфа – 30-орынды, Орынбор – 39-орынды иеленді. 1914 жылы Оралдағы әртүрлі типтегі орта мектептердің жалпы саны 97-ге жетті, олардың ішінде 13 ерлер мен 33 әйелдер гимназиялары, 25 нақты мектептер болды. Халықтық білім беруде шіркеу мектептері маңызды рөл атқарды. Дүниежүзілік соғыс қарсаңында Екатеринбург, Орынбор, Пермь және Уфа епархияларында шіркеулерде 1 694 мектеп болды, онда 81 620 адам оқыды. Оралдың орыс емес тұрғындары арасында білімді таратуда орыс-шетелдік мектептер маңызды рөл

атқарды. 1915 жылға қарай Пермь губерниясында 185, Орынбор губерниясында – 88, Уфа губерниясында – 605 осындай мектеп болды. 1894 жылмен салыстырғанда мұсылман училищелері мен медреселерінің саны 1,7 есе өсті.

Мұғалімдерге деген қажеттілік жаңа Мұғалімдер семинарияларының ашылуына әкелді. 1915 жылдың басында Оралдың төрт провинциясында олар 12 болды. Пермь губерниясында Пермь, Ирбит және Шадринскіде мұғалімдер семинариялары болды. Сонымен қатар, Екатеринбург, Вятка, Уфа және Орынборда мұғалімдер институттары ашылды. Облыстың бірқатар қалаларында, соның ішінде Красноуфимск пен Шадринскіде мұғалімдер үнемі жұмыс істейтін педагогикалық курстарда дайындалды. Мұның бәрі мұғалімдердің дайындық деңгейінің айтарлықтай өсуіне және жалпы мектептегі білімнің тиімділігіне ықпал етті. Пермь губерниясы халқының сауаттылығы 1897 жылғы халық санағы бойынша 1/5-ке өсті. 1914 жылға қарай Оралда 16 орта арнаулы оқу орындары болды, олардың ішінде Орал тау-кен, Красноуфим өнеркәсіптік, Уфа жер өнеркәсібі, Вятка ауылшаруашылық. Төменгі арнайы және қолөнер оқу орындарының желісі дамыды – техникалық, ауылшаруашылық, сауда, фельдшерлік, бухгалтерлік және т.б. 1914 жылға қарай олардың саны 72 болды. Соғыс алдында аймақтағы мекемелердің көмегімен үш негізгі типтегі 708 кітапхана ашылды: мектеп жанындағы кітапханалар. аудандық және жылжымалы. 1917 жылы мұндай кітапханалар саны 1 687 болды. 1913 жылы төрт Орал епархиясының шіркеулерінде 1 603 кітапхана болды. Соғыс қарсаңында Пермь губерниясында білім берудің жаңа халық үйлері формасы дамыды. Олар мәдени деңгейдің көтерілуіне ықпал етіп, бос уақытты толық өткізуге мүмкіндік ашты, әр халық үйінде кітапхана, халық оқуларын, спектакльдерді, көрмелерді, түрлі курстарды, кооперативті жиналыстарды және т.б. өткізуге арналған зал болды. 1913-1914 жылдары губерниялық басқармаға түсті. 40-тан астам жол-халық үйлерін салуға жәрдемақы беру туралы, олармен бірге теміржол клубтары да ашылды. XX ғасырдың басында. мұражайлар саны өсті. Оралдағы сәтті дамыған өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының мүдделері аймақтың бай табиғи ресурстарын тиімді пайдалануды талап етті. Бұл аймақта ғылыми зерттеулердің дамуына ықпал етті. XX ғасырдың басында ғылыми-зерттеу мекемелері болған жоқ. Дәл осы кезеңде Оралдың табиғи байлығын, тарихы мен мәдениетін зерттеудің кешенді тәсілінің негіздері қаланды. Геологтар алдыңғы жылдардағыдай үлкен нәтижелерге қол жеткізді. Олардың қатарында еліміздің ғылым академиясының болашақ президенті Л.Я. Карпинский, академиктер В.И. Вернадский және Ф.Н.Чернышев, болашақ академиктер А.П. Заварницкий және А.Е. Ферсман, профессор И.П. Рязанцев. Олармен қатар өлкедегі пайдалы қазбаларды зерттеу және барлау геолог-практиктер А.Л. Замятин, Ф.И. Кондыкин, Н.П. Рязанцев және т.б. жүргізді. Оралды геологиялық зерттеудің нәтижелерін тау-кен инженері Е.Я. Барбот де Мария 1910 жылы Екатеринбургте жарияланған «Орал және оның байлығы» кітабында жариялады.

Мәдени өмірі. Көптеген оқырмандар әдебиетке қол жеткізді, өйткені жарияланған кітаптар мен газеттердің саны, қоғамдық кітапханалардың саны артты. Оралда демократиялық бағыттың жаңа жазушылары пайда болды: П.Инфантьев, А.Т. Туркин, А.С. Сигов, К.Д. Носилов, Н.А. Крашенинников және басқалар, ақын П.И. Заякин-Урал.

Мерзімді баспа дамыды. 1908-1909 жылдары Оралда 14 жаңа газет пен 17 журнал пайда болды. Заңды басылымдар негізінен кадеттік бағытқа ие болды. Қоғамдық жанданудың соғыс алдындағы жылдарында 87 басылым құрылды. Монархиялық және либералды баспасөзді нығайтумен қатар кәсіби және кооперативті органдар белсенді бола бастады. Оралдағы төңкерістер арасындағы кезеңде өнер тарихы мен театрлық мерзімді басылымдар алғаш рет пайда болды («Оралдың жарқырауы», «театр күні», «ақылға қонымды кино және көрнекі құралдар»). Соғыс жылдарында ақпараттық басылымдар басым 47 жаңа газет шығаруға рұқсат етілді.

Облыс тұрғындарының мәдени деңгейі мен әлеуметтік белсенділігінің артуы оралдықтардың көркем шығармашылығына оң әсер етті. Орал бейнелеу өнерінің дамуында 1902 жылы желтоқсанда Екатеринбургте М.Ф. Каменский, содан кейін В. Рупини басқарған көркем-өнеркәсіптік мектептің ашылуы маңызды рөл атқарды. Сол кездегі кескіндемедегі көрнекті тұлғалар А.Л.Парамонова, В.В. Коновалов болды, мүсінші И.Д. Шадрдың таланты қалыптаса бастады. 1902 және 1911 жылдары Санкт-Петербургте өткен көркем көрмелері кең резонанс тудырды.

Өнеркәсіптің дамуы. Орал қалаларының сәулеттік келбетіне айтарлықтай әсер етті. Мәдени-ағарту ғимараттарының, сауда, банк және қонақ үй нысандарының маңызы артты. Олардың көпшілігі қазіргі заманғы жеке сәндік элементтерді қолданатын эклектикалық ғимараттар болды. Бұл тіпті оралдардың ағаш сәулет өнеріне әсер етті.

1930 жылдары Орал ғылымының дамуы толығымен орталық билікке тәуелді болды. Жаңа ғылыми-зерттеу институттарын құру және олардың құзыреті Үкімет қаулыларымен анықталды. Оралдың ғылыми орталықтары (қара металдар, химия, қолданбалы минералогия, алтын және платина және т.б. ҒЗИ) технологияларды жетілдіру және жаңа кен орындарын іздестіру бойынша салалық ведомстволар мен өнеркәсіптік кәсіпорындардың тапсырыстарын орындады. Теориялық физика саласында қызықты зерттеулер Орал физика-техникалық институтында БК белгілі ғалымдарымен жүргізілді. 1932 жылы КСРО ҒА Орал филиалы (УКАИ) ашылды, оның ғалымдары Геология және минералогия, геофизика, металтану, электрохимия және минералды шикізат химиясы саласында зерттеулер жүргізе бастады.

1930 жылы Свердловскіде Машина жасау жобалау институты (Орал-гипромаш) құрылды. Сонымен қатар, Орал машина жасау саласына арналған өнімдердің барлық стандарттары Мәскеу мен Ленинградта әзірленіп, сыналды. 1934 жылы БКП(б) XII облыстық конференциясында талқылау нысанасы болған. Орал ғылымының дамуына және өңірлік зерттеу базасының құрылуына қаржылық қаражаттың жетіспеушілігі кедергі келтірді, 1938 жылы Оралдың 95

кәсіпорнының ғалымдары, инженерлері, техниктері зауыттардағы зерттеу зертханаларын жабдықтауға көмек сұрап, ауыр өнеркәсіптің наркомына жүгінді.

Орал ғалымдары халық арасында ғылыми білімді таратумен белсенді айналысты. 1935 жылы Свердловскіде техника үйі ашылды. А. Лазарев пен М. О. Клер XVII Халықаралық геологиялық конгреске 1937 жылы жұмыс істей бастаған геологиялық мұражайдың негізі болды. Ол бірқатар науқандарға өлкетанушылардың қатысуымен ауыстырылды: жаппай геологиялық науқанды ұйымдастыру (1931-1934 жж.), Алапаевскіде, Березникте, Челябинскіде жаңа кәсіпорындар салуға және Кама гидроорталық құрылысына көмек көрсету. И.Ф.Коновалов (Березники) ұйымдастырған экспедициялар барысында алебастр, мыс құмтас, әктас табылды. Орал өлкетанушылары Метеорология мен феноменологияны дамыту үшін көп жұмыс жасады. 1934 жылы В.А.Батманов Оралдың биоклиматтық картасын жасады – КСРО-дағы алғашқы фенологиялық карта. Орал фольклорына бай материалды 1930 жылдары өлкетанушы В.П. Бирюков жинады.

Өлкетанушылар мен тарихшылардың гуманитарлық зерттеулері әкімшілік нұсқаулар мен тыйымдармен шектелді, мұрағаттар мен кітапханаларда оқуға жабық қорлар құрылды. Өлкенің тарих ғылымы үшін қайғылы оқиға ғибадатханаларды жою және ғибадатханаларды қирату кезінде, кітапханаларды тазарту туралы директиваларды орындау кезінде көздердің жойылуы болды. Осы іс-шараларға қатысқан адамдар жойылған кітаптардың рухани және тарихи құндылығы туралы білмеді.

Облыстың әлеуметтік-экономикалық өмірінде болып жатқан күрделі процестерді түсіндіру үшін XX ғасырдың басында Орал өнеркәсібін зерттеу үлкен маңызға ие болды. Бұл зерттеулердің нәтижелері Санкт-Петербург пен Мәскеуде жарияланған кітаптарда көрініс тапты. Орал металлургиясын техникалық қайта жарақтандыруда В.Е. Грум-Гржимийло, П.А. Иванов, М.А.Павлов, П.О. Петров, И.А. Соколов және т.б. көрнекті рөл атқарды. 1904-1910 жылдары Солтүстік Оралды жаратылыстану-ғылыми зерттеу А.В.Журавский мен О.О. Ваклундтың басшылығымен географиялық экспедициялармен жүргізілді.

Өлкетануды дамыту үшін УОЛА әлі де көп жұмыс жасады. Оның президенттері А.Д. Миславский (1896-1908) және О.Е. Клер (1901-1920) болды. 1914 жылы УОЛҒА 540 мүше кірді. Қоғамның жазбалары шетелде және француз тілдерінде жарық көрді. 1904 жылы ол 144 орыс және 85 шетелдік ғылыми және оқу ұйымдарымен байланыс орнатты. Оның бастамасымен XX ғасырдың басында Орал тау-кен техниктер қоғамы, металлургия қоғамы және балық аулау комиссиясы құрылды. УОЛА-мен тығыз байланысты Екатеринбург магниттік және метеорологиялық обсерваториясы жұмыс істеді. 1905 жылы Екатеринбургте сейсмикалық станция ашылды. Орал медициналық қоғамының 119 мүшесі болды. Ол Ресейдегі балалар өліміне қарсы одақтың Орал бөлімшесімен жұмыс істеді. 1912 жылы Пермь губерниялық земство зертханасының негізінде Жайық пен Сібірдің қауіпті жұқпалы ауруларына

қарсы вакцинамен қамтамасыз ететін бактериологиялық институт ашылды. В.М. Здраво-Зумов (кейіннен Пермь университетінің профессоры болған) басқарған институттың қызметі 1918 жылы Дрездендегі гигиеналық көрмеде жоғары бағаланды.

ХХ ғасырдың басында Орал ірі сауда орталығына айналды. 1895 жылы 9 жасында татар әдебиетінің классигі Ғабдолла Тоқай Орал қаласына қоныс аударады. Ол мұнда өзінің бірінші өлеңдерін жазып, кейіннен өзінің аты берілген баспада жұмыс істейді. Орал қаласына әр жылдары орыс әдебиетінің ірі қайраткерлері В.А. Жуковский, А.С. Пушкин, В.И. Даль, Л.Н. Толстой және басқалары келіп кеткен. Қазақ аристократтары арасынан саяси аренаға либерал-демократтар Ә. Бөкейханұлы пен Б. Қаратаев шыққан. 1905 жылдың желтоқсанында олар ресей конституциялық-демократиялық партиясының филиалы ретінде өз партияларын құру ниетімен Батыс Қазақстан облысынан 5 делегат жинайды.

Қазақ интеллигенциясының рухани және саяси деңгейінің көтерілгенінің айқын айғағы – олардың ең жақсы өкілдерінің Мемлекеттік Думаға ұсынылуы болды. 1906 жылы Мемлекеттік Думаға сайланған төрт қазақтың бірі – Орынбор гимназиясын бітірген, Бөкей ордасында туып өскен, халыққа білім беру, жерге орналастыру және мал шаруашылығы мәселелерімен сауатты айналыса білетін біздің жерлесіміз 42 жастағы Алпысбай Қалменов болды. 1907 жылы екінші Мемлекеттік Думаға депутат болып қазақтың алғашқы кәсіби заңгерлерінің бірі қаратөбелік Б. Қаратаев сайланады.

Батыс Қазақстан облысы 1932 жылы 10 наурызда құрылған (1962 жылдан 1922 жылға дейін – Орал облысы). Ол Қазақстан Республикасының солтүстік-батыс бөлігінде орналасқан, Орта Азия мемлекеттерімен республиканың орталық және оңтүстік облыстарының қақпасы болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Костомаров Н. И. Оның негізгі қайраткерлерінің өмірбаяндағы орыс тарихы. – М., 1993.

2 Платонов С. Ф. Орыс тарихы бойынша дәрістер курсы. – М., 1992.

3 Пушкарев С. Т. Орыс тарихына шолу. – М., 1991.

4 Отандық тарих: жоғары оқу орындарына арналған оқулық / Ш. М. Мунчаев, В. М. Устинов, Ю. П. Кожаев. – М., 1998.

5 Ключевский В. О. Орыс тарихының курсы. – М., 1989.

6 Скрынников Р. Г. Орыс Тарихы. – М., 1997.

7 Сдыков М. Н. История населения западного Казахстана. – Алматы, 2004. – 184 с.

8 Ұлы Дала тарихы: учебное пособие / Кан Г. В., Тугжанов Е. Л. – Астана: Zhasyl Orda, 2015. – 328 с.

9 Аяған Б. Ғ., Әбжанов Х. М., Махат Д. А. Қазіргі Қазақстан тарихы. – Алматы, 2010.

ҒТАМР 03.20

АЛАШ ЖОЛЫ – ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚ ҰЛТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Ш.Ә. Айдарова
Т.ғ.к., Қазақ технология және бизнес университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Бұл мақалада Алаш зиялылары Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы және тағы басқа зиялылардың саяси-әлеуметтік қызметтері мен саяси көзқарастары қарастырылады. Олардың қызметі патшалық империяның отаршылдық саясатын әшкерелеуге бағытталған. Алаш азаматтарының азаттық, теңдік, тәуелсіздік, әділеттілікке жету жолындағы қайраткерлігі, зиялылығы мен ұстанған саяси бағыттары, көзқарастары талданады.

Түйін сөздер: Ә. Бөкейхан, Алаш зиялылары, патша империясы, басылым, ұлт идеясы.

Тарих бетіндегі үлкен зұлмат, қазақтың басынан кешірген қасіреті ұлт үшін күрескен ардақтылардың өмірі қолдан қиылып, өмірінің барлығы үрім бұтағымен саяси қуғын-сүргіннің құрбандарына айналуы. Қасіретке толған ХХ ғасырдың басындағы саяси шаруашылықтық науқандардың қазақ жерінде «бұйрықпен», «күштеумен» халықтың еріктілігін есепке алмау арқылы жүзеге асырылуы, бір халықтың сенделісін тудырған «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламадан» кейінгі үлкен зұлмат болды. Осындай халық басына туған мәселелерді шешуде, күн нұрындай өз ұлтын жан тәнімен қорғаған біртуар азаматтар тұрды. Ол Алаш жұртының ардақты, аяулы азаматтары болатын.

Алаш қозғалысының қызметін жалпыұлттық тарихи сананы қалыптастыруда, келешек ұрпақ бойына патриоттық сезімді тәрбиелеуде, алаш зиялыларының қазақ ұлты идеясын жүзеге асыруда, азаматтық қауымдастықты нығайтуда баға жетпейтін үлгі, мұра ретінде қастерлеп қана қоймай, оны жүзеге асыруда атсалысуға тиіспіз.

Адамзат тарихы әлденеше рет дәлелдегендей, ұлттың бірлігі, қоғамның күші, халық рухы сын сағаттарда сыналып, шыңдалады. Міне, осы кезде тарих сахнасына оның шын мәніндегі ел бастаған көсемдері мен біртуар перзенттерінің үркердей озық ойлы тобы шықты. Ұлттық өлшемнен адамзаттық өлшемге кеткен тірлігінде бағаланбаса да, халықтың бағасына ие болатын азаматтар, олар дүние қуған емес, үлкен адамдар. Сол биік тұлғалар халқы үшін, ұлттың болашағы үшін бар қызметін арнап, құрбан болған қайраткерлер. Ғалым Л.Н. Гумилев «қазақ қоғамында қазақ ұлттық интеллектуалдық күш қуаты пайда болып, олар жанартаудай жартасты жара атқылады» – деді. Қазақ

зиялыларының жүрегі қазақ елі деп соғып, бар арман тірегі қазақ жерінің сақталып, тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы еді. Адамзат баласының қолы жеткен әлемдік тарих және әлеуметтік саяси ой-тұжырымдардан жақсы хабардар, рухани қуат-қарымы мен өріс өрелері биік Алаш жетекшілерінің басты мақсаты мен түпкілікті мұраты ұлттық мүддені қорғайтын, қазақ елін Еуропаның өркениетті елдері қатарына алып шығатын «іргесі бөлек» тәуелсіз, «жұрт билейтін» демократиялық сипаттағы ұлттық мемлекет құру еді [1].

Олардың азаматтық топтасуы, үлкен қайнар күшке айналуы патша өкіметінің қазақ жерінің нормасына кіріскеннен басталды. Баршамызға мәлім, жер болмаса мемлекет қайда, оның ұлты қайда болмақ?

ХХ ғасырдың басында ұлттың өз жерінде мәңгілік орнығуын армандаған алаш қайраткерлерінің күресі басталып кетті. Алаш қозғалысының негізгі идеясы демократиялы қоғам қалыптастырып, сөзсіз еркіндік пен дамудың алғышарты ретінде қазақтың ұлттық мемлекетін құру болатын. Бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан мемлекеті – сол идеяның жемісі. Алаш идеясы әсірешіл ұраншыл қазақтың ойы емес, жалпыадамзаттық құндылық этикасын сақтай отырып, отарлық езгінің құрсауында тұншыққан жұртын азаттыққа шақыру болатын. Тарихшы Мәмбет Қойгелді «Тарих – күрес алаңы» кітабында Алаш идеясы жайында: «Қазақ ұлтшылдығының өзекті жібі, діңгекті ойы «менің ұлтым өзгеден ерекше, артық» сияқты мазмұндағы ұран болған жоқ. Ол елім деген қазақтың оқыған азаматының надандық пен отарлық езгінің құрсауында тұншыққан жұртын азаттыққа шығару, өзгемен тең ету жолындағы қызметке әзірлігін білдіретін шешімі және осы мақсат үшін күреске шақырған үндеуі болатын», «Әлихан Бөкейхан жай қатардағы ұлт азаттық қозғалысысының белсенді тұлғасы емес. Ол – жаңа мазмұн, сипаттағы қазақ азаттық қозғалысының негізін қалаушы көш бастаушысы, лидері. Оның азаттық қозғалысын жаңа интеллектуалдық деңгейге көтеру ісіндегі еңбегін кезінде бүкіл ел-жұрты, патшалық және советтік биліктер мойындаған» – деп жазды [2].

Қазақ қоғамының көзі ашық, көкірегі ояу таңдаулы, сұрыпталған зиялы тобы ұлт болашағы үшін, аянбай күреске шықты. Көш басында ұлт ісіндегі қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін, Әлихан Бөкейхан бастаған топ, ұлттық идеяларды іске асыруда өз білімдері мен саяси тәжірибелерін пайдалана отырып, қалың бұқараны соңына ерте білді. Ұлт зиялылары барынша саны аз қазақ халқының шығынын болдыртпай, үгіт-насихат жұмыстары арқылы, халық санасын оята отырып, алдына қойған мақсаттарды жүзеге асыруға кірісті.

ХХ ғасырдың басынан, Патша үкіметінің отарлау саясаты тұсында көзі ашық, көкірегі ояу қазақ интеллектуалдық тобының «ұлт» үшін күресі басталды. Ұлт зиялыларының басты мақсаты мен бағыты отаршылдық саясат тудырған басқа ұлттар мен халықтарға деген шовинистік көзқарас, теңдік, азаттық, бостандық қағидаларының қатаң бұзылуынан туған ұлттық саясат-еді. Ата бабасының көзінің қарашығындай сақтап күрескен жерін жат талан – таражға салуға кіріскенде, ұлтының жанашырлары бей-жай қарай алмады. ХХ ғасырдың басынан қоғамның саяси өміріндегі өзгерістерді жіті бақылап,

белсенді қызметтер атқарған алаштың арыстары ұлттық мүддені қорғауда бар күш жігерін, бүкіл ғұмырын арнағаны барша алаштың баласына ақиқат. Ұлтым деп ұлтының болашағын ойлаған қазақтың маңдайына жарқыраған күндей боп біткен арыстары пенделік бар қызықтан бас тартып, өз ұлтының бақыты үшін аянбай күресті. Қазақ ұлтының бостандықтары мен құқықтары аяқ асты етіліп жатқанда, қазақтың атамекенін өзге елдің бұғауына түсірмеуде алаш қозғалысын ұйымдастырды.

Ресейдің мемлекеттік думасында Ұлттық мүддені көздеген алаш қайраткерлерінің өткір ойлары мен ұрпақ бар жоғы 20 мен 50 жастың арасын құрады. Соған қарамастан ұлттың саяси санасын оятуда, тәуелсіздік үшін күресуде қаймықпады. Қаймықпас қайсар мінез алаштың туын көкке көтерген М. Дулатов «Көзіңді аш, оян, қазақ, көтер басты, Өткізбей қараңғыда бекер жасты-деп халықты жігерлендіретін уытты өлеңдерін қалың бұқараға арнады. Тағы да ол «Ем таба алмай дертіңе мен ертеден, сол бір қайғың өзегімді өртеген. Тырп етпейсің бас көтеріп көрпеден, Еңсең неге түсті мұнша елім-ай» – деп еңсесі түскен елге рух беруден шаршамады. Ұлы пікірлері, сол тұстағы Сарыарқа, Қазақ, Айқап басылымдарына шығып, халықтың санасына Алаш идеясын насихаттап отырды. Ұлтым деп ұлы көшті бастаған. Алаш арыстарының аға ұрпақтарының ақыл кеңесімен ерте есейген зиялылардың ішкі жан дауысы қазақ жастарын селт еткізбей қойған жоқ, олардың ерте есеюіне елім дейтін ерлердің қалыптасуына ықпал еткен күш болды. Қоғамның жаңаша құрылу кезеңінде асау уақыттың жалынынан мықтап ұстай білген өршіл, отаншыл қазақ жастары қалыптасып келе жатты. Жастардың жанашыр жетекшісі ретінде Смағұл Сәдуақасов, Алаш идеясын жастарға түсіндіруден бір жалықпады. Жастарды алаш зиялыларының саяси істерімен таныстыра отырып, еркін де, тәуелсіз елдің іргесін қалауды мақсат етті. Ұлы қазан төңкерісінен кейін қазақ жастарының «Жас азамат», «Бірлік» « Жас Қазақ» ұйымдары пайда болды. Ақын Мағжан Жұмабаев – «Сөздерінде жалын бар, Жаннан қымбат оларға ар, Мен жастарға сенемін» – деп бекер айтпаса керек, ол сенімі мен үміті бүгінгі таңда ақталды. Алаш идеясы мәңгілік екенін, тамыры тереңге кеткен діңгегі мықты бәйтерек екенін әлемге паш етті. Өйткені жеке бастың қамы үшін емес, ұлттың болашағын, өскелең ұрпақтың өз жерінің, топырағының иесі ретінде қамсыз өмір сүруі үшін күресте, жазықсыз атылған ұлттың асылдарының рухы жағылған қара күйенің күндердің күнінде ағаратынына толық сенімді еді. Алаш ардақтылары өз бағдарламаларын жүзеге асыруда, Қазақ-қырғыз автономиясын құруда да өз талаптарын батыл қоя білді. Ол талаптар Алаш автономиясын құрудағы, яғни автономия шептерінде Қазақстанның аумақтық тұтастығын қамтамасыз ету, билік тетіктерін Алашорда қолына топтастыру, халық милициясын, қарулы күшін құру және қазақ зиялыларының, мемлекеттік қайраткерлерінің саяси қудалануына тыйым салу.

Алаш зиялыларының ұлт үшін алған бағыты Бірінші орыс революциясы жылдарында басталып, патша монархиялық билігі құлатылғанға дейінгі аралықта болды. Бұл күрестер Ресейдегі саяси ахуалмен, отаршыл аппараттың

қазақ халқын күшейте түскен жаңа құжаттың қабылдауынан басталды. Қазақстандағы саяси күрес 1905-1906, 1912-1914, 1916 жылдары өзінің шырқау шегіне жетіп отырды. Бұл күресте қазақ зиялыларының ұйымдастыру шаралары (Қарқаралы петициясы), құқықтық сауат ашу істері, (Жәбірленуші атынан түрлі арыз шағымдар жазу), баспасөздегі үгіт-насихат жұмысы, («Айқап», «Абай» журналдары, «Қазақ», «Алаш», «Сарыарқа» газеттерінің шығуы, мемлекеттің заң шығару ісі, яғни (Мемлекеттік думаға депутат сайлау), ең жоғары басқосулар өткізу, (Алаштың облыстық, бүкілқазақтық сьездері), конституциялық сипаттағы құжаттар жасау, (Алаш бағдарламасы жобасының жасалуы), мемлекеттік тәуелсіздік идеяларын жариялау, (Алаш автономиясын құру) сияқты саяси күрестің қиын да күрделі сатыларынан өтті. Қарқаралы петициясының бірінші мәселесі жер мәселесі, екінші қазақтарға земство беру мәселесі, үшінші отаршылдардың орыстандыру саясатынан құтылу үшін, қазақ жұртын муфтиге қаратуды талап ету. Сол тұста, халықтың сана сезімін оятуда, алаш қайраткерлері М. Тынышбаев, Р. Мәрсеков, М. Шоқаев, М. Дулатов, Ш.Құдайбердиев, А. Байтұрсынұлы тағы басқаларының мақалалары жоғарыда аталған басылымдарда жарияланып, халықтың сүйіп оқитын газеттеріне айналды. Ресей Мемлекеттік Думасына депутат сайлау ісі де, қазақ даласындағы саяси күресті ширатып, ширықтыра түсті. Патша өкіметінің отаршылдық саясатын өткір тілмен сынауда алаш азаматтары Ә. Бөкейхан мен М. Тынышпаев ешқандай бұлтарған жоқ. Патшаның шексіз билігі мен бұратана халықтарды қанаудағы озбырлықтарын айтып, ұлттық мүддені қорғауда дума мінбесін ұтымды пайдаланды.

Ақпан төңкерісінен кейін, монархияның құлауын пайдаланған алаш қайраткерлері Жалпы қазақтың бірінші сьезінде А. Байтұрсынұлы мен М.Дулатұлы «Автономиялы тәуелсіз қазақ мемлекетін құру» идеясын, ал Ә.Бөкейхан пен Ж. Ақбаев «Аумақтық ұлттық автономия құруды» ұсынды. Әрине, олар қазақ елі толық тәуелсіз болмайтынын түсінді, алайда мемлекеттік билік пен басқарудың белгілі бір механизмдері болатынын білді. Осылайша, өз жоспарларын жүзеге асыру үшін, 1917 жылы шілдеде Орынборда өткен бірінші жалпы қазақ сьезінде «Алаш» партиясын құрып, он пунктттен тұратын бағдарламаны бекітті. Онда мемлекетке тән бүкіл белгілер қамтылды. Алаш партиясының мүшелігіне өтуде мынадай шарттар қойылды:бағдарламаны қолдайтын, өтірік айтпайтын, шыңнан қайтпайтын, жақындық туысқандыққа бүйрегі бұрмайтын, дүниелікке қызығып сатылмайтын, шыншыл, адал, тура кісілер ғана кіре алады [3]. Алашордашылар идеологиясы жалпыдемократиялық, ізгілікті, либералдық қағидаларға негізделді. Алаш азаматтарының позициясы жалпы қазақ халқын құлдықтан құтқару, отаршылдық езгіні жою, оның қатерлі зардаптарын жою үшін күресті. Өз ұлтының өз жерінде тәуелсіз өмір сүруін арман етті. Кеңес өкіметі орнауымен қазақ елі тәуелсіз болмағанмен, Кеңестік автономиялы мемлекеттің құрылуы мен аумақтық бөлінуінде мұрындық болған А. Байтұрсынұлы, Х.Досмухамедов еді. Әрине бұл талаптар сол тұстағы Ұлт істері жөніндегі халық комиссариаты И.В. Сталинге ұнай қойған жоқ. Кеңес билігінің орнығуы алдында

алашордашылардың ізіне түсу басталды. Мына дерек Алаш қайраткерлерінің тұтқынға алына басталғанын көрсетеді. Алашорданың Батыс бөлімшесінің бірқатар жауапты қызметкерлері Орал облысында Орал казактарымен және басқа да буржуазиялық қоғамды жақтаушылармен бірлесе әрекет етіп отырғандығын ескеріп, рақымшылық жасалғанына қарамастан, бұдан былай олардың қырғыз(қазақ) аумағында қалуы жергілікті жерлерде қазақтарды кеңес құрылысына тарту ісіне зиянын тигізері анық;екінші жағынан, олардың кейбіреуі қылмыскер болуы да мүмкін, ондай жағдайда олардың қылмысты іс-әрекеттерінен зардап шеккен халықтың Кеңестік сотқа жүгінетінін ескеріп, Ревком қаулы етті:

1. Қырғыз (қазақ) өлкесінде Кеңес өкіметі мықтап орнығып алғанынша, Алашорда ұлттық үкіметі Батыс бөлімшесінің жауапты басшылары қазақтың еңбекші бұқарасынан аластатылсын. 1) Жанша Досмұхамедов, 2) Халел Досмұхамедов, 3) Иса Көшкінбаев, 4) Кәрім Жәлелов, 5) Берікқали Атшыбаев Мәкеуге немесе басқа орталық губернияларға жіберілсін.

2. Алашордалықтардың барлық дүние-мүліктері, қазыналық немесе жеке меншік болсын, қай жерде екеніне қарамастан, бұдан былай ревкомның ерекше нұсқауы шыққанша тіркеуге алынсын, ревком мүлікке жауап беретін бірден бір құзырлы орган болып табылады деп, қазақ зиялыларына тұзақ құру ісі басталып кеткен болатын. Қараңғы қазақ көгіне күн болып шыққан, қазақ қоғамының сүт бетіндегі қаймақтары тоталитарлық тәртіптің мықты құрсауына ұшырады. 1920 жылы Қырғыз (Қазақ) АКСР-і құрылған кезде, қазақтардың өз территориясындағы құрамы 65 пайыз болса, 1962 жылға дейін 29 пайызға әзер жетті. Бұл Сталиннің қолтаңбасы десек қате айтпаған болармыз. Өз жеріміз бен мемлекетіміздің қалыптасуына мұрындық болған Алаштың ардақтысы Ә.Бөкейхан пен алаштың арыстары шектен шыққан қызыл саясаттың құрбандарына айналды. Қазақтың зиялы тобының соңына шам алып, жоспарлы түрде кірісуі, жаңа құрылған өкіметке деген қазақ зиялыларының сенімін сейілте бастады. Осылайша, тоталитарлық жүйенің жендеттік жазалауға сүйенген қатыгез тәртібі орнады. Ұлтым – дегендер ұлы қылмыскерлерге айналды, халқым дегендер «халық жауы» атанды. 1920 жылдардан басталған Сталиндік террор, Голощекиндік геноцидке ұласып қазақтың демографиялық дағдарысы басталды. Патша заманынан келе жатқан сенімді тәсіл, тұтас бір халықтың бетке ұстар маңдай алды жақсыларын тұншықтыру, құрту. Ел сеніміне кірген дараларының көзін жою арқылы ұлттық сананы жою тәсілі, Кеңестік қызыл саясатпен ұштастырылды. Ә. Бөкейхан «Алашорда» үкіметі Ресейден дербес мемлекет болғысы келетінін мәлімдегенде, патша адмиралы Колчак, олардан айрылмаудың жолын былайша көрсетер едім деді: «Маған салса қазақтарды бағындыру қиынға соқпас еді, ол үшін халыққа сөзі өтетін, халық сенетін бес жүз интеллегиенттің көзін жойса жетіп жатыр-қазақтарың тағзым етті деп есепте» [4]. Осы әккі тәсіл іске асырылды. Кеңес үкіметінің әкімшіл-әміршіл басқаруында да, халықтың қамын ойлаған зиялылар халық арасында өте беделді еді. Сондықтан Кеңес өкіметі олардан сескеніп, жаңа өкіметтің ұлтшыл зиянкестері деп, ОГПУ арқылы қудалауға кірісті. Жаппай

қазақ зиялыларына террор басталды. 1928-1930 жылдары Қазақстанда ПП ОГПУ-дің (Біріккен Мемлекеттік Саяси Басқарманың өкілетті өкілдігінің) Үштігімен қазақтың алғашқы интеллегенттерінің қырықтан астамы тұтқындалды. Темір торға тоғыту арқылы, «ұлтшыл-буржуазия» өкілдері деген қылмысты іс ашып, қазақ азаматтарын торықтырам, қамықтырам деді. Жоқ, қазақ қайраткерлері ештеңеден тайсалмады. Тағдыры тәлкекке түсіп, бастары өлімге тігілсе де «малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы»-деп, ақиқатын айтып, халқым деп қамқорсып, адам құқықтары мен бостандықтарын аяққа таптаған кеңестік қызыл саясатқа қасқия тұрды. Оған дәлел А.Байтұрсынұлытың мына сөзі: «Қазақтың қалам ұстаған отаншыл қайраткерлері, әрі интернационалист болып, өз Отанына қарсы шығушылар қатарында қала алмайды. Олар сырттай өзгеруі мүмкін, бірақ ішкі жан дүниесі өзгермейді. Олар қазақ халқын құрбандыққа апаратын, отаншыл рухтағы емес, өкіметпен бірге бола алмайды». Баршамызға мәлім, қазақ зиялылары Т.Рысқұлов, С.Қожанов, С.Сәдуақасов, С.Меңдешев тағы басқалары қазақ халқын жоспарлы отырықшыландыруға ауыздары көпіргенше қарсылық білдіргені. Патша дәуірінен басталған жазалау, казармалық басқару шовинистік көзқарастағы «шолақ белсенділердің» құралына айналды. Тек «Ұлт» дегендерді, халықтың қамы үшін айтысқандарды темір тордың аржағына апарып тастай берді. Голощекиндік саясаттың неге соқтырғаны бүкіл әлем тарихының өзекті мәселесіне айналды. Қазақтардың, яғни 3, 5 миллион қазақ халқы аштыққа ұрынып, 4, 5 миллион бас мал қырылды. О. Исаев Қазақстан Өлкелік Комитетінің VI пленумында 1929 жылы 40 миллион бас мал болса, ал 1933 жылы 4 миллион ғана малдың қалғанын мойындауға мәжбүр болады. Ал бұл қасіреттің алдын алу үшін күрескен қоғам қайраткерлерінің, сорақы түрі қолдан өмірлері қиылып отырғандығын, әлі күнге дейін сақталған «Алжир», «Карлаг», «Степлаг» жазалау лагерлері айғақтайды. Айта берсең, қазақ зиялыларының трагедиясы, таусылмайтын дастан. Бұл әлі де терең зерттеуді қажет ететін, тарих бетінен түспейтін өзекті мәселе. Мына факт:1937-1938 жылдары қазақтың зиялы өкілдерінен 66 мың адам жапа шеккен. 300 мың адам жазаға тартылып, 25 мың адам ату жазасына кесілді [5]. Бұл шығын алдыңғы шығыннан аз болғанмен, халықтың интеллектуалдық әлеуетін әлсіретіп, санасын жасытуда, аштық трагедиясынан ешбір кем болған жоқ. Әкімшіл-әміршіл мемлекеттің басында тұрған И.Сталин басқарған тұстағы қазақ зиялыларын саяси қудалау ХХ ғасырдың 20-жылдарынан басталып 55-жылдарға дейін ұласты. Әрбір азаматтың бостандығы мен өмірі қатаң бақылауға алынған тоталитарлық жүйеде қазақ зиялылары қуғын сүргіннің құрбанына айналды. Сондықтан, алаш зиялыларының тәуелсіздік үшін күресін өскелең ұрпаққа ұғындыруда, Мәңгілік ел патриоттық идеясы насихатталып, жастар бойына ұлтжандылық қасиетті қалыптастыру міндеті тұр. Алаш зиялыларының асқақ армандары бүгінгі таңда орындалып, тәуелсіз мемлекетімізде тұрып жатқан әрбір азаматтың еркін өмір сүру еркіндігі қамтамасыз етілді. Бізге, кейінгі ұрпаққа алаш қайраткерлерінің жер, ұлт, ұлт мүддесі үшін жасаған қызметтері, басынан кешкен азапты күндері үлкен сабақ

болуы тиіс. Қазақ елінің мәңгілігін ойлаған алашордашылар қозғалысын, қазақтың дара тұлғасы Ә. Бөкейхансыз елестету мүмкін емес. Ұлт тарихын зерделей отырып, «Алаш» қозғалысы зиялылары Қазақ тарихын терең білген, оған байланысты өз пікірі, бағасы болған Ә. Бөкейхан ұлттық мешеуліктің түп тамырын халықты билеушілердің надандығы мен ел бірлігінің жоқтығынан көріп: «Пәлен хан-ай! Пәлен би-ай!» деп отырып өкінесіңдер. Бұрынғы хандарың да, бұрынғы билерің де осы күні атқа міндім деп жүрген өздеріндей еді. Қазақтың бұрынғы басшыларында, әділдік береке болса, қазақ мұндай болмас еді деп, басылым беттеріне өзінің бірнеше мақаларын жариялады. 1907 жылы «Қазақ өлкесінің тарихи тағдыры және мәдени өркені», 1908 жылы «Дала өлкесінің түкпіріндегі орыс қоныстары», 1910 жылы «Қазақтар» атты еңбектерінде қазақтың мың жылдық тарихы барын айтты [6]. Байлықты өнермен, шаруамен, қызметпен іздемей, жұртты тонап, момынды жылатып іздеген мырзалар, қысты күні үңгірде жатып өз аяғын сорған аю мысалында ғой, қанша қомағайланса сорғаны өз аяғы деп түйіндеді [7]. Надандық турасында «Земства» қолға алып істейтін істің бір жолы елдің өркендеуін қамтамасыз етеміз деген мақсаттары болыпты. Қазақ баласын оқыту. Земства мектеп, школ салады деп қазақтың сауатын ашу арқылы, жемқорлар мен тоғышарлардан тазалаймыз деген тілектері, бүгін жүзеге асуда.

Қазақтың шаңырағын ұстап қалуда өз істерін халқына арнаған бар жоғы жиырма мен елу жасты құраған қазақ марқасқалары мәңгілік жүрегімізден орын алады. Сөзімнің соңын, Бұқар жыраудың мына сөзімен:

Жар басына қонбаңыз
Дауыл соқса үй кетер,
Жатқа тізгін бермеңіз
Жаламенен бас кетер.

– деп түйіндей келе, Алаштың тәуелсіз ұлт идеясын асқақтатын, тәуелсіздік тұғырын мықты, керегесін кең, шаңырағын биік ұстайтын азаматтарды тәрбиелеу – заман талабы.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Бес томдық. 4-том. – Алматы, 2010. 126-130 б.

2 https://e-history.kz/kz/news/show/3485.

3 Алаш-Орда. Сборник документов. – Алматы, 1992. – 142 с.

4 Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы, 1995. – 150 б.

5 Нәубет. Публицистикалық ой-толғаулар. – Алматы, 1990. – 133 б.

6 Бөкейхан Ә. Шығармалар. – Алматы, 1994. – 115 б.

ГРНТИ 03.20

ОСНОВНЫЕ ТЕНДЕНЦИИ В РАЗВИТИИ ТОРГОВЛИ СЕВЕРО-ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА ВО ВТОРОЙ ПОЛОВИНЕ XIX в.

А.К. Тисбаева
Магистр, Павлодарский педагогический университет, г. Павлодар

Автор, опираясь на архивные материалы, охарактеризовала основные тенденции в развитии торговли и торговых отношений в Северо-Восточном Казахстане. В статье изучен период второй половины XIX в. Особо внимание уделено развитию внутренней торговли и изменениям, последовавшим после принятия закона о промысловом налоге, внешней торговле с соседними государствами, а также появление новой формы торговли – ярмарочной.

Ключевые слова: торговля, торговые отношения, скот, предприятия, ярмарочная торговля.

Становление и развитие независимого государства Казахстан предопределило разработку актуальных проблем отечественной истории, к числу которых относятся и вопросы экономического развития Казахстана во второй половине XIX в. в том числе и торговля. В этот период в Казахстан начинают проникать и развиваться элементы рыночных отношений, формируется национальный капитал, ярмарочная система, оказавшие существенное влияние на развитие торговли и торговых отношений в Северо-Восточном регионе.

В начале XIX в. основным центром торговли между Россией и Казахстаном, выгодным в экономическом отношении, становится Семипалатинская крепость, расположенная вдоль иртышской линии и Томской губернии между среднеазиатскими владениями и Восточным Туркестаном. Это способствовало тому, что Семипалатинская крепость стала играть значительную роль в развитии русско-казахских торговых связей.

С проведением административных реформ 60-х гг. XIX в. активизацией правительственной политики, расширения хозяйственного освоения богатого природными ресурсами Казахстана возникают новые центры оживления экономической жизни, в частности Павлодар, Каркаралинск, Баянаул.

Внутренняя торговля осуществлялась в двух формах: меновой и денежной. Денежная торговля производилась преимущественно русско-украинским крестьянским населением и казачьими станицами. Меновая, же

торговля производилась преимущественно между кочевниками. При этом обменная торговля осуществлялась не в самом городе, а на значительном от него расстоянии.

Основным объектом торговли по-прежнему оставался скот. В больших размерах вывозился хлеб. Так, в 80-х гг. XIX в. только в Семипалатинске скапливалось до 380 тыс. пуд пшеницы и до 500 тыс. пуд пшеничной муки, в Павлодаре до 200 тыс. пуд зерна. Местные капиталисты вкладывали свои средства в мукомольную промышленность, из-за прибыльности продажи и вывоза хлеба в смежные районы. От избытка урожая казахи снабжали русских хлебом за деньги о в обмен на вещи.

В 70-е гг. XIX в. были приняты официальным законодательством ряд поощрительных мер к развитию торговли в Казахстане. В 1873 г. Рассматривался вопрос относительно беспошлинной торговли семипалатинских купцов в Зайсанском посту, в 1876 г. вышел закон о торговых правах купцов Семипалатинска, Павлодара, Усть-Каменогорска. Названные положения способствовали росту численности предпринимателей.

Развитие капиталистических отношений привело к скоплению значительных капиталов у отдельных лиц, торговля приобретает профессиональный характер, становится обособленной частью хозяйственной деятельности.

Закон о промысловом налоге распределил все торговые предприятия по пяти разрядам. В *первый разряд* входили: оптовая торговля; крупные скупочные канторы; кредитные установления с основным капиталом свыше 200 тысяч рублей; банкирские дома; страховые предприятия; комиссионерские, экспедиторские, транспортные дома; обменные элеваторы; заведение трактирного промысла, если плата за их помещения превышает 5 тыс. рублей в год; оптовые склады для торговли листовым табаком; подряды и поставки.

К предприятиям *второго разряда* относились: розничная торговля; скупка на сумму до 300 тысяч рублей в год; кредитные установления с основным капиталом до 200 тысяч рублей; ссудные кассы и заведения для заклада движимого имущества и конторы для размена денег; страховые предприятия; отделения посредническо-комиссионерских, транспортных домов; элеваторы для хранения не более 500 тысяч пудов зерна и склады; заведения трактирного промысла при наемной плате за помещение до 5 тысячи рублей в год; меблированные комнаты; оптовые склады вина и спирта, ренсковые погреба; оптовые склады для торговли исключительно туземным листовым табаком и махоркой, табачные лавки для розничной продажи. Большое распространение в изучаемом регионе имели предприятия второго разряда, но не получили развития складские помещения.

К предприятиям *третьего разряда* относились: мелочная торговля; скупка в виде промысла для внутренней перепродажи, а для пограничных жителей разрешалось и за границу на сумму до 50 тысяч рублей в год; кредитные установления; страховые предприятия; конторы для найма служащих и прислуги; заведения трактирного промысла; буфеты на

железнодорожных станциях; бильярдные заведения; чайные, кофейные и молочные комнаты; табачные лавки для розничной продажи табака; заведения для раздробительной продажи крепких напитков, оптовые склады пива, меда и русского виноградного вина; аптеки 3,4 классов в местностях. Самым популярным были документы на право торговли третьего разряда, больше в семь раз от числа свидетельств 1 разряда и два раза 2 разряда.

В *четвертый разряд* вошли: мелочная продажа товаров из постоянных небольших помещений; скупка в виде промысла на сумму не выше 10 тысяч рублей в год; кредитные установления; столы для размена денег; постоялые и заезжие дворы вне городских поселений без продажи подакцизных товаров; чайные, кофейные и молочные лавки; заведения для продажи прохладительных напитков; бани с отдельными номерами 4 класса; подряды и поставки. Из года в год шло постепенное уменьшение числа представителей 4 разряда, что связано с ростом стационарной торговли, монополизацией частными лицами рынков, экономическим положением населения.

В *пятый разряд* входили разносная и развозная торговли, которая постепенно уходила на второй план [1, с. 141-148].

Выделялись и были распространены на Северо-Востоке Казахстана следующие виды торговли: торговля пищевыми продуктами; торговля питейная; заведения трактирного типа; торговля предметами одежды и моды; строительными материалами; торговля предметами домашнего обихода; торговля металлом и изделиями из них; торговля химическими, аптекарскими и москательными товарами: аптеки; операции по скупке; комиссионный промысел; смешанная торговля товарами разных групп; разные торговые предприятия.

Кроме вышеназванного, существовали вспомогательные торговые промыслы, предназначенные для облегчения торговых операций путем посредничества. Личные промысловые занятия состояли из 7 разрядов: в *первый разряд* входили лица, состоящие в правлении, советах, учетных и наблюдательных комитетах, ревизионных и оценочных комиссий; во *второй разряд* – экспедиторы на таможнях; в *третьем разряде* – состояли биржевые маклеры и биржевые нотариусы; *четвертый* – инспекторы и агенты страховых обществ, транспортных предприятий, кредитных учреждений, а так же торговые посредники; *пятый* состоял из приказчиков 1-го класса, которые могли работать в первых трех разрядах торговых предприятий: кассиры, бухгалтеры, секретари, делопроизводители, управляющие поверенные при оптовой торговле и на таможнях; в *шестой* вошли коммивояжеры, производящие закупки товаров или принимающие заказы и торгующие по образцам за счет своих доверителей; *седьмой* был представлен приказчиками 2-го класса, которые не имели права самостоятельно заведовать предприятием, и являлись помощниками хозяев в торговых предприятиях 1-го т 2-го разряда. Распространение в регионе получили первые три разряда, а также деятельность приказчиков, особую популярность имели свидетельства приказчиков второго класса. Так, в 1898 г. в Павлодаре купцов 1-ой гильдии насчитывалось 1

человек, 2-ой гильдии – 63 человека; в Усть-Каменогорске 1-ой гильдии – 1, 2-ой гильдии – 35; в Семипалатинске 1 гильдии – 4, 2 гильдии – 92; в Каркаралах вообще купцов – 21; в Зайсане – 32 [2, с. 66].

Несмотря на значительные масштабы внутренней торговли, плохие дороги заставляли торговцев перевозить клади двумя традиционными способами: арабовым (тележным) и вьючным.

Территориальная близость Казахстана с Монголией, Китаем открывала возможности для расширения внешней торговли с зарубежными странами.

В 1860 г. в Урге (Улан-Батор) была учреждена первая русская коммерческая фирма, с которой вскоре установили контакты купцы Усть-Каменогорска через селения Ульбинское, Алтайское, Бухтарминское. В Монголию пролегал Бухтарминский тракт, через который и доставлялись товары. А уже в 70-х гг. XIX в. Основной объем русско-монгольской торговли стал провозиться через Зайсан, Семипалатинск, Усть-Каменогорск. Товары из России в Монголию доставлялись по четырем маршрутам, и только один из маршрутов пролегал через Семипалатинскую область (через Усть-Каменогорск и Семипалатинск на Кобдо), что стимулировало как российских купцов, так и казахских торговцев. Относительно, товаров ввозимых и вывозимых в результате взаимодействия России и Монголии, то из Усть-Каменогорска русские купцы везли в Кобдо белые мерлушки, которые обменивали на чай. Чай привозили на кочевья, где обменивали на кожи, шерсть, козий пух и другие товары.

Интенсивно шли торговые отношения между Казахстаном и Китаем. В торговле с Китаем основными центрами в Семипалатинской области оставались по-прежнему Зайсан и Семипалатинск. В 50-60-х гг. XIX в. от южных границ Западной Сибири в города Западного Китая через среднеазиатские владения пролегало в основном три караванных маршрута:

– из Семипалатинска в Чугучак через Аягуз и Кокпекты;

– из Семипалатинска через Аягуз и Капал в Кашгарию и Кульджу;

– из Семипалатинска в Коканд через Аягуз, Каркаралы по р. Чу.

Вдоль караванных путей были построены караван-сараи и постоялые дворы. Русские и азиатские торговцы следовали разными маршрутами: русские придерживались казачьей пикетной дороги, а азиатские ездили через казахскую степь.

Торговое значение Зайсана, Усть-Каменогорска, Семипалатинска и других городов заметно повысилось после заключения между Россией и Китаем Петербургского договора 1881 г. Только в течении первой половины 1882 г. в Семипалатинске было выдано 335 билетов, тогда как за весь 1881 г. – 32, для вывоза в Китай товаров на сумму 305 460 р. 36 коп. (в 1881 г. – 255 198 руб.) [3, с. 62].

Заметно увеличилось и число российских купцов в городах Синьцзяна. Российские купцы (русские, казахи, татары) вывозили из Цинского Китая кожу, шерсть, серебро в слитках и чай. При этом чай был главным вывозимым товаром.

Несмотря на соперничество англичан, торговые связи России с Китаем через Семипалатинскую область продолжали развиваться, в этой торговле не малую роль сыграли казахи. В конце XIX в. (1 января по 1 мая 1891 г.) в китайские пределы было отправлено 29 караванов, из которых несколько принадлежало казахским купцам.

На границе с Синьцзяном от 14 июня 1890 г. был учрежден Семипалатинский таможенный округ, что меняло систему пограничной таможенной службы начала 90-х гг. XIX в. Это способствовало не только укреплению правопорядка на границе, но и расширению взаимных контактов между жителями пограничных селений Семипалатинской области и жителями городов Синьцзяна (Чугучак, Урумчи, Шихо, Кульджа и др.).

В 70-80-х гг. XIX в. появляется новая форма торговли – ярмарочная, которая осуществляла посреднические функции между кочевым и сельским населением.

Крупные ярмарки притягивали к себе торговцев из России. Ярмарки были центрами, где обычно располагались лавки, магазины, занимавшиеся реализацией товаров фабрично-заводского производства. Торговля все больше приобретала ростовщические черты.

Предметы ярмарочной торговли делились на 5 категорий: скот; животноводческое сырье; «жизненные припасы и крестьянские изделия» (кожи, овчины, шерсть, войлок, волос); азиатские товары (халаты, ковры, шелковые и бумажные материи, седельные наборы, сушеные плоды); европейские товары (халаты, деревянная посуда, мука, чай, сахар, свечи, мыло, фарфоровые и железные изделия). Причем первые две категории в 90-е гг. XIX составляли 70 % продаж, пятая категория 20 % [1, с. 147].

В 1891 г. в Семипалатинской области функционировало 14 ярмарок, общая выручка которых достигла 17 368 000 руб. Крупными ярмарками притягивавших к себе купцов из России, среднеазиатских владений, Сибири, Алтая, Южного Урала, а также Цинской империи, Монголии и разных регионов Казахстана в Семипалатинской области были: Куяндинская (Ботовская) (Каркаралинский уезд), Чарская (Семипалатинский уезд). По количеству ярмарок Семипалатинская область к концу 90-х гг. XIX в. занимала второе место по Казахстану.

Самая крупная ярмарка Куяндинская (Ботовская) (по имени ее основателя), работала ежегодно с 15 мая по 15 июня – была учреждена в 1848 г., размещалась в 52 верстах от Каркаралинска и занимала площадь до 2-х верст. На ярмарке функционировали отделение Государственного банка, почта, телеграф. С развитием капиталистических отношений увеличивался объем мануфактурных бакалейных товаров, а также изделий российской промышленности, которые преимущественно поступали из Пермской, Тобольской губерний. Только за 1891 г. таких товаров было привезено на 322 300 руб. Скот на Куяндинскую ярмарку пригоняли из Каркаралинского, Павлодарского уездов, но главным образом из Капальского, Верненского, Сергиопольского уездов Семиреченской области. Так, только за 1891 г. из этих

уездов пригнали верблюдов – 1000, лошадей – 8000, крупного рогатого скота – 10 000, баранов – 150 000 голов, всего на 431 440 руб. Купленный скот направлялся в Петропавловск, Ташкент, Омск, где производилась его забойка. Средние цены на скот на Куяндино-Ботовской ярмарке были: верблюд – 20 руб., лошадь – 18 руб., крупный рогатый скот – 10 руб., семиреченский баран – 2 руб. 20 коп., местный баран – 2 руб. [3, с. 42].

Известные скотопромышленники Ботов, Колосов, Жиряков и Скажутин покупавшие скот по 50 000 голов каждый, в конце 80-х – начале 90-х гг. Ботов 13 700 голов, Колосов – 6 603 барана и 606 голов крупного рогатого скота, что связано с колебанием цен на скот, а также с запрещением прогона купленного скота через Томскую губернию, примыкавшую непосредственно к Семипалатинской области. Таким образом, в начале 90-х гг. продажа скота падает.

Торговля же животноводческим сырьем на Куяндинской ярмарке велась превосходно. О чем говорит таблица 1.

Таблица 1. Продажа животного сырья на Куяндинской (Ботовской) ярмарке в период с 1886-1891 гг.

Года	**Продажа сырья в рублях**
1886	90 550
1887	72 320
1888	94 130
1889	103 620
1890	91 700
1891	189 627

Расположение Куяндинской ярмарки вблизи Каркаралинска поднимает его хозяйственную роль и его значение в качестве главного узла торговли Казахстана с соседними странами.

Значительными по масштабу были и другие ярмарки: Чарская (Семипалатинский уезд), Екатерининская в станице Семиярской Семипалатинского уезда, Сергиопольская (Семипалатинский уезд), Нарымско-Сергиопольская (Семипалатинский уезд), Урлютюкско-Сергиевския Павлодарского уезда, Покровская в станице Баянаульской Павлодасркого уезда, Козьмо-Демьяновская в станице Железинской Павлодарского уезда [4].

Ярмарки, как правило, действовали в течении определенного времени, а не круглый год. Так, например, Нарымско-Сергиопольская ярмарка, находившаяся в 8 верстах от станицы Сергиопольской – с 1 мая по 15 июня, Урлютюкско-Сергиевская – с 25 сентября по 2 октября, Покровская – с 1 по 7 октября ежегодно.

Распределение ярмарок происходило в контексте производственной проблемы взаимодействия «город – аул», «деревня – аул», на отдаленных малонаселенных территориях численность и густота ярмарок была меньше, и зависела от экономических потребностей населения.

Рыночный спрос диктовал распределение ярмарок и формировал новый тип производителя, настроенного на получение скорой прибыли любыми возможными способами.

Схема размещения ярмарок в кочевых и полукочевых районах зависела от близости скотопрогонных и торговых трактов, обеспеченных водой и растительностью, предметами первой необходимости. Размещение ярмарок в районах земледельческим населением, местностях, расположенных вблизи транспортных узлов отличалось большей плотностью и частотой организации торгов.

В начале XX века, в связи с формированием стационарной сети торговли, постепенно падает роль крупных ярмарок, уменьшаются их обороты.

Таким образом, в рассматриваемый период, расширилась торговля, изменилась структура товарооборота, структура стада казахов, появилась торгово-ростовщическая буржуазия, новые формы торговли (например, ярмарочная и денежная), новые формы хозяйства, кредитно-банковские учреждения, усиливаются взаимоотношения с соседними странами, происходит усиленное развитие промышленности и образовываются новые отрасли промышленности.

Литература

1 Толкушкин А.В. История налогов в России. – М.: «Юристь», 2001. – 432 с.

2 Касымбаев Ж.К. Верхнеиртышские крепости в системе азиатской торговли России второй половины XVIII начало XX вв. // Вестн. АН КазССР. 1988. № 2. – С. 65-71.

3 Касымбаев Ж.К. Города Восточного Казахстана в 1861-1917 гг.: Социально-экономический аспект. – АН Каз ССР: Институт истории, археологии и этнографии. – Алма-Ата, Гылым, 1990.

4 Аполлова Н.Г. Хозяйственное освоение Прииртышья в конце XVII половине XIX века. – М.: Наука, 1976. – 371 с.

ҒТАМР 03.20

152-ші АТҚЫШТАР БРИГАДАСЫНЫҢ АСТРАХАН БАҒЫТЫНДАҒЫ ҚОРҒАНЫС ҰРЫСТАРЫ

М.Н. Сдыков
М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ.
Б.К. Нагиева
А. Тайманов атындағы №34 мектеп-гимназиясы, Орал қ.

Сұрапыл соғыстың біткеніне 77 жыл толғалы отыр. Қасиетті де қастерлі Отан үшін жан беріп жанын пида еткен майдангерлерімізді жыл сайын еске алып, олардың рухына тағзым ету – біздің, кейінгі ұрпақтың ең басты парызы. Жарты дүниені дүрліктірген қан майдан 4 жылға, 1418 күн мен түнге созылды. Майданда қан кешіп, жанкештікпен жауға қарсы тұрған жауынгерлер ерлігі ешқашан ұмытылмауға тиіс.

Қазақстандықтар барлық майдандарда ерлікпен шайқасты, Ресей, Украина, Белоруссия, Балтық елдері аумағындағы қалалар мен елді мекендерді азат ету үшін ұрыстарға қатысты. Басқа Кеңес сарбаздарымен бірге Польша, Венгрия, Германия, Чехословакия, Югославия, Румыния, Албания фашизмнен босатып, империалистік Жапониямен соғысқан. Біздің жерлес-майдангерлер асқан ерлік пен төзімділіктің үлгісін көрсетті. 1941 жылдың 31 желтоқсанына дейін біздің облыстан 23 мыңға жуық адам майданға шақырылды. Соғыстың соңында бұл көрсеткіш 76000-ға дейін өсті. 15695 батысқазақстандық шайқаста қаза тапты, оның 2803 госпитальдарда, 157 тұтқында қайтыс болды және 17893 хабар-ошарсыз кетті. Жерлестеріміздің Ұлы Отан соғысындағы ерліктерін айғағы 41-і Кеңес Одағының батыры, 6-ы Әскери Даңқ ордені кавалерінің иегері және ондаған мыңы ордендер мен медальдармен марапатталды[1, 272 б.].

Оралда 152-ші атқыштар бригадасы құрылып, ол Оралдан Эльба мен Прагаға дейін жауынгерлік жолдан өтті.

Мақалада Орал қаласында жасақталған 152-ші дербес атқыштар бригадасының соғыс барысына елеулі бетбұрыс әкелген Сталинград шайқасына қатысқандығы, Астархан бағытындағы ұрыстары баяндалады.

Түйін сөздер: Ұлы Отан соғысы, Орал қаласы, 152-ші дербес атқыштар бригадасы, Сталинград шайқасы, Халхута, шайқас алаңы, хат, деректер, естеліктер, қалмақ даласы.

Ғалым-тарихшы, өлкетанушы П.Р. Букатиннің «Боевой путь 152-й отдельной стрелковой бригады 118-й Мелитополольская краснознаменная Ордена Кутузова II степени стрелковой дивизии», В.П. Скоробогатовтің «28-я в

боях за Калмыкию», П.С. Беланның «Казахстанцы в битве на Волге» атты еңбектері, архив құжаттары, баспасөз мәліметтері арқылы Оралда жасақталған 152-ші дербес атқыштар бригадасының Астрахан бағытындағы қорғаныс ұрыстары кезіндегі қаза тапқан жауынгерлер мен жауынгерлер ерлігін талдау болып отыр.

Соғыстың алғашқы күндерінен бастап Орал соғыс уақытының заңдары бойынша өмір сүрді. Оралда әуе шабуылына қарсы қорғаныс пункттері, әскери аэродромдар, госпитальдар және басқа да көптеген әскери объектілер орналасты. Орал қаласына орталықтан 14 өнеркәсіптік кәсіпорын көшірілді. Мұнда Ворошиловград әскери ұшқыштар мектебі, Ленинград әскери байланыс мектебі, Одесса жаяу әскер мектебі эвакуацияланды. Ворошилов, әуе атқыштарының радист және авиамамандар мектебі, Мәскеу радиомамандар мектебі көшірілді.

Орал қаласында 152-ші атқыштар бригадасы құрылды [2, 62 б.]. Оның құрылуына Мемлекеттік Қорғаныс Кеңесінің қаулысы және КСРО Қорғаныс Халық Комиссариатының 1941 жылғы 20 желтоқсандағы директивасы негіз болды. Қаладағы ең жақсы ғимараттарды госпитальдарға және эвакуацияланған кәсіпорындарға бергеніне қарамастан, билікке қалыптасып келе жатқан бөліктерді орналастыруға, азық-түлік, жабдықтар жеткізуге жан-жақты көмек көрсету командасы берілді. Бригаданың құрылуына Клемент Ворошиловтың өзі тікелей қатысты. Ол бірнеше рет Оралға келіп, оқу атыс орындары мен марш-брасоктарға барып, болашақ жауынгерлердің жауынгерлік рухына қызығушылық танытты. 1942 жылдың 10 мамырында 152-ші Орал бригадасы, құрамында үш атқыштар және бір миномет батальоны, артиллериялық және миномет дивизионы, байланыс батальоны және танкке қарсы жеке роталар, барлаушылар, саперлер мен автоматшылар, сондай-ақ танк, медициналық-санитарлық және автомобиль роталары және басқа да бөлімшелер эшелондарға түсті. Оралдықтар Мәскеуге жіберілді. Бірақ майданның осы бөлігіндегі шиеленістер төмендеді, бірақ Астрахан мен Сталинград аймағындағы жағдай шиеленісе түсті. Эшелонмен бригада Сталинград майданына жіберілді [3, 7 б.].

1942 жылдың жазында соғыстың ең ірі сұрапыл шайқасы Дон мен Еділ арасындағы аумақта жүріп жатты. Гитлерлік әскери басшылық армияның «Б» тобына «Фишрейер» операциясын жүзеге асыруды ұсынып, соның нәтижесінде Сталинградты басып алып, одан Астраханға шығып, Еділдің негізгі арнасындағы әскери қимылдарды тәмамдауға ұмтылды.

1942 жылы 15 шілдеде Сталинград облысы мен оның құрамына кіретін Астрахан округінде әскери жағдай енгізілді. 1942 жылдың жаз-күзінде Астрахан қаласының қорғаныс шебі салынуда, округтің жергілікті тұрғындары, негізінен әйелдер мен жасөспірімдер, қалаға жақын жерде қорғаныс құрылыстарын салуға жұмылдырылуда. 1942 жылы Сталинград шайқасы кезінде Астрахан бағыты Сталинград майданының сол қапталына айналды. Майдан Астраханнан 100-150 км қашықтықта өтті. Кавказ бен Орта Азияға апаратын су және теміржол өткелдерінде қала маңызды стратегиялық маңызға ие болды. Астрахань портында Баку мұнайын айдау, нанды, мақтаны және

басқа да маңызды жүктерді Каспийден келетін теңіз кемелерінен Еділ бойымен жоғары қарай тасымалдау үшін өзенге тиеу қиын жағдайда өтті. Әдетте күн сайын фашистік ұшақтар Астрахан рейдіне 2-3 топтық рейд жасады.

1942 жылдың тамыз айының соңында жаңа Астрахан соғыс бағыты пайда болды. Дондағы шайқастардан кейін, Николаевская және Раздорская ауылдарының маңында 37-ші армияның әскерлері Солтүстік Кавказға, ал 51-ші армия Сталинградқа шегінуге кірісті. Элистаға бағыт полковник М. В. Зубковтың (200 жаяу әскер, 100-ден аз кавалерист» 7 танк және сол зеңбіректер), жергілікті жойғыш және 60 адамнан тұратын НКВД отрядын есептемегенде, іс жүзінде ешқандай жабусыз болды. Бір күн олар Қалмақияның астанасын ұстап, содан кейін солтүстік-шығысқа шегінді. Шығысқа қарай шабуылын жалғастыра отырып, жау Еділдің аузына ұмтылды. Астраханьды басып алу Кавказ мұнайы мен жанар-жағармай материалдарын елдің орталығына және бүкіл майданда жұмыс істейтін әскерлерге жеткізудің су жолдарын айырылуына алып келер еді.

Астраханды қорғау Сталинград әскери округінің басқармасы негізінде құрылған 28-ші армияға (сол кезде Астраханда болған) және сол округтің әскери бөлімдеріне жүктелді.

1942 жылы 31 тамызда Сталинград майданының құрамында Жоғарғы Бас қолбасшылық ставкасының резервтерімен күшейтілген Сталинград әскери округінің бөлімшелерінен 28-ші армия құрылды. 152-ші атқыштар бригадасы осы армия құрамына кірді. 152-ші дербес атқыштар бригадасы мен 34 гвардиялық атқыштар дивизиясы Астархан қаласы маңы ұрысында және қалмақ даласында жауды жеңуде шешуші рөль атқарды.

Басқалардан бұрын, 31 тамызда Давсна ауылына, Астраханнан батысқа қарай 130 км жерде 3-ші атқыштар батальоны келіп, қорғанысқа ие болды. Жақын жерде олар 107-ші гвардиялық атқыштар полкінің бөлімшесі болды 34-ші гвардиялық дивизия сәл ертерек келді. 1 қыркүйек күні түстен кейін бригаданың басқа батальондары өз учаскелеріне шықты. 152-ші дербес атқыштар бригадасы командирі полковник В. Рогаткин және әскери қызметкер аға батальон комиссары С. Мартынов батальондардың командирлері мен әскери комиссариаттарымен бірге қорғаныс жолағын аралап, бөлімдер мен бөлімшелердің міндеттерін нақтылады. 152-ші атқыштар бригадасы Давсна аймағын, Қызыл Худукты қорғау, яғни Элистадан Астраханға дейінгі негізгі жолды жауып тастау және болашақта батыс бағытта белсенді әрекет етуге тапсырылды [4].

1942 жылы 2 қыркүйекте Сталинград әскери округ №6 бұйрығы бойынша 152-ші дербес атқыштар бригадасына, 107-ші атқыштар полкіне және 565-ші танк батальонына Халхута ауданына шығып, жауды қоршап жоюды тапсырды [5, 499 б.].

1-7 қыркүйектегі шайқастар бригада мен оның көптеген сарбаздары мен офицерлері үшін бірінші болды. Олардың нәтижесі бригада да, осы бөлімдер де, барлық жауынгерлер, командирлер мен саяси қызметкерлер де жерлестеріне берген антын абыроймен орындағанын көрсетті. Жауынгерлер барлаушылар

Амерхановтың, Литвиновтың, Румянцевтің, Семидодченконың және Фадеевтің ерліктерін ерекше мақтан тұтты, олар күндіз танкте жаудың тылына батыл рейд жасап, құнды мәліметтер жинап, шығынсыз бөлімге оралды.

Бұл ұрыста ерекше батылдық көрсеткен комсомол, артиллерист А.Жамалов және қару-жарақ командирі, кіші сержанттар Михайлов пен Пестриковтар айрықша көзге түсті. Ұрыстар барысында шығындар да болды. Майданда қаза болған және хабар-ошарсыз кеткендер жауынгерлер туралы «Боздақтар» кітабында жазылған және Ресейдің «ОБД-Мемориал» сайтынан да іздеп табуғы болады. Қаза болған жауынгердің бірі Карабалин Абу Кусаинович. Ол туралы «Боздақтар» кітабында жазылмаған. Бірақ «ОБД-Мемориал» сайтында қаза тапқандығы туралы дерек бар [6] (1-қосымша). Қарабалин Абудың үй ішімен хат жазып, хабар алысқандығының дәлелі Алматы архив қорында сақталған хат қолжазбасы бар [7] (2-қосымша).

Бригада артиллеристері жаудың 2 артиллериялық және 3 минометтік батареясын істен шығарды. Коммунист И. Сипаловтың басшылығымен жасалған танкіге қарсы қарудың тиімді расчетпен құрылуы оларға батыл іс-қимыл жасауға мүмкіндік берді. Артиллеристер М.М. Гоглачев, С.Г. Баранов, Ш. Каримов, Л.В. Бакшиев, П. Рябоконьдар майдан даласындағы ерлікпен шайқасты. Әскери ұрыс кезінде 4 гитлерлік танкіні жойған батыр И. Сипалов ерлік жасап қаза табады [8, 52 б.].

152-ші атқыштар бригадасының Хулхутаны босатуға екінші әрекет 19-24 қыркүйекте жасалды. Шабуыл басталған кезде 152-ші атқыштар бригадасы өзінің төрт атқыштар батальонында, артиллериялық, миномет және танкке қарсы дивизиондарында, миномет батальонында, автоматшылар, барлау және саперлік роталарында, сондай-ақ қызмет көрсету бөлімшелерінде 3 864 солдат, сержант және офицер болды. Штаттық атыс қаруларынан басқа, онда 76 мм калибрлі 12 зеңбірек, 45 мм танкке қарсы 9 зеңбірек және 40 миномет болды. Бригадаға күшейту үшін бес танк берілді.

Қыркүйектің 23-нен 24-не қараған түнінде 2 атқыштар және минометті батальон шабуылға шықты, жаудың күшті қарсылығына қарамастан оларға тойтарыс беріп қана қоймай, окоптардың бірінші шебін басып өтіп, Хулхута етегіне бекініп үлгерді. Бұл соғыста кіші сержант В. Макатченконың минометшілер расчеті қайсарлық пен батылдық танытып 180 гитлершілерді, 4 миномет, 3 станкілі пулеметті жойды және 7 пулеметтің ұяшықтары талқандайды. Жаудың Астраханды оңай жаулап аламыз деген жоспары осылай күйреді. 1942 жылдың 20 қарашасында таңда бригада бөлімшелері шабуылды бастап, жаудың салып қойған қорғаныстарын айналып өтіп, тез арада күшейтілген Сян-Цик пункітін өздеріне қаратады. Хулхуттаны Элистамен байланыстыратын жолды кесіп тастайды.

Батыс Қазақстан облысы Приуралье ауданының Красновский ауылының тумасы, танкіге қарсы қарудың (ПТР) мергені ефрейтор Н. Курмаевтың ұрыста атқыштардың іс-қимылына кедергі келтіріп отырған жаудың станкілі пулеметін шеберлікпен жойған [9].

1942 жылдың 31 желтоқсанында солтүстіктен орап өту маневры арқылы бригада жауынгерлері Элистаны жаудан азат етті. Қаңтардың ортасына қарай Маньч өзеніне шықты, ал 22 қаңтарда басқыншыларды Сальскіден қуды. 8 ақпанға қараған түні 152-дербес атқыштар бригада жауынгерлері мен офицерлері алғашқылардың бірі болып Дондағы Ростовқа қарай шабуылға шықты. Қазақстандық 152-атқыштар бригадасымен болған ұрыстарда 2 мыңнан астам солдаттары мен офицерінен және 18 танкісінен айырылған жау Астраханға шабуыл жасау әрекетінен бас тартты.

Ұзақ шайқастардан кейін бригада 118-ші Мелитополь дивизиясына қайта құрылып, қару-жарақ, оқ-дәрілер мен жеке құрамды толықтырды. Бұл дивизия Оралдан Эльба мен Прагаға дейінгі әскери жолдан өтті.

Оралда құрылған 152-ші дербес атқыштар бригадасы жауынгерелерінің майдан даласындағы ерліктері туралы жоғарыда көрсетілген авторлар еңбектерінде үзінді мәліметтер келтіріледі. Ал, негізгі дереккөздері архив қорларында сақталған. Оларды зерттеу кейінгі ұрпақ міндеті.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Книга памяти. – Орал, 2020. – 272 б.

2 Белан П.В. На всех фронтах: Казахстанцы в сражениях Великой Отечественной войны 1941-1945 гг. – Алматы: Гылым, 1996. – 336 с.

3 Букаткин П.Р. От Уральска до Эльбы и Праги. – Уральск, 1994. – 7 с.

4 Белан П.С. Казахстанцы в битве на волге. 1990. – 120 с. Астрахан облысының мұрағат істері жөніндегі агенттігі. https://archive. ъastrobl.ru.

5 Рокоссовского К.К. Великая победа на Волге. – М., 1965. – 499 с. РФ ҚМОА, ф. 1324, оп. 1, д. 1.

6 РФ ҚМОА ақпарат қор. 58. тізімде. Ақпарат: 18001.

7 Алматы қаласы Орталық мемлекеттік архиві. Фонд: 1660, т: 1, іс: 205. 1-4 б.

8 Скоробогатов В.П. 28-я в боях за Калмыкию. – Элиста, 1968. – 52 с.

9 Букаткин П.Р. На левом фланге Сталингардского фронта. – Приуралье, №19. 05.02.1993.

ҒТАМР 03.20

XX ғ. АЯҒЫ – XXI ғ. БАСЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Е.С. Асылбеков
Магистр, А.П. Чехов атындағы №21 жалпы орта мектебі, Шымкент қ.

Мақалада Оңтүстік Қазақстан халықтарының өсу тарихының кейбір мәселелері, оның ішінде демографиялық тұрғыдан ұлттық құрамы мен демографиялық ақуалының 1999 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін қарастырылған.

Түйін сөздер: демография, Оңтүстік Қазақстан облысы, этно-демографиялық құрылым, халық санағы.

Оңтүстік Қазақстан облысы да Қазақстан Республикасының біртұтас территориялық аймағы ретінде көпұлтты құрылымға ие. Оңтүстік Қазақстан облысы республикадағы өзге аймақтарға қарағанда өзіндік мәдени, өндірістік, ұлттық ерекшелігі бар аймақ және мұнда жергілікті ұлттың басымдығымен бірге, оның облыстағы өзге ұлттармен өзіндік колоритін сақтай отырып, қоғамның экономикалық, саяси, рухани, әлеуметтік жүйелеріндегі аспектіде интеграциялануы тән. Оңтүстік Қазақстан облысы халқының этникалық құрылымын талдаудағы ерекшелік ондағы ұлттардың әлеуметтік демографиялық потенциялын анықтаумен қатар, соңғы жылдары өзектілігі кемімей тұрған ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін деңгейлік дамытудағы қажеттіліктен туындап отыр.

Қазақстан Республикасында 1999 жылы орын алған жалпы халықтық санақтан кейін елдің этно-демографиялық құрылымы төмендегідей сипатта, яғни:

25. 02. 1999 ж.		**01. 01. 2004 ж.**	
Қазақтар	798,5 мың	855,08 мың	
Орыстар	447,9 мың	407,26 мың	
Украиндар	547,1 мың	469,1 мың	– 10,5%
Өзбектер	370,7 мың	409,8 мың	
Немістер	353,4 мың	237,7 мың	
Татарлар	209,0 мың	232,8 мың	
Ұйғырлар	210,4 мың	223 мың	-6%
Өзге ұлттар	646,0 мың	659,0 мың	

25.02.1999 ж. - 01.01.2004 ж. аралығындағы елдің этно-демографиялық құрылымы



	Қазақтар	Орыстар	Украиндар	Өзбектер	Неміс тер	Татарлар	Ұйғырлар	Өзге ұлттар
25.02.1999ж. (мың)	798,5	447,9	547,1	370,7	353,4	209,0	210,4	646,0
01.01.2004ж. (мың)	855,08	407,26	469,1	409,1	237,7	232,8	223,0	659,0

Жоғарыдағы кестеден көретініміз, ол жекелеген ұлттардың жалпы өсіміндегі кемуі мен көбеюі демографиялық процес ретінде бірқатар ұлттардың тарихи Отанына эммиграцияларуымен және өсімдегі депопуляциялық жағдайдың орын алуымен түсіндіріледі. Дегенмен ұлт болашағын, ұрпақ ертеңін Қазақстан болашағымен байланыстырған ұлттар, әсіресе өзбек, тәжік, әзербайжан, түрік, кавказ халықтарының жалпы өсімінде өсу байқалады. Бір жағынан аталған ұлттардың жылдан жылға еселеп өсуі олардың дүниеге ұрпақ келтіру санасындағы демографиялық саясаттың орын алуында жатыр. Сонымен бірге тұңғыш Президент Н.Ә. Назарбаев Қазақстан жуық мерзімдік уақыттарда 20 миллиондық межеге жетуі тиіс деген ой қозғаған болатын. М. Тәтімов «бұл жағдай жүзеге асуы үшін еліміз жылына 2 миллион адамға артуы тиіс» деген пікір білдірді.

Жалпы Қазақстан территориясындағы халықтың өсімі, елдің тарихи әлеуметтік дамуын қоса алғандағы М. Тәтімовтың сызбасы бойынша мынадай:



Аталған сызбадан көретініміз, ол еліміздің ұлттық қозғалысындағы табиғи өсімнің жылдан-жылға төмендеп,ондағы демографиялық жарылыс тек 1960 жылдарға дейін орын алып, бұл процестің біртіндеп құлдырауы еді. Мұндағы ерекшелік елдің әлеуметтік-саяси өміріндегі тарихи моменттермен байланыстылығы. Енді кезектегі мәселе, ол жалпы ұлттық санақтан кейінгі облыс халқының ахуалы еді.

1999 жылғы Оңтүстік Қазақстан облысының ұлттық құрылымы және бес жыл ішіндегі халықтың қозғалу динамикасы:

Облыс бойынша	1999 ж.	2000 ж.	2001 ж.	2002 ж.	2003 ж.
	1975,6	2004,8	2050,7	2078,5	2110

халықты құраса, онда мұндағы халықтың ұлттық құрылымына келер болсақ, онда 1999 жылғы жалпы халықтық санақтың мәліметтері бойынша облысымызда қазақ ұлты – 55,8%, орыс ұлты – 15,3%, өзбек ұлты – 15,6%, әзербайжандар – 1,5%, татарлар – 1,9%, тәжіктер – 1,1%, украин ұлты – 1,8%, кәрістер – 0,6%, немістер – 1,4%, ұйғырлар – 0,2%,шешендер – 0,2%, гректер – 1,1%, белорустар – 0,2%, башқұрттар – 0,1%, қырғыз – 0,1%, армяндар – 0,1%, мордва – 0,1%, молдавандар – 0,1%, еврейлер – 0,1%, басқа ұлттар – 1,3% құрауда.

Жалпы облыстың ұлттық құрылымын әлеуметтік демографиялық тұрғыда талдайтын болсақ, онда Шардара, Отырар, Қазығұрт, Созақ, Бәйдібек аудандарының халқы моноэтникалықта, Сарыағаш, Түркістан, Арыс, Мақтарал аудандарының халқы полиэтникалық деңгейде қалыптасып отыр. Ал Сайрам ауданында жергілікті ұлттың үлес салмағының төмендігі байқалады.



Моноэтникалық	***Полиэтникалық***
Шардара ауд. Созақ ауд. Бәйдібек ауд. Қазығұрт ауд. Отырар ауд.	Сарыағаш ауд. Арыс ауд. Түркістан қ. Мақтарал ауд.

Сонымен бірге Оңтүстік Қазақстан облысындағы демографиялық ахуалдың жағымды бағытта қалыптасуына, ондағы жалпы өсімнің өсуіне елімізге қоныстанып отырған қандастардың тигізер ықпалы зор.

Жалпы Қазақстан Республикасында қандастар категориясының қалыптасуына негіз болған жағдай, ол барлығыңызға мәлім еліміздің тәуелсіздік алуы және әлемдік өркениетте өзіндік қолтаңбасы бар саясатпен экономикалық тұғырнаманы қалыптастыруға ұмтылуындағы жағдайлар тізбегі

еді. Қандастар категориясының қалыптасуына ел тәуелсіздігіне келетін болсақ, онда Қазақстан Республикасы және оның тұрғылықты халқы қазақ ұлты өзінің әлеуметтік тарихи өмірінде небір зобаланды басынан өткергені ақиқат. Міне сол тарихи нәубеттер салдарынан еліміздан қазақ ұлтының алыс және жақын шетелдерге ауа көшкені рас болса, онда бүгінгі оралман статусына ие қазақ сол елмен қайта қауышқан қазақ екендігі даусыз. Оның үстіне тарихи жағдайларға байланысты қазағы қалың қоныстанған территориялардың өзге елдердің еншісіне байланып кете барғаны. Даулы жер қатынастары орын алған елдер қатарына Өзбекстан, Ресей, Қытай елдерін алсақ, онда тап осы елдерде шетелдердегі қазақ диаспорасының басым бөлігі шоғырлана қоныстанған екен. Ал шетелдегі қандастарымызбен мәдени-әлеуметтік байланысты жолға қою 1992 жылдан бері қызмет етіп келе жатқан Дүние жүзі қазақтары қауымдастығы ұйымының функционалды іс-әрекеті аясына тиісті. Сонымен бірге қандастарды қоныстандыру мен ел жағдайына бейімдеу шарасы Көші-кон және демография агенттігі тарапынан жүзеге асып отыр.

Ал еліміздің әлемдік аренадағы саяси және экономикалық қауіпсіздігі тұрғысынан келетін болсақ, онда Қазақстан жақын болашақта демографиялық өсімге қол жеткізуі тиіс. Аталған жағдай еліміздің экономикалық-өндірістік өрлеуі тұрғысынан да белгілі бір қажеттілікті талап етіп отыр. Осындай қордалы, келелі мәселелерді шешу үшін Қазақстан алыс және жақын шет елдердегі ұлттың өкілдік шоғырына арқа сүйеуге мәжбүр. Өйткені еліміздің жергілікті халқы белгілі және белгісіз себептерге сай көбеймей отыр. Тағы бір басымдық ол қандастардың мәдени-рухани процестерде әсіресе ұлттық діл, дін, тіл мәселесіндегі беріктігі. Сондықтан кейінгі жылдары ел халқының санын көбейтуде қандастарды көптеп тарту керек деген сөз жиі айтылуда оның үстіне қоныстанушы қандастардың үштен бірі Оңтүстік Қазақстанды таңдайды екен.

Сонымен, Оңтүстік Қазақстан облысының ұлттық демографиялық құрылымының полиэтникалық бағыттағы қалыптасу тарихының тамыры тереңде екендігі және бүгінгі дағдарысты жағдайдан демографиялық саясиәлеуметтік негізін қалыптастыруда мемлекеттік патронаждық саясаттың қажеттілігі еді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Казахстанская правда «Пять лет после общенародной переписи» 2004г. №43

2 Тәтімов М. Қазақтар қайтсе көбейеді. Денсаулық журналы, №12. 2003. – 3 б.

3 Алексеенко А.Б. Население дореволюционного Казахстана. – Алматы, 1981.

4 Асылбеков А., Галиев А. Социально-демографические процесы в Казахстане. – Алматы, 1989.

5 Оңтүстік Қазақстанның демографиялық дамуы. – Шымкент, 2003.

6 Оңтүстік Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы. Жылдық статистика. – Шымкент, 2004.

7 Оңтүстік Қазақстан және оның аймақтары. – Шымкент, 2003.

8 Әмзеұлы Н. Демографиялық ахуалымыз. Шымкент келбеті. 24.09.2004.

ҒТАМР 03.20

БАТЫСТЫҢ МАЙДАНГЕР БАТЫРЛАРЫ

Т.З. Рысбеков
Т.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА құрметті академигі, М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ.
Ж.Б. Мендикулова
Магистрант, М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ.

Қанша жылдарды артта қалдырса да, соғыс тақырыбы патриоттық рухы пен сезімге толы жүрегі бар жанды тебірентпей қоймайды. Сондықтан да бұл тақырып қашан да өзінің өзектілігін жоғалпақ емес. Сол қасіретке толы отты жылдарды қанша жырласақ та, ақиқатын ашып көрсететін ақпараттарға толы еңбектер томдап жазылса да артық етпейді деп ойлаймыз. «Ер есімі – ел есінде» деп қазақ текке айтпаған. Қанша уақыт өтсе де, сол батыр қаракөз қандас аға-әпкелеріміз арамызда болмаса да олардың есімдері мен майдан шебінде көрсеткен ерліктері біздей құрметі ерекше жоқтаушылары барда ешқашан ұмытылмақ емес, керісінше, әр күн сайын жаңғыртыла бермек.

Түйін сөздер: соғыс, әскер, ардагер, майдан шебі, Ақжайық, өскелең ұрпақ, бейбітшілік пен тыныштық, Кеңес одағы, тарих, Хиуаз, Перл-Харбор, орден.

Соғыс жылдары Қазақстанның халық шаруашылығы майдан арсеналдарының бірі ретінде соғыс қажетіне қызмет етті, мұнда 356 млн. пұт нан дайындалған. Сонымен қатар Қазақстан мал шаруашылығы өнімдерін негізгі тасымалдаушылардың бірі болды. Республиканың жеңіл өнеркәсібі Қызыл Әскердің жүздеген дивизияларын әскери киім-кешек, қаружарақ, қажетті заттармен қамтамасыз етті.

Тарихнаманың бірінші кезеңінде (1941-1945) осынау маңызды және көлемді ғылыми мәселені қарастыру бойынша тек алғашқы қадамдар жасалды. Зерттеушілердің қолында әлі де деректердің мол қоры бола қоймады. Құжаттарда берілген көптеген фактілер мен оқиғалар әскери уақыт жағдайында жабық сипатта болды, қажетті құжаттық материалдардың жинақталуы үшін біршама уақыт керек болды. Толық емес мәліметтер бойынша, республикада соғыс жылдарында соғыс тақырыбына арналған 150-ге жуық кітап, кітапшалар мен журналдық мақалалар жарық көрген [1, 35 б.].

Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі кеңес тылының тарихнамасы, барлық соғыстың тарихнамасы сияқты, бірнеше кезеңнен өтті және фашистік Германияны жеңгеннен бергі алғашқы үш онжылдықта тарихнамалық шолулар ағымында көрініс тапты.

Соғыстың аяқталғанына осынша жыл өтсе де, сол қанды қырғынды арамызда жүрген ардагерлер ұмыта алар емес. Екінші дүниежүзілік соғыс адамзат тарихындағы ұлы оқиға.

Ұлы Отан соғысына біздің облыстан 76 мың адам қатысты. Батысқазақстандықтар соғыс өрті шарпыған барлық аумақтардағы ұрыстарда ерліктің небір үлгілерін көрсетті. Соғыс барысында Ақ Жайық атырабынан аттанған ондаған мың майдангер ордендермен және медалдармен марапатталды. 40 жерлесімізге Кеңес Одағының Батыры атағы беріліп, алты-жеті майдангеріміз Даңқ ордендерінің толық иегері болды. Отыз бес мыңнан астам жерлестеріміз туған топырақтарына оралмады [2, 3 б.].

ХХ ғасырдың қойнауына кеткен тарихи оқиғалардың ішінде ұмытылмайтын адамзат тарихына жасалған қастандық екінші дүниежүзілік соғыстың зардаптары еді. Ұлы Отан соғысы басталғанға дейін Кеңестер Одағы сапында болған Қазақстан Республикасының еңбекшілері де жаңа қоғам орнату жолында білек сыбана кірісіп, саяси-экономикалық және мәдени саласында бірқатар табыстарға қол жеткізді. Республиканың өнеркәсіп пен транспортты өркендетуде, ауыл шаруашылығын дамытуда келелі ауқымды жұмыстар атқарылды. Еңбекшілер арасындағы саяси және мәдени-ағарту жұмыстары өрістеді. Сол майданда идеологияның қуатты құралдары баспасөз бен радио жауапты міндеттерді атқарып, үгіт-насихат және ұйымдастыру жұмыстарын жүзеге асырды. Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығында озат тәжірибелерді кеңінен насихаттап, еңбек озаттарының іс-тәжірибелері бетшелер түрінде берілді [3, 6 б.].

Соғыс жылдарындағы БҚО тарихы мен соғысқа қатысқан батысқазақстандық майдангерлердің өмір жолына қатысты деректер арқау болған Отандық тарихшылар мен өлке зерттеушілерінің еңбектері, осы тақырыптарға қатысты жазылған мақалалар, сонымен қатар мұрағат мәліметтері де осы тақырыптың негізгі дерегі бола алады.

Тақырыпқа қатысты еңбектер мен мақалаларды, сонымен қатар мұрағат құжаттарын жинақтай отырып, табылған мәліметтермен танысу әрі оларды талқылау жұмыстары жүргізілді. Талқылау жұмыстарының нәтижесінде алынған түрлі ақпарат көздерін салыстыру және жинақталған негізгі дереккөздерін бір жүйеге келтіру мақсатында салыстырмалылық, талқылау және жүйелеу сынды негізгі әдістер пайдаланылды. Жүйеге келтірілген мәліметтер негізінде тақырыпқа қатысты қорытындылар жасалды.

1940 жылы Бүкілодақтық кітап палатасының «СССР-дің баспасөзі туралы» шығарған кітабының «Қазақстан баспасөзі» атты бөлімінде мынадай мәліметтер бар: «1923 жылы Қазақстан газеттерінің бір шыққандағы жалпы таралымы 25 мың 750 дана болса, 1940 жылы наурыздың 1-не Қазақ КСР газеттерінің саны 213-ке жетіп, бір шыққандағы жалпы таралымы 917 мың дана болды. Мұнымен қатар республикада көп тиражды 70-ке жуық газет шығып, республикадағы журналдар мен бюллетеньдердің жалпы саны 23-ке жетті» [4].

Күн сайын басылымдардың таралымы да өсе түсті. 1938-1939 жылдары Атырау обылысында: «Прикаспийская коммуна» – 12 мың, «Социалистік мал

шаруашылығы» – 2 мың, «Балықшылар үні» – 2 мың, «Красный Каспий» – 1 мың, «Социалистік ауыл» – 1,5 мың және «Ембі жұмысшысы» – 2 мың данамен жарық көрді [5, 5-п].

Сталинград майданына жақын Қазақстанның батыс облыстарының жергілікті партия комитеттері мен қорғаныс комитеттерінің басшылығымен қаланың кәсіпорындары мен мекемелерінде, мектептерінде қорғаныс білімдерін жетілдіру, әуе, химия шабуылдарынан қорғану істерін жаппай үйрену басталды. Орал және Гурьев облыстарында әуе қорғанысының 369 постысы мен отыз мыңға жуық адамды қамтыған өзін-өзі қорғайтын 909 топ құрылды. 1942 жылы 18 декабрьде Орал қаласында МПВО-ны ұйымдастыру жөнінде комплексті шараларды жүзеге асыру мақсатында республиканың Халық Комиссарлары Советі үш миллион сомға жуық қаржы бөлді. Орал және Гурьев қалаларында облыстық МПВО штабтары құрылды.

МПВО жүйесін ұйымдастырып, нығайтуда жергілікті баспасөз бен радио үлкен көмек көрсетті. 1942 жылдың 10 июлінен 1943 жылдың 28 январына дейін Орал облыстық «Екпінді газеті» МПВО тақырыбына 37 мақала, ал облыстық радио 59 хабар ұйымдастырды. Ал, 1942 жылы 9 сентябрьде Орал облыстық «Приуральская правда» газеті «Партия, совет органдары мен барлық еңбекшілердің міндеті жергілікті әуе шабуылынан қорғану жұмысын жолға қою, сөйтіп фашист қарақшыларын адастырып, олардың Қазақстанның батыс облыстарына бағытталған зұлымдық әрекеттеріне жол бермеу» – деп жазды.

Сонымен қатар, Ақтөбе, Орал қалаларында кіші дәрігер қызметкерлері мен санитарлық жасақшылар дайындайтын қысқа мерзімді үйірмелер ашылып, онда жүздеген жастар арнаулы білім алып жатты [6, 19 б.].

Кеңес дәуірінде қазақ халқынан шыққан сан мыңдаған батыр ұл-қыздардың ішінде есімі елге ерекше таныс батыр апаларымыздың бірі – Хиуаз Доспанова. Марқұм Х. Доспанова апамыздың өзіне тән мінез ерекшелігі болды, оның қайсарлығы, өжеттігі, өткірлігі, қаталдығы біреулерге жақпайтын да сыңайлы еді. Ақыры Бауыржан Момышұлына, Қасым Қайсеновке, Рақымжан Қошқарбаевқа, Хиуаз Доспановаға еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ғана «Халық қаһарманы» атағының берілуінде де бір сыр жатырғандай болатын.

«Ештен кеш жақсы» бәрі орнына келді. Ерлік ешқашан ұмытылмайды. Ұлы Отан соғысы жылдарында қазақтың тұңғыш ұшқыш қызы жасаған ерліктері жайлы талай-талай кесек дүниелер жазылды, деректі кинофильм де шығарылды. Республикалық «Ана тілі» газетінде жазылған (16. XII. 2004) шығармада мынадай көрініс жазылыпты: 21 жастағы қайсар қыз Хиуаз ылғи «ПО-2» аталатын бомбалаушы ұшақпен жау бекіністерінің үстінде жүреді екен. Ылғи түнде ұшады. Бомбалаушы ұшақта штурманның атқарар қызметі тым ерекше. Тапқырлық, батылдық, өжеттілік керек. Немістердің зенитшілері де жарқыл-жарқұл оқ атып уыл-шуыл күйге түседі, артынша Хиуаз тастаған бомбалардан жаппай отқа оранып үндері өшеді. Жазба деректерге сүйенсек, қазақтың қайсар қызы осындай үш жүзден астам рет аспанға көтеріліп, жаудың төбесінен жасын ойнатқан ғой. Теңдесі жоқ ерлік!

«Кіммен жұптасып ұшпады бұл Хиуаз, Полина Белкинамен де, Мария Носальмен де, Ирина Себровамен де, Юля Пашковамен де қосылып ұшты ғой, олардың барлығы да шебер ұшқыштар еді» – деп жазылған жолдарды оқып отырып, мерейлене түскендей боласыз [7, 178-179 б.].

Салқын күзгі таң болды, шайқас өтіп жатқан. Фашисттер әрбір бұта, әрбір шың үшін соғысып жүрді. Олар қарсы шабуылдарға шыға беріп, бөлімшелеріміздің шабуылын тоқтатпақшы болды. Қолайлы позицияда орналасып, батыл пулеметші жаулардың жоспарына кедергі жасады, өйткені өз бөлімшесінің жерінде дұшпандардың шабуылдарын жоққа шығарған. Қалай болса да, бірақ өңірдегі басты биіктікті жаулап алу қажет болды, өйткені бұл-ұрыстағы шешуші әрекет. Бірақ биіктіктің қасында фашисттер отты бүркеніштi жасады. Ұрыс шиеленіскен сәтіне жетті, тура осы кезде қыздың тұлғасы пайда болды. Бұл Мәншүк Мәметова болды. Ол пулеметтен атыс жүргізді. Оның полктасы Ахметжанов бұл оқиғаны есіне алып, былай деді: «Артқа шегініп, басынан жарақат алған Мәншүктің ұрысты жалғыз өзі жүргізетінін көріп қалдық. Бізбен бірге бару деген сөздерімізге ол былай жауап берді: «Өздерің барыңдар, егер мен кетіп қалсам, онда сіздерді кім жабады?…». Жауынгерлер Мәншүктің арқасында тірі қалды. Ол бар атысты өзіне қарсы қойып, шайқасты жалғастырды [8].

Маметова Мәншүк аға сержант 1922 жылы Орал облысы, Орда ауданы, Жасқұс ауылында туған.

БҚО мұрағатының 39 қор, 1 тізімдеме, 39 сақтау бірлігінде 1941-1967 жылдар аралығындағы Ұлы Отан соғысы және Кеңес Одағы батырларының құжаттары сақталған. №1, 2 бумаларда КСРО батырларының жеке құжаттары, өмірбаян, ерлігінің сипаттамасы, марапаттау парағы, кадрдың есебі бойынша жеке іс парағы, өндірістік мінездемелері, Ұлы Отан соғысы майданынан хаттар (түпнұсқасы және көшірмесі), Ұлы Отан соғысы батырларына құжаттар жинақтау жөніндегі хат, алмасулар,фотоқұжаттар сақталған. Сол қор бойынша М. Маметованың өмірбаяндық құжаттарына: марапаттау парағы, 08.01.1945 жылғы «Приуральская правда» газетінен батыр туралы мақаланын көшірмесі, 15.10.1963 жылғы «Октябрь Туы» газетінен үзінділер, батыр туралы Кеңес Одағының батыры сайтынан алынған мағлұматтар жатады [9, 7-п].

БҚО мұрағат қорында сақталған өзге де батысқазақстандық ардагерлерге қатысты дереккөздеріне тоқталып өтсем:

1. Абдулов Михаил – бас старшина, 1918 жылдың 10 қазанында Батыс Қазақстан облысы, Тайпақ ауданы, №1 ауылда туған, қазақ, 1958 жылдан бастап КОКП мүшесі.

М. Абдуловтың өмірбаяндық құжаттары бойынша мұрағат қорында марапаттау парағының көшірмесі, ерлігінің сипаттамасы, мұрағат басқармасына хат, Первомай совхозының батыр туралы құжаттары (кадрдың есебі бойынша жеке іс парағы, өндірістік мінездеме, өмірбаян), Первомай совхозы құжаттарының көшірмесі, ҚКП Чапаев аудандық комитетіне батыр туралы хаты, «Приуральная правда» газетінен үзінді, Первомай қ/с батыр жөнінде хат, батырдың өмірбаянының көшірмесі сақталған [10, 20-п].

2. Айткулов Салим Нигметович – кіші лейтенант, 1913 жылы Батыс Қазақстан облысы, Жаңақала ауданы, Мухорок ауылында туған, қазақ, 1943 жылдан бастап КОКП мүшесі.

С.Н. Айткуловтың өмірбаяндық құжаттары бойынша ерлігінің сипаттамасы(облыстық әскери комиссариаттан көшірме), марапаттау парағы, Батыс Қазақстан облыстық кәсіподағының батыр жөніндегі өндірістік мінездемесі, мінездеменің көшірмесі, Одесса жаяу әскер училищесінің саяси бөлімінің батыр туралы ақпараты (көшірме), батырдың өмірбаяны (көшірме), батыр жөнінде мәлімет, қызметтік мінездеме (көшірме), Қаз. КСР Халықтық ішкі істер комиссариатының хаты, фотосуреттері сақталған [11, 16-п].

3. Жаксыгулов Садык Шакелович – лейтенант, 1924 жылы Батыс Қазақстан облысы, Жаңақала ауданы, №20 ауылында туған, ұлты қазақ, 1945 жылдан бастап КОКП мүшесі.

С.Ш. Жаксыгуловтың өмірбаяндық құжаттарына: ерлігінің сипаттамасы (облыстық әскери комисариаты құжатынан көшірме), марапаттау парағы, батыр туралы мұрағат басқармасына хат, батыр туралы Шымкент қаласының партия комитетінің хаты, Шымкент партия кадры мектебінің батыр туралы құжаттары (мінездеме, бұйрықтан 3 үзінді, кадрдың есебі бойынша жеке іс парағы), «Приуралье» газетіндегі «Непобедимый сержант» атты мақаласы, батырға мінездеме, батырға өмірбаяндық мағлұмат (көшірме), батырдың өмірбаяны (көшірме), батырға пионер жетекшісінің мінездемесі (көшірме), Камен ауданының аудандық мемлекеттік мұрағатының хаты, батырға тізімдеме ақпараты, 7 сынып бітіргені туралы куәлігінің көшірмесі, батырдың марапатталуы туралы мәлімет, мақтау грамотасы (көшірме), Қазақстан Коммунистік (большевиктік) партиясының Батыс Қазақстан айтақтық комитетінің үгіт насихат бөлімінің жолдамасы, батырға мінездеме, фотосуреттері жатады [12, 63-п].

4. Масин Темір Джантекевич – капитан, 1907 жылы Батыс Қазақстан облысының Орда ауданында туған. 1928 жылы Орда ауылындағы Бөкей педагогикалық техникумын бітірді.

БҚО мұрағаты қорында сақталған Т.Д. Масиннің өмірбаяндық құжаттарына: партия мұрағатына хат, хаттамадан үзінді, батырға мінездеме, бөлім командирі подполковник Казанковтың хаты, мұрағат бөлімінің хатына Әскери бөлімі командирінің жауабы, өмірбаяны, кадрдың есебі бойынша жеке іс парағы, марапаттау парағы жатады [13, 1-п].

5. Шевцов Георгий Григорьевич – 1908 жылы Батыс Қазақстан облысы, Шынғырлау ауданы, Чилик ауылында кедей-шаруа отбасында туған.

Г. Г. Шевцовтың өмірбаяндық құжаттарына: ерлігінің сипаттамасы (облыстық әскери комисариатынан ақпарат), марапаттау парағы, 21.06.1945 ж. батырдың өмірбаяны (көшірме), батыр туралы Бөрлі ауданының Жәнібек ауылдық кеңесінің хаты, батырдың хаты (көшірме), ауылдық кеңесінің басшысы Мукановтың батырдың өмірбаяны туралы, батыр туралы өмірбаяндық ақпарат, батырдың хаты (түпнұсқа), батырдың әпкесі Пелагие Григорьевнаға жазған хаты (көшірме), батыр атағы берілгені туралы КСРО Жоғарғы Кеңесінің

грамотасы (көшірме), Облыстық мемлекеттік мұрағатының ғылыми қызметкері Колузановтың батыр туралы жазған өмірбаяны, Каз. СРО ІІМ жолдамасы, батырдың Жоғарғы Кеңес төралқасының батырдың жолдасына жазған хаты, батырдың баласына бөлім командирінің жазған хаты, батырдың әпкесіне жазған хаты, әскери бөлімнен келген хабарлама, фотосуреттері жатады [14, 29-п].

Ұлы Жеңіске әртүрлі көзқарастар пайда болды. Бір кезде шын жеңімпаздардың кім екендігі, қай мемлекет пен халықтың жеңіске қандай үлес қос-қаны даусыз айқын болса, енді қазіргі постмодерндік Еуропаның тарихи және саяси жадында әлдеқашан тарихтың ескі үйіндісіне кеткен саяси қара күйелер қайта бықсып, жандана бастады. Тарихи және саяси тұрғыдан әлдеқашан түпкілікті және даусыз айқындалған мәселелер қазіргі саясаттың күн тәртібіне шығуда. Тарихи бұрмалаудың басты нысанына кеңес халқының – біздің әкелеріміздің Жеңісі ілінді. Ол бұрын да болған. Бірақ соңғы кезеңде ол соншама ашық жүргізілуде. Еуропада соңғы жылдары кеңес солдатының – біздің әкелеріміздің азаттық миссиясын – «демократияның жеңілісі», кеңес солдатының ерлігін – «тағылық», әскери қылмыстарды – «геноцид» деп атай, бағалай бастады. Екінші дүниежүзілік соғыстың тарихын қайта жазуға, Нюрнберг процесінің қорытындыларын қайта қарауға деген пиғыл бой көтерді. Осының барлығы бізге екінші дүниежүзілік, Ұлы Отан соғысы туралы шындықты жас ұрпақ санасына қайта-қайта жеткізіп отыруды міндеттейді. Әрине соғысты, оның қорытындыларын бағалауда әр ұрпақтың өз көзқарасы болуы мүмкін. Уақыттың тарихи-саяси оқиғаларды бағалауға, саралауға өз таңбасын салуы – табиғи құбылыс [15].

Біз, соғыстан кейін туған ұрпақ кешегі Ұлы Отан соғысы жылдарындағы аға ұрпақтың – қазақтар мен қазақстандықтардың жанкешті ерлігі туралы тек оқулықтардан, көркем әдебиеттен және кино туындылардан ғана білеміз. Ұлы Отан соғысында қаза тапқан боздақтардың рухына бас ииіп, олардың ерлігінің саяси-тарихи, елдік мәні туралы ойлану, пайымдау – кейінгі буынның азаматтық парызы. Соғыста біздің әкелеріміз ежелден еркіндік аңсаған ер қазақтың өршіл рухын, батырлығын әлемге паш етті. Қазақ ұлты ұландарының антқа адалдығын көрсетті. Отан соғысы майдандарында, жау тылындағы партизандар мен Еуропа елдеріндегі қарсыласу қозғалысы қатарында шайқасып, фашизм концлагерьлерінде қаза тапқан өжет, қайсар қандастарымыз рухына бас иеміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін): Бес томдық. 4 т. / Ред. Қ.С. Алдажұманов, Ж.Б. Әбілғожин және т.б. – Алматы: Атамұра, 2010. – 752 б.

2 Нәріков Н. Жайықтың жарық жұлдыздары. Очерктер. Өлеңдер. Мақалалар. – Орал, 2005. – 92 б.

3 Сүндетұлы Қ. Қаһарлы жылдар шежіресі (1941-1945 ж.ж.). – «Атырау-Ақпарат» ЖШС баспаханасы, 2015. – 303 б.

4 ҚазТАГ. Қазақстан баспасөзі // Социалистік құрылыс. – 1940. 6 мамыр.

5 Ақтөбе Облыстық Мемлекеттік Мұрағаты, 396-қ., 1-т., 5-і.

6 Далабаев Б. Қазақстандықтар Сталинград шайқасында. – Алматы, «Қазақстан», 1977. – 140 б.

7 Домбай Н. Қаһарман қыз Хиуаз. (Әскери ұшқыштың жазбалары, естеліктер, очерктер, мақалалар, сұхбаттар, өлеңдер). – Алматы: «Ана тілі» баспасы ЖШС, 2012. – 296 б.

8 Қазақтың батыр қызы Мәншүк Маметова. alashainasy.kz. 2015.

9 Батыс Қазақстан Облыстық Мемлекеттік Мұрағаты, 39-қор, 1-тізім, 15-іс.

10 БҚО ММ, 39-қор, 1-тізім, 1-іс.

11 БҚО ММ, 39-қор, 1-тізім, 2-іс.

12 БҚО ММ, 39-қор, 1-тізім, 8-іс.

13 БҚО ММ, 39-қор, 1-тізім, 13а-іс.

14 БҚО ММ, 39-қор, 1-тізім, 32-іс.

15 Қалиев Н. Жеңіс жаңғырықтары. egemen.kz. 2010.

ҒТАМР 03.20

ҚУАНАЙ ҚОСДӘУЛЕТОВ – САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНЫ

Д.Е. Есеналина
Магистрант, М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ.

Бұл мақалада Батыс Қазақстан өңірінде дін қайраткері болған Қуанай Қосдәулетов туралы баяндалады. Қуанай хазіреттің кеңестік билік тұсында ислам дінін таратуда сіңірген еңбегі, сонымен қатар, Алашорда үкіметінің батыс бөлімінің жетекшілері Жаханша Досмұхамедов, Халел Досмұхамедовтармен бірге үзеңгілес болып, Алаш идеясына қызмет еткені туралы айтылады. Мақалада тұлғаның өмірі мен қызметіне қатысты зерттеулермен қатар, бұрын жарияланбаған архив деректері берілген.

Түйін сөздер. Алаш, хазірет, мұқтасиб, қуғын-сүргін, қайраткер, Қуанай Қосдәулетов.

Кезінде Алаш автономиясын құруда жанкешті еңбек сіңіріп, кейін сол істері үшін Кеңес үкіметінің қуғын-сүргініне ұшырап құрбан болған қайраткер тұлғалар туралы біршама деректер белгілі болып жатыр.

Осындай Алаш қайраткерлерінің бірі – Қуанай Қосдәулетов. Жергілікті халық арасында Қуанай хазірет атымен белгілі болғанымен, тұлғаның өмірі мен қызметі туралы толық зерттелген жоқ. Өңір халқына діндардығымен танымал, ел арасында беделді Қуанай хазірет Алашорда автономиясының батыс бөлімшесінің рухани жетекшісі болған. Әр кезеңде ел басқарған көсемдердің жанында елді бірлікке шақырып, ханға ақыл-кеңес беріп отыратын батагөй ақсақалдардың болғаны белгілі. Мысалы, Абылай заманында Бұқар, Үмбетей жыраулар болса, Батыс Алашорда көсемдерінің жанында Қуанай Қосдәулетұлы, Хасан Нұрмұхамбетұлы сынды тұлғалар халықты бір идеяға біріктіруге қызмет етті.

Ендеше, саналы ғұмырын елдің болашағы үшін, дін үшін күреске арнаған Алаш қайраткері, әулие Қуанай Қосдәулетұлы туралы қолда бар деректер арқылы баяндасақ.

Тұлғаның туған жылы кейбір деректерде 1859, бір мәліметте 1863 жыл деп беріледі. Ол қазіргі Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданына қарасты Қособа ауылдық округі аумағындағы Қоспа деген мекенде дүниеге келген екен. Әкесі Қосдәулет қарапайым шаруа болған. Руы Байбақтының Шолан бөлімінен. НКВД тергеушілеріне берген жауабында алғашқы білімді ауыл молдаларынан алғанын айтады. Ал Қуанайдың өскен жері – атақты Шүйеке хазірет –

Сүйінішқали шейх Өтемісұлының ауылы болатын. Одан кейін Орал қаласында Ғабдырафақұлы, Әли деген қалпелерге шәкірт болады. Кейін Бұқара қаласында діни білімін жетілдірген. Ел арасындағы әңгімеде оның Түркиядағы атақты Ая-София мешітінде имам болғаны айтылады. Шамасы, бұл 1914 жылдары хазіреттің Мекке-Мәдинаға жасаған қажылық сапарындағы оқиға болса керек.

Алаш қайраткері туралы алғашқы дерек 1912 жылдан бастап кездеседі. Орал қаласынан шыққан «Қазақстан» газетінің 1912 жылғы 4 ақпандағы №6 санында Мир-Ғазиз Зиннуров деген автор өзінің «Жымпиты (Қызыл үй)» деген мақаласында мынадай жолдарды келтірген: «Бұл мектептердің (Қоспадағы мұсылман мектебінің – Д.Е.) басында болған (тұрған) адамдарды жазбай қалдыру қиянат болар: Қоспада Қуанай нәм ишан әмме Қызыл үйдегі мектеп басында Ғабидолла нәм қалпе. Бұл адамдар һәр екеуі де халық үшін пайдалы адамдар һәм оқымысты адамдар. Хасуса Қуанай хазірет ғайратлы адам» [1].

Бұл жолдардан Қ. Қосдәулетовтың төңкеріске дейін бала оқытумен айналысқанын байқауға болады. Жалпы ХХ ғасырдың басында батыс өңірде дін қайраткерлерінің өте белсенді, ықпалды болғанын айта кеткен жөн. Мәселен, 1905 жылы молдалар мен имамдар дін мен жер мәселесін көтеріп, Петерборға министрлерге хат жазған [2]. 1916 жылы бөкейлік мұхтасиб Нығметолла Ибрагимов пен Ғұбайдолла қалпе Ахметов та Петерборға жер мен дін мәселесі бойынша барған. Сол сапарда Сейітқали Меңдешев тілмаш болып жүрген деседі.

1916 жылғы маусымдағы патша жарлығы кезінде Қуанай хазірет Жымпиты уезінің көтеріліске дайындалған жігіттерімен бірнеше рет кездесіп оларды райынан қайтарған. «Бұл жағдайда көзі ашық хазірет ұлт көсемі Әлихан Бөкейхановтың «қазақ баласы майданға барсын, соғыс тәртібі мен өнерін үйрене берсін, үкіметке қарсы шығып, бекер қырылмасын» деген көзқарасын қолдаған» деп жазады тұлға туралы зерттеуші, өлкетанушы Қазыбек Құттымұратұлы [3].

1917 жылдың соңында Жымпитыда Алашорда үкіметінің батыс бөлімі қалыптасқан кезде Қуанай Қосдәулетұлы да Алаш ардақтыларымен бірге болды. Тергеу кезіндегі құжаттардарда хазірет туралы «Дін және Алашорда сиездеріне белсенді қатысушы» деп көрсетеді. Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» романында оның ел арасында беделді болғаны жөнінде мынадай жолдар кездеседі: «Қуанай хазіретті білмейтін Орал облысында бала жоқ. Қуанай хазіретті Үпідегі, Қазандағы ноғай-башқұрттың мүптилері де біледі. Мүпти де Қуанайды сыйлайды. Қуанай «әулие». Хазірет босқа сөз сөйлемейді. Хазіреттің әрбір сөйлеген сөзі ем. Хазірет ызбарланып, айнала қарап қояды. Үкімет мүшелері молдадан қорыққан балаларға ұқсап сызылып отыр» [4]. Мысқыл араластыра жазылғанымен, шынында Қуанай хазіреттің халық арасындағы абырой-беделі жоғары болатын.

Келесі бір деректерде Қуанай хазірет Жаһанша мен Халелдің бала күнінде оларға бата бергені жөнінде айтылады. 1896 жылы маусымда Тана руынан, әлділерінің бірі Досмұхамбет баласы Жаһаншаны Оралдағы әскери реалдық училищеге оқуға аттандырар алдында Соналы боласының старшыны –

Ақшолақ Сарықожаұлын, көршілес Дат тұқымы Сырымның баласы – Ресей әскерінің полковнигі – тархан Қазы бидің баласы – Омарды, Тайсойғаннан шақырылған беріш руының танымалысы – Досмұхамбетті (Халелдің әкесі) т.б. атқамінерлерді батаға жинайды. Ас соңында Қуанай хазірет Жаһаншаға:

«Арап ашқан қаріптің,
Жел жағына жота бол!
Панасызға пана бол!
Кек сақтамас бала бол!
Дос сүйсініп қас силар, асу бермес дана бол!»

– деп бата қылған екен-[5].

Қуанайдың ел арасындағы беделді болғаны туралы оның шәкірті болған жымпитылық Құдыс молданың да әңгімесінен байқауға болады. Ол тұтқындалған Хазіретті елге әкелгенде халықтың оны қалай қаумалап қарсы алғанын баяндайды [6].

Алашорда үкіметі тарап, Кеңес үкіметінің орнай бастаған кезінде дін өкілдеріне сәл ерік берілді. Осы кезде Уфа қаласында мұсылмандарының Орталық діни басқармасы (ЦДУМ) құрылып, онда ислам дінінің қайраткерлері жиі бас қосып тұратын. Батыс Қазақстан өңірінің мұқтасибі ретінде Қуанай хазірет те дін өкілдері бас қосқан сиезден шет қалмады. 1923 жылы Уфаға барған сапарында ондағы діни басқарманың төрағасы Кашафутдин Тәржімановтан Батыс Қазақстан өңірінде мешіттер мен медреселерді қайта қалпына келтіру туралы тапсырма алып қайтады.

Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік архивінің №249 қорындағы «Материалы (инструкции, указания, списки церквей, мечетей и духовных лиц по Джамбейтинскому уезду) по отделению церкви от государства» деп аталатын №20 істе 1924 жылы Жымпитыда өткен мұсылмандар сиезінің құжаттары сақталған. Аталған сиез Фарид Шируанов деген имамның төрағалық етуімен тек жымпитылық 60 молданың қатысуымен өткен. Сиез хаттамасында жиналыстың күнтәртібінде төрт мәселенің үшіншісі «Жымпиты үйезінде Жымпиты үйезінің мұсылман қазақ халқының діни істерін қарап басқарып тұру үшін діни бір комиссия сайлау (үш кісіден құралған)» – деп көрсетілген [7]. Осы құжатта «Жымпиты үйезінің мұсылмандарының ісін басқару үшін Жымпиты шаһарында бір діни сайлау ісі қаралып, бұған мүше болуға Қ.Қосдәулетұлы, Хамидолла Тәржімәнұлы, Фарид Шируанов көрсетілді» – деп қаулы алынған.

1926 жылы 25 қазан мен 4 қараша аралығында Уфада өткен Бүкіл мұсылмандардың 3-ші сиезінде Ресейдің түкпір-түкпірінен жиналған 427 делегаттың, Қазақстаннан барған 130 өкілдің бірі Қуанай хазірет болатын. Сол жиында Қуанай хазірет арнайы баяндама жасап, ел ішінде атқарылған жұмыстарына есеп беріпті. Оның мұхтасибтік құзыретіне ел ішінде шариғат шарттарының сақталуын қадағалау, күпірліктің алдын алу, халық ағарту жұмыстарын ұйымдастыру секілді сан-салалы міндеттер кіретін. Күннен-күнге

күш алып келе жатқан құдайсыз кеңес өкіметінде дін тарату жалаң қылыштың жүзімен жалаңаяқ жүргендей еді [3].

Алашорда үкіметінің белсенді мүшесі әрі ислам дінінің көрнекті өкілі болған Қуанай Қосдәулетовты Кеңес үкіметі «аса қауіпті» деп санап, ерекше назарда ұстаған. Оны қудалау ісі 1925 жылдан басталды. РСФСР Конституциясының 65 бабы және Қазақ ОАК-тың 1925 жылғы 9 мамырдағы нұсқаулығы бойынша дін өкілі ретінде сайлау құқынан айырады [8].

1928 жылы 27 тамыздағы Қазақ ОАК-нің «Қазақ байларын тәркілеу туралы» декреті шыққан соң Орал округінен 71 байдың тізімі анықталып, мүлкі тәркіленіп, өздерін Жетісу өңіріне жер аударады. Аталған 71 байдың 56-ы ірі бай ретінде I топқа жатқызылса, II топтың тізіміне орта ауқаттылар енгізілген. Алғашында жасақталған тізімде болмаса да, кейіннен Кеңес үкіметіне «аса қауіпті» тұлға санатына жатқызылған Қуанай хазірет II топқа жататын Махмуд Сүйінішқалиұлының орнына тізімге енгізілген екен-[9]. Батыс Қазақстан облысы мемлекеттік архивінің №992 қорының 1 тізімдегі № 2 істе мынадай мәліметтер келтірілген: «Қосдәулетов Қуанай – 69 жаста. Руы алаша. Ауыл молдасы. Қособа ауылы, Жымпиты ауданы, Орал округі. Тізімде бар. Алынған мал саны көрсетілмеген. Кеңестік тап күресінің қарсыласы санатында екінші топқа жатқызылып тәркіленген» [10].

Келесі бір деректе: «Қуанай Қосдәулетов – 1859 жылы Орал округі, Жымпиты уезі №8 ауылда (Қособа) орта шаруасы бар от-басында дүниеге келген. Руы Байбақты – Түкіш. Әкесі Қосдәулет бай болды дегеннің өзінде жеке малын 20 бас ірі қарадан артық ұстамапты. 1929 жылы 29 қаңтарда НКВД тергеушісіне берген жауабында айтылғандай, Қуанайда 1917 жылы 40-50 шамалы ірі қара мал болған. 1928 жылы 27 тамыздағы ҚазЦИК-тің декреті алдында жеке меншігінде 93 қойы, 11 жылқысы, 16 ірі қарасы, 2 түйесі болғандықтан, мал-мүлкі тәркіленген. Осы кезде оның екі қыстауы, екі қатыны болған. Екі киіз үйін бәйбішесі мен тоқалы пайдаланған. Отбасында інісін қосқанда, алты кісі, бәйбішесі өлгеннен кейін бәрі бірге тұрған. Бай ретінде, Қуанай Жетісу жаққа жер аударылған» делінген [5]. 1928 жылдың 1 қыркүйегі мен 20 қарашасы арасында жедел түрде өткізілген тәркілеу шарасы бай санатына кірмесе де Қуанай Қосдәулетовтың тағдырына осылайша әсер еткен.

1928 жылы Орал губернасының ең ірі 71 байы қатарында II категория бойынша мал-мүлкі тәркіленіп, Жетісуға жер аударылғаны жөнінде ҚР орталық мемлекеттік мұрағатында да дерек сақталған [11].

Кеңес үкіметінің құйтұрқы саясаты байларды алдымен Жетісуға, кейін Ресейдің ішкі аудандарына жер аударуды алыстан ойластырған болса керек. Қуанай Қосдәулетовты ОГПУ 1929 жылы 28 қаңтарда Алматы облысында тұтқындаған. Хазіретке қатысты сот үкімі 1929 жылы 30 мамырда шығыпты. Сол кездің өзінде оны әйгілі 58-баптың 10-тармағы – «антикеңестік үгіт-насихат таратты» деп айыптап, үш жылға Курск губерниясына жер аударуға үкім шығарған.

Қуанай хазіреттің өмір жолы туралы алғашқы толымды еңбек жазған ҰҚК саласының ардагері Қуаныш Қитаров пен өлкетанушы Қайыржан

Хасановтың «Саяси қуғындар тағдырлары» кітабында Қуанай хазіреттің Халел Досмұхамедұлына жазған хаты жарияланған: «Бауырым Халил Досмұхамедұлы! Сізге деген құрметімді білдіре отырып, біз де осы жерге келгенімізді мағлұм етейін дедім. Сіздің Алматыда екеніңізді есітіп, бек қуандым. Қызылордада Жаһаншаһпен кездесе алмай қапа болып едім. Сіздің Алматыда екеніңіз алаң көңілімізге аздап медеу болды. Алашорда сиезі кезіндегі достығымыз ұмытыла қоймаған болар деген үмітім зор. Мен қазір қартайдым, мал-мүлкім одан бұрын тәркіге түсті. Өзім түрменің де дәмін таттым, қазір мұңымды кімге шағарымды да білмеймін. Өзіңізбен бір кездесу нәсіп болар деген үмітім бар. Ұлым Мұхамед-Зәкірді осы хатпен жіберіп, сізге һәм Жаһаншаһқа сәлем айтам» [12]. Бұл хат оны Алматы қаласында тұтқындаған кезде қалтасынан табылған делінеді. Ол кезде хазіреттің отбасы Қазақ көшесі №7 үйде тұрған екен.

Үш жыл мерзімін өтеген Қуанай 1932 жылы елге оралады. Қайтар жолда Уфа қаласына соғып, Хошаф Тәржіманұлы мен Маһди Мақұловпен кездесіп, дін ісі жөнінде кеңеседі. Дегенмен, бұл сапардан Қуанай хазірет ауыр науқас болып оралады. Ол туралы 1937 жылы тұтқындалған кезде тергеушілерге берген жауабында айтады. Онда айдаудан келген соң денсаулығына байланысты айтарлықтай іс тындырмағанын, өзінің ісін жалғастыруды ұлы Зәкірге тапсырғандығын атап өтеді [12].

Алайда 1937 жылы «халық жауларын» жаппай әшкерелеу науқаны басталған кезде Алашорда үкіметінің құрылуына қатысқан Қуанай Қосдәулетов қуғын-сүргіннен аман қалуы мүмкін емес еді. Облыстық «Екпінді құрылыс» газетінің 1937 жылғы 15 тамыздағы №186 санында «Дінге қарсы пропаганда жұмысы нашар» деген мақала шыққан: «Қособа ауылында Қуанай ишан Орал мен Жымпитының арасына жүруіне расходқа деп жәрдем жинаған» деп көрсетеді [13]. Бұл тұлғаны қаралауға себеп еді. 1937 жылы әйгілі «Орталық Мұсылмандар діни басқармасы ісі» («Дело ЦДУМ») бойынша Уфа қаласындағы діни басқарма төрағасының орынбасарлары Кашафутдин Тәржіманов пен Маһди Мақұлов басқарды делінетін астыртын топ алдымен сотталса, осы ұйымның Батыс Қазақстан өңіріндегі қанатына жетекшілік етті деген желеумен белгілі дін қайраткерлері Қуанай Қосдәулетов пен Хасан Нұрмұхамедұлы бастаған бір топ адамды 1937 жылы 29 қазанда тұтқынға алынды. Тергеушілер жасы 80-ге таяған, төсектен тұра алмай жатқан хазіретті түрмеге зембілге салып алып кеткен [3].

Қуанай хазіретті тұтқындау оқиғасы туралы Қособа ауылының тұрғыны 1930 жылы туған, бүгінде марқұм болған Ақажан Бұқарниязованың естеліктерінде былай баяндайды: «Мен ол кезде 7 жасар баламын. Қуанай Көшкінбай ағасының Құлемес деген баласының үйіне қонаға келген екен. Құлемес ағасына бір тоқты сойып, қонақасы беріпті. Сол кеште 14 адам болған екен. Таң намазынан кейін демалып жатқан кезде жиналған 14 адамды «алып кететіндер» алып кетті» [14].

1937 жылғы 5 желтоқсанда УСФСР ҚК 58-2, 58-6, 58-7, 58-11 баптарына сәйкес УНКВД-ның БҚО бойынша үштігі сотталған. «Батыс Қазақстан

облысында кең тармақталған контрреволюциялық панисламистік бай-молда, бүлікшіл, шпиондық, диверсиялық ұйым әшкереленді. Ұйымның мақсаты – Кеңес өкіметін құлатып, Қазақстанды КСРО-дан бөліп алып, Жапония протекторатындағы буржуазиялық ұлтшыл мемлекет құру болған» деп айып тағылып, үштіктің шешімі бойынша «Атылсын. Жеке өзіне тиесілі мүлкі тәркіленсін» деген үкім шығарылған. 1937 жылғы 7 желтоқсанда сағат 21.30-да үкім орындалған.

Қуанай Қосдәулетовтың қылмыстық істері Алматы облыстық ІІМ арнайы архивінде және БҚО ІІД арнайы архивінде сақталған. Батыс Қазақстан облыстық соты президиумының 1965 жылғы 27 қазандағы қаулысымен ақталған және 1999 жылы 15 шілдеде Алматы облыстық прокуратурасы ақтаған.

9 Sennar K. The artificial intelligence tutor – the current possibilities of smart virtual learning. Feb, 2019. URL: https://emerj.com/ai-sectoroverviews/artificial-intelligence-tutor-currentpossibilities-smart-virtual-learning.

10 Hutchins D. How Artificial Intelligence is Boosting Personalization in Higher Education. EDTech. URL: https://edtechmagazine.com/higher/article/2017/11/ai-boosts-personalized-learning-higher-education.

ҒТАМР 30.51.15

КӨПКОМПОНЕНТТІ ГАЗ ҚОСПАСЫНДАҒЫ ДИФФУЗИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТІҢ ТҰРАҚСЫЗДЫҒЫНЫҢ БАРИКАЛЫҚ ТӘУЕЛДІЛІГІН ЗЕРТТЕУ

М.К. Асембаева
Ф.-м.ғ.к., доцент, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ.
Г.С. Секен
Магистрант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ.

Көмірсутекті қоспаларды тасымалдау кезінде энергия шығынын азайту, олардың экологиялық қауіпсіздігі жеткізу коммуникациялары, қысым мен температураның кең интервалындағы газдардың қасиеттері туралы өте көп ақпараттың болуын болжайды. Бұл мәселелер соңғы тұтынушыға көмірсутекті қоспаларды жеткізумен байланысты технологиялар үшін өзекті болып табылады.

Газ жүйелеріндегі массатасымалдау процестерінің әртүрлі түрлерін зерттегенде, диффузия заңдылықтарын ескерусіз, көпфакторлы компоненттердің қосындысымен байланысты нақты көрініс елестету мүмкін емес. Көпкомпонентті қоспаларда диффузия және конвективті тасымалдау туралы тәжірибелік және теориялық білім газ компонентімен және тазартумен байланысты.

Нәтижелері: массатасымалдау процестеріне 0,569He + 0,431N2O – 0,561CH4 + 0,439C3H8 газ жүйесі диффузиялық каналда зерттелді.

Түйін сөздер: диффузия, диффузиялық араласу, конвекция, газ жүйесі, компонент.

Балласты газды көрсеткіш ретінде пайдалана отырып, компоненттердің нақты молекулалық тасымалдануын анықтауға және гидродинамикалық компонентті оқшаулауға болады және оны кейбір қабаттасқан әсерлерді, соның ішінде, бароэффект, кері диффузия, көп компонентті диффузиядағы диффузиялық тосқауылды зерттеу үшін қолдануға болады. Бұл әсерлердің ең маңыздысы механикалық тепе-теңдіктің тұрақсыздығы, бұл ауырлық өрісінде гравитациялық концентрация конвекциясының пайда болуына әкеледі. Кейбір жүйелер үшін ол бастапқы тұрақты тығыздық стратификациясында пайда болады. Тәжірибе нәтижелерінен, диффузиялық процесс тұрақсыз болған жағдайда, диффузиялық аппараттың төменгі колбасында балласт газының концентрациясы жоғарылайтыны (әдеттегі диффузия жағдайында, керісінше,

жоғарғы колбада) жоғарылайды, яғни, көпкомпонентті масса алмасу ерекшеліктерінің бірі «қарсы диффузия» немесе «кері диффузия» деп аталатын өзін көрсетеді [1-3].

Соңғы зерттеулер тұрақсыздықтың басталуына әкелетін бірқатар жағдайларды сипаттауға ғана емес, сонымен қатар, процестің тағы бір ерекшелігін – еріткіш газдың диффузиялық канал арқылы айналымын, яғни, оны диффузиялық аппараттың бір колбасынан екіншісіне ауыстыру, кейіннен біріншісіне қайта оралуына алып келді [4-5].

Біздің зерттеулерімізде негізгі компоненттер жалғыз емес, әрқайсысы жеке газбен сұйылтылған, бірақ олардың қасиеттері бойынша шамамен бірдей болды (тығыздығы, тұтқырлығы). Егер барлық басқа шарттар тең болған кезде балласт газының бастапқы градиенті әрқашан нөлге тең болса, онда бұл екі құрамдас қарама-қарсы бағытта бірдей меншікті градиенттерге ие болады және олар диффузиялық тұрақсыздық көрінісінің сипатына әсер етуі мүмкін.

Осыған байланысты біз төрт компонентті газды екі He + N2O – CH4 + C3H8 жүйесін зерттедік. Сандық өлшеулер үшін негізгі диффузиялық газдарға қатысты диффузиялық қасиеттері бойынша бір-бірінен онша ерекшеленбеген екі компоненттен тұратын балласт газының әдісі өзгертілді. Мұндай тәжірибені жүргізу үшін жоғарғы колбадағы азот оксиді қажетті шартты барынша қанағаттандыратын пропанмен ауыстырылды.

Бұл мақалада 0,569He + 0,431N2O – 0,561CH4 + 0,439C3H8 жүйелері үшін диффузиялық азот оксиді концентрациясының қысымға тәуелділігін зерттеу нәтижелері берілген (компонент концентрациясы мольдік фракцияларда берілген). Тәжірибелер екі колба әдісімен жүргізілді [6]. Эксперименттік қондырғы екі бөлімнен тұрды. Бірінші бөлік – газды дайындау қондырғысы, А және В газ баллондарынан, вентильдер 1-10, мембраналық сепараторлар 11, үлгілік манометрлер 12, теңестіру ыдысы 13. Екінші негізгі бөлік – екі колбалы аппараттың өзі, ол ұңғымаға орналастырылған. термостат. Аппараттың колбаларының көлемдері бірдей болды және 62,0 см 3 құрады. Диффузиялық каналдың ұзындығы мен диаметрі сәйкесінше 63,1 және 4,0 мм-ге тең болды. 298,0 К температурадағы барлық тәжірибелердің ұзақтығы 1 сағатты құрады. Эксперименттік қондырғының схемасы 1-суретте көрсетілген.



Сурет 1. Эксперименттік қондырғы.

А,В – сынақ газдары бар баллондар; 1-10 – крандар; 11 – мембраналық бөлгіштер; 12 – үлгілік манометрлер; 13 – теңестіру ыдысы, 14 – төменгі колба, 16 – жоғарғы колба, 17 – фторопластикалық таблетка, 19 – тұтқа.

Диффузиялық колбалар 14 және 16, 15 каналдармен жалғанған цилиндрлік ыдыстар түрінде жасалады. Каналдардың ұштары колбалардың орталықтарында орналастырылған, бұл жағдайда диффузиялық компоненттердің концентрациясының таралуы көлемдердің центріне қатысты сфералық симметриялы болады деп есептейміз. Екі колбалы аппарат термостаттың жұмыс камерасында тігінен орналасты. Канал жоғарғы колбада болтқа бекітілген және тек тік бағытта алға жылжи алатын фторопластикалық таблеткамен 17 жабылған. Болттың қозғалысы түтікте орналасқан тұтқаны 19 қамтамасыз етеді.

Блоктау құрылғысының конструкциясы эксперименттің басы мен аяғындағы диффузиялық камералардың көлемдерінің тұрақтылығын бұзбайды (ашу және жабу кезінде), ол әртүрлі температура мен қысымда сенімді және қолдануға оңай.

Диффузиялық аппаратта жұмыс істеу әдісі келесідей болды: 14 және 15 көлемдерді (1-суретті қараңыз) зерттелетін газдармен толтыру диффузиялық аппаратта эксперименттің белгіленген температурасы орнатылғаннан кейін басталады, бұл кезде капилляр 16 бітеліп қалады, яғни колбалар 14 және 15 бөлінеді. Құю алдында 14 және 15 колбалар форвакуумдық сорғымен қайта-қайта сорылады, содан кейін А және В цилиндрлеріндегі газдар қоспасымен тазартылады. Колбалардағы қысымды үлгілік манометрлер 12, атмосфералық қысымды – манометр – МБП барометрі бақылайды. Әрбір колба белгілі бір артық қысымға дейін толтырылды (тәжірибелік қысымның 7-10%), содан кейін екі колба да 5 және 6 крандары арқылы теңестіру ыдысына қосылды, бұл 14 және 15 диффузиялық колбалардағы қысымды теңестіруге мүмкіндік берді. Артық газдар атмосфераға шығарылды. Жеткізу түтіктері мен теңестіру көлемі газдардың бір колбадан екіншісіне ауысуын толығымен болдырмайтындай болды.

14 және 15 колбалардағы қысымды мұқият теңестіргеннен кейін диффузиялық каналды 16 фторопластикалық таблеткамен 17 ашу сәті тәжірибенің басын бекітті және бір уақытта секундомер қосылды. Тәжірибе аяқталғаннан кейін аппараттың колбалары қайтадан ажыратылып, процестің уақыты белгіленді. Диффузия процесі аяқталғаннан кейін Хром-4 хроматографында құрылғының жоғарғы және төменгі колбаларынан да газдарды талдау жүргізілді. Хроматографиялық әдіспен талдаудағы концентрация қатесі – 0,3 %.



Сурет 2. Қысымға байланысты диффузиялық тұрақсыз жүйелерге арналған аппараттың жоғарғы колбасындағы N2O концентрациясының өзгеруі.
♦, □ белгілері – жүйелерге арналған эксперимент нәтижелері; сызық – сәйкесінше жүйе үшін.
Жүйе: 0,569He + 0,431N2O – 0,561CH4 + 0,439C3H8
Берілген N2O концентрациясының қысымға тәуелділігі

Теориялық сызықтар Стефан-Максвелл теориясы бойынша концентрациялардың бастапқы таралуының орнықты процесі болжамы бойынша алынды. Теориялық есептеуді 1-суретте көрсетілген тәжірибелік мәліметтермен салыстыру конвекцияның диффузияға әсерін бағалауға мүмкіндік береді. процесс. Есептеулер 2 МПа қысым аралығымен жүргізілді.

0,6 МПа-ға дейінгі артық қысымда аппараттың колбаларында бастапқы уақытта біркелкі бөлінген еріткіш газдың концентрациясы (жоғарғы колбаның деректері) тұрақты болып қалады. Бұл араластырудың диффузиялық процесіне сәйкес келеді. Қысымның одан әрі жоғарылауы қысымды аппараттың төменгі колбасында азот оксидінің концентрациясының 0,6 МПа дейін жоғарылауына әкеледі. Графиктен көрініп тұрғандай, конвективті араластыру күрделі сипатқа ие: шамамен 0,8 МПа қысымда конвективтік ағынның бағыты керісінше өзгерді, содан кейін 1,4 МПа қысымда балласт газының ағынының бағыты қайтадан өзгерді және диффузияның тұрақты сипатының бұзылуын және конвективті ағындардың пайда болуын көрсететін өзгерістер – диффузиялық тұрақсыздық пайда болды.

Сонымен, тәжірибелік мәліметтер бойынша, балласт газы бар газ қоспаларында қысым жоғарылаған сайын тұрақты диффузия және тұрақсыз конвективтік араласу аймақтары байқалады. 0,57He + 0,43C3H8-0,58CH4 + 0,42C3H8 жүйесі үшін диффузиядан конвективті араластыруға өту қысымы 0,6 МПа. Балласты газ ағынының бағыты қысыммен өзгереді. Бұл, шамасы, тұрақсыз диффузиялық араластыру процесінің күрделі сипатына және араласатын газ қоспаларының нақты қасиеттерінің көрінісіне байланысты.

Осылайша, He + N2O-CH4 + C3H8 жүйесін зерттеу тұрақсыз диффузиялық процесте пропанның берілуі гелий мен пропан қоспасының метан мен пропан қоспасына диффузиясы кезінде азот оксидінің берілуінен айтарлықтай асып түсетінін көрсетті, өйткені, бұл жүйеде пропан ағындарын қарама-қарсы бағытта бөлу мүмкін емес. Бұл He + N2O-CH4 + C3H8 жүйесінде тұрақсыз процесс кезінде еріткіш газ (азот оксиді) бір колбадан екінші колбаға диффузиялық арна арқылы айналады, процеске үздіксіз қатысады. Төменгі колбаға азот тотығы конвективтік ағынмен, оның тығыздығы сол жерде орналасқан қоспаның орташа тығыздығынан үлкен, ал жоғарғы колбаға қоспаның орташа тығыздығынан төмен тығыздықпен беріледі. Алынған мәліметтерден балласт газының айналымы ұзақ уақыт бойы диффузияның тұрақсыз сипатын сақтауға мүмкіндік беретіні анықталды. Бұл жағдайда процесс өзін-өзі ұйымдастырады (өзін-өзі жаңғырту). Мұндай өзін-өзі ұстау пропанның жеткілікті концентрациясында негізгі диффузиялық газдар (гелий және метан) тұрақсыз диффузияға әкелетін құрылымдардың пайда болуына ықпал еткенше жалғасады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Айткожаев А.З., Жаврин Ю.И., Косов Н.Д. О переносе газа-разбавителя в трехкомпонентной системе в случае неустойчивого диффузионного процесса. Изв АН КазССР, серия физ.– мат. 1991, №6. – С. 88-92.

2 Айткожаев А.З., Жаврин Ю.И., Косов В.Н., Косов Н.Д. Концентрационная конвекция в изотермических трехкомпонентных газовых смесях с балластным газом. Доклады НАН РК. 1993, №2. – С. 21-26.

3 Toor H.L. Diffusion in three-component gas mixture. Journal. 1957, №3. – P. 198-207.

4 Жаврин Ю.И., Косов Н.Д, Новосад З.И. Расчет эквимолярной диффузии в многокомпонентных газовых смесях методом эффективных коэффициентов. Диффузия в газах и жидкостях. – Алматы, 1974. – С. 12-19.

5 Жаврин Ю.И., Косов Н.Д., Белов С.М., Тарасов С.Б. Влияние давления на устойчивость диффузии в некоторых трехкомпонентных газовых смесях. ЖТФ. 1984. – Т. 54, № 5. – С. 943-947.

6 Жаврин Ю.И., Косов Н.Д., Косов В.Н. Расчет диффузионного процесса в двухколбовом аппарате для случая многокомпонентной газовой смеси. / Каз. ун-т НИИ ЭТФ. – Алматы, 1995. – 26 с.

ҒТАМР 73.29.85

ТЕМІР ЖОЛ ӨТКЕЛДЕРІНДЕ ҚОЗҒАЛЫС ҚАУІПСІЗДІГІН АРТТЫРУ БОЙЫНША ТЕХНИКАЛЫҚ ШЕШІМДЕРДІ ТАЛДАУ

А.М. Байтеміров
Магистрант, Логистика және көлік академиясы, Алматы қ.
А.Ж. Тойгожинова
Қауым. профессор, Логистика және көлік академиясы, Алматы қ.

Бұл мақалада Алматы белгі беру және байланыс мекемесіне қарасты темір жол өткелдеріне аналитикалық шолу жасалынды. Темір жол өткелдерінің категориялары және автоматты өткел сигнализациясының негізгі қоршау құралдары сипатталған. Күзетілетін және күзетілмейтін темір жол өткелдеріндегі қауіпсіздік деңгейі сараланып, поезд және автокөліктердің қозғалыс қауіпсіздігін арттыруға арналған техникалық шешімдер баяндалған.

Түйін сөздер: темір жол өткелдері, қауіпсіздік, поезд, автокөлік, шлагбаум.

Темір жол өткелдері – темір жол мен автокөлік жолының бір деңгейде қиылысқан, темір жол саласындағы ең қауіпті аймақтардың бірі болып табылатыны баршаңызға мәлім.

Ғылым мен техниканың дамуына байланысты жылдан жылға темір жол автоматика және телемеханика саласында жаңа заманауи құрылғылар мен жүйелер енгізіліп, аралықтар мен бекеттердің өткізу қабілеттілігін арттыруға қадам басылып келеді. Осымен қатар, жолаушылар мен жүк жөнелтушілердің қанағаттануын қамтамассыз етуде пойыздар қозғалысының жылдамдығын арттыру да басты мақсатқа айналды.

Пойыздар қозғалысының жылдамдығын арттырған сайын темір жол өткелдеріндегі пойыз құрамдары мен автокөліктердің қозғалыс қауіпсіздігін қамтамассыз ету әрдайым өзекті мәселе болып қала беретіндігі шынайы.

Темір жол өткелдерінің топтастырылуына назар аударсақ, күзетілетін өткелдерге қарағанда, күзетілмейтін өткелдерде қауіпсіздікті қамтамассыз ету әрдайым алғашқы орында тұратындығы хақ.

«Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» Акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасының үздік компанияларының бірі.

Бұл қоғамның ең ірі әрі қарқынды дамып келетін мекемелерінің бірі, ол – Алматы белгі беру және байланыс мекемесі (ШЧ-33).

Алматы белгі беру және байланыс мекемесінің соңғы статистикалық мәліметтеріне сүйенсек, бұл мекемеге қарасты жалпы саны 57-ге жуық темір жол өткелдеріне сапалы қызмет көрсетіліп келеді. Бұл мекеме темір жол торабының 3 негізгі тармағына қызмет көрсетеді, атап айтсақ:

– Алматы-Отар телімі, жалпы ұзындығы – 156 шаршы шақырым;

– Алматы-Қапшағай телімі, жалпы ұзындығы – 68 шаршы шақырым;

– Жетыген-Алтынкөл телімі, жалпы ұзындығы – 293 шаршы шақырым.

Жоғарыда көрсетілген темір жол тармақтарында орналасқан темір жол өткелдерінің сандық көрсеткіштерін 1-ші суреттен көруге болады.



Сурет 1. Алматы белгі беру және байланыс мекемесіне қарасты темір жол өткелдерінің сандық көрсеткіштері.

Пойыздар қозғалысы мен автокөлік қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін өткелдер, автокөлік жүргізушілеріне пойыздың жақындағандығын немесе өткелдің алдындағы телімдерде пойыздың жоқтығын хабарлайтын әртүрлі құрылғылармен жабдықталады [1, 4 б.].

Темір жол және автокөлік транспорттарының қозғалыс интенсивтілігіне және көріну жағдайларына байланысты өткелдер 4 категорияға бөлінеді.

Кесте 1. Темір жол өткелдерінің категориялары.

Пойыздардың басты жолмен интенсивті қозғалысы (екі бағытта), пойыздар/тәулік	**Көлік құралдарының интенсивті қозғалыстары (екі бағытта), авт/тәулік**				
	200-ге дейін	**201-1000**	**1001-3000**	**3001-7000**	**7000 жоғары**
16-ға дейін, сонымен қатар барлық бекеттік және кірме жолдар	IV	IV	IV	III	II
17-100	IV	IV	III	II	I
101-200	IV	III	II	I	I
200-ден	III	II	II	I	I

I және II санатты өткелдер күзетілетін (өткел кезекшілерімен қызмет көрсетілетін) өткелдерге жатады және автоматты өткел сигнализациясымен, шлагбаумдармен жабдықталады (сурет 2).

Сурет 2. Күзетілетін өткелдердегі шлагбауммен жабдықталған автоматты переездік сигнализация.

Автоматты және жартылай автоматты шлагбаумдар автокөліктердің оң жақ бойымен жүріп өтетін жолдарын кемінде жартысын жабуы тиіс. Ені 3м-ден кем емес жолдың сол жағы шлагбауммен жабылмайды. Сонымен қатар, қажетті жағдайларда стандартты емес ұзындықтағы шлагбаумдарды орнатуға рұқсат етіледі.

Көлік құралдарының қозғалыс интенсивтілігіне және жолаушылар пойыздарының жоғары жылдамдығына байланысты, өткелдерде көлік құралдарының рұқсатсыз өтуін болдырмайтын УЗП (өткелді қоршайтын құрылғы) құрылғысы қолданылуы мүмкін (сурет 3) [1, 84 б.].



Сурет 3. Өткелді қоршау құрылғысы.

III және IV категориядағы өткелдер күзетілмейтін (кезекші жұмысшыларымен) болып табылады және олар шлагбауммен УЗП құрылғыларынсыз АПС құрылғыларымен жабдықталады (автоматты өткел сигнализациясымен), сонымен қатар кірме жолдарындағы жолдық белгілермен жабдықталулары тиіс.

Күзетілмейтін өткелдердегі көптеген апаттардың санына байланысты, реттейтін шаралар жеткіліксіз деген қорытынды жасауға болады.

Күзетілмейтін өткелдердегі апаттық жағдайларды азайтуға жалғыз өндірістік шаралар жеткіліксіз болады, сол себепті тиімді және арзан жаңа техникалық шешімдерді шығару қажет.

Күзетілмейтін өткелдердегі пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін максималды түрде қамтамассыз ету үшін, келесі техникалық шешімдердің нұсқаларын талқылайық:

– өткелдерде бейнебақылау қолдану нұсқасы;

– өткелдерде айналарды қолдану нұсқасы;

– өткелдерде оптикалық датчиктерді қолдану нұсқасы.

Күзетілмейтін өткелдердегі қауіпсіздікті жоғарылатуға арналған жүйелердің ең басты мақсаты: жылжымалы бірлік қозғалысының аймағындағы көлік құралдарының болуын фиксациялау болып табылады. Бейнебақылау жүйесі өзін бекітілген белгілі бір аймақтарды бақылауға болатын және 1, 2, 3, 4, камераларының (Сурет 4) тек бір желіге байланысы арқылы көрсетеді. Алынған деректер №5-ші сақтау, өңдеу және де диспетчер кезекшісінің автоматтандырылған жұмыс орнына немесе тікелей локомотивке ақпаратты жіберетін блоктан тұрады [2, 33 б.].



Сурет 4. Өткелде бейнебақылау орнату нұсқасы.

Бұл жүйе нақты уақыт режимінде, өткелдегі барлық оқиғалар туралы ақпарат алуға мүмкіндік береді. Алайда бұл жүйе қолайлы болып саналмайды, себебі алдымен диспетчер кезекшісіне содан кейін машинистке ақпараттың жіберілуі кезінде көп уақыт кетіп қалуы ықтимал, яғни мұндай жағдайда апаттың алдын алу іске асырылмай қалады. Сонымен қатар, тәуліктің қараңғы бөлігінде бөлек жарықтандыруды пайдалану қажет, сондықтанда бұл жүйе экономикалық тұрғыдан тиімді емес болып табылады.

Жүргізушілерге өткелде пойыз құрамының жақындап келе жатқандығының немесе жоқ болуы туралы қосымша ақпараттарды алу үшін, өткелде жолдың бағыты бойынша сол жағына айналарды автотранспорттық құрылғы ретінде қою ұсынылады. Айналарды орнату сұлбасы 5-ші суретте келтірілген [2, 35 б.].



Сурет 5. Өткелде айналарды орнату нұсқасы.

Бұл әдіс машинистке өткелде автотранспорттық құрылғы туралы уақытылы ақпарат бермейді, сондай-ақ тәуліктің қараңғы бөлігінде тиімсіз болып табылады.

Жоғарыда аталған екі әдіс күзетілмейтін өткелдердің қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін оңтайлы емес. Сондықтан келесідей қасиеттерге ие оптикалық инфрақызыл датчиктерді қолдануды ұсынамыз:

– кез келген ауа-райында іс-жүзінде қолдану (қосымша құрылғыларды талап етпейді);

– жұмыс істеу ұзақтығы;

– жұмыс істеу температурасы кең диапазонды;

– кез келген түрлендіруге үлкен мүмкіншілігі.

Оптикалық датчиктерді орналастыру сұлбасы 6-шы суретте келтірілген.

Суретте үзік сызықтармен көзге көрінбейтін оптикалық сәулелер және сәулешығарғыштар (1-3) мен қабылдағыштар бейнеленген. Датчиктермен транспорттық құрылғыларды осындай қашықтықта қоя отырып, жылжымалы құрамның жақындау орнын, оның жылдамдығын, ұзындығын, сондай-ақ, қозғалыс бағытын, инфрақызыл сәулелерді жабатын басқару блогы арқылы ақпарат ала аламыз.



Сурет 6. Өткелде оптикалық датчиктерді орнату нұсқасы.

Бұл сұлба ары қарай СОБ құрылғыларының автоматты локомотив байланысының кодталуымен, жылдамдықты автоматты басқарушы (АЛС-АРС) сұлбаларымен байланысуы мүмкін. Мысалы, теміржолдағы транспорттық құрылғы жақын арадағы пойыздың келе жатқандығын, қозғалыстың бағыты мен жылдамдығын, ұзындығын біле отыра өткелді жүріп өту уақытын есептей алады. Егер өткелді босатып үлгермесе рельс тізбегі қозғалысқа рұқсат бере отырып, төменгі жылдамдықта жүріп өтетін немесе қозғалысқа тыйым салушы кодты өндіріп, трансляциялайды. Локомотивтің индуктивті катушкалары өзгерген кодты (жиілігі) қабылдап, автотранспорттық құрылғыға соқтығыспау үшін есептелген мәнге байланысты жылдамдығын төмендете бастайды [2, 39 б.].

Қорытынды: Алматы белгі беру және байланыс мекемесіне қарасты темір жол бойындағы күзетілмейтін өткелдерде қауіпсіздікті максималды арттыру мақсатында оптикалық датчиктерді қолдану ұсынылады. Яғни, оптикалық датчиктерді орнату арқылы адами факторларды азайтып қана қоймай, көлік құралдарын анықтау және локомотивке өткел алдында команданы құру

автоматты түрде жасалынады, сонымен қатар өткелдің жағдайы туралы ақпаратты жіберуді (кемінде 1 секунд) жылдамдатуға мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиет тізімі

1 Ведерников Б.М. Автоматические ограждающие устройства на перегонах: Учебное пособие. – Алматы: КазАТК, 2016.

2 Тарасов А.В. О безопасности движения на неохраняемых переездах. Современные технологии – транспорту. Известия ПГУПС. – 2014. № 1.

3 Соболев С.А. О безопасности движения на железнодорожных переездах. Вестник РГУПС. – 2005. № 2.

ҒТАМР 67.03

ЖАСАНДЫ НЕГІЗДІКТЕГІ ТОПЫРАҚ БЕТІНІҢ АГРЕГАТТЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫНЫҢ ЖӘНЕ ТОПЫРАҚТЫҢ БАСҚА ҚАСИЕТТЕРІНІҢ ӨЗГЕРУІНЕ ӘСЕРІ

С.Н. Сабырбек
Магистрант, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ.
Р.А. Риставлетов
Ғылыми жетекші, т.ғ.к, доцент, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ.
А.М. Будикова
Ғылыми кеңесші, т.ғ.к, доцент, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ.

Бұл мақалада жасанды негіздіктегі топырақтың мөлшері, агрегаттардың тұрақтылығы және көптеген қасиеттері бойынша таралуды зерттеді. Себебі зерттеу барысында олардың көлбеуіне, судың инфильтрациясына және топырақтың динамикасына, ең бастысы жедел эрозияға әсері бар, бірақ оларға жасанды негіздіктегі топырақтың бетін басқару әсер етеуін қарастырады. Жасанды негіздіктегі топырақты зерттегенде, оның әрбір тектік қабаттарының белгілері біртіндеп жазылады. Соның нәтижесінде жасанды негіздіктегі топырақтың тік кескінінің толық сипаттамасы беріліп, беттік горизонттардың орташа физика-химиялық қасиеттері анықталды. Жасанды негіздіктің қарқындылығы топырақтың құрамы мен өлшемін жедел эрозиядан қорғау басымдылығын көрсетті. Нәтижелер жасанды негіздіктің тұрақтылығының сақталуын көрсетті.

Түйін сөздер: жасанды топырақ жамылғысы, топырақ бетін басқару, топырақ қасиеттері, жедел эрозия, агрегативті тұрақтылық, жасанды негіздік.

Халық шаруашылығы саласында азаматтық құрылыстың алатын орны ерекше. Қоғамдық даму нәтижесінде ғимараттар мен имараттар құрылымдарына қойылатын талаптары күшейіп, міндеттерінің артып отыратындығы құрылыс тарихынан белгілі.

Бүгінгі таңда азаматтық ғимараттық кешендерді заманауи талапқа сай жетілдіру, оның өндірістік тиімділігін арттыру экономикалық ақуалын дамыту қазіргі таңның басты талабы болып отыр.

Топырақ – табиғат туындысы, табиғи әрі тарихи дене [1]. Топырақтар табиғи жағдайында тұрақты нөл немесе теріс температурасын сақтайтын болса, онда олар мәңгілік қатып жататын топырақтар деп аталады. Мұндай

топырақтар жер шары құрылығының 26%-ын алып жатыр, ал ТМД мемлекеттері аумағының 47%-ын алады. [2]

Жасанды негіздіктегі топырақтың мөлшері, агрегаттардың тұрақтылығы және көптеген қасиеттері бойынша таралуды зерттеу өте маңызды, себебі олардың көлбеуіне, судың инфильтрациясына және топырақтың динамикасына, ең бастысы жедел эрозияға әсері бар, бірақ оларға жасанды негіздіктегі топырақтың бетін басқару әсер етеді. мысалы, pH, органикалық көміртек (CO), кальций (CA), магний (mg) сияқты алмасу катиондары да, агрегаттардың мөлшері мен тұрақтылығы сияқты физикалық қасиеттер де топырақ ортасына әсер ететін күштерге байланысты өзгеретін динамикалық қасиеттер болып табылады. Бұл зерттеу топырақтың физикалық және химиялық қасиеттерін топырақ эрозиясының жойқын әсерінен қалай қорғауға болатындығы туралы егжей-тегжейлі және нақты түсінік алу үшін жүргізілді. Мұндай зерттеулер бізге топырақтың тұрақтылығын және ең бастысы, топырақтың өнімділігін арттыру үшін топырақты сақтау әдістеріне тиісті өзгерістер енгізуге мүмкіндік береді.

Табиғи немесе жасанды беткі қабаттар эрозияға қарсы күрестің негізгі факторлары болып табылады, өйткені олар жасанды негіздіктегі топырақтарға түсетін жаңбыр тамшыларының эрозиялық әсерін және желдің топырақ бөлшектерін алып тастау қабілетін төмендетеді. Сонымен қатар, эрозияны азайту арқылы мұндай материалдардың басқа артықшылықтары топырақтың ылғалдылығын және қоректік заттардың сілтіден бөлуін қамтуы мүмкін.

Жасанды негіздіктегі топырақ бетінің кез келген жабыны агрегаттардың бұзылуынан қорғауға арналған, ал эрозиялық жұмыстар кезінде өлшенетін агрегаттар олардың мөлшерімен, пішінімен және бетінің кедір-бұдырымен сипатталады. Жасанды негіздіктегі топырақ бетін басқарудың эрозияға және топырақтың физикалық және химиялық қасиеттеріне олардың әртүрлі топырақ өнімділігіне әсеріне әсері туралы қосымша ақпарат қажет. Топырақтың өнімділігі туралы ақпарат берумен қатар, агрегаттық тұрақтылықты және онымен байланысты қасиеттерді өлшеу инфильтрация, дренаж және топырақ эрозиясының модельдеріне қолайлы параметрлерді қамтамасыз етудің жақсы перспективаларына ие.

Бұл мақалада зерттеу барысында сонымен қатар полипропилен және сол топтағы басқалар сияқты синтетикалық материалдардан жасалған байланыстырушы талшықтардың әсерін азайту үшін әртүрлі қарқындылықтағы жасанды топырақ бетін өңдеуге арналған материалдар арасындағы сандық қатынасты анықтауға тырысты.

Топырақ эрозиясының қарқынын төмендету үшін топырақ бетін толық жабу сияқты материалдарды қолдана отырып, далалық зерттеулерді әртүрлі салалар мен жағдайларда әр түрлі жұмысшылар жүргізді. Бұл материалдарды топырақты сақтаудың ықтимал әдісі ретінде пайдалану әртүрлі нәтижелер берді.

Топырақта жасанды қорғаныш топырақ жамылғысының болуына қарамастан, агрегаттардың мөлшері бойынша таралуы, диаметрі бойынша

орташа салмақ индексі және топырақтың басқа химиялық қасиеттері уақыт өте келе барлық әдістерімен төмендеді. Осы нәтижелерге сүйене отырып, келесі негізгі қорытынды жасауға болады: 1. Топырақта жасанды жабынның әртүрлі деңгейлерінің болуына қарамастан, топырақтың физикалық және химиялық параметрлерінің, агрегаттардың тұрақтылығы мен мөлшерінің таралуының біртіндеп төмендеуі байқалды. Алайда, Т4-те жабынның 30% – ға төмендеуі басқа жасанды жабындарға қарағанда үлкен агрегаттардың зор үлесін берді. Бұл топырақ агрегаттарын жаңбыр тамшыларының жойқын әсерінен қорғайтын тиімді жасанды жабындарды табу қажеттілігін көрсетеді.

(Т4-үлгі агрегаттық тұрақтылықты талдау және зертханадағы басқа физикалық және химиялық деректерді анықтау үшін пайдаланылды.)

Далалық әдістер:

Қолданылатын әдістері келесідей сипатталған:

– Т1-бақылау (жасанды топырақ).

– Т2-жылыжай үшін жасанды көлеңкесі бар тор материалының қоспасымен жабылған (сомбрит) топырақ бетін шамамен 11% жабу үшін %,

– Т3-шамамен 18% қамтуды қамтамасыз ету үшін сомбритпен қапталған топырақ беті Т4-топырақ бетін шамамен 30% жабу үшін сомбритпен жабылған топырақ беті.

Жоғарыда сипатталған процедуралардың әрқайсысы алты рет шығарылды.

Кесте 1. Жасанды негіздіктегі топырақтың беттік горизонттардың орташа физика-химиялық қасиеттері.

Әдістер	**Жасанды негіздіктегі топырақ(%)**		**Құрылымдары**	**Ph $CaCl_2$**	**Химиялық құрамы**		
	0,02-2,0 мм				**K**	**Ca**	**Mg**
	ұсақ	**ірі**					
Т1	17	16,8	жасанды негіздіктегі топырақ (саз балшық)	5,4	0,26	4,1	1,6
Т2	16	18	жасанды негіздіктегі топырақ (саз балшық)	5,3	0,24	4,0	1,7
Т3	17,6	15,4	жасанды негіздіктегі топырақ (саз балшық)	5,2	0,22	3,8	1,8
Т4	17,5	21	жасанды негіздіктегі топырақ (саз балшық)	5,5	0,29	4,2	1,6

Т1 – бақылау (жасанды топырақ), Т2 – топырақ, беті топырақ бетінде 11% қамтуды қамтамасыз ету үшін «сомбрит», Т3 – топырақ беті 18% қамтамасыз ету үшін»сомбрит» жабылған%, топырақ бетіндегі жабын беті және Т4-топырақ, беті бетінің 30% қамтамасыз ету үшін «сомбрит» жабылған.



Сурет 1. Жасанды негіздіктегі топырақтың құрамы мен өлшемі.

Химиялық қасиеттері және бөлшектердің таралуы бойынша эксперименттердің басындағы өлшемдер 1-кестеде бөлшектердің мөлшері бойынша орташа таралуы және жер үсті горизонттарының химиялық қасиеттері (0-25 см) берілген, зерттеу барысында бұл жасанды негіздіктегі топырақтың негізгі бөлшектерінің мөлшерін бөлу тұрғысынан жалпы бастапқы нүктені алуға мүмкіндік беретін қосымша артықшылықтарды қажет етеді. Сондай-ақ біртекті құрылымы бар оттегі горизонты бар топырақтың яғни саздың жоғары үлесі (>50%). Саздардың басым болуы топырақ матрицасының сипаттамаларын өзгертуге, оның минералогиясында және агрегаттардың алмасу катиондарында басым болады.

Сурет 1 зертханалық тәжірибе басталған уақыт, жасанды негіздіктің құрамы мен өлшеміне жеделдетілген эрозияның әсер ету уақыты. Бір кемшілігі (>4,00 мм) болған кезде топырақтың өлшемі мен құрамының төмендеуі байқалады. Жасанды негіздіктің қарқындылығы топырақтың құрамы мен өлшемін жедел эрозиядан қорғау басымдылығын көрсетті. Алынған нәтижелер жасанды негіздіктің тұрақтылығының сақталуын көрсетті.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Қабышева Ж.К. Топырақтану: Оқулық. – Алматы: 2013.

2 Жамалбеков Е.Y., Білдебаева Р.М. Жалпы топырақтану және топырақ географиясы. – Алматы, 2000.

3 Қазақстан топырақтары: орысша-қазақша анықтамалық сөздік. – Почвы Казахстана: русско-казахский словарь справочник. – Алматы: Каз ККА, 2008. – 270 б.

4 Асанбаев И.К., Фаизов К.Ш. Почвоведение с основами экологии и географии почв. Учебное пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 2007.

5 Жакулин А.С. Методы определения параметров деформируемости грунта на компрессионном приборе. – Караганда: КарГТУ, 2005. №4. – С. 47.

ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ

ПЕДАГОГИКА И ОБРАЗОВАНИЕ

FIELD OF PEDAGOGY AND EDUCATION

ҒТАМР 20.01.45

ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫ – БҮГІНГІ КҮННІҢ ТАЛАБЫ

А.К. Құдайбергенова
Магистрант, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ.

Бұл мақалада білім беру үдерісінде цифрлық білім беру ресурстарын қолданудың маңызы, негізгі әдістері, әдістемелік ерекшеліктердің сипаттамасы және цифрлық оқыту жүйесі жобасы аясында жасалған цифрлық білім беру ресурстары топтамасының мазмұны мен құрылымын талдау қарастырылған. Сонымен қатар, цифрлық білім беру ресурстарына қойылатын талаптар, қағидалар және оны қолданудың әдістері, цифрлық оқыту жүйесінің мақсаты көрсетілген.

Түйін сөздер: цифрлық білім беру ресурстары, электронды оқыту жүйесі, ақпараттық технология, цифрлық білім ресурстары стандарты, стандарттағы талаптар.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында білім беру жүйесі алдында білім беру үдерісінің барлық қатысушыларын білім беру ұйымдарында цифрлық оқыту жүйесін қолдану арқылы үздік білім беру ресурстары мен технологиялармен бірдей қамту тапсырмасы қойылды [1]. Білім және ғылым мемлекетіміздің әлеуметтік-экономикалық күш-қуаты өркендеуінің негізгі қозғаушы күші болып табылады. Білім саласын дамыту инновацияны ендіруге септігін тигізіп, жастарды қазіргі еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болуға қажетті керекті білімдер мен дағдылармен қамтамасыз етеді.

Қазақстанның білім беру жүйесін жаңғыртудың өзектілігі – білімді өндіру және түрлендірумен негізделеді, олар қазіргі қоғамдағы еңбек бөлінісінде шешуші рөлді атқарады. Оқытудың жаңа парадигмасына өтудің тетігі оқытудың тиімділігін батыл арттыру мен жаппай сапалы білім беруді қамтамасыз ететін педагогикалық және ақпараттық қатынастық технологияларды ұштастыру негізінде цифрлық оқыту болып саналады.

Цифрлық оқыту жүйесін құру жеткілікті түрде өзекті міндет болып саналады. Жүйенің мақсаты – жаппай сапалы білім беруге бағытталған жақсы білім беру ресурстарымен технологияларға білімдік процестің барлық қатысушыларының тең қатынас құруын қамтамасыз ету. Цифрлық оқыту жүйесінің ішкі жүйелерінің бірі контенттік (мазмұндық) жасақтама болып саналады: ашық қатынас құруда орта, техникалық және кәсіптік білім беру

мекемелері цифрлық білімдік контентпен толық қамтамасыз етіледі; оқытушылар дайындайтын цифрлық білім беру ресурстары дамиды (орталықтандырылған медиатек ресурстары дайындалынады және толықтырылады).

Оқып үйренетін пән бойынша білім мен білікті меңгеруде цифрлық оқыту құралдары зор ықпалын тигізуде. Цифрлық білім беру ресурстары порталға қосылу орнынан тәуелсіз түрде әрбір пайдаланушы үшін ыңғайлы әр түрлі форматтағы ақпарат болып табылады. Цифрлық білім беру ресурстарын педагогтар сабақ жүргізу үшін де, студенттер оны өз беттерімен сабаққа дайындалу үшін және анықтамалық материалдар ретінде пайдалана алады. Цифрлық білім беру ресурстары оқытушыларға оқытудың әр түрлі мақсаттары үшін оқу материалын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Цифрлық білім беру ресурстары (ЦБР) – электрондық оқыту жүйесінің негізгі бір құрамдас бөлігі. Олар – оқу үдерісін ұйымдастыруға қажетті сандық формада көрсетілген фотосуреттер, көркем үзінділер, статикалық және динамикалық модельдер, виртуалды нақтылық пен интерактивті модельдеудің объектілері, картографиялық материалдар, дыбыс жазбалары, таңбалық объектілер мен іскерлік графика, мәтіндік құжаттар мен басқа да оқу материалдары.

Білім беру үдерісінде ЦБР-ын қолданудың негізгі әдістері:

1) жаңа материалды түсіндіргенде немесе жаңа сабақты бекіткенде қолдану әдісі. Бұл жағдайда анимациялық, бейне үзінділер, дыбыстық файлдар, графикалық кескіндерді көрсету сияқты ЦБР-ын пайдаланған дұрыс.

2) өзіндік оқу іс-әрекетін ұйымдастырғанда. Бұл жағдайда оқу комплексінің барлық материалдары пайдалы болуы мүмкін.

3) ЦБР арқылы әртүрлі бақылауларды (кіріс, ағымды, кесінді, қорытынды) ұйымдастырғанда. Мұнда бақылау және компьютерлік тестілену жүзеге асады.

4) мультимедиялық құралдарды пайдалану арқылы ЦБР-ын нақты бір пән немесе бағыт бойынша топтастыруға мүмкіндік беретін әдіс.

5) ЦБР-ын лабораториялық жұмыстарды орындау кезінде қолдану. Мұндай ЦБР-ның артықшылығы қолдануы өте үлкен және қымбат тұратын құрылғылардан тұратын оқу кластары мен лабораторияларды алмастыруға мүмкіндік береді.

6) жаратылыстану ғылыми циклінің пәндері мен информатика және АКТ үшін интерактивті ЦБР-ын жаттықтырушы ретінде қолдану әдісі.

7) мұғалімнің қатысуынсыз өздеріне ыңғайлы уақытта, өз темпінде теориялық материалдармен танысуға, лабораториялық жұмыстар мен тестік тапсырмаларды орындауға мүмкіндік беретін қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру әдісі. Бұл әдіс уақытша жұмысқа жарамсыз студенттер үшін, үйде оқитын немесе жолсапарда жүрген балаларға өте тиімді [6].

Цифрлық білім беру ресурстары (ЦБР) білім беру мазмұнын анықтайтын электрондық оқыту жүйесі компонеттерінің бірі болып табылады. Білім берудің жоғарғы сапасын қамтамасыз ету үшін, оқу үдерісінде өскелең ұрпақтың ЦБР

белсенді қолдану – бүгінгі таңда берілген бағдарлама аясындағы педагогикалық қоғамдастықтың алдында өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

2011 жылы Ұлттық ақпараттандыру орталығы жалпы орта білім беру мекемелеріндегі электрондық оқыту жүйесі үшін цифрлық білім ресурстарын дайындау стандартын әзірлеген болатын. Ол жалпы орта білім беру мекемелеріндегі электрондық оқыту жүйесі үшін цифрлық білім ресурстарын дайындауға қойылатын педагогикалық, психологиялық, техникалық және дизайн-эргономикалық талаптардың жиынтығын ұсынады және электрондық басылымдарды дайындаушыларға арналған және электрондық оқыту жүйесі үшін әзірленетін барлық цифрлық білім ресурстары үшін қолданылады. [3] Осы стандарт бойынша цифрлық білім беру ресурстары – бұл білімдік процесс субьектілерінің интерактивтік қашықтықтан өзара әрекеттестік ретінде электрондық оқытудың ақпарқатынастық білімдік ортасының жинағын құруды қамтамасыз ететін электрондық тасуыштардағы дидактикалық материалдар деп анықталған.

Стандарттағы жалпы талаптар:

– Қазақстандық білім беру мазмұнын анықтайтын мемлекеттік құжаттарға сәйкестігі;

– Оқыту процесінің заңдылықтары мен қағидаларын есепке алу;

– Пән саласы білімдеріндегі педагогика ғылымының жетістіктерін есепке алу;

– ЦБР-дың мазмұны ұлттық дәстүрлер ескеріліп дайындалынады.

Цифрлық білім беру ресурстарына қойылатын жалпы педагогикалық талаптардың 6 түрі бар, олар:

1. Ғылымилық қағида бойынша:

– оқу материалының мазмұнын баяндаудың ғылыми дұрыстығы;

– пайдаланылатын терминологиялардың қазіргі заманғы түсіндірмелерге сәйкестігі;

– оқу материалын баяндау түсінікті, нақты, толық және қайшылықсыз болуы тиіс.

2. Түсініктілік қағидасы:

– оқу материалын студенттердің нақты жас ерекшеліктеріне бейімді түрде ұсыну;

– студенттерде физикалық артық жүктемелердің болмауы.

3. Көрнекілік қағидасы бойынша:

– оқу материалын қабылдауға және қайта өңдеуге сезім мүшелерін мақсатқа лайықты қатыстыру;

– оқу материалын барынша көрнекілік ету.

4. Жүйелілік қағидасы бойынша:

– ЦБР-дың оқу процесінің белгілі бір құрылымдық құрамдас бөлігіне сәйкестігі: құлшыныстық-мақсаттық, мағыналы мазмұндық, операциялық іс-әрекеттік немесе бағалаушылық нәтижелік.

5. Саналылық қағидасы мен интерактивтік бойынша:

– пайдаланушылар үшін оқу міндеттерінің айқын қойылымы;

– студенттер мүддесіне тірек және ілім түрткілерін қалыптастыру;

– студенттердің белсенді ақыл-ой іс-әрекеттерін ұйымдастыру;

– шынайы уақыт режімінде өзара әрекеттестікті және кері байланыстарды ұйымдастыру.

6. Теорияның практикамен байланыс қағидасы бойынша:

– оқу материалының практикалық бағдарланғыштығы.

– ЦБР-дың қоғам мен экономиканың қазіргі заманғы даму процесіне бағдарлануы.

Аталған педагогикалық талаптардан басқа Интерфейстің бір түрлілігі, яғни жазбалар, анықтамалар жүйесі, ЦБР әр түрлі құрамдас бөліктерін айқын ажыратуды қамтамасыз ететін бір типті таңбашаларды (икондарды) және басқа арнайы символдарды пайдалану, пайдаланылатын түстердің тұрақтылығы, фонға қатысы бойынша кескін қанықтылығының ұтымдылығы; орнықты көру бірлестігіне түстердің сәйкестігі, бір экранда толқын ұзындықтары әр түрлі төрттен артық түстерді пайдаланудың мүмкін еместігі және т.б. дизайн – эргономикалық талаптарда қарастырылады.

Сондай-ақ, стандартта ЦБР-на қойылатын техникалық талаптар, декларация құрылымы мен ресурстың сипаттамасы және де ресурстардың рұқсат етілген форматтары да берілген [4]. Оқу үдерісінде ЦБР-ын тиімді пайдалану үшін, алдымен ЦБР топтамасымен танысып, ондағы қажетті ресурсты таңдай білген жөн. Біздің елімізде ең ауқымды ЦБР топтамасы Ақпараттандырудың Ұлттық орталығының www.nci.kz сайтында орналасқан. ЦБР топтамасы қарастыратын негізгі мәселелер – мұғалімге сабақты даярлау барысында көмектесу; сабақ барысындағы көмек; студенттерге үй тапсырмасын орындауда көмектесу.

Мұғалімге сабаққа даярлық барысында көмектесу:

– жекеленген сандық объектілерден сабақты құрастыру және моделдеу;

– пән туралы білімді тереңдетуге арналған қосымша және анықтамалық кең көлемді ақпараттың болуы;

– ЦБР топтамасында ақпаратты тиімді іздестіру;

– бақылау және өзіндік жұмыстарды даярлау;

– шығармашылық тапсырмаларды даярлау;

– цифрлық объектілермен байланысты сабақ жоспарларын даярлау;

– интернет арқылы басқа мұғалімдер қызметтерінің нәтижелерімен алмасу.

Сабақ барысындағы көмек:

– мультимедиялық проектор арқылы даярланған цифрлық объектілерді демонстрациялау;

– лабораториялық жұмыстарда виртуалды лабораториялар мен интерактивті модельдерді қолдану;

– студенттерді компьютерлік тестілеу және білімдерін бағалауға көмектесу;

– сабақта студенттердің ЦБР-мен жеке зерттеушілік және шығармашылық жұмыстары.

Студенттерге үй тапсырмасын орындауда көмектесу:

– материалды жаңаша көрсету арқылы студенттердің пәнге деген қызығушылығын арттыру;

– студенттердің өздеріне ыңғайлы кез келген уақытта өзін-өзі автоматты бақылауы;

– баяндамалар, презентациялар, рефератттар және т.б. даярлауға қажетті объектілердің үлкен қоры;

– энциклопедиялық сипаттағы қосымша ақпараттарды тез арада алу мүмкіндігі;

– пәндік виртуалды ортада студенттердің шығармашылық әлеуетін дамыту;

– студенттің пәнді оқуын өзіне ыңғайлы темпте және материалды игеруді өзінің жеке қабылдау ерекшелігіне байланысты таңдалған деңгейде ұйымдастыруына көмектесу;

– студенттерді заманауи ақпараттық технологияларға үйрету, АТ меңгерудегі талпыныстарын және олармен үнемі жұмыс істеуді қалыптастыру [2].

ЦБР топтамасының мазмұны:

1. Ақпаратты алу блогы: ғылыми-танымал мақалалар, қайнар көздерінің мәтіндері, оқулықтардың үзінділері, иллюстрациялар, анимациялар, басқа да мультимедия компоненттері, мультимедиялық сабақ-презентациялары.

2. Виртуалды галерея: бейнеүзінділер, анимациялар, нақты және синтездік бейнелер.

3. Дыбыстық объектілер.

4. Виртуалды лаборатория: интербелсенді модельдер, интербелсенді анимациялар, виртуалды лаборатория.

5. Анықтамалық материалдар: графиктер мен диаграммалар, ғалымдардың өмірбаяндары, түйіндемелері бар Интернет-сілтемелер,

6. Терминдер, анықтамалар және заңдардың сөздігі.

7. Аттестация: сұрақтар мен есептердің жиынтығы, зерттеушілік іс-әрекетке арналған тапсырмалар.

ЦБР жиынтығында шартты түрде мынадай блоктарды атап көрсетуге болады:

– интербелсенді компоненттер;

– демонстрациялық графика;

– мәтіндер;

– мұғалімге арналған материалдар [5].

ЦБР-на қойылатын жалпы талаптар:

1. Министрліктің бекіткен нормативтік құжаттарына, қолданыстағы бағдарламаларға және оқулықтың мазмұнына сәйкес болуы.

2. Оқытудың заманауи формаларына бейімделген болуы, оқытудың жоғарғы интерактивтілігі мен мультимедиалылығын қамтамасыз етуі.

3. Өз бетінше және топпен жұмыс істеуді пайдалануды қамтамасыз етуі тиіс.

Сандық білім беру ресурстары мұғалімді алмастыра алмайды, бірақ мұғалімге қосымша материалдарды ұсынады, яғни сабақ мазмұнын ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың жаңа мультимедиялық мүмкіндіктерімен толықтыруға, студенттердің назарын аса маңызды оқу тақырыптарына аударуға, қажет болған жағдайда студенттердің назарын зерделенген көріністердің ерекшеліктеріне шоғырландыруға, оны көрнекі түрде көрсетуге, сабақтың мазмұнын қоғамда болып жатқан өзгерістермен, өмірлік тәжірибелермен, пәнге деген қызығушылықтарымен және т.б. құбылыстармен байланыстыруын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сонымен, ЦБР-ын дамыту жолындағы мақсаттарды жүзеге асыру білім беру үдерісінің барлық қатысушыларынан күш пен ресурстарды бір бағытқа шоғырландыруды талап етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Жалпы орта білім беру мекемелеріндегі электрондық оқыту жүйесі үшін цифрлық білімдік ресурстарды дайындау стандарты (www.nci.kz).

2 Білім беруді ақпараттандырудың ұлттық орталығы (www.nci.kz).

3 Білім беру жүйесінің басшы және ғылыми-педагогикалық кадрлары біліктілігін арттыратын республикалық институт (www.ripkso.kz).

4 Роберт И.В. Теория и методика информатизации образования (психолого-педагогический и технологический аспекты). 3-е изд., доп. – М.: ИИО РАО, 2010. – 356 с.

5 Савелова Е.В. Цифровые образовательные ресурсы в школе: методика использования. Обществознание. Сборник учебно-методических материалов для педагогических вузов. – М.: Университетская книг, 2008. – 224 с.

6 Қадірбаева Р.І. Жаңа ақпараттық-білім технологиясын пайдаланып оқытудың ерекшеліктері. Шығармашылық іс-әрекетті дамыту арқылы бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру мәселелері: Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. – Шымкент-Москва, 2009. – Т. III. – Б. 174-178.

7 Абилхасимова А.Е. Цифрлық білім беру ресурстарын білім беру үдерісінде қолдану. Молодой ученый. – 2020. № 14 (304). – С. 292-295. URL: https://moluch. ru/archive/304/68503.

8 ҚР Білім және ғылым министрлігі сайты: https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/activities/3317?lang=kk.

ГРНТИ 14.09.35

ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ ФОРМИРОВАНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ МОТИВАЦИИ СТУДЕНТОВ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ СПЕЦИАЛЬНОСТЕЙ

П.Б. Дауткалиева
Ст.преп., магистр, КазНПУ имени Абая, г. Алматы

В данной статье рассматривается особенности формирования профессиональной мотивации студентов. Формирование профессиональной мотивации является сложным, динамичным процессом поэтапного разрешения противоречий в сфере «человек – профессия». Профессионально важные качества личности студента формируются на протяжении всего обучения в вузе, а профессиональная мотивация подвержена изменениям на выпускных курсах. Именно поэтому мы уделили особое внимание на проведение мотивационного тренинга на выпускных курсах.

Таким образом, внедрение в образовательный процесс программ формирования профессиональной мотивации студентов педагогических специальностей будет способствовать осознанному и ценностному отношению будущих педагогов к профессиональной педагогической деятельности.

Ключевые слова: мотивация, мотив, коммуникативный, самопознание.

Формирование профессиональной мотивации студентов педагогических специальностей – это психолого-педагогический процесс, требующий специальных, научно обоснованных методов диагностики, анализа и развития.

Теоретический анализ психолого-педагогической литературы показал, что понятие «профессиональная мотивация» рассматривается наряду с такими понятиями как «мотивационная сфера», «мотивация», «мотивы». Многие исследователи трактуют эти понятия довольно широко, и пока еще нет единой точки зрения относительно их структуры и содержания.

Следовательно, и мы постараемся определить свою точку зрения по отношению к указанным терминам, выразим свое понимание по отношению к феномену «профессиональная мотивация» в соответствии с целью, объектом и предметом нашего исследования.

Профессиональная мотивация студента педагогических специальностей – должна стать основой, центром психической регуляции студента педагогической специальности на этапе его профессионального обучения и становления, где должны быть задействованы все компоненты мотивационной

сферы личности человека: Поведенческая (волевая); эмоциональная; потребностная (собственно мотивационная) и познавательная (когнитивная).

В нашем исследовании под профессиональной мотивацией студентов педагогических специальностей мы будем понимать: Профессиональная мотивация студентов педагогических специальностей – это совокупность взаимосвязанных осознаваемых побудительных мотивов, обуславливающих профессиональную активность, интерес, способность и личностную ценностную осмысленность к осуществлению профессиональной педагогической деятельности в рамках избранной специальности.

Формирование профессиональной мотивации студентов педагогических специальностей в нашем понимании будет происходит через:

1) формирование учебно-профессиональной мотивации через побудительные механизмы, направленных на овладение педагогической профессией и достижения профессиональной самореализации будущего педагога.

2) формирование учебно-профессиональной мотивации через побудительные механизмы, направленные на получение необходимых профессионально значимых знаний, умений и навыков.

3) мотивация профессионально-педагогической деятельности выражается через побудительные механизмы, направленные на освоение особенностей профессии педагога в образовательных учреждениях (школа, колледж, гимназия).

При формировании профессиональной мотивации студентов педагогических специальностей определяется цель и возможности ее достижения, осуществляется прогнозирование конечного результата. Создание позитивной установки на формирование профессиональной мотивации студентов педагогических специальностей, определяется наличием высокой степени готовности студентов-участников процесса к реализации данной установки.

Известно, что на формировании профессиональной мотивации студентов – будущих педагогов влияет вся мотивационная сфера личности студента, состоящая из четырех компонентов: Поведенческая (волевая); Эмоциональная; Потребностная (собственно мотивационная) и Познавательная (когнитивная) компоненты мотивационной сферы личности студента.

При сформированности всех четырех компонентов мотивационной сферы личности студента можно судить о сформированности профессиональной мотивации студента и готовности его к профессиональной педагогической деятельности.

Рассмотрим влияние каждого из компонентов:

– поведенческий (волевой) компонент обладает функциями стимулирующей и управляющей;

– эмоциональный компонент мотивационной сферы обладает побуждающей, направляющей, стимулирующей и управляющей функциями;

– потребностный (собственно мотивационный) выполняет в основном побуждающую функцию;

– и познавательный (когнитивный) компонент мотивационной сферы личности студента выполняет смыслообразующую функцию.

Потребностный компонент вместе с когнитивным компонентом определяют внутреннюю поисковую активность, а поведенческий (волевой) позволяет достичь цели.

А.К. Маркова и Е.П. Ильин указывают на три этапа формировании профессиональной мотивации: Первый – формирование первичного мотива, который актуализируется за счет полученного стимула и переживается как внутреннее напряжение, осознаваемое человеком; Второй этап – поиск внешней или внутренней активности для достижения цели; Третий – выбор конкретной цели и формирование намерения ее достичь [1, 5].

Существует классификация мотивов учебной деятельности, делящая мотивы на знаемые (понимаемые) и реально действующие [4]. Реально действующие эффективно побуждают деятельность и влияют на постановку целей, то понимаемые практически не участвуют в регуляции деятельности. По мнению А.Н. Леонтьева [2, 3], мотив вначале существует какое-то время в латентном состоянии, актуализируется в поведении, и только затем начинает реально действовать [2, 3]. Впоследствии, став реально действующим, мотив может переходить в латентное состояние, например в период перестройки мотивационной сферы или в результате такой перестройки. Хотя знаемые мотивы, по существу, не участвуют в регуляции деятельности, испытуемые нередко называют их в качестве реальных мотивов своих поступков, а иногда даже в качестве доминирующих. В большинстве случаев это происходит потому, что мотивы далеко не всегда отчетливо осознаются человеком.

В процессе вузовской профессиональной подготовки у студентов формируется содержательное и структурированное отношение к будущей профессиональной деятельности [6].

ШЕТ ТІЛІНІҢ КӘСІБИ-КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН АНЫҚТАУДА ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУҒА ҚАТЫСТЫ НЕГІЗГІ РЕСУРСТАР

М.Ю. Социал
Магистрант, Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ, Алматы қ.
Т.Ю. Шелестова
PhD-докторы, доцент, Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ, Алматы қ.

Бұл мақалада студент қарым-қатынас жасай алатын, тәжірибе алмасатын және мәдениаралық кәсіби қарым-қатынас контекстінде коммуникативті мәселелерді шеше алатын шет тілін кәсіптік-коммуникативтік құзіреттілікті анықтауда шет тілін оқытуға байланысты негізгі ресурстар қарастырылады. Мақаланың мақсаты – шет тілін оқытудың қазіргі заманғы мәселелерін нақты мақсаттар үшін ашудың негізгі тенденцияларын нақты көрсету және осы білім саласындағы жетістіктерді көрсету.

Түйін сөздер: шет тілі, құзыреттілік, кәсіби-коммуникативтік құзыреттілік, негізгі ресурстар, даму.

Шет тілін кәсіби және коммуникативті құзіреттілікті анықтауда шет тілін оқытуға байланысты негізгі ресурстарды қарастырғанда, біз жан-жақты анықтамаға тап боламыз. Бұл анықтамада құзыреттілік білім, Дағдылар, қабілеттер, қатынастар және мотивация, ниеттер, тілектер және әлеуметтік аспектілер, тәжірибе және нақты әрекеттер сияқты пәндерді қамтитын көп деңгейлі құбылыс ретінде түсініледі.

Осы тұрғыдан алғанда, шет тіліндегі кәсіби және коммуникативті құзыреттілік тілдік жағдайларда немесе өзара әрекеттесу жағдайларында коммуникативті және мәдениаралық мінез-құлықты көрсету қабілетін ғана емес, сонымен қатар шет тілі мен мәдениаралық мінез-құлық дағдыларын игерудің алғышарты ретінде қажетті білім мен іс-әрекеттің негізін қалайды.

«Тілді қолдану, тілді үйренуді қоса алғанда, жеке тұлғалардың әлеуметтік субъектілер ретінде қабылдаған іс-әрекеттерін, сондай-ақ жалпы қабілеттерін де, коммуникативтік тілдік қабілеттерін де дамытатын жеке тұлғаларды қамтиды. Адамдар әртүрлі контексте және шарттарда және әртүрлі шектеулерде өздерінің қабілеттерін тілдік процестерге, соның ішінде тілдік процестерге қатысу үшін, белгілі бір салалардағы тақырыптармен байланысты мәтіндерді құру және/немесе алу үшін, тапсырмаларды орындау үшін ең

қолайлы болып көрінетін стратегияларды іске қосу үшін пайдаланады. Қатысушылар бұл әрекеттерді, олардың қабілеттерін басқарады немесе күшейтіледі немесе өзгертіледі» [1].

Егер жоғарыда аталған әр түрлі өлшемдер тілді қолдану мен үйренудің барлық формаларында өзара байланысты деп қабылданса, онда тілді үйрену мен оқытудың әр жұмысы осы аспектілердің әрқайсысымен, атап айтқанда стратегиялармен, міндеттермен, мәтіндермен, жеке тұлғаның жалпы құзіреттіліктерімен байланысты., тілді коммуникативтік түрде меңгеру, тілдік белсенділік, тілдік процестер, контексттер мен салалар.

Коммуникативті тәсілді қолдана отырып, тілді оқыту кезінде ерекшеленетін функционалды білім беру дағдыларынан басқа (тыңдау – түсіну, оқу – түсіну, жазу, сөйлеу дағдылары) сыныптағы құзыреттілікке бағытталған жаттығулар өте маңызды. Бұл жаттығулар адамға әлеуметтік ортада кездесетін тілдік немесе мәдениетаралық мәселелерді немесе міндеттерді шешу қабілетіне ие болуға көмектесу тұрғысынан маңызды. Мұндай жаттығуларды сыныпта орындау оқыту мен оқуда, сондай-ақ курс материалдарында өзгерістер болатынын білдіреді [2].

Шет тілін үйренушілердің жалпы қабілеттері алғаш рет шет тілін меңгерудің жалпы Еуропалық құзыреттіліктерінде қосалқы дағдылар ретінде анықталды, сондай-ақ олардың шеберлік деңгейлері анықталды.

Тиісінше, тіл үйренушілер мен қолданушылардың жалпы қабілеттері білім, Дағдылар, экзистенциалды қабілеттер мен оқу қабілеттерінен тұрады. Білім дегеніміз-сипаттамалық білім дегеніміз-тәжірибеден (эмпирикалық білім) туындайтын Білім және формальды білім (академиялық Білім) нәтижесінде пайда болатын білім. Адамның барлық қарым-қатынасы әлем туралы жалпы білімге негізделген. Тілді қолдану мен үйренуге келгенде, білім тек тіл мен мәдениет туралы емес. Ғылым немесе техникалық білім саласындағы академиялық білім, сондай-ақ кәсіби саладағы академиялық немесе эмпирикалық білім осы салаларға қатысты шет тілдеріндегі мәтіндерді қабылдауда және түсінуде маңызды рөл атқарады. Қоғамдық немесе жеке саладағы күнделікті өмірді эмпирикалық білу (күнді жоспарлау, тамақтану уақыты, көлік, байланыс және ақпарат құралдары) шет тіліндегі тілдік қызметті басқару үшін өте қажет. Діни нанымдар, табулар, жалпы қабылданған тарих және т.б. Басқа елдер мен аймақтардағы әлеуметтік топтардың ортақ құндылықтары мен сенімдерін білу мәдениетаралық қарым-қатынас үшін де маңызды. Бұл әртүрлі білім салалары әр адамға әр түрлі болады. Олар мәдениетке жатуы мүмкін, бірақ сонымен бірге әмбебап параметрлер мен тұрақтыларға қатысты [4].

Егер біз мәдениетаралық Дағдылар мен ноу – хауды қарастыратын болсақ, олар мыналарды қамтиды:

– бастапқы мәдениет пен мақсатты мәдениетті бір-бірімен байланыстыру мүмкіндігі;

– мәдени сезімталдық және басқа мәдениеттердің адамдарымен қарым-қатынас орнатуға қажетті стратегия;

– бастапқы мәдениет пен мақсатты мәдениет арасындағы мәдени делдал рөлін орындау, қақтығыстар мен түсініспеушіліктерді жеңе білу;

– күнделікті қарым-қатынасты сақтау мүмкіндігі.

Студенттердің коммуникативтік қызметі тек білім, түсінік және тілдік дағдылардан ғана тұрады.

Қарым-қатынасқа, мотивацияға, құндылықтарға, сенімдерге, танымдық типке және жеке тұлғаға қатысты жеке факторлар да осы әрекеттің маңызды бөлігін құрайды. Бұл факторлар экзистенциалды қабілет тақырыбында көрсетілген.

1. Қатынастар:	– Жаңа тәжірибеге, басқа адамдарға, идеяларға, қоғамдар мен мәдениеттерге ашықтық пен қызығушылық. – Мәдени перспективаңызды мәдени құндылықтар жүйесімен байланыстыруға дайын болу, – Мәдени айырмашылықтар жағдайында дәстүрлі көзқарастардан аулақ болу қабілеті мен дайындығы.
2. Мотивация:	– Ішкі / сыртқы, – Аспаптық / интегративті – Коммуникативті мотив, яғни адамның қарым-қатынасқа деген қажеттілігі.
3. Құндылықтар:	– Этикалық және моральдық.
4. Сендіру:	– Діни, идеологиялық, философиялық
5. Танымдық түрлері:	– Татуласу / ымырасыз. – Тұтас / аналитикалық / синтетикалық
6. Тұлға факторлары:	– Сөйлесу / үнсіз, – Ашық / ұялшақ, – Оптимистік пессимистік, – Интроверт / экстроверт, – Үйлесімділік / үйлесімсіздік – Шарап / артық шарап / кінәнің болмауы – Қорықпау және ұялмау – Қаттылық / икемділік – ашық / шектеулі – Табиғи / өзін-өзі бақылау – Интеллект – Абайсыздық / абайсыздық Есте сақтау дағдысы: – Еңбекқорлық / жалқаулық – Табысқа ұмтылудың болуы / болмауы Болуы / болмауы сана-сезім: – Өзін-өзі бағалау және қозғалыс қабілетінің болуы / болмауы – Өзіне деген сенімділік / сенімсіздік – Өзіне қабылдау / антипатия

Қарым-қатынас пен жеке қасиеттер тіл үйренушінің коммуникативті іс-әрекеттерінде ғана емес, сонымен қатар оның оқу дағдыларында да маңызды рөл атқарады.

Көптеген адамдар» жеке тұлғаны « дамыту маңызды білім беру мақсаты деп санайды. Осы тақырыппен қатар келесі аспектілер де қарастырылады:

– жеке тұлғаның дамуы қандай дәрежеде нақты білім беру мақсаты болуы мүмкін;

– мәдени релятивизмді этикалық және моральдық тұтастықпен қалай келісуге болады;

– қандай жеке қасиеттер шет тілін немесе екінші тілді үйрену мен үйренуді жеңілдетеді немесе қиындатады;

– оқушыларға күшті жақтарын дамытуға және әлсіз жақтарын жеңуге қалай көмектесуге болады;

– жеке айырмашылықтар мен білім беру жүйелерінің қиындықтары арасындағы үйлесімділікке қалай қол жеткізуге болады; маңызды этикалық және білім беру мәселелері туындайды [5].

Осылайша, ғалымдар коммуникативті құзыреттілікті кең мағынада да, тар мағынада да қарастырады: кең мағынада – оған тіл, сөйлеу, әлеуметтік мәдениет, социолингвистика, дискурс және стратегиялық құзыреттілік кіреді; тар мағынада – студенттер ретінде. Меңгерілген тілдік дағдылардың нақты деңгейі шет тілінде төрт тілдік аспектіде: тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым арқылы тілдесуді жүзеге асыру үшін жеткілікті. Қарым-қатынас дағдыларын қалыптастырудың тиімділігі болашақ мамандармен қарым-қатынастың сәттілігіне әсер ететін маңызды орта ретінде бөлуге болатын көптеген психологиялық-педагогикалық факторлармен түсіндіріледі.

Табыстылық факторы оқу іс-әрекетінің құрылымына негізделген, оны ішкі коммуникативтік мотивацияны дамытуға және студенттердің өз өміріндегі нақты жағдайларды талқылауға қатысу процесі арқылы оқу процесін жақсартуға жағдай жасау үшін оның құрылымдық компоненттерімен біріктіруге болады. Талдау шетелдік қарым-қатынас объектісі тілде қарым-қатынас құралы ретінде сөйлейтін болса, шетелдік қарым-қатынас мүмкін болады деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Коммуникативтік процестің тиімділік деңгейі шет тілі субъектісінің коммуникативтік құзыреттілігінің қалыптасу деңгейіне байланысты. Қабілет – бұл адамның тұрақты дайындығы және бір нәрсе үшін «білімді пайдалану» мүмкіндігі. Біздің жағдайда, бұл шет тілін үйрену процесінде студенттерге шет тілін алмасу іс-шарасы. Демек, анықтау шетел тілі коммуникативтік құзыреттілік – бұл кешенді жеке тұлғаны қалыптастыру. Ол күрделі құрылымға ие және тілдің, әлеуметтік мәдениеттің және коммуникативті құзіреттіліктің өзара әрекеттесуі мен өзара байланысын білдіреді. Олардың білім деңгейі болашақ мамандарға шет тілдерін тиімді меңгеруге мүмкіндік береді. Сонымен, тіларалық, мәдениетаралық және тұлғааралық қарым-қатынас. Қорытындылай келе, шет тілін кәсіби үйренудің мақсаты – ең жақсы тілдік емес оқу орындарында кәсіби ортада тиімді қарым-қатынас жасауға дайындық деп қорытынды жасауға болады. Шетелдік кәсіби қабілеттерін ғылыми зерттеудің перспективалы бағыты оқытудың ақпараттық технологияларының әлеуетін ескере отырып,

технологиялық жоғары оқу орындарының студенттерінде оларды қалыптастыру моделін әзірлеу болуы мүмкін.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Зимняя А. Негізгі құзыреттер – білім беру нәтижесінің жаңа парадигмасы. URL: http://aspirant.Rggu/ru/article.

2 Сергеева Н.Н., Бушманова Ю.А. техникалық ЖОО студентінің кәсіби бағытталған шет тілдік коммуникативтік құзыреттілігі.– Казан: Казан баспасы, № 8, 2011. – Б. 241-242.

3 Айтчисон Дж. Психолингвистика және тілдік өзгерістер. Ағылшын өткен. Дж. Айтчисон, Т. Франк, Н. Панталео. – Италия: Шена, 1990. – Б. 13-24.

4 Андерсон Р.С. Таным психологиясы бойынша оқулар. – Холт, Райнхарт және Уинстон, 1965. – 690 б.

5 Халеева И.И. Шет тілінде сөйлеуді түсінуді Оқыту теориясының негіздері. – М.: Жоғары Мектеп, 2004. – 239 б.

6 Хомский Н. Тіл және ойлау. – М.: ММУ, 1972. – 121 б.

7 Хуторский А.В. Негізгі құзыреттер мен білім беру стандарттары: баяндама. – «Эйдос» орталығы. www.eidos/ru/news/compet/htm.

8 Хуторский А.В. Білім беру стандарттарының жалпы пәндік мазмұны. – М.: Жаңа білім беру технологиялары институты, 2002. – 19 б.

ҒТАМР 16.21.27

ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ МӘСЕЛЕСІ

Армия Еркежан
Аға оқытушы, магистр, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.

Білім беру жүйесі педагогикалық процестің әртүрлі аспектілері мен оның нәтижелері туралы неғұрлым егжей-тегжейлі, объективті және толық ақпарат алуға мүмкіндік беретін жаңа білім беру технологияларының эксперименталды сынағы кезеңінде тұр.

Бұл мақалада Қазақстандық білім беру жүйесі бүгінгі таңда кең инновациялық ізденістерді талдауға арналды. Инновациялар ұйымдық түрлендірулер, оқу жоспарының аймақтық және оқыту бағдарламасын енгізу, оқу пәндерін интеграциялау, оқытудың мазмұнын мақсатты түрде іріктеу сияқты білім беру мәселелеріне сәйкес анықталуда.

Осы орайда, инновация ұғымы ғылыми еңбектерде жиі қолданылатынына қарамастан, оның нақты анықтамасы талданду. Қазіргі кезде жалпы білім беретін мектептерінің интегралды педагогикалық процесіне инновацияларды енгізудің перспективалары сипатталды.

Түйін сөздер: инновация, жаңа технологиялар, білім беру жүйесі, педагогикалық технологиялар.

Алдымен, инновацияық технологияларды талдамас бұрын «инновация» терминіне тоқталып өтуді жөн көреміз. «Инновация» терминіне энциклопедиялар мен сөздіктерде әртүрлі анықтама беріліп келді.

Педагогика саласындағы инновация ұғымының 1980 жылдардың басында пайда болғанына көптеген педагогтар сенімді. Бірақ білім берудегі инновациялық процестер 1980 жылдардың ортасынан бастап кеңінен дамыды.

В.А. Сластенин «инновация» түсінігіне мынадай анықтама береді: педагогикалық қызметті жаңартудың, оның белгіленген деңгейге шығуын қамтамасыз етудің тұтас теориялық, технологиялық және әдістемелік тұжырымдамасы.

Инновациялар, әдетте, бірнеше мәселелердің түйіскен жерінде пайда болады және педагогикалық процестің үздіксіз жаңаруына әкелетін принципті жаңа міндеттерді шешеді. Н.Р. Юсуфбекова бұл ұғымға мынадай анықтама береді: инновациялық процесс – педагогикалық инновациялардың

динамикалық бірлігі, оларды педагогикалық қоғамдастықтың дамуы және ғылыми негізде тәжірибеде тиімді пайдалануы [2].

«Инновация» бұл белгілі бір адам үшін жаңа идея. Идея объективті түрде жаңа ма, жоқ па маңызды емес, біз оны ашылғаннан немесе алғаш рет қолданылғаннан бері өткен уақыт бойынша анықтаймыз» деп жазады Е.М.Роджерс.

Ал, Ангеловски К. педагогикалық инновацияның мүмкін болатын үш түрін ажыратады:

1) инновациялар – мүлдем жаңа және бұрын белгілі болмаған білім беру идеялары мен әрекеттері. Мұндай мүлдем жаңа және түпнұсқа идеялар өте аз;

2) инновациялардың ең көп саны белгілі бір ортада және белгілі бір уақыт кезеңінде ерекше өзектілікке ие болатын бейімделген, кеңейтілген немесе қайта тұжырымдалған идеялар мен әрекеттер;

3) педагогикалық инновациялар өзгерген жағдайда мақсаттарды қайта қоюға байланысты бұрыннан бар кейбір әрекеттер өмірге келетін жағдайда пайда болады, өйткені жаңа жағдайлар белгілі бір жағымды идеялардың сәтті болуына кепілдік береді [4, 53 б.].

Кейбір ғалымдар «инновация» түсінігін, әсіресе оның концептуалды мағынасына және әрекет ету механизмінің мәніне бармай-ақ, «инновация» және «новация» ұғымдарының аналогы ретінде пайдалана отырып, оларды құбылыстарға автоматты түрде дерлік ауыстырады. Оны оқу өмірінің, негізінен оның нақты педагогикалық процесті сипаттайтын бөлігі ретінде қарастырады (К. Ангеловский [4], Н.Д. Малахов [5], В.С. Моисеев [6], М.М. Поташник, С.Д.Поляков [7] және т.б.).

Дәстүрлі дидактикалық технологияларды инновациялық технологиялармен салыстыра отырып, біріншісінде белгілі бір процессуалдық шешім алгоритмі бар, ал екіншісі еркін коммуникациялық-импровизациялық жүйеге негізделген жүйе ретінде қарастырады. Осылайша, инновацияны объективті ғана емес, сонымен қатар субъективті түрде қоғам үшін және жеке адам үшін маңызды жаңа өнімді жасаудың нәтижесі ретінде қарастырған жөн. Инновацияға мыналар кіреді:

– білім берудің инновациялық үлгілері, ғылымдағы концептуалды инновацияларды әзірлеу және оларды тәжірибеге енгізу;

– оқу жоспарларының пәндік-мазмұндық вариативті стандарттары және оларды тексеру шарттарына байланысты таңдау мүмкіндігін жасау;

– білім берудегі белгілі бағыттарды қайта құру және өзгерту, қолданыстағы нормалар мен дәстүрлерге жаңа элементтерді енгізу;

– білім беруде бұрын қолданылмаған жаңа технологияларды құру, әзірлеу және енгізу процесі. Соның ішінде оларды практикалық бейімдеу және енгізу үшін нақты әлеуметтік жағдайларда инновациялық үдерісті ұйымдастыру мен қамтамасыз етудің вариативтілігі.

Олай болса, білім берудегі инновация жеке тұлғаның негізгі іс-әрекеттерінің бірі болып табылады, оның дәстүрлі білім беруден түбегейлі айырмашылығы бар. Ол әрқашан қайшылықтар болған жағдайда жүзеге

асырылады, мұндай жағдайда іс-әрекеттің дәстүрлі үлгілері тиімсіз болып қалады.

Білім беруде мәдениеті, әлеуметтік ортадағы инновациялық өзгерістерді ынталандыратын инновациялық оқыту сияқты оқу әрекетінің процесі мен нәтижесін түсінеміз. Оқытудың (және білім берудің) бұл түрі қалыптасқан дәстүрлерді сақтаумен қатар, жеке тұлға үшін де, қоғам үшін де туындайтын проблемалық жағдайларға белсенді жауап беруді ынталандырады.

А.Н. Леонтьев [8] еңбектерімен жасалған дамыта оқыту психологиясының идеялары мен әдістерінен бастап, П.Я. Гальперин [9], Д.Б.Эльконин [10], В.В. Давыдова [11] инновациялық оқыту стратегиясының ерекшеліктерін және оның тұлғаны дамытудағы функцияларын зерттеуге көмектесетін үлгілердің бірін құрастырған.

Қазіргі білім берудегі инновация жаңа технологиялармен және техникалық құралдармен қатысты жаңа қарқын алды. Бұл дегеніміз, оның пайда болуы негізінен оқу үдерісіне жаңа техникалық құралдарды қарқынды енгізу әрекеттерімен түрткі болды. Оқу процесін құрудың технологиялық тәсілінің белсенді жақтаушысы А.С. Макаренко былай деп жазды: «Біздің педагогикалық өндірісіміз ешқашан технологиялық логика бойынша құрылған емес, бірақ әрқашан адамгершілік принциптер логикасы бойынша дамиды. Сондықтан бізде өндірістің барлық маңызды бөлімдері: технологиялық процесс, операцияларды есепке алу, жобалау жұмыстары, конструкторлар мен құрылғыларды пайдалану, нормалау, бақылау, рұқсат ету және қабылдау процестсерні қамтиды» [12].

Дәл қазіргі уақытта инновациялық технологиялар қолданысында екі бағыт пайда болды. Олардың бірі әлі де инновацияны енгізуді техникалық құралдарды енгізумен байланыстырды. Екінші бағыт аясында оқу үдерісін құрудың инновациясы өзі дами бастайды және «оқыту технологиясы» деген жаңа термин пайда болады.

Осы бағытта, оқыту технологиясы білім беруде педагогикалық басқарудың теориялық жобасын және оқушыларды тәрбиелеу мен дамытудың алға қойылған мақсаттарына сәйкес педагогикалық жүйенің қызмет етуін қамтамасыз ететін қажетті құралдар жүйесін түсінеміз. Білім берудің заманауи технологиялық үлгілері білім беруді құрудың әдіснамалық принциптерін, білім беруді ұйымдастырудың гуманистік, дамушы, тұлғаға бағытталған жобасының әдістемесін білдіреді. Заманауи оқыту технологиялары тұлғаға бағытталған технологиялармен өзара тығыз байланыста.

Инновациялық технологиялар мұғалім іс-әрекетінің технологиялық деңгейде өтетін келесі критерийлерін анықтайды:

– нақты және диагностикалық түрде қойылған мақсаттың болуы, яғни тұжырымдамалардың, операциялардың, оқушылардың іс-әрекетінің күтілетін оқу нәтижесі ретінде дұрыс өлшенетін көрінісі, осы мақсатқа жетудің диагностикалық әдістері болуы;

– зерттелетін мазмұнды танымдық және практикалық тапсырмалар жүйесі, бағдарланған шеңбер және шешімдер түрінде көрсету;

– жеткілікті деңгейді нақты жүйеліліктің болуы, тақырыпты игерудің белгілі кезеңдерінің логикасы (материал, кәсіби функциялар жиынтығы және т.б.) болуы;

– әр кезеңдегі оқу-тәрбие процесіне қатысушылардың (мұғалім мен студенттер, студенттердің бір-бірімен) өзара әрекеттесу тәсілдерінің, сондай-ақ олардың ақпараттық технологиялармен (компьютер, бейнежүйе және т.б.) өзара әрекеттесуінің көрсеткіші анықталуы;

– оқытушы мен студенттердің осы үдерістегі жеке функцияларын жүзеге асыру негізінде (еркін таңдау, шығармашылық, бәсекеге қабілеттілік, өмірлік және кәсіби мәнділік) іс-әрекетіне мотивациялық қолдау көрсетілу.

Осыған сәйкес оқытудың инновациялық технологиялық тәсілінде мыналар бөлінеді:

– мақсат қою және оларды барынша нақтылау, нәтижеге қол жеткізуге бағытталған оқу мақсаттарын тұжырымдау (мұғалім жұмысының бұл кезеңіне басымдық беріледі);

–оқу материалдарын дайындау және оқу мақсаттарына сәйкес бүкіл оқу курсын ұйымдастыру;

– ағымдағы нәтижелерді бағалау, қойылған мақсатқа жетуге бағытталған оқытуды түзету;

– оқыту нәтижелерін қорытынды бағалау.

Педагогикалық технологияларды да былайша жіктеуге болады: оқыту, тәрбиелеу, дамыту, диагностикалау технологиялары. Оқыту технологияларын оқыту технологиялары және өздігінен білім алу деп бөлуге болады.

Оқыту технологиялары – салыстырмалы және тұрақты қарым қатынастарды мақсатты түрде қалыптастыру операцияларының жиынтығы.

Дамыту технологиялары оқыту технологияларымен тығыз байланысты. Бұл пәндік дағдыларды қалыптастыру барысында ақыл-ой дағдыларының да өсуімен байқалады. Осылайша, дағдылардың қалыптасуы орын алған жерде ақыл-ой дамуы да үнемі байқалады.

Оқыту, тәрбиелеу және дамытудың әртүрлі технологиялары түзету, алдын алу (профилактика), терапия (емдеу), оңалту (қалпына келтіру) технологиялары болуы мүмкін.

Қазіргі уақытта тәжірибеде педагогикалық оқытудың келесі технологиялары сәтті жүзеге асырылуда:

– толық ассимиляция технологиясы (Дж. Кэррол, Б. Блум);

– модульдік оқыту технологиясы (П. Юцявичене, Т. Шамова, М.Чошанов);

– бағдарламаланған оқыту (Б. Скиннер);

– шоғырландырылған оқыту технологиясы (пәнге терең бойлау);

– ұжымдық ақыл-ой әрекетінің технологиясы (КМД), (К.Я. Вазина);

– педагогикалық шеберханалардың технологиясы («француз әдісі»);

– ынтымақтастық технологиясы (Ш.А. Амоношвилли, Е.Н. Ильин);

– деңгейлеп саралап оқыту технологиясы (В.П. Беспалько, Ж.А. Қараев);

– ақпараттық-коммуникациялық технологиялар;

– жобалап оқыту технологиясы (Е.С. Полат) және т.б.

Демек, педагогикалық технологиялар пәндердің нақты мазмұнымен шектелмеуі мүмкін. Аталған инновациялық технологияларға цифрлық оқыту технологиясы мен қашықтықтан оқыту технологиясы қосылды.

Педагогикалық технология – педагогикалық мақсатқа жетуге кепілдік беретін, алдын ала жобаланған оқу-тәрбие процесі дәйекті түрде жүзеге асырылатын жүйе деп есептейміз. Тар мағынада педагогикалық технология – мұғалімнің нақты іс-әрекетімен байланысты және қойылған мақсатқа жетуге бағытталған белгілі бір әрекеттердің, операциялардың тізбегі.

Оқушылардың білім мен тәрбие сапасын арттыруда инновациялық мектептердегі ғылыми-әдістемелік жұмыстардың маңызы ерекше. Ғылыми-әдістемелік жұмыстың міндеттері:

1. Мұғалімдердің ғылыми-әдістемелік деңгейін жүйелі түрде арттыруды ұйымдастыру;

2. Оқу бағдарламасын меңгеру және жүзеге асыру бойынша мұғалімдермен тұрақты жұмыс жүргізу;

3. Саралап және жеке оқыту принципін жүзеге асыру;

4. Жаңа пәндердің, кіріктірілген курстардың, таңдау пәндерінің оқу жоспарына сай болу;

5. Сабақты жетілдіру – сабаққа жүйелі, жоспарлы қатысуға және оларды талдауға негізделген тұтас педагогикалық процестің негізгі бірлігі ретінде ұйымдастыру;

6. Педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру.

Білім беруде практикалық мақсаттармен қатар, ғылыми-әдістемелік жұмыстың құрылымын, үлгісін білетін, оның мазмұны мен формаларын анық көрсететін жүйе құрылуы шарт. Инновациялық технологиялар әр мұғалімнің іс-әрекетінен оның жеке әдістемелік стилін, жұмысындағы жағымды сәттерді, мүмкіндіктерін көруі, болып жатқан оқиғаның мәніне үңіле білуіне жаңдай жасайтындай болып құрылуы керек.

Қорыта келгенде, елімізде білім беру ісінде инновациялық білім беру траекториясын құру үшін педагогика теориясына сай білім мазмұнын құру, жеке тұлғаның танымдық ерекшеліктерін есепке алу, оқу-танымдық іс-әрекетті оқушылардың дербестігімен ұштастыру сияқты білім берудегі инновацияларды дамытуда елеулі қадам жасалуда. Алайда, инновациялық білім беру мазмұнына сай әр пәннің құрылымы, ұғымдық-терминдік аппаратын құру, мақсаттарын, мазмұнын, оқыту мен тәрбиелеу әдістерін, сабақ құрылымын ғылыми негіздеу әлі де болса шешімін таппай отырған мәселе.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Сластенин В.А. Подготовка педагогических кадров: опыт, проблемы, перспективы. Формирование личности учителя в системе высшего педагогического образования. – М., 1981. – С. 3-11.

2 Юсуфбекова Н.Р. Общие основы педагоической инноватики. – М., ЦСПО РСФСР, 1991. – 91 с.

3 Роджерс Э. Взгляд на психотерапию. Становление человека. – М., 1994. – С. 12-14.

4 Ангеловски К. Учитель и инновации. – М.: Просвещение, 1991. – 157 с.

5 Малахов Н.Д. Нововведения в муниципиальном управлении образование. 1998, №1. – С. 65-76.

6 Моисеев В.С. Многообразие школ: плюсы и минусы. Народное образование. 1997, №4. – С. 47-53.

7 Поташник М.М., Поляков С.Д. Управление качеством образования. – М.: Пед. общество России, 2000. – С. 442.

8 Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. Изд. 2-е. – М.: Мысль, 1971. – 304 с.

9 Гальперин П.Я. Методы обучения и умственное развитие ребенка. – М.: Изд-во Мгу, 1985.

10 Эльконин Д.Б. Избранные психологические труды. – М.: Педагогика, 1986. – 554 с.

11 Давыдов В.В. Виды обобщения в обучении. – М.: Педагогика, 1973. – 424 с.

12 Макаренко А.С. Собрание сочинений в пяти томах. Том II. – 150 с.

ГРНТИ 14.35.09

СРЕДСТВА ИНТЕРАКТИВНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ФОРМИРОВАНИИ МЕЖКУЛЬТУРНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ УЧИТЕЛЯ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА

С.С. Солтанбай
Преподаватель, КазУМОиМЯ имени Абылайхана, г. Алматы

В статье дано определение понятия компетенции, обоснована необходимость формирования межкультурной компетенции у учителей иностранных языков. Представлены средства интерактивных технологий позволяющих формировать межкультурную компетенцию учителей иностранных языков. Актуальность темы исследования доказана в многозначности использования средств интерактивных технологий, которые способствуют более тесной коммуникации с носителями языка и как следствие более полному погружению в языковую среду, осознании культуры и ментальности носителей языка.

Ключевые слова: компетенция, межкультурная компетенция, интерактивные технологии, интернет, тандем-метод.

В современном глобализированном информационном обществе, для эффективного недостаточно только знаний соответствующего языка, требуется также и знание норм, правил, культуры носителей иностранных языков. Каждый субъект, включаясь в международное общение, быстро понимает, что одного владения иностранным языком оказывается недостаточно для полноценного межкультурного взаимопонимания – он должен быть компетентен в психологии, культуре и истории своих партнеров по общению. В связи с этим можно утверждать, что компетенции учителя иностранного языка, как основного медиатора языковых знаний в неязыковой среде должны быть расширены не только в лингвистическом, но и культурном аспекте.

Для определения понятия компетенция обратимся к теоретикам данного вопроса. Так А.В. Хуторской определяет компетенцию как совокупность взаимосвязанных качеств личности, в качестве которых выступают знания, умения, навыки и способы деятельности, которые задаются по отношению к определенному кругу предметов и процессов, чтобы качественно и продуктивно действовать по отношению к ним [1, с. 208]. С.С. Кунанбаева под компетенцией понимает «подвижную систему квалификационных

индикаторов», отражающихся в профессионально-квалификационной модели специалиста [2, с. 62].

Таким образом, компетентность рассматривается в качестве определенной личностной характеристики, в то время как компетенция есть совокупность конкретных профессиональных или функциональных характеристик, которые должны отражаться в будущей профессиональной деятельности.

В Казахском университете международных отношений и мировых языков имени Абылай хана была разработана компетентностная модель учителя иностранного языка [3, с. 73]. Согласно данной модели к окончанию обучения каждый выпускник педагогического факультета иностранных языков должен обладать четырьмя преемственными блоками компетенций: межкультурно-коммуникативная, профессионально ориентированная, профессионально базируемая и профессионально идентифицирующая компетенции.

Особое место среди этих блоков занимает формирование межкультурно-коммуникативной компетенции, так как именно она отражает предметное содержание профессиональной деятельности будущего учителя иностранного языка. Как справедливо отмечает С.С. Кунанбаева, главным ориентиром преодоления многих недостатков в иноязычной профессионально-ориентированной подготовке учителя иностранных языков является когнитивно-лингвокультурологическая методология иноязычного образования, представляющая собой концептуальную основу современной теории обучения иностранным языкам и ориентирующая на формирование личности «субъекта межкультурной коммуникации» как «максимально достижимым качественным уровнем в условиях отсутствия языковой и социокультурной среды» [4, с. 75].

В теоретико-методологических работах межкультурная компетенция подразумевает владение этнографической, невербальной, языковой информацией, а также информацией о специфике ментального мышления коммуниканта. Эту компетенцию можно понимать, как способность использовать иностранный язык как средство межкультурной коммуникации. Таким образом, понятие межкультурной компетенции учителя иностранного языка включает в себя «языковой» и «межкультурный» смыслы.

При моделировании содержания профессионально-педагогической подготовки учителя иностранных языков, необходимо уделять внимание качественному отбору материала, методов, форм и средств обучения, направленных на развитие потребностно-мотивационной сферы студентов и способствующих формированию необходимого уровня межкультурной компетенции.

Анализ практики свидетельствует о том, что значительная часть выпускников факультетов иностранных языков педагогических вузов не обладает межкультурной компетенцией в степени, достаточной для формирования у учащихся способности к межкультурному взаимодействию с представителями иноязычных культур [5, с. 369].

На сегодняшний день проведено немало исследований о том, как, например, средства общения интерактивных технологий влияют на процесс обучения и результаты обучаемых, вовлечение студентов в обучающую онлайн среду, роль преподавателя, в создании обучающих онлайн обществ, воздействия Всемирной Паутины на обучение. Можно утверждать, что студенты, которые обучаются с помощью интерактивных технологий, лучше владеют навыками сотрудничества и взаимодействия, чем студенты, которые обучаются по традиционным методикам. Именно это подтвердила ситуация в 2020 году, когда произошла вспышка вируса COVID-19 в мире. Введение жесткого карантина практически во всех странах привело к переходу образования на дистанционную платформу. И здесь использование средств интреактивных технологий нашло глобальное отражение. Преподаватели для коммуникации с обучающимися стали использовать интернет-платформы, социальные сети, мессенджеры. Учебные заведения, крупные научные и культурные центры во всем мире с помощью облачных платформ, смарт-приложений стали организовывать лекции открытые конференции, которые таким образом сделались доступны студентам повсему миру. Такие формы взаимодействия несомненно благоприятно сказываются на межкультурной коммуникации и как следствии формировании межкультурной компетенции учащихся. Однако, студенты и преподавтели, которые ранее не использовали интерактивные технологии в обучении, придерживались только традиционных форм поиска, сбора информации, коммуникации при переходе на дистанционную форму обучения столкнулись с рядом проблем, в числе которых техническая некомпетентность и психологический барьер.

Одним из доступных и ведущих средств интерактивных технологий при формировании межкультурной компетенции учителя иностранного языка представляется нам интернет. В процессе формирования межкультурной компетенции с помощью интернета преподаватели обучают студентов отвечать на информацию и сообщения в письменной и устной форме, выражая свои мысли правильно и грамотно; критически и с уважением оценивать материал, отстаивать свою точку зрения; заниматься самообразованием и работать самостоятельно.

Стоит отметить опыт зарубежных специалистов, где в языковом образовании часто применяется так называемый тандем-метод [6]. Этот метод также подразумевает широкое использование интернета, социальных сетей и мессенджеров. Данный метод заключается в том, что в реальном времени происходит коммуникация носителей двух разных языков посредством популярных мессенджеров и интернет-платформ для связи. Цель такой коммуникации изучение языка друг друга. Участники для тандема подбираются в ходе предварительного опроса, таким образом, чтобы общение было не только познавательно в языковом отношении, но и интересно обоим участникам. Так как обмен языковыми знаниями при такой коммуникации происходит в более непринужденной форме, партнеры здесь выступают скорее в качестве консультанта, нежели учителя, что имеет большую рефлексию от

студентов. Контакт носителей языка при данном методе может происходить в асинхронной и синхронной формах. Асинхронная форма, то есть разновременная предполагает отправку сообщения одного участника тандема в определенное время, но не обязательный ответ партнера в тоже время. Происходит ожидание ответа и лишь затем реакция в форме очередного послания. При синхронном общении члены тандема из разных стран в назначенное время встречаются в сети и ведут непосредственный диалог в режиме реального времени. Применяя метод тандема можно дополнять его аудио или видео сопровождением, передачей голосовых сообщений. Это в свою очередь помогает еще больше погрузиться в языковую среду обоим участникам тандема и проникнуться языковой культурой друг друга. В настоящее время данный метод еще более актуален, так как теперь для его осуществления достаточно иметь выход в интернет не только с персонального компьютера, но можно использовать смартфон или планшет. В сети есть множество языковых сайтов и платформ для языкового обмена, таких как Italki, Speaky, HelloTalk, Polyglotclub, Lang-8. Есть также и приложения для смартфонов, которые поддерживаются операционными системами как Android так и ios: Tandem, HiNative, Cambly, HelloTalk и др.

Все вышеизложенное позволяет говорить о том, что использование интерактивных технологий, посредством Интернета, сетевых технологий, смарт-приложений при изучении иностранного языка позволяет формировать умение общаться с зарубежными партнерами в письменной, устной форме, посредством аудио и видео связи, помогает справиться со стеснением, преодолеть психологический барьер, и самое главное формирует межкультурную компетенцию: психологическая готовность и техническая компетентность в первую очередь самих преподавателей к использованию на занятиях интерактивных технологий [7].

Таким образом, мы выяснили, что на современном эволюционном этапе методической науки с учетом реальных условий функционирования системы иноязычного образования конечной целью обучения учителей иностранных языков является формирование межкультурной компетенции. Межкультурная компетенция является важной профессиональной составляющей современного учителя иностранного языка, основы которой закладываются во время обучения в высших учебных заведениях. Важной задачей современных высших заведений является создание благоприятных условий для формирования межкультурной компетенции будущих специалистов. Целесообразным и эффективным решением данной задачи является использование в процессе подготовки учителей иностранных языков средств интерактивных технологий.

Литература

1 Хуторской А.В. Ключевые компетенции как компонент личностно-ориентированной парадигмы. Народное образование. 2003, № 2. – С. 58-64.

2 Kunanbayeva S.S. Strategic guidelines for higher foreign language education. Cambridge: Hertforfshire Press, 2017. – 195 p.

3 Сері Л. Формирование профессиональных компетенций будущего специалиста (бакалавра) в условиях дистанционного обучения. Вестник КазНУ. Серия педагогическая, №2 (51). – С. 69-78.

4 Компетентностное моделирование профессионального иноязычного образования. Монография. С.С. Кунанбаева. – Алматы, 2014. – 208 с.

5 Ажель Ю.П. Использование технологий ВЕБ 2.0 в преподавании иностранных языков. Молодой ученый. 2012, № 6 (41). – С. 369-371.

6 Поленова А.Ю. Потенциал тандем-метода при обучении иностранному языку в вузе. Интернет-журнал «Мир науки», 2018, №4, https://mir-nauki.com/PDF/52PDMN418.pdf.

7 Саванкова М.В. К вопросу формирования межкультурно-коммуникативной компетенции у студентов педагогических специальностей. Современные проблемы науки и образования. 2020, № 2. URL: http://science-education.ru/ru/article/view?id=29609.

ҒТАМР 14.01.85

АҚПАРАТТЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ ОҚУ БАРЫСЫНДА ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ

Ж.Ж. Койлыбаев
Аға оқытушы, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.

Заманауи білім беру саласында ақпараттық технологияларды пайдалану, жаһанданудың бастамасы ретінде әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдану оқытушының өз пәніне деген сүйіспеншілігінің жоғарылығын көсетсе және сабақ барысында тақырыпты жан-жақты талқылауы оның шығармашылық құзіреттілігінің дамығандығының айқын көрінісі іспетті.

Түйін сөздер: инновация, технология, интерактив, коммуникатив, ақпарат, білім беру.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында білім беру саласын жаңартудың ең басты міндеттерінің бірі – оқыту үдерісіне заманауи әдістемелер мен технологияларды үнемі енгізіп отыру қажет екендігі көрсетілген.

Білім берудің қазіргі жаңа құрылымы мен оқу-әдістемелік мазмұнының өзгеруі – оқытушының өз кәсіби шеберліктерін шыңдауды, жаңартуды талап етеді. Елбасы Н. Назарбаев «Қазіргі заманда жастарға ақпаратты техникамен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп атап айтқандай, инновациялық әдіс-тәсілдерді кеңінен қолдану жаңаша білім берудің бір шарты [1].

Ертеңгі келер күннің бүгінгіден гөрі нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын құдіретті күш тек білімге ғана тән. Олай болса, білім беруді ізгілендіру, ақпараттандыру – бүгінгі заман талабы. Ақпараттық білімнің, орта мен адамның өзара қарым – қатынасын үйлесімді ету және жаңа ақпараттық қоғамда ақпараттық технологияны пайдалану, ақпараттық мәдениетпен байланысын кеңейту мүмкіндіктері мол. Өркениеттің өсуі ақпараттық қоғамның қалыптасуымен тікелей байланысты екенін ескерсек, қазіргі кездегі білім мен техниканың даму деңгейі әрбір адамға сапалы және терең білім мен кәсіби іскерліктердің болуын, жастардың белсенді шығармашылықпен жұмыс істеуін талап етеді.

Ақпараттандыру технологиясының дамуы кезінде осы заманға сай білімді, әрі білікті жұмысшы мамандарын даярлау оқытушының басты міндеті болып табылады. Қоғамдағы ақпараттандыру процестерінің қарқынды дамуы жан-жақты, жаңа технологияны меңгерген жеке тұлға қалыптастыруды талап

етеді. Білім – болашақ бағдары, кез келген маман даярлайтын оқу орынның басты міндеттерінің бірі – жеке тұлғаның құзіреттілігін дамыту. Құзірет – студенттің жеке және қоғам талаптарын қанағаттандыру мақсатындағы табысты іс-әрекетіне қажетті білім дайындығына әлеуметтік тапсырыс. Құзыреттілік – студенттің әрекет тәсілдерін жан – жақты игеруінен көрінетін білім нәтижесі. Ақпараттық құзіреттілік – бұл жеке тұлғаның әр түрлі ақпаратты қабылдау, табу, сақтау, оны жүзеге асыру және ақпараттық – коммуникациялық технологияның мүмкіндіктерін жан-жақты қолдану қабілеті.

Ақпараттық құзіреттілікті қалыптастырудың басты мақсаты – студенттерге ақпаратты беру, түрлендіру және оны қолдану білімдерімен қаруландыру, олардың компьютерлік технологияны өз қызметтеріне еркін, тиімді пайдалана алу қабілеттерін қалыптастыру [2].

Оқытудың ақпараттық-коммуникативтік және интерактивтік технологияларының бағыттары:

– Электронды оқулықтар;
– Телекоммуникациялық технологиялар;
– Мультимедиалық және гипермәтіндік технологиялар;
– Қашықтан оқыту – Ғаламтор.

Интерактивтік оқыту технологиясы – бұл коллективтік, өзін-өзі толықтыратын, барлық қатысушылардың өзара әрекеттеріне негізделген, оқу процесіне студенттің қатыспай қалу мүмкін болмайтын оқыту процесін ұйымдастыру Интерактивтік оқыту – бұл, ең алдымен студент пен оқытушының қарым-қатынасы тікелей жүзеге асатын сұхбаттасып оқыту болып табылады. Сабақтағы интерактивтік әрекет өзара түсіністікке, өзара әрекетке, қатысушының әрқайсысына қажет есепті бірлесіп шешуге алып келетін ұйымдастыру және сұхбаттасып қарым-қатыныс жасауды дамытуды ұсынады. Оқытудың ақпараттық-коммуникациялық және интерактивтік технологияларын пайдалану – педагогикалық іс-әрекеттердің мазмұны мен формасын толықтыру негізінде оқыту үрдісін жетілдірудің бірден бір жолы. Компьютерлік желілерде, ғаламтор жүйесін, электрондық оқулықтарды, мультимедиалық технологияларды, қашықтан оқыту технологиясын пайдалану оқу орындарында ақпараттық-коммуникациялық технологиялар кеңістігін құруға жағдай жасайды. Студент пән бойынша алған біліктілігін мемлекеттік стандарттың тапсырмаларына сай меңгеріп, өзін-өзі бағалап жүзеге асырып отыру қажет, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар жеке тұлғаның құзіреттілігін дамыту құралы.

Қазіргі білім беру ісінің басты шарттарының бірі болып студенттің өзіне керекті мәліметті өзі іздеп табуына үйретіп, олардың өз оқу траекторияларын өзінің таңдай білуі есептеледі. Оқытушы үшін нәтижеге жету шәкіртінің білімді болуы ғана емес, білімді өздігіне алуы және алған білімдерін қажеттіне қолдану болып табылады. Бүгінгі бала – ертеңгі жаңа әлем. Бүгінгі күні ақпараттар ағымы өте көп. Ақпараттық ортада жұмыс жасау үшін кез келген педагог өз ойын жүйелі түрде жеткізе алатындай, коммуникативті және ақпараттық

мәдениеті дамыған, интерактивтік тақтаны пайдалана алатын, онлайн режимінде жұмыс жасау әдістерін меңгерген оқытушы болуы тиіс.

Қоғамның ақпараттандырылуы білім беруге қойылатын талаптарды да өзгертеді. Білім беру саласының қызметкерлерінің міндеті ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, баланың рухани мүмкіндігін дамыту, білім беру, тәрбиелеу, олардың өзіндік жұмыс жасау қабілетінің дамуына мүмкіншілік жасау. Сонымен бірге ақпараттық – коммуникациялық технологиялар білім беру саласының қызметкерлерінің шығармашылық ізденіс қабілетін дамытуға, жаңа педагогикалық технологияларды жете меңгеруге, мамандық шеберлігін қалыптастыруға ықпалын тигізеді.

Қорыта келгенде, ақпараттық технологияларын пайдалану – барлық мәселелердің шешімі деп қарастыруға болмайды, өйткені бұл – оқу орнындағы білімдік негізді шешетін құрал, сондықтан да студентердің өзіне тән ерекшеліктерін ескеріп, әрбір кезеңін мұқият саралаудан өткізіп барып тәжірибеде қолдану керек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2010.

2 Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. Педагогтардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлықтарын қалыптастыру әдістемесі. – Алматы: ДайырБаспа, 2010.

3 Қазбекова Д.Д. Ақпараттық-коммуникативті технологияларды жеке тұлғаны қалыптастырудағы маңызы. – Алматы: «Мерей» баспасы. 28 мамыр 2015.

ҒТАМР 14.29.41

ЗИЯТКЕРЛІГІ САҚТАЛҒАН ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚ МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРҒА БИОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУДЫҢ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

А.Б. Жылқаев
Магистрант, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ.

«Мүгедек бала» физикалық, психикалық, ақыл-ой кемшіліктеріне байланысты әдеттегі мектеп бағдарламасын игере алмайтын және осы себепті арнайы әзірленген стандарттарға, әдістемелерге, білім беру мазмұнына мұқтаж балалардың бір бөлігі. Мүмкіндігі шектеулі балаға сапалы білім алуға және болашақта қоғам өміріне толық қатысуға мүмкіндік беру біздің міндетіміз болмақ. Елімізде мүмкіндігі шектеулі және зияткерлігі сақталған балалар үшін білім берудің ең перспективалы түрі – инклюзивті білім беру. Инклюзивті білім беру – жалпы білім беретін мектеп шеңберінде денсаулық мүмкіндіктері шектеулі және ақыл-парасаты сақталған балаларды әдеттегі білім беру мүмкіндіктері бар оқушылар үшін көзделген стандарттар бойынша оқытуды, барлық білім алушыларға тең қарым-қатынасты қамтамасыз етуді көздейді.

Түйін сөздер: инклюзивті білім беру, мүмкіндігі шектеулі балалар, биология пәні, мектеп, денсаулық.

Еліміздің білім беру саласындағы жаңа буын міндеттерінің бірі-әлеуметтік мәртебесіне, психофизиологиялық және жеке ерекшеліктеріне қарамастан әр баланың толыққанды дамуы үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету. Жалпы типтегі білім беру ұйымдарында мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастырудың қажетті шарты олардың толық интеграциясы мен бейімделу ортасын құру болып табылады.

ҚР «Білім туралы» заңында ерекше жағдайларға мыналар жатқызылған: «білім алу үшін арнайы жағдайлар – ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдардың (балалардың) оларсыз жалпы білім беретін оқу және білім беру бағдарламаларын меңгеруі мүмкін болмайтын, арнайы оқу бағдарламаларын және оқыту әдістерін, техникалық және өзге де құралдарды, тыныс– тіршілігін, сондай-ақ медициналық, әлеуметтік және өзге де көрсетілетін қызметтерді қамтитын жағдайлар…» [3].

Биология мұғалімінің инклюзивті балалармен іс-әрекетінің нәтижелі болуы оның сыныптағы әр балаға жеке көңіл бөлуі, қабілет, шеберлігіне байланысты, онда әр түрлі даму бұзылулары бар балалар бір уақытта білім

алады: сөйлеу,есту, көру, тірек-қимыл аппараты, интеллект, эмоционалды бұзылыстары бар балалар, мерзімінен кеш және күрделі даму бұзылыстары бар балалар.

Мүмкіндігі шектеулі адам – бұл физикалық және (немесе) психикалық дамуында кемшіліктері бар, қалыпты психикалық және физикалық дамудан айтарлықтай ауытқулары бар адам екенін түсінуіміз керек. Дамуында кемістігі бар адамдарды төмендегідей санаттарға бөлеміз:

1. Сөйлеу қабілеті бұзылған балалар (дислалия, логопаттар, кекештену);
2. Ақыл-есі кем (ақыл-есі кем балалар);
3. Есту қабілеті бұзылған (саңырау, нашар еститіндер);
4. Көру қабілеті бұзылған адамдар (зағиптар, нашар көретіндер);
5. Психикалық дамуы тежелген балалар (ПДТ);
6. Тірек-қимыл аппараты бұзылған;
7. Бірнеше мүгедектігі бар (екі немесе үш кемтарлықтың болуы).

Мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істейтін әр мұғалімнің алдында пән бойынша жұмыс бағдарламасын бейімдеу мәселесі тұр. Мүмкіндігі шектеулі оқушылардың білімін тексеруге арналған оқу тапсырмалары бірқатар шарттар (ұсыныстар) негізінде жасалады:

– оқушының жетістіктері мен күш-жігеріне сәйкес жеке бағалау шкаласын қолданыңыз;
– жақсы бағаларды жиі қолдану;
– оқушы орындай алмайтын тапсырманы қайта орындауға рұқсат етіңіз;
– қайта жасалған жұмысты бағалау;
– оқушылардың жетістіктерін бағалау жүйесін қолдану.

Оқу процесін ұйымдастыруда қажет:

– ауызша марапаттауды қолдану;
– ережелерді орындамағаны үшін жазаны барынша азайтуға, тіпті жасамау, позитивті атмосфера қалыптастыруға көбірек көңіл бөлу керек;
– баланың жеке өміріне қол сұғылмауын қамтамасыз ету;
– оқушыға оның іс-әрекетінің қате екенін түсінуге мүмкіндік беретін қарым-қатынастың кодтық жүйесін (сөздер, ым-ишаралар) жасаңыз;
– кішігірім қателіктерін елемеңіз;
– қолайсыз жағдайда баламен жұмыс жасау шараларын әзірлеу;
– дәрі-дәрмектерді қолдану қажеттілігі туралы ескертетін немесе мүмкіндігі шектеулі оқушының шамадан тыс шаршағанын көрсететін мінез-құлқындағы өзгерістер туралы білімді меңгеру.

Есту қабілеті бұзылған балалар екі санатқа бөлінеді: мүлде естімейтін және есту қабілеті нашар. Оқыту көрнекілік және жеке ерекшеліктеріне сәйкес жүзеге асырылады. Басқа бірде-бір мектеп пәнін көрнекілігі жағынан биологиямен салыстыру мүмкін емес. Тиісінше, мұндай балалармен жұмыс жасаудағы маңызды элемент – биологиялық үлгіні құрастыру және микроскоппен жұмыс жасау. Мүмкіндігі шектеулі балалардың жұмыс

қарқынын ескеру қажет. Мәселен, биологиялық сызбаларды өз бетінше орындау кей балалар үшін қиындық тудыруы мүмкін.

Көру қабілеті нашар балалармен жұмыс ерекше ойластырылған болуы керек. Мысалы, нистагмадан зардап шегетін балаларға заттарға назар аударуды және ұзақ көруді қажет ететін тапсырма беруге болмайды. Оларға ұзақ мәтіндерді қайта жазу қиын және т.б. Көру қабілеті бұзылған оқушыларды оқыту есептелген оқу жүктемелерінің қағидаттарына, бірегей оқулықтар мен көрнекі құралдарды, сондай-ақ арнайы оптикалық және тифлопедагогикалық құрылғыларды қолдануға сәйкес жүргізіледі. Негізгі шарт – сабақтағы көрнекіліктер мен шаралардың жиі өзгеруі керек (әр 4-7 минут сайын). Сонымен қатар биология мұғаліміне көру қабілеті бұзылған оқушыларға арналған заманауи арнайы жасалған бағдарламалар көмектеседі:

Оқу тапсырмалары көру дәрежесіне байланысты әзірленеді. Нашар көретін балалар үшін сабақ тақырыбы бойынша үлестірме материалдар алдын-ала жасалып, үлкен шрифтпен басылып шығарылады, бұл жазбаша жұмыстың аз мөлшерін деген сөз.

Табиғатқа танымдық экскурсия түрінде таза ауада серуендеуге болады: көру қабілеті бұзылған оқушы әрдайым мұғалімнің көз алдында болады, сондықтан егер бала бір нәрсені көре алмаса немесе түсінбесе, нысанды толығырақ сипаттап, оқушыға түсіндіре алуға мұғалімнің мүмкіншілігі бар.

Оқушылардың ерекше тобын психикалық дамуы тежелген адамдар құрайды. Психикалық дамуы тежелген балаға өзіне күш салу, өзін бір нәрсені орындауға мәжбүрлеу өте қиын. Ондай балалардың оқылған материалды игеруі үшін кейбір тақырыптың кіріспе бөлімі ғана, кейбір тақырыпшалар немесе сұрақтар тақырыптан алынып тасталады. Ең маңызды сәт – сабақта сәттілік жағдайын тудыру болып табылады. Биология мұғалімі оқушыға аталмыш жағдайды ұсынатын тапсырмаларды ұсынады. Материалды қабылдауды жеңілдету үшін оқушыға түрлі-түсті көрнекі материалдарды және есте сақтаудың кейбір әдістерін қолдану ұсынылады. Оқу материалын есте сақтаудың ең тиімді әдістерінің бірі-мнемоника (грекше-есте сақтау өнері). Бұл ассоциациялар жасау арқылы ақпаратты есте сақтауды жеңілдететін әдістер мен ережелердің жиынтығы.

Интеллектуалды дамуы баяу оқушылар үшін ерікті зейіннің шоғырлануы мен тұрақтылығын дамыту және түзету, ақыл-ой белсенділігінің деңгейін, логикалық операциялардың даму деңгейін арттыру (талдау, жалпылау), сөздік қорын байыту мақсатында тапсырмалар жасалады.

Сонымен, ақыл-ойы бұзылған балаға оқыту мен тәрбиелеу процесін ұйымдастыруға көмектесу үшін бар ауытқуларды жеңуге және түзетуге және олардың танымдық процестерін арттыруға бағытталған түзету жұмыстарының арнайы әдістері қажет. Оқу процесінің маңызды бөлігі-білімді тексеру сабақтары. Мұнда мұғалімге тест тапсырмалары, мәтінде жетіспейтін сөздері бар жаттығулар, сәйкестендіру секілді тапсырмалар көмектеседі.

Сыртқы ортадан қолдауды қажет ететін мүгедек бала сыныптастарымен бірге жайлы эмоцияларды сезінуге мүмкіндік алады. Психикалық дамуы

тежелген балалармен жұмыс кезінде өткен материалды бірнеше және кезеңкезеңмен қайталау туралы ұмытпаңыз. Қайталау тапсырмасы сабақтың әр кезеңінде беріледі.

Жаратылысы ерекше жандардың өмірге деген құлшыныстары басым. Білсем, үйренсем, танысам деген зор ынталары үнемі жоғары көрініс тауып, бойларынан өмірге деген сүйіспеншіліктері тым ерекше екені байқалады. Олай болса, бойдағы дарын мен білімді одан әрі дамытып, барынша қолдау көрсету қоғамның басты міндеттерінің бірі. Әр бала бөлек әлем. Барлығы бақытты болуға әбден лайық!

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_.

2 Оспанбаева М.П. Инклюзивті білім беру мазмұны және әдістемесі: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 232 б.

3 «Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру» жалпыхалықтық идеясы: Назарбаев Н. Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. Егемен Қазақстан. – А., 2017.

ҒТАМР 14.07.07

ФУНКЦИОНАЛДЫ САУАТТЫЛЫҚТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ МЕХАНИЗМДЕРІ

Б.Ж. Сарыбаева
Ф.ғ.к., доцент, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.
Г. Молдобаева
Студент, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

Аталмыш мақалада функционалдық сауаттылықты меңгертудің алғышарттары, икем-дағдылары, іске асыру жолдары жайында қарастырылған. Сонымен қатар функционалдық сауаттылықты нақты қалай жүзеге асыруға болатын негізгі механизмдері жайында толығырақ сұрыпталып берілген. Сауаттылықты арттырудың тиімді тетіктері. Студенттердің функционалды сауаттылықты қалыптастыру үшін студенттердің функционалды сауаттылығын дамыту мәселесінің және оқу орындарындағы болашақ мамандарды даярлау жолдарының маңыздылығы қарастырылады.

Түйін сөздер: функционалды сауаттылық, алғышарттар, механизм, жаңа технология.

Тәуелсіз елдің негізгі тірегі – білімді ұрпақ. Қазіргі заманда білімнің алға басатын, бәйгеден озатын кезеңі туды. Болашақ мемлекеттің кепілі – жастардың білімі мен тәрбиесі екені баршамызға мәлім. Қазақтың дарынды ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: «Елді түзеуді бала тәрбиесін түзетуден бастау керек» деген еді. Қазақстан Республикасындағы білім беру реформаларының негізгі мақсаты – білім беру жүйесін жаңа экономикалық жағдайларға бейімдеу. Бұл мақсатқа жетуде білім беру жүйесін жетілдіру маңызды рөл атқарады. Болашақта өркениетті, дамыған ел болу үшін заман талабына сай білім қажет.

Тұңғыш президент Н. Назарбаевтың «Қазақстандық жол – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдауында ел дамуының барлық стратегиялық бағыттарын жүзеге асыру міндеттері белгіленген. Республиканың болашағы туралы айтылған Жолдауда «XXI ғасырдағы дамыған ел дегеніміз – белсенді, білімді және дені сау азаматтар» – делінген. Ал дамудың негізі – білім мен ғылым саласына жүктеледі. Сондықтан тәуелсіз елімізде де, дамыған елдерде де білім беру жүйесінің сапасын арттыру өзекті мәселелердің бірі. Осы орайда Қазақстан Республикасында білім беруді дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламасында функционалдық сауаттылықты дамытудың жалпы бағдарлары нақты айқындалған. Негізгі мақсаты жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене бітімі және рухани

жағынан дамыған азаматын қалыптастыру, өзгермелі әлемде әлеуметтік бейімделуді қамтамасыз ететін оның білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады [1, 25 б.].

Қазіргі педагогикада оқыту принциптері оқытудың белгілі бір объективті заңдылықтарын білдіреді және функционалдық сауаттылықты қалыптастыру мақсатында мұғалім мен студенттердің іс-әрекетін анықтайтын бастапқы ережелер ретінде түсініледі. Оқыту стратегиясы мен тактикасын анықтайтын оқыту принциптері оқу процесінің жүйесін және оның компоненттерін құруда қажетті құрал болып табылады және білім беру қызметінің қалыпты процесінің шарттары болып табылады. Оқыту принциптерінің табиғаты, олардың номенклатурасы, мазмұны мен функциялары бір жағынан ғылымның, техниканың және технологияның даму деңгейінен, қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайларынан, екінші жағынан біздің қоғам білім беру жүйесіне қоятын міндеттерден туындаған әртүрлі өзгерістерге ұшырайды.

Жалпы, принциптерге оқыту процесінің тиісті компоненттерін, соның ішінде оқыту технологиясы мен әдістерін әзірлеу мен жетілдіруде мақсатты және дәйекті түрде жүзеге асырылатын бастапқы ережелер жатады. Қазіргі уақытта педагогикада оқыту принциптерін сипаттауға әртүрлі көзқарас бар: психологиялық, кибернетикалық, әдістемелік және т.б. Қазіргі зерттеулерде оқыту принциптері негізінен тарихи, педагогикалық және психологиялық негіздемеге ие және олардың атауы мен санының айырмашылығына қарамастан, оқыту заңдылықтарын түсінудегі бірдей тенденцияларды білдіреді. Бұл тәсілдер оқу процесін қарқындату жағдайында және студенттердің функционалдық сауаттылығын қалыптастыру міндеттерінде ерекше маңызға ие болып, өзектілігі арта түседі.

Оқытудың негізгі принциптері белгілі: ғылым, жүйелілік, теорияның практикамен байланысы, қол жетімділік, көріну, сана, тәуелсіздік, әртүрлі әдістердің үйлесімі, белсенділік, сабақтастық, проблемалық, кәсіби бағдарлау және басқалар.

2012 жылғы 14 желтоқсанда «Тәуелсіздік күні» салтанатына арналған жиында «Қазақстан – 2050» стратегиясы: «Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Білім және кәсіптік машық – заманауи білім беру жүйесінің, кадр беру мен қайта даярлаудың негізгі бағдары» бойынша бәсекеге байланысты дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек, жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына зор көңіл бөлу балалардың қазіргі заманға бейімделенген болуы үшін аса маңызды міндет ретінде атап көрсетеді. Елбасы бастауымен өмірге келген «Функционалдық сауаттылық бойынша Ұлттық жоспардың» мәнызы ерекше. Оның негізгі мақсаты – студенттердің білімін өмірде тиімді қолдануға үйрету. Сонымен қатар, ол орта білім жүйесінің парадигмасын түбегейлі өзгертудің негізі болып табылады. Ұлттық жоспарда функционалдық сауаттылықты дамытудың төрт негізгі тетігі атап көрсетілді [4, 119 б.].

Бірінші механизм – оқыту әдістемесі мен мазмұнын жаңарту бойынша Министрлік әлемдік тәжірибе негізінде Мемлекеттік білім стандартын жасауға кірісті. Мұғалім алған білімдерін практикалық жағдайда және әлеуметтік бейімделу процесінде тиімді қолдана алатындай етіп білім алушыға негізгі құзіреттіліктерді үйретуі керек.

Екінші механизм – оқу нәтижелерін бағалау жүйесін жаңарту бойынша оқу жетістіктерін бағалаудың жаңа тәжірибелерін әлемдік тәжірибесі жан-жақты зерттеу арқылы енгізу. Тәуелсіз Қазақстан оқулықтарының мазмұны ұлттық құндылықтарды басшылыққа ала отырып жазылуы және оқыту мен іске асырудың жаңа әдістері, яғни интерактивті әдістер арқылы іске асырылуы тиіс. Осы негізде білім алушылар теориялық білімді практикалық қолданумен қатар ана тілінің болашағына үлкен жауапкершілікпен қарауды үйренеді.

Үшінші механизм – тетік бойынша балаларды оқыту мен тәрбиелеуге ата-аналардың белсенді қатысуы үшін жаңа әдіснамасы дайындау.

Төртінші механизм – қосымша білім беру жүйелері дамытылып, материалдық техникалық база жаңартылатын болады. Бұл мәселедегі жұмыс мектептер мен жоғары оқу орындары, түрлі ғылыми-зерттеу орталықтары мақсатты түрде келісімшарттар жасасып, оқушылар арасында мамандық таңдауда, ғылыми жұмыстар мен жобалар жасауда серіктестік қарым-қатынас құрудан тұрады. Жоғары оқу орындары білім сапасын арттыруда өзін даярлайтын маманның деңгейін, қабілетін, талантын алдын ала айқындайды, одан әрі жұмысты жоспарлайды, білім алушылармен кредиттік жүйенің ерекшелігі, мақсаттары мен міндеттері туралы алдын ала түсіндіру жұмысын жүргізеді, оқушыларға мамандық таңдауда дұрыс бағыт береді.

Төрт механизм бойынша жұмыстың іске асуы – тұлғаның кәсіби тұрағында өзін-өзі анықтамасына мүмкіндік беру, студенттердің бойынша шығармашылық және инновациялық қызметке деген қажеттілікті қалыптастыруға ықпал етеді.

Функционалдық сауаттылықтың жетінші тетігі – балаларды оқыту мен тәрбиелеуге ата-аналардың белсенді қатысуын қамтамасыз ету. Ата-аналар бала кезінен адами құндылықтарды бойына сіңіріп, саналы өмірге баулуы керек. Бала тәрбиесіндегі ата-аналардың функционалдық сауаттылығын арттыру олардың мектеп мұғалімдерімен тығыз қарым-қатынасы және екі жақты серіктестік қызметі негізінде қалыптасады. Яғни, ата-аналарға баласының ерекше қасиеттерін тануға, әртүрлі жағдайларда түсінуге және көмектесуге, олардың қабілеттерін дамытуға, рухани құндылықтарды қалыптастыруға, жағымсыз әдеттер мен мінез-құлықтардан арылуға көмектесетін функционалды сауаттылық ата-аналарда болуы керек [2, 15 б.].

Ұлттық жоспар білім беру сапасын жетілдірудің негізгі бағдары ретінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту процесін мазмұндық, оқу-әдістемелік, материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар кешенін қамтиды.

Осы ұлттық жоспарды іске асыру оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Осыған сәйкес

күн тәртібіндегі өзекті мәселелердің бірі еліміздегі оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту болып табылады.

Тұлғаның функционалдық сауаттылығын дамыту – заман талабы. Мұғалімнің сабақ жүргізудегі шеберлігі, яғни шығармашылық пен жауапкершіліктің үйлесімі – бүгінгі әрр педагогтың міндеті. Өз мамандығын толық игерген жоғары деңгейдегі оқушы жоғалмай, өмірде өз жолын табады, азамат болады. Бұл – мұғалім үшін абырой, яғни оның үміті ақталып, әрбір мұғалім соған ұмтылса, ұрпақ алдындағы парызы өтелді. Мұғалім сабағының негізгі мақсаты оның негізгі мағынасын ұмытпай, әр сәтті тиімді қолдана отырып мақсатына жетеді.

Педагогикалық жоғары оқу орындарының алдында функционалдық сауатты тұлғаны қалыптастыруды жүзеге асыруға қабілетті, ғылымның негіздерімен қаруланған, ұлттық сана-сезіммен, оқушының рухани мәдениетімен байланысты берік патриоттық қағидаттары бар кәсіби даярлықтың жоғары деңгейіндегі құзыретті мамандарды даярлау жолдарын қарастыру міндеті тұр [4, 84-89 б.].

Оқыту әдісі – тарихи категория, олар білім беру мақсаттары мен мазмұнының өзгеруімен өзгереді. Қазіргі уақытта дидактикада барлық мамандар мойындаған оқыту әдістерінің бірыңғай жіктемесі жоқ. Дидактикалық есептер бойынша әдістер ерекшеленеді:

– білім алу;
– біліктер мен дағдыларды қалыптастыру;
– білімді талдау және қолдану;
– білім мен шығармашылық қызметтің синтезі;
– түзету және бақылау.

Оқыту және функционалдық сауаттылықты қалыптастыру әдістеріне келесі анықтама беруге болады: бұл оқыту, дамыту, тәрбиелеу және іс-әрекеттің мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған пән мен оқу процесі объектісінің реттелген қызметінің тәсілдері. Қазірдің өзінде бұл анықтамаларда әдіс көп өлшемді құбылыс, функционалдық сауаттылықты қалыптастыру кезінде қажетті оқу процесінің өзегі ретінде әрекет етеді. Ол мақсаттарды іске асыру механизмі ретінде әрекет етеді, көбінесе оқу процесінің соңғы нәтижелерін анықтайды. География, биология, химия, физика пәндерінде мұғалімдер қолданатын оқыту әдістері Көптеген және әртүрлі болғандықтан, олардың бірнеше сипаттамалары бар, сондықтан оларды бірнеше параметрлер бойынша жіктеу қажет. Студенттердің ғылыми функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда табысты қолдануға болатын әдістер мен тетіктер қазіргі таңда қолдануда. Мұғалім қайсысын қолданатыны оның мүмкіндіктері мен жағдайларына байланысты болады, бірақ әр түрлі әдістер мен тәсілдердің жиынтығы ең тиімді болады, олардың қажеттілігі нақты оқу іс-әрекетінде педагогикалық жағдайларды талап етеді.

Қорыта келгенде, студенттердің функционалдық сауаттылығын табысты етудің тиімді жүйесін, студенттердің функционалдық сауаттылығын қалыптастыру бойынша сыныптар мен білім беру деңгейлері арасында оқу

пәндері мазмұнының сабақтастығын жүзеге асыру жолдарын, экономикалық жағынан дамыған елдердегі білім беру жүйесінде студенттердің функционалдық сауаттылығын қалыптастыру бойынша айқындалған ерекшеліктерден хабардар болуы алға қойған мақсаттың табысты орындалуының кепілі болмақ.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Назарбаев Н.А. Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты. Ана тілі газеті. № 5, 2-8 ақпан, 2012. – 25 б.

2 Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары. –15 б.

3 Тангян С.А. Функциональная грамотность в современном контексте. – М., ИТОП РАО, 2002. – 119 с.

4 Колесникова И.А. Педагогикалық өркениеттер және олардың парадигмалары. Педагогика. 1995, №6. – С. 84-89.

ҒТАМР 27.01.45

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕП МАТЕМАТИКАСЫНЫҢ ТЕРЕҢДЕТІЛГЕН КУРСЫНДАҒЫ ФУНКЦИЯ ТҮСІНІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

К.Н. Утеулиева
Қауымд. профессор, к.ф.-м.н., Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ.
Қ.Т. Қадырова
Магистрант, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ.

Мақала мақсаты жалпы білім беретін мектептің математикасының тереңдетілген курсында функция ұғымын қалыптастырудың әдістемелік ерекшеліктерін анықтау және оны қалыптастыру жолдарын тексеру. Осы мақалада мектеп математика курсында функционалдық желіні оқытудың негізгі мақсаты мен міндеттерін, оқушылардың математикалық дайындығына қойылатын талаптар көрсетіледі.

Түйін сөздер: функция, функционалдық тәуелділік, функцияның нүктедегі шегі, функцияның нүктедегі және кесіндідегі үзіліссіздігі, функцияның туындысы, сандық функция, функцияның анықталу облысы мен мәндерінің облысы, кері функция мен күрделі функция.

Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектеп математикасында функция, функционалдық тәуелділік ұғымына аса ерекше көңіл бөлінген. Мектеп математикасы курсында функция түсінігін қалыптастыру оқушыны өмірге дайындаудың қажетті шарты болып табылады. Функционалды тәуелділіктер адам өмірінің барлық саласында кездесетіндіктен біздің өміріміздің және жалпы ғылымның ажырамас бөлігі саналады.

Оқушыларда функционалдық тәуелділік ұғымын қалыптастыру үшін қажетті ұғымдық базалар: материалдык өмірдегі құбылыстардың өзара байланысы мен өзара қарым-қатынасы туралы түсінік; айнымалы шамалар туралы түсінік; шамалар арасындағы байланыстың берілу тәсілдері. Осы ұғымдық базадан соң функция және оған байланысты басқа ұғымдар қарастырылады. Функционалдық тәуелділікті мектеп курсында оқытуды үш кезеңге бөліп қарасытруға болады.

Схема 1. Функционалдық тәуелділікті мектеп курсында оқыту кезеңдері:



5-сынып математикасында «функция» термині енгізілмейді. Бұл сынып математикасында айнымалысы бар өрнектерге түсінік береді. Айнымалысы бар өрнектер ұғымын қалыптастыру функцияны оқып үйренуге дайындық болып табылады және функция ұғымын қалыптастыру жөнінде жыл бойы жүйелі түрде жұмыс жүргізіледі. Функция ұғымының қалыптасуына айнымалы шамалары бар арифметикалық есептерді шығару көмектеседі. 5-сыныптағы функционалдық түсініктерді қалыптастыру жөнінде басталған жұмыс 6-сыныпта функция ұғымын енгізуге мүмкіндік береді, функция ұғымының мазмұны айқындалып, тиісті анықтама беріледі. Функцияның берілу тәсілдері (таблицалық, графиктік, аналитикалық) қарастырылады. $y = kx$ және $y = \frac{k}{x}$ функцияларын оқып–үйренеді. Олардың графиктері салынады.

7-сыныпта $y = ax^2$ пен $y = ax^3$ функцияларының графиктерімен танысады.

8-сыныпта функциялық түсініктер дамытылады. Мысалы, бүтін теріс көрсеткіші бар дәрежелерді оқығанда $y = ax^{-1}, y = ax^{-2}$ түріндегі функциялардың графиктері, квадрат түбірлерді оқығанда $y = \sqrt{x}$ функциясының графигі, квадрат теңдеулерді оқығанда квадрат үшмүшеліктердің графиктері қарастырылады.

9-сыныпта оқылатын алгебра курсында функцияларды оқып-үйрену әрі қарай жалғастырылады. Берілген функцияға кері функция ұғымы енгізіледі,

8-сынып геометриясында $sinx$ пен $cosx$ функцияларының қарапайым қасиеттері оқылады. tgx функциясы $\frac{sinx}{cosx}$ қатынасы ретінде енгізіледі. Тригонометриялық функциялар негізінен 10-сыныпта оқылады.

10-11-сыныптарда «Алгебра және анализ бастамалары» курсында функция ұғымын және оның қасиеттерін, түрлерін, берілу тәсілдерін, графиктерін кеңінен қарастырады. Оқушылар жалпы функция ұғымымен, өспелі және кемімелі функциялар, жұп және тақ функция, жалпы түрде берілген функция, функцияның таңба-тұрақтылық қасиеті, функцияның нөлдері, функцияның ең үлкен және ең кіші мәндері және т.б. танысады. Қарапайым түрлендірулерді қолданып, функцияның графиктерін салуды үйренеді.

Функцияның нүктедегі шегі, функцияның нүктедегі және кесіндідегі үзіліссіздігі, олардың қасиеттері, функцияның туындысы ұғымымен танысады, туындыны функцияларды зерттеу кезінде қолдануды үйренеді. Алғашқы функция, анықталмаған және анықталған интеграл, қисық сызықты трапеция, n-ші дәрежелі түбір, рационал көрсеткішті дәреже, логарифм, көрсеткіштік және логарифмдік функциялар ұғымдары және осы ұғымның қасиеттерімен танысады. Иррационал теңдеулерді, көрсеткіштік, логарифмдік теңдеулер мен теңсіздіктер және олардың жүйелерін шешуді, сонымен қатар жазық фигуралардың ауданын интеграл арқылы табуды үйренеді.

Мектеп курсының функция ұғымының құрамына: сандық функция, функцияның анықталу облысы мен мәндерінің облысы, функцияның берілу тәсілдері, функцияның графигі, функцияның өсуі және кемуі, функцияның жұп-тақтылығы, аргумент пен функцияның өсімшесі, функцияның периодтылығы, кері функция мен күрделі функция ұғымдары жатады.

Функция ұғымын енгізу екі тәсілмен жүргізілуі мүмкін:

I. Функция ұғымын нақтылы-индуктивтік тәсілмен енгізу.

Бұл мынадай түрде жүргізіледі:

1) функцияны үйренуге байланысты лайықты есепті қарастыру;

2) тәжірибелік материалдар негізінде функцияның математикалық анықтамасын тұжырымдау (формуланы хабарлау);

3) функция мәндерінің таблицасын құру және «нүктелер» арқылы функцияның графигін салу;

4) функцияның графигі бойынша оның негізгі қасиеттерін зерттеу;

5) қарастырылған функцияның қасиеттерінің қолданылуына мысалдар мен жаттығулар орындау.

Бұның ерекшелігі функцияны зерттеу көрнекі-геометриялық тәсілге сүйенеді, функцияны аналитикалық тәсілмен зерттеу кем қолданылады. Функцияны көрнекі-геометриялық және аналитикалық тәсілмен зерттеудің арасындағы арақатыс оқу материалын баяндаудың қатаң деңгейін сақтайды. Функцияны оқытудың қатаң деңгейлігі оны аналитикалық тәсілмен зерттеудің ролін біртіндеп күшейту арқылы ғана жүзеге асырылады. Функцияны зерттеуде көрнекі-геометриялық және аналитикалық тәсілдерді үйлестіру функцияны оқыту әдістемесіндегі ең негізгі әдістердің бірі болып табылады. Функция мәндерінің кестесін құрғанда оны есептеу үшін микрокалькуляторды пайдаланған тиімді.

II. Функция ұғымын абстрактілі-дедуктивтік тәсілмен енгізу. Функцияны аналитикалық тәсілмен зерттеудің ролінің артуына байланысты жоғары

сыныптарда функцияны оқыту былайша өзгереді: 1) функцияның анықтама-сын тұжырымдау; 2) функцияның қасиеттерін аналитикалық тәсілмен зерттеу; 3) аналитикалық зерттеу нәтижесіне сүйеніп функцияның графигін салу; функция графигін дәлірек салу үшін функцияның «мінездемелік» мәндерін табу; 4) функция графигіне салу; 5) үйренген функцияның қасиеттерін практикада қолдануға мысалдар мен жаттығулар орындау, лайықты есеп қарастыру.

Көрнекілік әрқашан қандай да бір математикалық зандылықты әрдайым байқауға мүмкіндік бере бермейді. Мысалы, бір координата жүйесінде $y = x, y = x^2, y = x + x^2$ функцияларының графиктері салынған. Үшінші функция графигінің алғашқы екі функцияның графиктерінің қосындысынан тұратынын көзбен байқау қиын.

Функция графигінің көрнекілігі «жақсы» жәрдемдесетін кейбір жағдайларға мысалдар келтірейік. Көптеген жағдайда функция графигін көрнекілік ретінде қарастыруға тура келеді:

1) $f(x) = \varphi(x)$ теңдеуінің x_0 түбірі $f(x)$ және $\varphi(x)$ функцияларының графиктерінің қиылысу нүктесінің абсциссасы болып табылады;

2) $f(x) > 0, f(x) < 0$ теңсіздігі мен $f(x) = 0$ теңдеуінің шешімдері бірінші жағдайда $f(x)$ функциясы графигінің абсцисса өсінің жоғарғы жағында жатқан аралықтары, екінші жағдайда оның төменгі жағында жатқан аралықтары, ал үшінші жағдайда функция графигінің Ox өсімен қиылысу нүктесінің абсциссасы болады.

3) $f(x) > g(x)$ теңсіздігінің шешімдері $f(x)$ функциясының графигінің $g(x)$ функциясы графигінің үстіңгі жағында жатқан бөлігіне сәйкес сандық өстегі аралық болады;

4) функцияның өсуі функция графигі оңға қарай жылжығанда оның жоғары қарай көтерілетінін көрсетеді;

5) жұп функцияның графигі ордината өсіне қарағанда симметриялы, ал тақ функция графигі координаттың бас нүктесіне қарағанда симметриялы болады;

6) өзара кері функциялардың графиктері $y = x$ түзуіне қарағанда симметриялы болады;

7) $g(x) = f(x) + C$ функцияның графигі $f(x)$ функцияның графигін ордината өсі бойымен C бірлікке параллель жылжыту арқылы шығады;

8) $g(x) = kf(x)$ функцияның графигі $f(x)$ функцияның графигін ордината өсі бойынша k есе сығу немесе созу арқылы анықталады. $g(x) = f(x - c)$ теңдігі $g(x)$ функциясының графигі $f(x)$ функциясының графигін абсцисса өсі бойынша c бірлікке параллель жылжыту арқылы шығады.

Оқушылардың графикалық ойлауын дамытуға мынадай жаттығулар әсер етеді: «Төмендегі жағдайларды бейнелейтін бірнеше суреттер салыңдар:

1) 2 саны $g(x) = f(x)$ теңдеуінің түбірі болатын;

2) $f(x) > 0$ теңсіздігінің шешімдерін анықтайтын;

3) $f(x) < 0$ теңсіздігінің шешімдерін анықтайтын;

4) $f(x), g(x), h(x)$ функцияларының $2 \leq x \leq 5$ кесіндісінде өсетіндігін;

5) функцияның жұптығын көрсететін.

Оқушылардың графикалық ойлауын дамытуға жақсы әсер ететін тәсілдердің бірі екі функцияның графиктерінің өзара орналасуын анықтауға берілген есептер шығару (функцияның ортақ нүктелері бар ма немесе жоқ па, олардың қиылысу нүктелерінің саны қанша, қай аралықта бұл функциялардың біреуінің графиктерінің екіншісіне қарағанда оның жоғарғы (төменгі) жағында жатады т.с.с.). Мұндай тапсырмаларға мысалдар келтірейік: 1) $y = x$ және $y = x^2$; 2) $y = x^2$ және $y = 1$ түзуі; 3) $y = 2x + 3$ және $x = 5$; 4) $y = x^2$ және $y = x^2 - 1$ функциялары графиктерінің орналасуын сипаттаңдар.

Жалпы білім беретін мектеп математика курсында оқушыларға функция түсінігін қалыптастыру аса маңызды деп есептеледі. Ендеше, орта мектеп бітірушілердің дайындығы да көп жағдайда осы өте маңызды ұғымды қаншалықты берік игергенімен өлшенеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Рахымбек Д. Арифметика, алгебра, анализ бастамаларын оқыту әдістемесі. – Шымкент: М. Әуезов атындағы ОҚМУ баспа орталығы. 2016. – 432 б.

2 Рахымбек Д. Мектепте сандық жүйені оқыту әдістемесі: Оқу құралы. – Шымкент: ОҚМПУ, 2020. – 98 б.

3 Елубаев С. Математиканы оқыту әдістемесі. – Алматы: Эверо, 2016.

4 Әбілқасымова А.Е. Математика: Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 5-сыныбына арналған оқулық / А.Е.Әбілқасымова, Т.П. Кучер, З. Э. Жумагулова. – Алматы: Мектеп, 2017.

5 Әбілқасымова А.Е. Математика: Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 6-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Мектеп, 2018.

6 Әбілқасымова А.Е. Алгебра: Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 7-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Мектеп, 2017.

7 Әбілқасымова А.Е. Алгебра: Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 8-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Мектеп, 2018.

8 Әбілқасымова А.Е. Алгебра: Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 9-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Мектеп, 2019.

9 Әбілқасымова А.Е. Алгебра және анализ бастамалары. Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық. 1-бөлім. – Алматы: Мектеп, 2019.

10 Әбілқасымова А.Е. Алгебра және анализ бастамалары: Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Мектеп, 2020.

ҒТАМР 14.25.09

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕГІ МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫНДА ЗЕРТТЕУ ТАПСЫРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ-ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Ж.К. Бисембаева
Аға оқытушы, магистр, А. Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ.
Д. Жаңабай
Студент, А. Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ.

Мақалада бастауыш сынып білім алушыларының математика сабақтарында оқу-зерттеу қызметін қалыптастыру үшін, зерттеу тапсырмалар жүйесі қарастырылған. Өйткені, оқушыларда оқу-зерттеу, ізденушілік қабілеттері бастауыш сыныптардан дұрыс қалыптасса, білім алушылардың білімді өз бетінше алуға дағдыланар еді. Оқушылардың зерттеу әрекеттерін дамыту құралы ретінде зерттеу тапсырмаларын пайдалану қажеттігін негіздеу және мақалада көрсетілген тапсырмаларды қолдану.

Түйін сөздер: оқу-зерттеу, зерттеушілік, математика сабағы, зерттеу тапсырмалары, зерттеу жұмыстары.

Елдің ертеңі болашақ ұрпақтардың білімінің тереңдегімен өлшенеді. Үздіксіз дамып отырған әлемде адамзаттан қажеттіліктер мен қабілетерді талап етеді. Сол себепті білім беру саласының басты мақсаты – оқушылардың аналитикалық ойлау қабілеттерін дамыту және өзгермелі өмірде қорықпай өз ойын анық жеткізе алатын, өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға, шынайы өмірде дара тұлға болып қалыптасуына ықпал ету болып табылады.

Оқушыны өз бетінше жұмыс жасауға, бақылау мен зерттеу нәтижелерін жинақтап қорытынды жасай білуге бастауыш сыныптардан бастап баулу керек. Ендеше, мектепте оқушыларды оқу-зерттеу әрекеттеріне баули отырып, ғылымға жетелеу арқылы өз қабілеттерін ашуларына көмектесуіміз керек.

Ең алдымен зерттеу ұғымына анықтама беріп өтсек: «зерттеу» ұғымы бертін келе қалыптасқан жоқ, ең алғаш орыс педагогі А.И. Савенков өзінің «Кіші мектеп оқушыларын зерттеу әдістерін талдау» оқулығында зерттеу ұғымына мынадай анықтама береді: «Зерттеу дегеніміз – шығармашылық жолмен белгісіздікті іздеудің үдерісі» – деп жазды.

Абайдың жетінші қара сөзіндегі «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біріншісі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Екіншісі – көрсем, білсем деп ер жетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, «ол неге үйтеді?», «бұл неге бүйтеді» [2] – деп көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді деген ой тұжырым оқушының биік танымдық қабілет, тұрмыс-тіршіліктің сырын ұғуға талпыныс баланың ерте жасынан туындайды екен.

Сондықтан оқушыны ізденушілік, зерттеушілікке баулу бастауыш сыныптан басталуы тиіс. Өйткені бастауыш сынып оқушысының түрлі сөздіктер мен қызықты әдебиеттерді іздеп табуға, оқып танысуға деген құштарлығы басым болады. Баланы ізденушілікке баулу, оған зерттеу дағдысы мен білігін игерту бүгінгі білім беру саласының маңызды міндеті болып саналады.

Оқу пәндер жүйесінде математика пәнінің орны ерекше. Математика сабағы оқушыларды мектептегі басқа пәндерді оқытуда қолданатын қажетті білім, дағдыларды қамтамасыз етеді. Оқушылар бұл пәнді меңгеру кезінде, ой өрісі қалыптасып, қиял, зейін, ойлау әрекеттері шоғырланып, жеке басы дамиды. Көптеген психологтар мен мұғалімдердің зерттеулері бойынша мектеп оқушыларының соның ішінде бастауыш сынып оқушылары арасында оқу-зерттеу қабілеттерін қалыптастырудың бірнеше кезеңдері бар [3].

Зерттеу дағдыларын қалыптастырудың бірінші кезеңі – 1-сыныпқа сәйкес келеді. Бұл кезеңде зерттеу дағдыларын үйрену балалардың қабылдауына қол жетімді деңгейде жүргізілуі керек, зерттеудің өзі мақсатқа сай, қызықты және пайдалы болуы керек. Мысалы: 1-сыныптарда келесідей жұмыс түрлерін ұсынуға болады: Мұғалімнің басшылығымен проблемалық, ішінара іздеу, эвристикалық оқыту [4].

Екінші кезең бойынша 2-сынып оқушылары үшін математика сабағында «Орманда серуендеу» тақырыбы бойынша төмендегідей зерттеу тапсырмаларын жүргізуге болады:

1-тапсырма. Қалам дәптерден қымбат, ал дәптердің бағасы қарындаштан қымбат. Қайсысы қымбат: қарындаш па, әлде қалам ба? Әр заттың бағасын анықта.

50 тг
20 тг
15 тг

Нұсқаулық: оқушылар салыстыра отырып, әр заттың бағасын анықтайды.

2-тапсырма. Есептемей салыстыр.

1) 400+200*200+400 3) 700-300*700+200
2) 38-16*38-20 4) 19+58*58+20

Нұсқаулық: Оқушылар көрсетілген екі бағандағы амалдарды есептемей салыстырады [5].

Зерттеу дағдыларын қалыптастырудың үшінші кезеңі – 3-4 сынып оқушылары үшін: оқу-зерттеу қызметі және зерттеу логикасын байыту, зерттеу дағдыларын дамыту басты назарда болуы керек. Бұл кезеңде сабақта қолданылатын әдістерге тоқталатын болсақ: ұжымдық зерттеу тапсырмаларын орындау, сауалнама, эксперименттер және шағын зерттеу жұмыстарын жүргізуге болады.

Қорытындылай келе, «Бұлақ көрсең, көзін аш» деген ұлағатты сөзге сүйеніп, бар мүмкіндіктерді пайдаланып, баланың қабілетін, дарынын ашу және әрбір оқушының өз мүмкіндіктерін, қабілет пен икемділігін таныта білуіне жағдай жасау – мұғалімнің басты міндеттерінің бірі. Ендеше мектепте оқушыны ізденушілікке баули отырып, ғылым мен техниканың жетістігіне сәйкес армандарына жетуге, өз жолдарын дәл табуға, ғылымға жетелеу арқылы өздерінің қабілеттерін ашуларына көмектесуіміз керек. Жаңа ғасырға қадам басқан жас жеткіншектердің қазіргі өмірге бейімділігі болу керек. Ол өмірдің әр тетігіне үңіліп, тығырықтан шығар жолға даяр болуы қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: «Рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы. – Астана, 2017.

2 Әлемдік педагогикалық ой-сана. – Алматы, 2010.

3 Сериков В.В. Тұлғаға бағытталған білім беру: педагогикалық қызметтің жаңа моделін жасауға. – Волгоград, 2014.

4 Әлімқұлова А.Б. Бастауыш сынып оқушыларының жобалық-зерттеу әрекетін ұйымдастыру. – 2014.

5 Ақпаева Ә.Б., Лебедева Л.А., Мыңжасарова М.Ж. Математика 2-сынып. – Алматы, 2018.

ҒТАМР 27.01.45

PISA ТАПСЫРМАЛАРЫН МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫНДА ПАЙДАЛАНУ

Ж.Т. Билялова
П.ғ.к., қауымд. профессор, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ.
А.Н. Хамит
Магистрант, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ.

Қазіргі заман еліміздегі ғылыми-техникалық жаңару мен даму, қоғам өмірінің барлық салаларындағы тың өзгерістер жеке тұлғаның интеллектуалдық ынта-жігерін, ізденімпаздығын, танымын, ой-өрісінің кеңдігін, белсенділігі мен саналы да сапалы шығармашылық іс-әрекет негізінде іске асыруды талап етеді. Яғни, әрбір жас еңбектің қандай мамандық саласында да, білім алу барысында да мәліметтер жиынтығын ғана меңгеріп қоймай, өзіндік функционалдық сауаттылығын арттырып, дербес іс-әрекетін тиімді ұйымдастыра алатын және сол бағытта өз болмысын таныта алатын болуы керек.

Еліміздің егемендігінің мәңгілік болуы, қоғамның әлеуметтік-экономикалық, рухани адамгершілік тұрғыда дамуына саналы тәрбие алған жастар ғана үлес қоса алады. Сондықтан әрбір жас адамның бойына мектеп қабырғасынан бастап заман талабына сай бітім-болмысы, кез келген жағдайда оң шешім қабылдай алатын өзіндік іс-әрекеті қалыптасуы тиіс.

Осы тұрғыда мектеп бағдарламасына PISA тапсырмаларын математика сабақтарына пайдалану көзделіп отыр. PISA тапсырмаларының құрылымын құрып, білім алушылардың пәндік білім мен білік дағдыларын қалыптастырумен қатар, алған білімін шындыққа жақын әртүрлі жағдайларда пайдалана білу дағдыларын дамытуды қамтамасыз ету [1].

Түйін сөздер: Математика, құзыреттілік, PISA халықаралық зерттеу, құзыретті-бағытталған тапсырмалар, PISA тапсырмаларының құрылымы.

Қазіргі XXI ғасыр заман талабына сай қоғам дамуының қарқындап өсуі, халықаралық ынтымақтастық нәтижесінде әлемдік проблемалардың туындауы, экономиканың қарқынды дамуы және бәсекелестіктің күшеюі, адам капиталының артуы әлемдік және қазақстандық білім беру жүйелеріне үлкен міндет жүктеумен қатар, тұрақты әлеуметтік және экономикалық жағдайда ғана өмір сүре алатын емес, қазіргі талапқа сай белсенді және оны жақсы жаққа өзгерте алатын бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру болып саналады.

«PISA – халықаралық зерттеу» дегеніміз не? PISA (Programme for International Student Assessment) 15 жастағы білім алушылардың оқу жетістігінің деңгейін бағалайды. Нақты осы жастағы оқушыларды іріктеудің себебі, әлемнің көптеген елдерінде бұл жастағы балалардың мектепте міндетті білім алуы аяқталатындығымен түсіндіріледі. Жастар осы жаста өздерінің мамандықтарын таңдау мен болашақ білім алу траекториясын анықтай алады.

PISA сұрақтарының рамкасы білім алушылардың оқу жетістіктерінің деңгейін бағалаудың ең жаңа технологияларын есепке ала отырып дайындалған. CBA форматы PISA тест тапсырмаларының ауқымды спектрін ұсынады. Бұл анимациядан мен мультипликациядан тұрады және сұрақтар визуалды түрде берілген. Алғаш рет PISA-2012 зерттеуінде компютерлік форматта жаңа интерактивтік тапсырмалар қолданылды. Мұндай тапсырмалар білім алушылрадың компьютерлік жүйемен тікелей жұмыс жүргізуін талап етеді. Зерттеуге қатысушылардың функционалды сауаттылық деңгейі таблица, диаграмма, график, сурет және сызбалар түрінде берілген тапсырмалармен анықталады [2].

Оны жүзеге асыру – мектептерде оқушыларды оқытудың заманауи формаларын, оның ішінде ақпараттық-коммуникативтік технологияны қолдану машықтарын арттыруға септігін тигізетін оқу үдерісін ұйымдастырудың тәсілдерін, әдістемелері мен нысандарын іздестіруге өзекті сипат береді. Кейінгі өмірде бұл дағдылар мектеп түлектерінің қоғамға белсенді қатысуына ықпал етеді және оның өмір бойы білім алуына көмектеседі. PISA зерттеуі осындай дағдылардың болуын тексеруге бағытталған, яғни жастарды басқа халықаралық зерттеулерден ерекшелендіретін «ересек» өмірге дайындау. Негізгі мақсаты – мектеп бағдарламаларында анықталған пәндік білім мен дағдыларды тексеру.

Сондықтан да мектептегі педагог қызметінің басым мақсаты жалпы білім беру жүйесінде функционалдық сауаттылықты қалыптастыру болып табылады. «Функционалдық сауаттылық» дегеніміз не? Функционалдық сауаттылық – «адамның қолданбалы білім негізінде өмір мен қызметтің әртүрлі салаларындағы стандартты өмірлік міндеттерді шешу қабілеті». Функционалдық сауаттылықты дамытудың жалпы бағдары жалпы білім беретін мектептерде зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азамат қалыптастыру, оның әлемде болып жатқан өзгерістер мен процестерге әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін білім алудағы қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады [3].

Қазіргі таңда, мектеп оқушыларының басым көпшілігі, әсіресе, білім берудің орта буынында, мұғалімдер материалды есте сақтауға, үлгі бойынша әрекеттерді орындауға, алгоритмдерді жүзеге асыруға үйретеді. Ерікті түрде күрделі алгоритмдерді жүзеге асыру оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытпайды, ең нашар жағдайда оқушының дәл осы алгоритмдерді қайталай алмайтындығына әкеледі. Жыл сайынғы ұлттық бірыңғай тестілеу кезінде математика пәнінен қанағаттанарлықсыз бағаның төрттен бірін алуының себебі осы.

Құзіреттілікке негізделген тәсілді жүзеге асырудың бір жолы – оқу үдерісінде PISA форматындағы тапсырмаларды құрастыру және қолдану. PISA тапсырмаларының ерекшелігі негізінен шарттар мен сұрақтардың бір-бірінен тәуелсіз, бір қарағанда бір-бірімен байланысы жоқтығында. Шарттар мен сұрақтарды байланыстыру – оқушының міндеті. Мұндай «байланыстыру» үшін жеке тәжірибені, қосымша ақпаратты тарту керек.

Осыдан PISA тапсырмаларын құрастыру – олар көбінесе нақты өмір тәжірибесінен алынған жағдайдың сипаттамасын білдіреді. Мәселенің шарттары да, сұрақтың формасы да объективті жағдайға қатаң байланысты емес. Керісінше, өмірлік жағдаятты объективті жағдайға аудару тапсырмалардың қиындығын құрайды. Әрбір тапсырма – бұл шешімді қажет ететін жағдай. Сұрақ пен тапсырма шарттары жеке тәжірибемен, басқа бөлімдердегі қосымша ақпаратпен сәйкес келеді, сондықтан PISA тапсырмалары біріктірілген.

PISA форматында тапсырмаларды құрастыру кезінде келесі мүмкіндіктерді ескеру қажет:

– сұраққа жауап беру талап етілмейтін шарттар;

– қажетсіз мәліметтердің көптігі, ал кейбір қажетті ақпараттың болмауы мүмкін;

– ақпарат әртүрлі форматта беріледі (мәтін, графиктер, кестелер, анықтамалықтар, өз білімдері);

– қажетті ақпарат оны белгілі бір пәнге (оқу немесе ғылыми) емес, нақты өмірлік жағдайға жатқызу логикасында беріледі;

– қажетті жауаптың нысаны көрсетілмеген немесе шулы түрде көрсетілген [4], [5].

Бөлек тапсырмалар – PISA форматындағы тапсырмалар оқушылардың зерттеушілік дағдыларын, өз бетінше ойлауын, танымдық қызығушылығын қалыптастыру мақсатында сабақтың әртүрлі кезеңдерінде танымдық тапсырмалар ретінде пайдаланылады.

PISA пішіміндегі тапсырмалар жинағы диагностика ретінде де, оқыту ретінде де пайдаланылады, өйткені білім алушы жаңа білім мен жаңа дағдыларды игереді. Тапсырмалардың мазмұны дүние жүзінің көптеген елдерінің, соның ішінде Қазақстандағы білім беру бағдарламаларының негізін құрайтын дәстүрлі тараулармен немесе тақырыптармен байланысты болуы керек: сандар, алгебра, функциялар, геометрия, ықтималдық, статистика, дискретті математика т.б.

Тапсырмалар әртүрлі типтегі сұрақтарды қамтуы керек – жауаптарды таңдаумен, қысқа жауаппен (сан, өрнек, формула, сөз және т.б. түрінде), егжей-тегжейлі еркін жауаппен. Бірінші жағдайда білім алушы ұсынылған жауаптардың ішінен дұрыс жауапты табуы керек; екінші, еш түсіндірместен өз жауабыңызды жазыңыз; үшінші жағдайда білім алушы өз шешімін жазып, негіздеп, дәлелдер келтіруге міндетті. Кейде бұл сұрақтар бір-бірімен байланысты және оларды жүйелі түрде жүзеге асыру барысында білім алушы заңдылықтарды байқап, кейбір жалпылауларға жетуі керек. Кейде сұрақтар бір-

бірінен тәуелсіз, ал келесі сұрақтың жауабы алдыңғы сұраққа берілген жауаптың дұрыстығымен анықталмайды. Бір тапсырмада әртүрлі типтегі сұрақтар жиі ұсынылуы мүмкін: біріншіден, жауап таңдауы бар сұрақтар, қысқа жауаптар, ал соңында – толық жауаптары бар сұрақтар [6].

PISA тапсырмаларына мысал:

1-тапсырма

Компанияның 5 рестораны бар. Бес ресторандағы қызметкерлер саны: 12, 18, 19, 21 және 30 адам. Бес ресторандағы қызметкерлер санының орташа шамасы қандай?

Жауап: 19

2-тапсырма



Мына өрнектердің қайсысы, PQR үшбұрышының тік бұрышты үшбұрыш екенін көрсетеді?

A) $3^2 + 4^2 = 5^2$; B) $5 < 3+4$; C) $3+4 = 12 - 5$; D) $3 > 5 \cdot 4$

4-тапсырма

Дамир шаршылар тізбегін жасады. Әрбір жасаған сайын ол шаршының қабырғасын бірдей санға арттырып отырған. Төменде осы тізбектегі алғашқы үш шаршы бейнеленген.



А. Бесінші шаршының ауданы қанша болады?
А) 100 см^2; В) 64 см^2; С) 25 см^2; D)10 см^2.

В. n-ші шаршының ауданы қанша болады?
Жауабы: $4n^2$ немесе $2n \cdot 2n$ немесе $(2n)^2$

5-тапсырма

Ағаштың бөлігінің ұзындығы 40 см. Оны 3 бөлікке бөліп кесті. Бұл бөліктердің ұзындығы (сантиметрмен):

$2x - 5$; $x+7$; $x+6$

Ең ұзын бөліктің ұзындығы неге тең?

Жауабы: 15 және $4x + 8 = 40$ см.

PISA сияқты құзіреттілікке бағытталған есептерді шешу кезінде басты назарды білім алушылардың математикалық білімдерін әртүрлі тәсілдер, ой-толғаулар және оларды шешу үшін интуицияны қажет ететін әртүрлі жағдайларда қолдану қабілеттерін қалыптастыруға аудару керек.

PISA тест форматындағы тапсырмалар мұғалімге бір уақытта бірнеше мәселені шешуге мүмкіндік береді:

– оқушылардың жазбаша құзіреттілігінің даму деңгейін, яғни оқушының мәтінді қаншалықты түсініп, одан қажетті ақпаратты ала алатынын бағалау;

– пәндік білім мен дағдының даму деңгейін бағалау;

– жалпы білім беру дағдылары мен дағдыларының даму деңгейін бағалау;

– жалпы білім беру дағдылары мен дағдыларының (интеллектуалдық, танымдық, жазбаша және ауызша сөйлеу мәдениеті және т.б.) даму деңгейін бағалау;

– білімді өз бетінше меңгеру қабілетін бағалау және заманауи әлемде сәтті бейімделу үшін қажетті қызмет әдістерін таңдау, яғни стандартты емес жағдайларда тиімді әрекет ету;

– зерттеушілік құзыреттілігін дамыту арқылы пәнге деген танымдық қызығушылықты қалыптастыру;

– әр оқу пәніне және жалпы білімге қатысты студенттердің үлгерімін салыстыруға ықпал ету;

– ағымдағы және күтілетін нәтижелер арасындағы айырмашылықтарды азайту жолдарын анықтау [7].

PISA сияқты есептерді шешу процесінде пәнаралық ақпаратты тарту арқылы бағдарламалық материалды тереңірек және мағыналы меңгеруге ықпал етеді, білім алушылар құбылыстар мен процестер арасындағы себеп-салдар байланыстарын анықтау бойынша практикалық дағдыларды меңгереді және жетілдіреді. Сонымен бірге фактілерді, теорияны, заңдылықтарды мазмұнды түсінуге, математика, физика, химия, биология, экология бойынша бұрын алған білімдерін нақтылау және тереңдету үшін қолайлы жағдайлар жасалады [8].

Оқушылардың математикаға деген қызығушылықтың болуы оқу үрдісінің қажетті шарты болып табылады. Қызығушылық неғұрлым жоғары болса, сабақ соғұрлым белсенді және оның нәтижесі жақсы болады. Қызығушылық неғұрлым төмен болса, оқыту неғұрлым формальды болса, оның нәтижелері соғұрлым нашар болады. Қызығушылықтың жоқтығы оқу сапасының төмендеуіне, тез ұмытып кетуіне, тіпті алынған білім, білік, дағдының толық жоғалуына әкеледі. Сондықтан PISA зерттеуінің құрамдас бөлігі болып табылатын оқушылардың математикаға деген қызығушылық деңгейін арттыру, оның өзгеруін бақылау өте маңызды. Және де PISA тапсырмаларын математика сабағында пайдаланудың дұрыс жоспарын, тапсырмаларын құру өте маңызды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы – Астана, 2020.

2 «PISA-2018 / компьютерлік формат халықаралық зерттеуі құралдары»: Жинақ – «Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ. – Астана, 2016 – 126 б.

3 ҚР Білім және Ғылым министрлігі ұлттық білім беру статистикасы және бағалау орталығы «Pisa халықаралық зерттеуі» әдістемелік құрал. – Астана, ҰББСБО. Алматы «Атамұра» 2013.

4 Зимняя И.А. Ключевые компетентности как результативно-целевая основа компетентностного подхода в образовании. – М.: Логос, 2004. – 208 с.

5 Хуторской А.В. Ключевые компетенции как компонент личностно-ориентированной парадигмы образования. Нар. образование. 2003, № 2. – С. 58-64.

6 PISA, TIMSS зерттеулерінің тапсырмалары негізінде оқушылардың математикалық сауаттылығын дамыту. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2014. – 46 б.

7 Крупник С.А. Функциональная грамотность. – М.: Педагогика, 2010.

8 Ковалева Г.С. Новый взгляд на грамотность. По материалам международного исследования PISA-2000.

ГРНТИ 77.01.21

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ И ХАРАКТЕРИСТИКА РЕКРЕАТИВНО-ОЗДОРОВИТЕЛЬНОГО НАПРАВЛЕНИЯ В СИСТЕМЕ ФИЗИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ ОБУЧАЮЩИХСЯ КОЛЛЕДЖА

А.А. Гепчина
Преподователь, Павлодарский педагогический университет, г. Павлодар

Физическая реабилитация – это составная часть социальной, медицинской и профессиональной реабилитации, система мероприятий по компенсации или восстановлению физических возможностей, а также интеллектуальных способностей, улучшению психоэмоциональной устойчивости, физических качеств и адаптационных резервов организма человека методами и средствами физической культуры, спортивной подготовки и элементов спорта, массажа, природных факторов, физиотерапии, повышению функционального состояния организма. Речь идет в данной статье о физической реабилитации, как о составной части социально-трудовой и медицинской реабилитации, которая применяет методы и средства физической культуры, физические факторы и массаж.

Ключевые слова: Физическая реабилитация, средства физической культуры, спортивная подготовка, психоэмоциональная устойчивость, физиотерапия, спортивная подготовка, физические факторы, массаж.

Организационную систему профессионально-технического и высшего образования составляют колледжи, лицеи, техникумы, профессионально-технические училища, а также высшие учебные заведения, деятельность которых связана с подготовкой различных специалистов для народного хозяйства.

Физическая культура студентов средних специальных и высших учебных заведений, являясь частью гуманитарного образования, выступает результирующей мерой комплексного воздействия различных организационных форм, средств и методов общей и профессионально-прикладной физической подготовки на личность будущего специалиста в процессе формирования его профессиональной компетентности. Как учебная дисциплина, обязательная для всех специальностей, она служит целями укрепления здоровья, физического, интеллектуального и духовного

совершенствования учащихся, является характеристикой ее общей и профессиональной культуры.

Осознавая важность и необходимость формирования здорового образа жизни, правительство РК отразило эту проблему в ряде документов: «Стратегия развития РК до 2050 года» [1, с. 12], Кодекс Республики Казахстан от 18 сентября 2009 года № 193-IV «О здоровье народа и системе здравоохранения» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 25.05.2020 г.) [2, с. 11], Государственной программы развития здравоохранения Республики Казахстан на 2020-2025 годы [3, с. 3] прогнозирующих и определяющих основные пути сохранения и укрепления здоровья казахстанских граждан, в том числе и подростков. Под руководством специалистов Национального центра проблем формирования здорового образа жизни (НЦ ПФЗОЖ) были разработаны и внедрены учебные программы «Валеология – Как быть здоровым» для детских дошкольных учреждений, общеобразовательных школ, средних специальных и высших учебных заведений [4, с. 9].

Здоровье и физическая дееспособность являются условием и базисом для раскрытия потенциала личности. От того, насколько успешно удается сформировать и закрепить основы и навыки здорового образа жизни (далее ЗОЖ) в молодом возрасте, зависит в последующем реальный образ жизни человека.

Своевременное формирование основ здорового образа жизни позволит избежать учащейся молодежи приобретения отрицательного опыта вредных привычек, сохранить потребность в двигательной активности на протяжении всей жизни, укрепить растущий организм [5,с. 19].

Поэтому в последние годы предпринимаются многочисленные попытки разработать и внедрить в практику инновационных технологий формирования здорового образа жизни, программы воспитания учащейся молодежи. Однако, как показывает научный анализ и реальная практика, пока не удается получить желаемых результатов.

